

112016
2487к

С.К. Игибаев

КӨКЖАРЛЫ
КӨКЖАЛ БАРАҚ БАТЫР,
ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ ЖӘНЕ
РУЛАСТАРЫ





Қазақ хандығының 550 жылдығына арнаймын

С.К. Игибаев

**КӨКЖАРЛЫ
КӨКЖАЛ БАРАҚ БАТЫР,
ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ ЖӘНЕ
РУЛАСТАРЫ**

821.572.122-94

ӘОЖ-94(574)

КБЖ 63.3 (5Қаз)

И 22

Пікір жазған:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор

М.Қ. Қойгелдиев

Игибаев С.Қ. Көкжарлы Көкжал Барақ батыр, оның ұрпақтары және руластары. – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2015. – 280 бет.

ISBN 978-601-7421-41-0

Оқырмандарға ұсынып отырған бұл кітапта қазақ-қалмақ қатынастары, Шүрекұлы Көкжал Барақ батырдың елін, жерін қорғап, көп жыл бойы ерлікпен сыртқы жаулармен күресі, оның ұрпақтары қарастырылып, көкжарлы руларынан біраз үзінді келтірілінді. Қазақ халқының табанды, батыл күресінің нәтижесінде XVIII ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап өз жерін жоңғарлардан, қалмақтардан азат етіп, Өр Алтай, Жетісу, Тарбағатай, Іле, Қара Ертіс, Көк Ертістің жоғарғы ағысы және Жайық алқабындағы ежелгі мекендеріне қазақтың қайтып оралуы, қоныстануы қарастырылынды. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған бұл шығарма мұрағат құжаттарына, монографиялық еңбектерге, ауыз әдебиетіне, естеліктерге сүйене отырып жазылған.



Көкжарлы Барақ батыр

1702-1771 ж.ж.

Мазмұны

КІРІСПЕ	6
Бірінші бөлім. КӨКЖАЛ БАРАҚ БАТЫР	9
I тарау. Қалмақ-қазақ қатынастары тарихынан.....	10
II тарау. Көкжал Барақ батырдың тегі	80
III тарау. Тарихи тұлғаларды мәңгілеу-тәуелсіздіктің айнасы.....	97
IV тарау. Көкжал Барақ батыр архив құжаттары мен шығармаларда.....	105
V тарау. Барақ аттас есімдер және атаулар.....	171
Екінші бөлім. КӨКЖАРЛЫ КӨКЖАЛ БАРАҚ БАТЫРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ	177
Үшінші бөлім. КӨКЖАЛ БАРАҚ БАТЫРМЕН АТАЛАС КӨКЖАРЛЫ РУЛАРЫНАН ҮЗІНДІ	259

КІРІСПЕ

Қазақ халқының тарихында кең байтақ жерін, еркіндік сүйгіш елін қорғаған хандар мен билер, батырлар өте көп. Әр дәуірге, заманына байланысты хандар мен билердің, төрелердің қазақ мемлекетін, сақтап, оны күшейту жолындағы ісін, көрегерлік саясатын, батырлардың жерін, елін қорғаудағы ерлігін көрсету қоғамның қажеттілігі, тарихтың тапсырмасы болар. Бұрынғы дәуірлерге көз жүгіртпей, XVIII ғасырға келсек, жерін жаулап алушы жоңғарлармен жан аямай күресіп, қол бастап, жасақ құрып, ерлік көрсеткен, жерді, елді азат еткен батырлардың есімдері халық шежіресінде, көрші мемлекеттердің архивтерінде жақсы сақталынған. Қазақ халқының бірлігін сақтап, жауға тойтарыс беріп, халқының күресін ұйымдастырушы, кемеңгер хан, ержүрек Абылайдың, оның көрнекті қолбасшылары Қанжығалы Бөгенбай Ақшаулы (1680-1778), Қаракерей Қабанбай (Ерасыл) Қожағұлұлы (1691-1769), Көкжарлы Көкжал Барақ және тағы басқа батырлардың азаттық жолындағы, жерін, елін қорғаудағы орындары бөлек.

Кеңестік дәуірде, тоталитарлық жүйеде қоғам қайраткерлерінің, батырларының халқына сіңірген еңбегін толыққанды, объективті негізде айтуға, жазуға мүмкіндік болған жоқ. Барлық тарихи оқиғаларды тек таптық тұрғыдан қарастыруға міндеттеп, халықты тек кеңестік жүйені дәріптеуге итермеледі. Жас буын өзінің тегін, арғы атасын білуден қала бастады. Үлкен буын жастардың келешегіне зиян тигізбеу үшін ашық айтпады, «рушыл», «ұлтшыл», «топшыл» деген кеңестік бағалардан қорықты.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тарихтың «ақтаңдақтары» ашылуда. Көрнекті қоғам қайраткерлері, халықтың батырлары жөнінде әртүрлі деңгейде көптеген ғылыми конференциялар өткізіліп, қомақты еңбектер, тарихи

романдар, мақалалар баспадан шығып, жарық көруде. Мысалы, менің де XVI-XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген қазақ батырлары туралы баяндамам 2011 жылы Орал қаласында өткен Халық батыры Исатай Таймановтың туғанына 220 жыл толуына арналған «Батырлар институты қалыптасуы, тарихы, маңызы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалып, сол жылы баспадан шыққан конференцияның материалдарында «Қазақ батырлары – елінің қалқаны, халқының тірегі» атты тақырыппен жарық көрді (орыс тілінде).

Көкжал Барақтың (1701/1702-1771 жж.) ата-тегі қазақтың тоғыз таңбалы найманының Ергенекті найман атты буынынан, оның ішінде Көкжарлыдан, Өтей руынан тарайды. Ергенекті найманның құрамында Көкжарлыдан басқа Бура, Сарыжомарт, Терістаңбалы аталар бар. Көкжарлының құрамына Өтей, Өтеміс, Жәрімбет, Қаратай, Андағұл, Жәрке рулары кіреді. Көкжал Барақ қазақтың жері, оның тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен, жоңғарлармен ғана емес, Қытай әскерімен болған шайқастарда (1756-1757 жж.), Қырғыздармен (1770), Еділден жер ауа қашып, бұрынғы Жоңғарияға, Ілеге, шама келсе Алтайға бекінбекші болған торғауыт-қалмақтармен (1771 ж.) соғыстарда аса ерлік көрсеткен көрнекті қолбасшы. Қазақтың оңтүстік, Жетісу жерін, Шығыс Қазақстан өңірін – Алтай, Тарбағатай, Ертіс бойын жаудан тазартуда көп үлес қосып, атағы әйгілі болған қазақтың батыры. Көкжал Барақтың әкесі Шүректің, оның інісі Шонаның тарих беттерінде іздері қалып, істері, қоғамдағы орындары көп шығармаларда жазылған. Шүрекұлы Барақ батыр 1701/1702 ж. қазіргі Шығыс Қазақстан облысында Қызылсу – Шар өңірінде өмірге келген. Осы кітап Көкжал Барақ батырдың жорық жолдарына тоқталып, халқына деген игі ниетін, сіңірген еңбегін қарастырады. Кітаптың екінші бөлімі Көкжал Барақ батырдың ұрпақтары жөнінде жазылған. Үшінші бөлімде Көкжал Барақ батырмен аталас көкжарлы руларынан аздап үзінді келтірілінген. Бұл шығарманың негізгі

мазмұны Көкжал Барақ батырға байланысты әртүрлі дәрежеде жүргізілінген ғылыми-тәжірибелік конференцияларда айтылып, Күршім ауданының «Рауан» газетінің беттерінде жарық көрген («Көкжал Барақ батыр» атымен: №31 (7753) 17.07.2010; №33 (7755) 24.07.2010; №36 (7758) 04.08.2010; №65 (7787) 13.11.2010 жыл).

Бірінші бөлім

КӨКЖАЛ БАРАҚ БАТЫР

I тарау.

ҚАЛМАҚ-ҚАЗАҚ ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНАН

Монғолдар, оның ішінде жоңғар мемлекетінің негізін қалаған, Еділ бойына жеткен батыс монғолдар, тарихта «ойрат» немесе «элет» деген атпенен әлемге белгілі. Кейіннен Шығыс Түркістан жерін, Кукунор аймағына қоныс тепкен монғол тектестілерде элет халқына – ойраттарға жатады. Қытай, орыс деректерінде «мунғал», «монгол», «халкас», - калкалықтар деген терминмен қазіргі Монголия жерін мекендеген халықты атады. Қазақ халқы да Халха жерін мекендегендерді «монғол» десе, ал оның батысын, сонымен қатар Еділ өзенінің оң және сол жағасын, «Кіші Бухарияны» – Шығыс Түркістанды мекендеген, Сібір жерін қоныстанған ойраттарды, олардың әртүрлі аймақты мекендегеніне қарамастан, барлығын «қалмақ» деп атаған.

Орыс ғалымдары Жоңғарияның халқын «ойрат» десе, XVII- XVIII ғғ. Еділ өзенінің төменгі ағысымен Жайық өзені аралығын және Еділ өзенінің оң жағасын мекендеген ойраттарды «қалмақ» деп атады.

Қалмақ деректеріне қалмақ тайпаларымен патшалары жөнінде мәліметтер бар. Мысалы, Еділдің оң жағасын мекендеген Габан-Шараб есімді қалмақ, 1739 жылы жазылған «Сказание об ойратах» атты шығармасында торғаут тайпасының ерте кездегі көсемі Керейдің Ван-ханына қызмет еткенін жазған. Дәрбэн-ойрат (дәрбет), чорос, хошоут тайпалары Шыңғыс ханға қызмет етіп, оның әскерінің құрамында болғаны байқалады. Тарихшылардың көпшілігі ойрат-елет одағының қалыптасу мезгілін Қытай жерінде Құбылай хан құрған Юань мемлекетінің (1280-1368) құлап, монғолдардың Қытай жерінен

қуылуымен байланыстырады. Ойраттарды бір халық ретінде біріктіріп, басқарған адам Юань династиясының әскери қолбасшысы Мункэ-Тэмур болды. Мункэ-Тэмур өлгеннен соң ойраттар үшке бөлінді. Әр тайпаның билеп-төстеушілері болды: Махаму, Тайпин және Бату-Болот. Ойрат тайпаларының ең бірінші княздері, тыныштықты сақтау үшін Қытаймен бейбітшілік саясатын жүргізіп, оған өздерінің өкілдері арқылы алым салығын жіберіп тұрды. Ойрат одағының ішінен халықты біріктіре білген атакты, талантты Тогон (1418-1440), Эсен (1440-1455/56)-дей қолбасшылар, билеушілер шықты, олар чорос тайпасынан еді.

Ойраттар шығыс монғолдарынан бөлініп, Монголия жерінің батысын мекендеді. Олардың қоныстары XV-XVI ғасырлардың басында шығыста Ханғай тауларының батыс сілемдерімен, оңтүстікте құмды, шөлді Гобимен, батыста Моголистанның жерімен, ал солтүстікте Ертіс, Енисей өзендерінің жоғарғы ағысымен шектелінді. Солтүстікте ойраттар, Джонгар хандығының тарихын зерттеген ғалымның айтуынша, Ертістің жоғарғы ағысын мекендеген қазақтар мен Енисейдің аңғарында қоныстанған қырғыздармен көршілес болды¹.

Ойрат княздері өздерінің сыртқы саясатын монғолдардан бөлек, дербес жүргізді. XIV ғасырдың соңында Моголистан хандары Шығыс Түркістанда Ле, Болар өзендері мен Куньлун аймағында бекініп, сауда жолдарына үстемдік етеді. Бұл Моголистан мен ойрат тайпаларының арасында XV-XVI ғасырдың 30-шы жылдарына² дейін болған ұзақ соғысқа әкелген. Уейс хан (1418-1429) 1442 жылы ойраттардың қонысының оңтүстігінде жатқан Турфан оазисін алып, Турфан қаласын Моголистанның астанасына айналдырды. Сол жылы ойраттар Хамиге шабуыл жасады. XV ғасырдың ортасында Моголистан

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. М., 1964, 103-ші бет.

² Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. – Фрунзе, 1943. – 72-ші бет.

мемлекеті бұрынғы Қарахан мемлекеті секілді екіге бөлінді: шығыс бөлігінің орталығы Турфан, батыс бөлігінің астанасы Кашғар болды. Шығыс пен батыс бөліктердің арасында ымыра келісім болмай, жиі араздасып тұрды.

XV ғасыр мен XVI ғасырдың басында қазақ-ойрат қатынастары айтарлықтай жақсы, тыныш, дау-жанжалсыз, тату көршілікте өтті. Қазақ пен ойрат басшыларының жүргізген сыртқы саясаты бір-біріне қайшы келмеді. Ол кезде қазақтардың күші өзбектің Абулхаир ханына қарсы жұмылдырылса, кейіннен Шейбан хан мен Шейбандықтарға қарсы шоғырландырылды. Ал қалмақтар болса, бір-бірімен араздықты тоқтатып, барлық күшін орталықтанған күшті мемлекет құру жолында еңбектенді.

XVI ғасырдың 30-шы жылдарында Жоңғар хандығы құрылғаннан кейін қазақ-жоңғар қатынастары шиеленісе бастады, бұл шиеленіс екі ғасырға созылған соғысқа соқтырды. Жоңғарлар көршілес жатқан қазақ елінің жерін, Сырдария бойындағы қалаларын басып алып, қонысын кеңейтуге бар күшін салды.

XVI ғ. ортасы мен осы ғасырдың екінші жартысында қазақ хандарының күші қалмақтардан басым болды. Моголистан хандарынан жеңіліс, ірі шонжарлар арасындағы тартыс ойраттарды әлсіретті. Ағылшынның көпесі және саяхатшысы Антони Дженкинсон XV ғасырдың ортасында сауда компаниясының мүшелері Ричард Джонсон, Роберт және орыс, түрік тілін білетін татар тілмәшімен, патша Иван Грозныйдың қолдауының арқасында Москва, Астрахань, Каспий теңізі арқылы Персияға саудамен аттанады. Теңізде болған қатты дауыл сауда экспедициясының кемелерін Маңғыстау түбегінің жағасына лақтырып тастағаннан соң, 1558 жылы қыркүйектің 3-де жүктерін кемелерден түсіріп, 1000 түйені жалдап, сауда керуені Қытайға Ташкент, Қашғар арқылы жол тартпақшы болып, Манғышлақ, Үстіртпен Хиуаға, одан Бухараға жетеді. Антони Дженкинсон 1557-1558, 1560 жылдардағы сауда-

саттық, саяхат кезіндегі көргенін, естігенін жазып, осы сипаттамасын 1589-1600 жылдары баспадан шығарып, жариялайды. Бұл еңбекте Еділдің сол жағасы, Кама өзенімен Астрахань аралығы, Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы, түркімен жерімен манғыт-ноғай шекарасы сипатталынған. Ноғайлар-мұсылмандар; 1558 жылы мен Астраханда болғанымда өзара тартыстың, аштық пен індет ауыруының және тағы басқа ауыртпалықтың салдарынан бұл халықтың әбден бей-берекеті кеткенін көрдім; сол жылы 100 мың адам өліп кетті; осындай апат бұрын болмаған көрінеді, ондай жағдай ешкімнің есінде жоқ; жайылымдыққа бай ноғай жері қазіргі кезде құлазып, бос тұр, бұл орыстардың үлкен сүйсінушілігін тудырды, өйткені олар ертеден ноғайлармен қатты соғыс жүргізетін¹. Дженкинсонның еңбегінде Қытаймен Бухараға келетін сауда жолы, жол бойындағы Ташкент, Қашғар қалалары үшін қазақ пен қалмақ арасындағы үш жылға созылған соғыс, Қытай мен Бухара арасындағы сауданың тоқтағаны жазылған. Бұл кезде қазақтың ханы Хакк-Назареді. Дженкинсонның шығармасында: «Мен Бухарада болғанда Қытайдан басқа көптеген елдерден керуендер келді. Қытайдан керуендердің келмеген себебі бұл жерге мен келмегеннен үш жыл бұрын тағы және көшпелі халықтардың, язычниктер мен магометан арасындағы басталған соғыстың (1555 жыл. – И.С.) тоқталмағаны. Соғыс Қытайға баратын жолдағы татардың екі ірі қаласы – Ташкент пен Қашғар үшін жүріп жатыр; Ташкентпен соғысқан қазақтар, мұсылман дініндегі, Қашғармен соғысып жүрген кингілер (қалмақтар. – И.С.), язычниктер (дінсіздер) және пудқа табынушылар. Жабайы екі халықта өте мықты, қаласыз жерлерде тұрса да, олар өздеріне Ташкент пен Қашғарды бағындырып алғандай дерлік, өйткені бірде-бір керуен тонамай өте алмайды. Бірде-бір керуен үш жыл бойы Қытайдан келген жоқ. Қытай мен Бухараның

¹ Игибаев С.К. История Казахстана в источниках и материалах. Учебное пособие. – Астана: Фолиант, 2013. – 107-ші бет.

арасында ешқандай сауда қатынасы болған жоқ. Жол ашық болса – Қытайға дейінгі жол 9 айлық»¹.

И.Я. Златкин «История Джунгарского ханства» деген еңбегінде XVI ғасырдың ортасы мен оның екінші жартысында қазақ хадарының ойрат княздерінен басым болғанына тоқталып, 1557 жылы Дженкинсонның Орта Азия арқылы Қытайға бара алмағанының себебі қазақтар мен ойраттардың Ташкент үшін соғысына байланысты еді деген пікір айтты.

XVI ғасырдың 70-ші жылдарында орыс патшасы Иван IV-ші Данила Губинді ноғай ұлысына елшілікке жібереді. Ол Москваға берген мәліметінде қазақтардың өте күшті екенін айтты, олар өздерінің құзырына ойраттарды бағындырды деген: «Патша ағзам, мұнда айтылып жүрген сөзге қарағанда қазақтар күшті, қалмақтар оларға бағынған»².

Бірнеше княздікке бөлініп, бір-бірімен тартыста болған ойраттар бір мезгілде шығыста монголдармен, оңтүстікте Моғолстан мен батыста қазақтармен соғыс жүргізуге дәрменсіз болды. 1588 жылы Турфанның билеушілері ойраттарға қатты соққы бергеннен соң, олар шығысқа, Наньшанға қашуға мәжбүр болды. Сондай-ақ қалмақтардың қазақ хандарымен соғысы да олар үшін сәтсіз аяқталды. Ол туралы Султан Ораз-Мухамедті орыстың тұтқынынан босатып, елге алып келу үшін Тәуекел ханның (1583-1598) Москваға жіберген елшісі Құл-Мұхаммедтің Ораз-Мұхамедке айтқан сөзі айқындайды. Тарихшы И.Я. Златкин Құл-Мұхаммедтің (Құлмагмет – И.Я. Златкин) 1595 жылдың басында Ораз-Мухаммедке (Ураз Магмет – И.Я. Златкин) айтқан сөзін келтірген: «Қазірде, - деді елші, - сенің ағайың Тевкел – ханзада, Қазақ ордасының ханы, ал өзінің інісі ханзада Шах – Магметті қалмақтарға отырғызды»³. Әрине Тау-

¹ Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. С.Д. Асфендиярова и проф. П.А. Кунте. – 2-е изд. – Алматы: Казахстан, 1997. – Сб. I. – 161-162-ші беттер.

² Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 68-ші бет.

³ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. – М., 1964. – 108-ші бет.

скел «Қазақтың және қалмақтың ханы» деп айтылынса да, оған барлық қалмақтар бағынышты болмаған шығар; көршілес бола тұрып, қазақ жеріне баса көктеп кіріп, жеңіліс тапқан торғауыт пен дәрбет княздері болар. Ораз – Мухамед және оның тегі жөнінде, султанға қызмет еткен, жалайыр руынан шыққан сауатты, парсы, орыс тілін жақсы білген, Хосым бидің ұлы Қадырғали бидің 1602 жылы қазақ-шағатай тілінде жазылған «Джамиат-таварих» атты қолжазбасында толық жазылынған. Оқымыстының айтуынша, Ораз-Мухаммед, Ондан сұлтанның ұлы. Ондан султан мен Тауекел Шығай ханның (1580-1582) ұлдары. Ондан (Ундан) сұлтанның шешесі Алтын-ханым Байм-бикем, Тауекелдің анасы Якши-бикем. Ондан сұлтан ержүрек, Шығай ханның әскерінің айбатты қолбасшысы болған. Ондан сұлтан қалмақпен шайқаста мерт болды. Қадырғали Хошум 1588-1599 жылдар арасында Ораз-Мухаммедпен бірге Москвада, ал сұлтан Ораз-Мухаммед Шахар-Керменнің (қазіргі Ресейдегі Касимов қаласы) ханы болып, 1600 жылы Насират-дин Әбу-л Фатих – Ураз Мухаммед-хан атпенен сайланғанда, Қадырғали бий ханның уәзірі, кеңесшісі болды ¹.

Ораз-Мухаммед, Қадырғали бий және Сібір хандығы тағының нағыз заңды мұрагері, Шыңғыс хан кезінде оған бағынып сеніміне кіргеннен кейін Ертіс, Есіл, Тобыл, Тура аймағын басқарған қазақтың ханы Тайбұғаның (оның әкесі Онхан, басқа дерек бойынша Мамықхан) ұрпағы, Көшім ханға дейін ағасы Жәдігер мен бірге Сібір жерін, халқын басқарып тұрған Бекболаттың (олар Шыңғыс хан әулетінен шыққан жоқ) ұлы Сейдек (Сейдяк) Тобыл өзенінің Ертіске құйылысында 1587 жылы салынған Тобольск бекінісінде тұтқындалған.

Қазақтың сұлтаны Ораз-Мухаммедті 1588 жылдың жазында Тобольск бекінісінің воеводасы Данила Чюлков, күтпеген жағдайда тұтқындап, Москваға жіберілгенін И.К. Кириллов (1635-1737) төмендегідей сипаттаған: «Князь Сейдяк және

¹ Жалайр Қ. Шежірелер жинағы / Қ.Жалайр. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 127 бет.

онымен бірге қазақ ордасының ханзадасы Салтан (Ораз-Мухаммед – И.С.), Кучюмнің бұрынғы уәзірі Қараша, сарбаздары мен 500 адам, сейілдеп, қаршыға салып құс аулау үшін Сібір қаласынан серуенге шығып, Ертіс бойындағы «Князьдің көгалды шалғыны» дейтін жерге келеді. Оларды байқап тұрған Тобольскінің дуан басшысы (воеводасы) Чюлков, өзінің әскери адамдарымен кеңесіп, князь Сейдякқа өз ұсынысын айту үшін өкілін жібереді. Восвода Сейдякты, оның нөкерлерін бекініске әкеліп, тамақ ішіп, көңіл көтеріп, сұрақтарды бейбіт жолмен шешуге шақырады. Князь Сейдяк Салтанмен, уәзір Қарашамен ақылдасып, 100-дей сарбаздарын алып, басқаларын қоя беріп, бекініске келгенде, сарбаздардың көбін бекініске енгізбей, шағын адамдарды кіргізеді. Қонақтардың арақ іше алмай, шашалып қалуы воеводаға сылтау болып, бізді сыйламайсындарды айтып, дау бастайды. Алдымен қамалға кірген Сейдяктің жасақтарын қырып, князь Сейдякты, Қазақ ордасының ханзадасы Салтанды және Кучюмнің уәзірі Қарашаны тұтқындап, Москваға жібереді»¹. Оңтүстіктен Моголистан, батыс пен солтүстікпен қазақтар мен Сібір ханы Көшім (1557-1600/1) ойраттарды ығыстырған жағдайда, Халхастың хандары да, орыс деректерінде Алтын хандар делінген немесе монғолдар да ойраттарға соғыс жариялаған. Халхалықтар мен ойраттардың шайқастары бір ғасырға созылды.

Зерттеуші Дмитрий Петрович Першиннің анықтамасында «Алтан-хан» дәрежелі атак. XVI ғасырдың бірінші жартысында Оңтүстік моңғолияның батыс бөлігінде туметтің князі Анда, Даян ханның немересі, оның екінші ұлының баласы, Тибет пен Қытайға жеңімпаз жорықтарға қолбасшы етіп, аты әйгілі болған кезде, 1532 немесе 1533 жылы «Атан-хан» лауазымын қабылдайды².

¹ Кириллов И.К. Цветущее состояние Всероссийского государства. – М.: Наука, 1997. – 258-ші бет.

² Америка Құрама Штаты, Калифорния, Стенфорд. Гувер институтының мұрағаты (архивы). Вох №3, 39-шы бет.

Ерте кезден Ертіс пен Есіл, Тобыл, Тура өзендері бойында бекіністер мен қалалар, сауда орталықтары болған. Ремезов жылнамасы бойынша, Шыңғыс ханға дейін Есілде (Ишим) билік еткен Он-Сом-хан (Мамық хан) осы өзеннің Ертіске құйылысына жақын, биік жағада, қызыл жарда үш қорғаныс дуалы бар қалашық салып, оны өзінің астанасына айналдырады. Қала салынған жерінің топырағына қарай Қызыл Тура делінген¹. Шыңғыс ханның билігін мойындап, оның тапсырмасы бойынша солтүстік халықтарынан салық жинаған Тайбұға хан болып тағайындалып, Тура өзенінің бойында астана ретінде Чингидин қаласын салады. Чингидин қазіргі Тюмень қаласы. XVIII ғ., ғалым И.Е. Фишердің кезінде «Тюменнің татарлары ескі бекіністі және Тюмень қаласын Чинги немесе Чинги-Тура»² деген. Тайбұғаның ұрпағы Обдердің ұлы Махметхан, Тайбұғаның иелігін жаулап алған Қазанның ханы Улақты өлтіріп, «Чингидинді талқандап, Ертіс өзенінің шығыс жиегіндегі биікке Искер қаласын салып, астанасына айналдырады»³. Көшім ханда қалмақ шабуылдарына тойтарыс беріп, жерін қорғау үшін Есілдің Ертіске құйылысында Кулары қалашығын салып, оны жоғарғы Ертіс бойындағы ең мықты камалға айналдырған. И.Я. Фишер Көшім ханның қазақ екенін жазған: «Кучум бухар емес, Жайық пен Сирт (Сырдария – И.С.) өзендері аралығын мекендеген дала қазағы»⁴.

Көшім хан мен қалмақтардың қарым-қатынасы тұрақты болған жоқ. Қалмақтар Көшім ханның құзырындағы Ертіс, Тобыл өзендері және Бараба даласын мекендеген, Көшімге салық төлеп жүрген халықтарға (орыс деректерінде олардың барлығы, жалпы сөзбен, «татарлар» делінген – И.С.) өз үстемдіктерін

¹ Миллер Г.Ф. История Сибири. -2-е изд., доп. – М., 1999. –Т.1. – 75-ші бет.

² Фишер И.Е. Сибирская история. Книга первая. – Санкт-Петербург, 1774. – 92-ші бет.

³ Фишер И.Е. Көрсетілген шығарма. – 95-ші бет.

⁴ Фишер И.Е. Сибирская история. Книга первая. – Санкт-Петербург, 1774. – 98-ші бет.

жүргізіп, салық салуға тырысады. Қалмақтардың озбырлығы әсіресе Көшім ханның орыстармен соғысып жүргенде күшейе түседі. Көшім хан қалмақ тайпаларымен бірнеше рет соғысқан.

Көшім хан Ермак бастаған орыс қазақтарынан, орыс мемлекетінің тұрақты әскерінен бірнеше рет жеңілгеннен кейін қалмақ княздерімен келіссөз жүргізіп, олармен одақтасып, тіл табысуға тырысады. 1591 жылы орыс әскерінің күтпеген жағдайдағы шабуылынан жеңіліп, Көшім хан Есіл өзенінің жоғарғы ағысындағы қалмақтарға барады. Кейіннен Тара бекінісінің жанында Тарскінің дуал басшысы князь Иван Мосальскийдің әскерінен жеңілгеннен кейін, өзіне қызмет етіп жүрген азғантай адамдармен, қалмақтар шақырғаннан соң, Ертісті өрлеп, Нор-Зайсанға жетеді. Көшім ханның адамдары қалмақтың көп жылқысын ұрлап кеткеннен соң, қалмақтар көшімдіктердің соңына түсіп, Қорғалжын көлінде оларды қуып жетіп, талқандап, табын жылқыларын қайтарып алады. Осы кезде қалмақтар Көшім ханды өлтіріп, Сібір хандығының күйреуіне қатысқан көрінеді. Ол туралы 1601 жылы март айында Уфаның дуал басшысы М. Нагов, Көшім ханның ұлдарының айтқанын жазған: «Әкемізді қалмақтар алдап шақырып, өлтірді»¹ деген.

Көшім ханның ұлдары көп болған, олар: Алей, Қанай, Әзім, Кубей-мұрат, Есім (Ишим), Қаншыпар т.б. Олар Ертіс, Есіл, Тобыл жерін мекендеп, орыс бекіністеріне шабуылдарын тоқтатпай, Жайық пен Уфаның уездеріне дейін жеткен. 1600 ж. Көшімнің төрт ұлы Алей, Қанай, Әзім, Кубей-мұрат Шыбаркөлді мекендеген кезде Тобольскіге Көшім ханның кенже ұлы бастаған елшілерін жібереді. Елшілер, көшімдіктер орыс мемлекетінің бодандығын мойындаған жағдайда оларға қандай шарт қойылатынын білгілері келеді. Тобольскінің чиновниктері Көшімнің ұлдарына сенімсіздік білдірді ме, Кубей-мұратты ұстап, Москваға жібереді.

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 117-ші бет.

XVI ғ.соңы мен XVII ғ. басында Жайықты мекендеген ноғайларды Урус пен Ғази мырзалар басқарған. Арада бірлік болмағандықтан, 1601 жылы Урус Ғазиден бөлініп, Исет пен Миасс өзендері арасындағы алқапты қоныстайды. Көшімнің үлкен ұлы Алей әкесінің өлгені жөнінде хабар алғаннан кейін 1601 жылы өзін хан деп жариялайды. Урус 700-дей адамымен Алейге қосылып 1603-1606 жж. орыс бекіністеріне шабуылдарын тоқтатпайды. Алей өлгеннен кейін оның інісі ханзада Есім өзін Сібір ханымын деп жариялаған. Иоганн Ебергард Фишердің айтуынша: «Ишим, ағасы Алей өлгеннен кейін 7124 (дүниенің жаратылуынан басталатын ескіше жыл санау – И.С.), немесе [1616] жылы ол Семи Палатаның төңірегінде қалмақтармен аралас тұрды; алғашында ол Сібір қалаларын отпен өртеп, семсермен қыратынын айтып қорқытса, кейіннен ол (Есім – И.С.) Тюменьге елшілерін жіберіп, осы келе жатқан қыста патша ағзамына бағынатынын айтып, сендірмекші болған. Уәдесі соншалықты шын жүрегінен екенін [1618] жылы оған және қалмақтарға қарсы шара қолданылып, Тобольск мен Тарадан ұйымдастырылынған жорық көрсетеді. Ресейдің күшін басқарған дворян шеніндегі (Стряпчий) Алексей Вельяминович Воронцов дұшпандарын Ертіс пен Тобыл аралығындағы далада кездестіріп, тас-талқан етіп жеңіп, көптеген байлықты қолға түсірген, олардың ішінде 70 түйе, Москваға жіберілді»¹.

XVI ғ. соңы мен XVII ғ. басында ойрат қоғамы дағдарысқа ұшырады. Аздап болса да шонжарлардың қырқысын тежеп, ойрат қоғамының бірлік нышанын сақтап тұрған бүкіл ойраттық сейм еді. Сеймнің төрағасы хошоуттың көсемі Байбағас хан болды. Чоростың билеп-төстеушісі Хара-Хула, Байбағастан кейін, ойрат чулғанының (сеймінің) екінші дәрежесіндегі мүшесі болды.

XVII ғасырда қалмақтар, 1635 жылдан бастап жоңғарлар,

¹ Фишер И.Е. Сибирская история. Книга вторая. – Санкт-Петербург, 1774. – 248-ші бет.

тайшаларының тұтқынынан 1620-шы жылдың қазан айында қашып шыққан башқырлар, Уфаға келгеннен сон, қалмақ жерінде көрген-білгендерін хабарлаған: «Қазақ ордасының Ишим (Есім – И.С.) патшасынан қалмақ тайпалары үлкен қысым көріп, көптеген адамдарынан айырылды, ал Алтын ханның адамдары екі тайшаның ұлыстарын талқандап, олардың әйелдері мен балаларын тұтқындады»¹. Алтын ханның Хара-Хуланың отбасын тұтқынға алғаны жөніндегі хабар 1621 жылы Томскіге де жетті. Монғол хандарының қысымынан 1621 жылы ойрат тайшалары орыс мемлекетінің шығыстағы шекарасына жақындап, Обь пен Чумыш өзендері бойында қыстау үшін бекіністер салып, Томск мен Кузнецк аралығын мекендей бастайды. Қазақ хандары мен Монғол хандарының қалмақтарға қарсы бағытталған саясаттары ұқсас болғандықтан, халхас пен қалмақтардың будда дінін қабылдағанға дейін, екі жақтың арасында дипломатиялық байланыс күшейіп, бір-бірімен тіл табысып тұрды. Ал қалмақтың тайшалары қазақ пен халхасқа, кейіннен Қытайға қарсы күресте орыс мемлекетімен одақ жасауға тырысты, тіпті ол мемлекетке кіріптар болуға дайын екендігін білдірді. 1598 жылы Тарскінің дуан басшысы Войейков өзінің барлаушысынан Обь өзеніне оңтүстіктен 500 қалмақтың көшіп келгенін хабарлаған.

Орыс патшасы 1618 жылы 14-ші сәуірде дәрбетін Далай тайшасының елшілеріне өзінің Грамотасын [Жалованная] тапсырды. Грамотада Далайдың орыс мемлекетіне бодан болу жөніндегі ұсынысын қабылдап, патша оған ризашылығын білдіріп, патшаға адал қызмет етіп, жауынгерлері орыс патшасының жауларына бірігіп, қарсы тұруды талап етеді. Грамотада патша өз жағынан Далайды жауларынан қорғап, оған қолдау көрсететіні және Сібір басшыларының оған жылы шыраймен қарап, достықта болатынын жазған. Грамотаны Патша құзырын мойындап, оған қызмет етуге дайын екені жөнінде пиғылын білдірген чоростың Хара-Хула тайшасы

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. – М., 1964. – 142-ші бет.

1620 жылы 25 мамырда сондай Грамотаны алып, бодандыққа қабылданды. Қалмақ тайшаларының орыс патшасына өз еркімен бағынуының нәтижесінде Ресейдің Сібірде позициясы күшейді. Шекарадағы қалмақ жағынан тыныштықтың арқасында орыстардың шығысқа жылжуына, жаңа жерлерде үстемдігін орнатуға жағдай жасалынды. Орыс патшаларының бодандығын сөз жүзінде болса да мойындаған қалмақ княздері орыс мемлекетінен жалақы, әртүрлі сыйлық алды; Сібірдің чиновниктері оларға құрмет көрсетті. 1621-1622 жылдары қалмақтар орыс мемлекетімен келісімге келгеннен кейін «ногайлармен соғысқа кіріседі»¹. 1636 жылы Еділ бойына келген торғауттарды орыс патшасы бодандығына қабылдап, Еділдің оң жағасы мен сол жағасындағы кең алқапты олардың қоныстануына береді².

Қалмақ тайшалары орыс патшасының құзырын Кіші жүздің ханы Абылхайрдан 113 жыл бұрын мойындап, оған бодан болды.

XVII ғасырдың 20-шы жылдарында елеттердің (элёттер) қонысы тарылып, жайылым жетіспей, тайпалар арасындағы тартыс күшейіп, ойрат одағының берекесі кетіп, ыдырады. Мұрагерлік жолындағы тартыс соғысқа әкелді. 1625 жылы хошоуттың князі Байбағас пен Чохур-тайша арасында мұра, байлық үшін талас әскери қақтығысқа әкелді. 1625-1628 жылдары дәрбеттің көсемі Далай мен торгоуттың княздері Хо-Урлюк, Чохур және Мергэн-Тэменэ арасындағы қайшылық қантөгіс шайқастарға әкелді. Далай-тайша торгоуттың басшысы Хо-Урлюкпен байланысын үзіп, Чоростың билеушісі Хара-Хулаға жақындай бастады.

XVII ғасырдың ортасында ойрат тайпалары мемлекеттік дәрежеде бірлесті. 1635 жылы Каракул тайшаның ұлы Эрдени-Батур ойраттардың мекендеген жерлерін біртұтас етіп

¹ Фишер И.Е. История Сибири. Книга вторая. – Санкт-Петербург, 1774. – 316-ші бет.

² Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, «Санат», 1996. – 247-ші бет.

біріктіріп, «Зенгор», «Джунгар» – сол қанат, немесе Жоңғар мемлекетін құрды. Батур тайша Қонтайша деп аталатын болды. Еділ бойына Хо-Урлюкпен кеткен торғауыттар ол жерде Қалмақ хандығын құрды. Еділдің оң жағына өткен қалмақтар Аюка ханның кезінде, XVII ғасырдың аяғында, Петр патшаның кезінде орыс мемлекетіне бодан болды. 1638 жылы Эрдене-Батурдың қыспағынан Кук-Нордың оңтүстік шығыс өңіріне жер ауған Хошоуттар өз хандығын – Хошоут мемлекетін құрды. Осы кезден бастап ойрат және қазақ арасындағы қарым-қатынас шиелене бастады.

1627-1628 жылдары Хо-Урлюк басқарған, мөлшермен 250 мың торғауыттар, ноғайлардан көп қарсылық көрмей, Еділдің төменгі ағысына жер ауып келіп, басқа ойрат хандығының – Қалмақ хандығының негізін қалайды. Еділ бойындағы қалмақтың князі Батур-Убаши-Тюмен, 1819 ж. жазылған «Сказание о дэрбер-ойратах» шығармасында ойраттарды «халимак» немесе қалмақ атаған. Хошауттар Тибетке кетеді. Чоростар өз нутугінде, Жоңғарияда қалады.

Байбағас хан көп жасап, 1640 жылы өлген. Чоростын билеп-төстеушісі Хара-Хула тайша, шашыраған ойраттардың басын біріктіріп, орталықталған күшті Жоңғар мемлекетін құруда өте үлкен рөл атқарып, Жоңғардың дара билеушісіне айнала бастады. 1634/35 жылы Хара-Хула өлгеннен соң оның ұлы, мұрагері Хото-Батур 1635 жылы таққа отырды. Далай-лама оған Эрдени Батур Хунтайджи (1635-1654 жж.) лауазымды атағын берді. Эрдени-Батур ойрат-чулғанында (сеймінде) әкесінің орнын басты. Хара-Хуланың мықты Жоңғар мемлекетін құру жолындағы жоспарын жалғастырды. 1635 жылы Батур, Еділ бойына кеткен елёттерден басқа қалған ойрат жұртын біріктіріп, оның жеке билеушісі болды. 1635 жыл Жоңғар хандығының құрылған жылы болып саналады. Осы жылдан бастап Батур тайша енді қонтайша аталынды. Жоңғар мемлекеті (1635-1758) Орталық Азиядағы азулы, жыртқыш мемлекеттердің қатарына енді. Бұл

мемлекетпен орталықтанған, дамыған көршілері Қытай мен Россияда оған сақтана карап, санасатын И.Я. Златкин Батурдың өлген жылын есептей 1654 немесе 1655 жыл деп көрсетеді.

1636 жылы жоңғарлар шығыс монғолдарынан жеңіліп қалады. Бұл жеңілістен кейін «Батур-Хунтайджидің кезінде Халха мен Жоңғар хандығының арасында бірде-бір қақтығыс болмаған көрінеді.

Буддизм-ламаизм дінін ойраттар қабылдағаннан кейін өз араларынан шыққан, оқыған ламаисттер халқының сана-сезімін оятып, княздар мен шонжарлардың феодалдық қырқысын токтатуға тырысты, оларды ірі мемлекет құруда бірлесіп қимылдауға шақырды. Монғолдар буддизммен XIII ғ. таныс еді. Юань династиясы кезінде ұлы хандар бұл дінді камқорлықтарына алды, оның ішінде Хубилай ханда. Юань империясы құлағаннан кейін мемлекеттік дін де күйреп, ұмытыла бастады. Монғолдар ежелден үйренішті шаманизмге көшті. XVI ғ. 60-шы жылдарының екінші жартысында 1566-1578 жж. будданы ресми дін ретінде монғолдар – Алтын ханның халқы қабылдады: «1578 ж. Тибеттің жоғарғы ламасы Содном – Джамсо туметтің Алтай-ханының шақыруымен оның ордасында қабылданды. Алтай-хан Тибеттің жоғарғы ламасына Далай-лама деген атақ берді. Содан бастап осы титулмен Тибеттің ламаистік шіркеуінің басшысы аталынатын болды»¹.

Ойраттар ламанизмді өз халқының ресми діні ретінде, мөлшермен 1616 жылы қабылдады. Осы жылы калмақтың княздері: дәрбеттің Далай-тайшасы, чоростың Хара-Хуласы мен Чокур-тайшасы, торғауыттың Хо-Урлюгі, хошоуттың Хундулен тайшасы, хошауттың Байбағас ханы және басқа да княздері жаңа қабылданған дінді терең түсініп, білу үшін, сол дінге беріліс қызмет етуге – тойынға әрқайсысы бір-бір ұлдарын Тибетке жібереді. Байбағаста өз кіндігінен ұл болмағандықтан,

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – Москва: Издательство «Наука», 1964. – 153-ші бет.

1599 жылы туған, сүйегі хошоут, асыранды ұлын лама болуға жібереді. Байбағастың ұлы будда дінінің, Тибеттегі ламаист шіркеуінің көрнекті қайраткері болып, сол шіркеуде үлкен абыройға, атаққа жетті. Бұл лама Монғолия тарихына Зая-Пандиты атыменен әйгілі. Ол ойрат халқының арасында тыныштық орнатуға көп жұмыстар атқарып, барлық дерлік қалмақ, монғол княздерімен кездесіп, оларға ақыл беріп, сабырлыққа шақырған. Зая Пандиттың өмірбаяндық мәліметі қалмақ-монғол тарихына айтарлықтай үлес қосты.

Қалмақтың күшті, бай княздері Батур-хунтайша, Абылай-тайша будда дінін қабылдағаннан кейін иеліктеріндегі жерлерде лама абыздарына арнап монастырлер салды. Монғолдарға қарағанда қалмақтардың монастырлерінің саны азырақ болды. Монастырлері бар қала-бекіністер соғыс кезінде жақсы қорғанға айналады. Орыстың елшісі Федор Исакович Байков 1654 жылы Қытайға бара жатқанда Жоңғардың көптеген жерін басып өтіп, қазіргі Өскемен қаласынан 70 шақырымда, Алғабас ауылына қарама-қарсы жатқан, жан-жағын тау қоршаған сайдың жоғарғы жазығында Аблай-тайша салған қалашыққа маусым айының 25-де тоқтап, көргенін жазған: «Мұнда қалмақтың ламасы тұрады... Ламаның монастырі күйдірілген кірпіштен салынған екі палатадан тұрады, олар әртүрлі бұрхандардың суреттерімен безендірілінген, тұратын үйлері балшықтан салынған, ламаның бидай мен тарыдан тұратын астығы көп шығады, жер жырттып, астық салушылар бұқарлықтар»¹.

Батур – Хунтайджидің кезінде ойрат халқының басын қосып біріктірген тарихи оқиғаның бірі 1640 жылы қыркүйектің басында Тарбағатайда өткен қалмақ-монғол хандары мен княздерінің съезді. Бұл съезге Халха, Кукунор, Жоңғар, Еділ бойындағы ойраттардың 44 көрнекті өкілдері қатысты; тек оңтүстік монғолдардың Қытайға бағынған өкілдері съезге келе алмады.

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 182-ші бет.

Батур – Хантайджи 1635 жылы қырғыз, қазақ жеріне шабуыл жасап, қазақ әскерінің бас қолбасшысы Жәңгір сұлтанды қолға түсіреді. Тұтқындықтан құтылғаннан кейін Жәңгір сұлтан ойраттардың шабуылына тойтарыс беріп, оларды ойсырата жеңеді. 1643 жылы біріккен ойрат армиясын Жәңгірдің қалай жеңгенін тарихшылар арасында бірінші болып профессор Иоганн Ебергард И.Е. Фишер жазды: «Қалмақтар қырғыз қайсақтарға, оларды Қазақ ордасы деп те атайды, кейде оларды Түркістандықтар деп те атайды, шабуыл жасады. Қонтайша Багатир тіпті 1635 жылы Түркістанның Ишим (Есім – И.С.) ханымен соғысқа кірісті. Оның ұлы Янгир (Жәңгір – И.С.) Сұлтан сол кезде қырғыз-қайсақ әскерін басқарған, ол бір сәтсіз жағдайда қалмақтардың қолына тұтқынға түсті. Қандай жағдайда ол тұтқыннан босап шықты, белгісіз. Тұтқындықтан құтылғаннан кейін қалмақтарды мазалаңдырып оларға өзінің шабуылдарын жиілетті. Багатир қонтайша осындай үзіліссіз қауіп төндіріп тұрған дұшпаннан құтылу мақсатымен 1643 жылы достарының көмегімен елу мың адамнан тұратын әскер жинап, ал дегенде-ақ екі провинцияны немесе халықтарды, Алать Қырғызы және Тоқмақтық делінген, басып алды, олардың саны он мың адамға жетті. Янгир Сұлтан уақыттың тығыздығынан алты жүз адамнан артық жинай алмады, бірақ оларды тиімді пайдалануды білді, әскерінің жартысына екі таудың арасындағы қорын тасты, қысылшақ жерде ор қазып, төрт бұрышты ашық бекіністе (шансыда) тұруды бұйырды, ал қалғанымен бекіністің сыртындағы көрінбейтін тасада тұрды, өтетін тар жолдағы бекіністі қалмақтар қоршағанға дейін. Шынында да қалай ол ойлады, солай болды: Қонтайша тар жолдағы бекініске тап болап, оны шабуылдады, бекінісшілер ерлікпен қорғанды; осы кезде Янгир Султан дұшпанының ту сыртынан шабуыл жасап, өздерінің винтовкаларымен оларды жеңді, жау жағының он мыңдай адамы сол жерде қаза тапты. Сол кезде басқа Татардың (қазақтың – И.С.) Князь Ялантуш Янгир Султанның жиырма мың

адамымен көмекке келді. Осыған байланысты Қонтайшы кейін шегінді; бірақ ол осы соғыста қолға түскен тұтқындарды өзімен бірге, өз жеріне алып кетті.

Осы соғыста Қонтайшыға Хошот ордасының екі Тайшасы көмектесті, олар Учурту және Аблай, олардың әкесі Гуши хан Коконор жерінде тұрды. [Көк көл]. Ол жерден кеткеннен кейін Учурту Қонтайшының қызына үйленіп, Зайсан көлінің жиегін қоныстады, ал Аблай Ертістің оң жағында тұрды, қазіргі кезде оның тастан салған, Аблай Кит атымен белгілі монстрының қалдығы әлі көрінеді [Аблай Кит – Аблай монасрі]. Қонтайша өз жағына басқа Кунделен Тайшаны да тартпақшы болып, оны Қырғыз қайсақтарына қарсы бірігіп соғысуға сөз салып, шақырды; бірақ Кунделен Тайша оның сұрауынан бас тартып, Янгир султанмен тату екенін, ол (Жәңгір – И.С.) өзін оның аталған ұлымын дегенін жеткізген. Қонтайша Кунделенмен өшігіп, кек алмақшы болды: келесі жылдың жазғытұрымында Янгир Султанға қарсы жорыққа шығатынын жоспарлап, бірінші жорығынан қайтып келгеннен соң тез арада қайын атасы Тайша Урлукке шабарманы арқылы хат жолдап, одан ол Қонтайша Янгир султанға шабуыл жасаған кезде, Урлук, сол мезгілде, Тайша Кунделенге қарсы шабуыл жасауын сұрады... Қонтайшының ұлысы Эмил өзенінде болды»¹. И.Е. Фишер, Абулғазы ханның «Родословие истории о Татарах, 758-ші бетке сілтеме жасай отырып: «Ол Ишим хан, дәл сол, Абуль-Газы бәлеге ұшыраған кезінде оны қамқорлық қанатына алған»². А.И. Левшиннің айтуынша Абулғазы Баһадур хан, жақын көрші, қазақтармен жиі араласқан тарихшы ретінде олар туралы жазар еді, бірақ ол өз отаны қазіргі Хиуа хандығынан қашып, 1630 жылы қазақтарға келгенге дейін ештеңе жазбаған³. Абулғазы ханға

¹ Фишер И.Е. Сибирская история. Книга четвертая. В Санкт-Петербурге при Императорской Академии наук 1774. – 443-446-шы беттер.

² Фишер И.Е. Сибирская история. Книга четвертая. – 444-ші бет.

³ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, «Санат», 1996. – 148-ші бет.

көмектескеннің бірі Есім хан И.Е. Фишердің, А.И. Левшиннің жазғанын ескерсек Есім хан 1635 жылы тірі, олай болса 1628-ші жылы «Еңсегей бойлы ер Есім» өмірден кеткен жоқ. Солтан Жәңгірдің 1643 жылдың қысынан 1644 жылдың маусым айының ортасына дейін созылған Батур-Хонтайшы басқарған ойраттармен жүргізген соғысы кезінде де Есім ханның бұл дүниеден кеткені жөнінде де мәлімет жоқ. Жәңгір жоңғарлармен күресте табандылық, ерлік көрсетті, сондықтан оны халық «Салқам Жәңгір» дегені, айбынды, ержүрек Жәңгір ұғымында болар.

Жәңгірдің барлық сарбаздарының сапалы мылтықпен қаруланғаны Батурға үлкен шығын әкелгенін А.И. Левшинде сипаттаған. Батурға жіберілінген орыстың елшісі Г. Ильин жоңғардың ханын, басқа да қалмақтың княздерін кездестіре алмай, төрт ай бойы Батурдың ордасында, хонтайшының отбасыларының ортасында оны тосып жатады. «Ильин күні» [20-шы маусымнан кейін] қалмақтар жорықтан оралады. 1644 жылы ақпан айында елші Тобольскіге оралғаннан соң дуан басы (воевода) Куракинге мынандай хабарды жеткізген: «олар Қонтайшының ұлысына келгенде қонтайшы ұлыстарында болған жоқ, ол күйеу баласы Кочюрта (Очирту – Цецен-хан – И.З.), Абулаймен (Аблай – Очиртудың ағасы – И.З.), кіші інісі Чокур тайшамен, Кою-салтанмен (мүмкін хойттың Солтан – тайшасы – И.З.), қара мұғалдар Алтынның ұлымен(ол Омбо – Эрдени, монғол ханының ұлы – И.С.) және ұсақ тайшалармен Қазақ ордасының ханзадасы Жәңгірге, Ялантушке, алатав – қырғыздарына қарсы соғысқа аттаныпты»¹.

1644 жылы ақпан айында Тобольск бекінісіне келген Аблай тайшаның елшісі Бахтый дуан басы Куракинмен әңгімелескенде, оған жоңғардың ханы Батурдың көп қолмен қазақтарға шабуыл жасағанын, оның әскерінің құрамында Аблай тайшаның сарбаздарының, Еділ бойы қалмақтарының-урлюктерінің

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). М., 1964. – 197-198-ші беттер.

болғанын айта келе, біріккен қалмақ-монғол жорығының сәтсіз аяқталғанын, олардың қазақтардан ойсыра жеңілгенін растаған. Қазақтарға қарсы соғысқа Далай тайшаның ұлдары басқарған дәрбеттер, хошоуттың бір бөлігін басқарып тұрған Байбағас (Байбигиш) тайшаның інісі Хундулен тайша қатысудан бас тартып, Батур қонтайшыны (хунтайджыны) қолдамағаны үшін Батур оларды өзінің қарсыластарының қатарына жатқызған. Бұл шиеленісу 1646 жылы жазғытұрымдағы соғысқа әкелді¹.

Есім хан 1645 жылы қайтыс болса², Жәңгір қазақ хандығының тағында (1645-1552) жылдарында болды. Зая Пандитының өмірбаяндық мәліметі бойынша XVII ғ. қалмақ-қазақ соғысы 1652 жылы болған. Осы жылғы соғыста Жәңгір хан Очирту-Цецен ханның ұлы Галдаманың қолынан қазаға ұшырады.

Мухамеджан Тынышбаев (12 мамыр 1879-1937 жж.) А.П. Чулошниковтың «Очерки по истории казахско-киргизского народа. Оренбург, 1924» – атты еңбегін оқи келе ол ғалымның Жалаңтөс батырды татар дегені дұрыс емес, ол нағыз қазақ деп дәлелдеген. «Шындығында Ялантуш (Жалаңтөс) татардың князь емес, қырғыз-қазақ, Кіші жүздің әлім тайпасынан, Төртқара руынан, оның ұрпақтары Қазалы уезінде тұрады. Ол қазақтың Жәңгір ханымен замандас, Самарқанның Имамқұлы ханының бас қолбасшысы, атақты «Шир-Дор» және «Тия-Қары» медреселерін салдырған. Ұрпақтарында жақсы сақталынған аңыз бойынша ол Есім ханмен замандас Самарқан ханының министрі, бас қолбасшысы болған»³ Жалаңтөс Баһадур (1576-1656 жж.) бұл дүниеден өткенге дейін Самарқанның әмірі болды.

Батур-Хунтайджи 1651-1654 жылдары қазақ пен қырғыздарға қарсы күресін жалғастырды. Ол 1652 жылы «Тянь-Шань қырғыздары мен қазақтарға қарсы соғысын қайтадан

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 201-ші бет.

² Мұратхан Қани. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: «Жалын», 1993. – 259-шы бет.

³ Тынышбаев М. Қазақ халқының тарихы. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 62-63 беттер.

бастады. Олар шегінуге мәжбүр болды: қазақтар – Жетісудың алыс аудандарына, қырғыздар Иссык-Көлдің таулы аудандарына, Таласқа; олардың кейбір бөлігі Памир-Алтай жеріне шегінді. Келесі жылы қазақтар мен қырғыздардың біріккен күші ойраттармен айкаста жеңіске жете бастады; ал 1655 жылы Жетісудың шығыс бөлігін ойраттардан азат етті»¹.

Қалмақ княздері Ресейге бодан болуын жалғастыра түсті. Хошоуттың князі Аблай-тайшаның өтініші бойынша Ресей мемлекеті 1662 жылы қаңтарда Москваға келген осы тайшаның елшісі Ирки-Молдаға Аблай-тайшаның атына жазылған Алексей Михайлович патшаның Грамотасын осы жылдың май айында елшінің қолына берді.

Батур – хунтайджи өлгеннен кейін Чоростар бір-біріне қарсы екі лагерге бөлінді: оң немесе оңтүстік(барун-гар) және сол, немесе солтүстік(дзун-гар). Батурдың он ұлы болған. Өлер алдында жоңғар патшасы иелігінің жартысын ұлдарының үлкені болмаса да Сенгеге, сегіз ұлына иелігінің қалған бөлігін берді. 1645 жылы туған кіші ұлына, тарихта Галдан-Бошохту хан лауазымымен белгілі, енші тимеді. Жоңғар тағына Сенге (1654-1670) отырды. Батурдың ұлдарының арасында так, жер иелігі, байлық үшін көпке созылған тартыс басталынды. Хошоут тайшалары Очирту мен Аблайдың арасындағы тартыс 1660-1661, 1668-1671 жылдарында болған қан төгіс соғыспен аяқталынды. Олардың шешелері бөлек болғанымен әкелері бір еді. Очирту-тайша 1657 жылы Далай-Ламаға барған да оған хан дәрежесін сыйлаған.

XVII ғасырдың 50-ші жылдарының екінші жартысы мен 60-шы жылдары ойрат тайшаларының арасында тартыс кезінде қазақтар мен ойраттардың қарым-қатынасы тыныштықта өтті.

Хошоуттың князі Абылай-тайша 1660-1661 жылдары Эмел мен Аягөз жерінде ағайыны Очирту-Цецен ханның және жоңғардың басшысы Сенгені 30 мың әскерімен Эмел, Аягөз

¹ История Казахстана с древнейших времен до наших дней: в 5 т. – Т. 2. – Алматы, 1997. – 441-ші бет.

жерінде болған шайқастарда жеңіліп, соғыс даласын тастап, өзі салған қалашық-монастірге қашып барып, қорғанады. Осы қалашықта Очирту-Цецен мен Сенгенің күштері Абылай-тайшаның адамдарын, әскерін бір жарым айдай қоршауда ұстайды. Қоршаудағы адамдардың жағдайы қиындаған кезде Абылай мен Очирту-Цеценнің шешесі бекіністен шығып, келіссөз жүргізіп, қан төгіс соғысты сәтті тоқтатқан. Абылай-тайшаны жауапқа тартқызбай, иелігін қалтыртқан.

Сенге (1654-1670 жж.) Жоңғар тағына келгеннен кейін тайшаларды тыныштандырып, 1667 жылы моңғолдың Алтын ханымен соғысып, оны жеңеді. Осы жеңілістен кейін Халқаны басқарған Алтын хан династиясы тарих сахнасынан көрінбейді. Ол Минусинск шұңқырындағы елдерді, оның ішінде енисей қырғыздарын да бағындырды. Сенге тайша сарай төңкерісінің құрбаны болды.

Маньчжурлар Қытайда 1644 жылы өздерінің үстемдігін орнатты. И.Ф. Фишердің жазғаны бойынша: Тьен-Тзонг әскерімен Пекиннің түбіне жеткенде, алдымен моңғолдар мен қырғыздардың, одан кейін Кузнецк және Краснояр уездеріндегі татарлардың арасында суық хабар таратылынды. Онда «Маньчжур ханы Қытайды алғаннан кейін моңғолдарды да бағындырады делінген: Алтын хан мұндай хабардан қатты үрейленіп, қорқынышта болған»¹.

Сенге өлтірілгеннен кейін жоңғар тағына Далай-ламаньың қолдауымен монах-Хутыхты болған Галдан-Бошохту (1670-1697) отырды. Сенгенің ұлы Цэван-Рабдан алғашқы кезде Галданды қолдады. Галдан Іле өзенінің жиегін тастап Енисей өзенінің жоғарғы ағысына қоныс аударады. Сенге, Галдан-Бошохту хан да Ресей патшасынан жалақы алып тұрды. Жоңғар княздерінің арасындағы күрес шиеленіскен кезде, олар Галданнан қорқып, оңтүстікке немесе Еділ бойындағы қалмақтарға кете бастайды. 1672 жылы Еділ бойына өз ұлыстарымен хошоуттың Хундулен-тайшасы, дәрбеттің Соном-Церен-тайшасы көшіп

¹ Фишер И.Е. Сибирская история. – СПб, 1774. – 337-ші бет.

барып, Аюка-ханға қосылады. 1679 жылы Тибеттің Далай-ламасы Галданға «Бошохту-хан» атағын береді, немесе «Бошохту» - «құдайдан бата алған хан» мағынасында. 1688 жылдың тамызында Бошохту хан монғолдың Тушету ханын жеңіп, Халханың жерінде өз үстемдігін орнатады. Монғол княздері Қытайға қашып барып Цин империясының құрамына кіретін ниетін білдіріп, оның бодандығын қабылдайды, император Кан-сиге тізе бүгеді, одан Галданмен соғысуға көмек сұрайды. Галдан Россиядан әскери көмек сұрайды. Ресей мемлекеті Сібір жерінде Галданды қолдайтындай күші болмағандықтан, оған қол ұшын бере алмаған. 1689 жылдың жазында Цэван-Рабдан Галданның ұлысына шабуыл жасап, Галданның адамдарын жоңғар жеріне еңгізбей, Галдан-Бошохтуды Жоңғария хандығынан бөліп тастайды.

1690-1697 жылдары Галдан Бошохту хан Қытайға қарсылық көрсетіп, соғыс жүргізеді. Бірақ ол сәтсіз аяқталады. Шын мәнісінде монғолдың жері 1688 жылдан бастап Қытай империясының құрамына енеді.

Галдан-Бошохту 1681-1684 жылдары қазақтар мен Орталық Азия билеушілерімен соғыс жүргізеді. 1678 жылы Тибеттің Далай-Ламасының қолдауымен, Шығыс Түркістан билеушілерінің өзара күресін пайдаланып, Шығыс Түркістанды бағындырды. Ш. Уәлиханов Шығыс Түркістанды жоңғар хандары қандай жағдайда жаулап алғанын, олардың, кейіннен Қытайдың бұл өлкені өз иелігіне ұстап тұру үшін жүргізген саясатын толық сипаттаған. Ш. Уәлиханов бұл өлкенің аумағын анықтаған: «Шығыс Түркістан үш жағынан таулармен қоршалынған: солтүстікте Тянь-Шань, бастыста Болормен және оңтүстікте Кузи-Лунмен, шығыста Шығыс Түркістан адам тұрмайтын құмды Махай және Комул шөл далаларымен шектеледі»¹.

¹ Валиханов Ч.Ч. О состоянии Алтышара или шести восточных городов Китайской провинции Нан-Лу (Малой Бухарии) в 1858-1859 ходах // Собр. соч.: в 5 т. – Т.3. – Алма-Ата, 1985.

XVII ғасырдың сексенінші жылдарының соңынан бастап Галдан-Бошохту ханның сыртқы саясаты Монғолияның жерін басып алып, халқын бағындыруға бағытталады. Бұл бағыт Қытай мемлекетімен шиеленіске әкелді. Бошохту ханның бір жақты, өзімшілдік, қыңыр саясаты Цэван-Рабданды, Еділдегі Аюка – ханды өзінің жауларына айналдырды. Кукунордағы қалмақ княздерімен де тіл табыса алмай, көмексіз қалды. Галдан – Бошохту Қытайдан жеңіліп, Халқадан айырылып, жоңғар жеріне Цэван-Рабдан жақындатпағаннан кейін қысаланып, Қытай императорының қолына тірідей түспеу үшін у ішіп, 13 наурызда өмірден кетеді. Сүйегі өртенген.

Жоңғар хандығының тағына Цэван – Рабдан, Сенгенің ұлы ресми түрде (1697-1727) таққа отырады. Шынында, Бошохту хан Монғолияның жеріне кеткеннен соң, жоңғардың нағыз ханы Цэван-Рабдан еді. Цэван-Рабдан алғашқы кезде Қытай мемлекетімен сенімділік дәрежеде саясат жүргізеді. Император Кан-Сиге қазақтарға қарсы соғысының сылтауларын негізгі себеп ретінде көрсетуге тырысады. 1698 жылы Цэван-Рабдан Қазақ мемлекетіне соғыс ашады. Қазаққа қарсы жариялаған соғыстың себептерін Цэван-Рабдан Қытай императоры Сюань Е-ге, өзінше, төмендегідей түсіндірген: «Галдан Таукенің ұлын тұтқынға алып, Далай-ламаға сыйлыққа тартқан. Тауке маған ұсыныс жасады; егер оның ұлын босатсам, бір-бірімізбен байланыста, ұғыныста болатынын айтты. Таукенің сұранысын орындап, ұлын босатып, қауіпсіздік үшін 500 адамымды қосып, әкесіне жібердім. Бірақ Тауке оған барған барлық адамдарымды соқты. Содан кейін қызметкерім Урхудей – Батур тайдзияны өлтіріп, оның адамдарын тонап, тұтқындаған. Көп ұзамай маған ясақ (салық) төлеп тұрған, жүзден аса отбасы ұрынхайлықтарды бала-шағасы, мал-мүлкімен алып кеткен. Таукенің адамдары Еділ жағасынан Жоңғарияға келе жағқан Аюка – ханның қызы, Цэван – Рабданың қалыңдығы бар керуенге шабуыл жасаған. Сонымен қатар Ресей жерінен тауар мен

кері қайтқан көпестерді тонады»¹, деген. Екі жақтың да бірін-бірі айыптауға сылтаулары жетерліктей еді. Жоңғар – қазақ қатынастарының шиленесуінің негізгі себептері жер мәселесі, жайылымның тарылуы, әр мемлекеттің сауда жолдарына өз бақылауын орнатып, қолөнер дамыған қалаларды қарамағында ұстау еді.

XVII ғасырдың 90-шы жылдары қазақтар жоңғар хандығындағы жағдайды пайдаланып өз иеліктерін шығыста және оңтүстікте кеңейтіп, ойрат мемлекетіне қарай жылжыды.

Ресей мемлекетінің XVIII ғасырдың басынан бастап шығысқа қарай отарлау саясатының екпінді жүруі қалмақ пен қазақ және басқа да халықтардың жерінен айырылып, жайылымдарының тарылуына әкелді. Айталық, бұрын Ертіс өзенінде орыс мемлекетінің шекарасы, ғалым И.Я. Златкиннің зерттеуі бойынша Омь өзенінің Ертіске құйылатын сағасынан 60 шақырым төмен орналасқан Чернолуцкая слабодасымен аяқталынса, XVIII ғасырдың 15-20-шы жылдары Ресей Ертістің, Тоболдың шығыстағы аңғарларын иемдене бастады. Ресей мемлекеті осы кезде Енисей өзенінің ортаңғы және жоғарғы ағысындағы, бұрын жоңғар қалмақтары мекендеген алқаптарды өз иелігіне қосып алды. 1701 жылы Красноярск бекінісінің оңтүстігінде орыстың бірде-бір селосы болмаған². Ойрат қонысының шығыста тарылуы Орыс мемлекеті мен Жоңғар хандығы арасындағы қатынастарды шиеленістірді.

Жоңғар хандығының Енисейдегі мекендерінің тарылуы жоңғар – қазақ қатынастарының шиеленісуіне үлкен әсерін тигізді. Жоңғарлар қазақ жерін басып алып, жайылымын, кеңістігін кеңейтуге күш салды. Цэван-Рабданның кезінде қазақ жеріне жоңғарлардың шабуылдары жиілей түсті. Олар 1709-1710, 1711-1712, 1714, 1717, 1723-1725, 1732 жылдары қазақтармен соғыс жүргізді. Қалмақтарға тойтарыс бере оты-

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. -325-ші бет.

² Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 328-ші бет.

рып қазақ хандары мен солтандары жау қолындағы шығыстағы, Жетісу мен онтүстіктегі мекендерін қайтарып алу үшін алға жылжи, жаумен талай рет айқасты.

Енисей қырғыздары жоңғар мемлекеті күшеймей тұрғанда жергілікті Сібір халықтарынан салық жинап тұрды. Кейіннен олар жоңғар мемлекетінің үстемдігін мойындап, оған салық төледі. Ресейде Енисей қырғыздарын бағындырып, салық алмақшы болуына байланысты қырғыздар орыс бекіністеріне шабуылын жиілетті. Цэван-Рабдан Ресеймен қатынасты шиеленістірмей және жоңғарларға бағынышты Енисей қырғыздарының бодандығын өзіне сақтап қалу мақсатымен оларды «1702 жылы күзде 2,5 мың әскердің күшімен өз мекенінің алшақ аудандарына орналастырды»¹. А.И. Левшиннің айтуынша: «XVII әлде XVIII ғасырдың басында зюнгардың хонтайдызы орыс үкіметінің келісімімен оларды Андижан мен Кашғар аралығындағы таулы аймаққа қоныс аударуға мәжбүр еткен»². Енисей қырғыздардың жаңа жерге қоныс ауып келуі жәйілім жердің тарылыуына әсерін тигізді. Онымен қатар, жоңғарлар, бұрын қазақпен дос болып тұрған түрік тектес Шығыс Түркістандағы Еркен, Тұрфан, Кашғар, Ақсу және басқа да қала тұрғындарын бағындырып, салық жинаған. «Тускел (Ыссық – Көл – И.С.) көлінің жиегін қоныстаған буруттарды (қырғыздарды – И.С.) бағындырған»³. Цэван-Рабдан Еділдегі торғауыттың ханы Аюкамен де жақындасу мақсатымен оған Дармабала атты қызын 1701 жылы Аюкаға тұрмысқа шығарды. Цэван-Рабдан немесе Эрдени – Жюрюкту – Батыр – қонтайша, Далай-ламаның берген аты бойынша, шын мәнісінде жоңғар жерін кеңейтіп, басқа халықтарды қамқоршылық деңгейде емес, салық төлеуші, толық бағынышты бодандықта ұстауға тырысты. Мысалы, Аюка ханның ұлы Санжиб Цэван-Рабдан-

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 330-шы бет.

² Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, «Сонат», 1996. – 140-шы бет.

³ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 332-ші бет.

нан қамқорлық күтіп, қол астындағы 15-20 мың отбасыларыен Жоңғарияға көшіп барады. Цэван-Рабдан сүйеніш көрсетудің орнына Санжибтің басқаруындағы халықты өзіне бағындырып, Санжибті оншақты қызметкерлерімен Еділдегі еліне қуып жібереді.

Алғашқы кезде Цэван-Рабдан Қытаймен қатынасты шиеленістірмеуге тырысты. Эрдени – Жюрюкту – Батыр – қонтайшының жоңғар тағындағы өктемдігі бекіп, күшейгеннен кейін Қытайдан шығыстағы бұрынғы жоңғар жерін қайтаруды талап ете бастады. Бұл кезде монғол – халқастар Қытайдың басшылығымен батысқа қарай жылжып, Алтайдан аса бастады. Жоңғар ханы Маньчжур үкіметіне берген жолдамасында былай деген: «Іле өзенінің шығысынан Кэм және Кэмчикке дейінгі жерлер ежелден чжунғардікі, сондықтан бұл жерлер бізге қайтарылуы керек»¹. Жоңғариямен Цин империясының арасындағы соғыс император Сюань Е өлгенге (1722 ж.) дейін созылды. Соғыс Жоңғария жерінде жүргізілуіне байланысты Қытай үшін көбінде сәтсіздікпен аяқталып отырды. Бұл жеңістер Цэван – Рабданның абыройын көтерді. Цэван-Рабдан Кукунор шонжарлары арасындағы тартысты, қырқысты пайдаланып, Қытайға қараған Тибетті басып алуға бел байлап Тибеттің астанасы Лхаска әскерін жібереді. 1717 ж. қыркүйек айында ойраттар астананы алып, Тибет жері жоңғар ханының билігіне көшеді. Бірақ Цэван – Рабданның билігі көпке созылмады. 1719 жылы Қытай Тибетке шабуыл жасап, жоңғарларды жеңіп, 1720 жылдың жазғытұрымында Қытай Тибетті өз империясының құрамына қайта қосады. Жоңғарлар Қытайдан шығыстағы жерлерін де қайтарып ала алмады. Қытай Хами және Турфан қалаларын да басып алды.

1710-1720-шы жылдары орыс-жоңғар қатынасы шиеленісе түсті. Цэван-Рабдан орыс мемлекетінің иелігіндегі делінген елді мекендерден, Бараба волостісінен, салынған Ресей

¹ Златкин И.Я. Көрсетілген шығарма. – 338-ші бет.

бекіністеріне қарамастан, аң терісімен Ясак (салық) жинауға, жоңғарияның бұрынғы әдеті бойынша өз адамдарын жиі жіберіп тұрды. Салынған Ресей бекіністерін де талқандады. 1710 жылы Бия мен Катунь өзендері арасында салынған бекініске шабуыл жасап, үш күнге созылған соғыста оны талқандады. 1713 ж. губернатор М. Гагарин Цэван-Рабданға И.Чередовты жіберіп, жоңғар ханынан Бараба жеріндегі халықтан салық жинамауды және бекіністі талқандаған адамдарды жазалауды талап етті. Цэван-Рабдан И. Чередов арқылы берген жауабында, барабалықтар ежелден ханның бодандары, Бия мен Катунь құйылысындағы бекініс салынған жер жоңғардікі, сондықтан бекініс талқандалды, оны қайтадан қалпына келтіргізбейміз деп жауап берді. Жоңғар ханы И. Чередовпен бірге Тобольскіге өз елшісін жіберіп, ол арқылы М. Гагаринге бірнеше хаттар жолдаған. Оның бірінде: «Томск, Красноярск, Кузнецк қалалары олардың жерінде салынды; оларды жоймасаңдар, күшпен аламыз»¹ делінген.

Сібір губернаторы князь М. Гагарин Петр I-шіге Шығыс Түркістанның батысындағы калмақтың Еркент (Жаркент) қаласының маңында алтынның барын хабарлап, Ертістен Жаркентке дейін бірнеше бекіністерді салуды ұсынды. Петр I М. Гагариннің ұсынысын қолдады. 1714 жылы 20-шы мамырда Еркентке Хиуа, Бухара және Каспий теңізі арқылы баруға жарлық шығарды². Каспий теңізі арқылы Ресейдің шығысқа жылжуын гвардия капитаны князь Бекович-Черкасскийге тапсырды. Ол Амудария және Сырдария өзендерінің жоғарғы ағысына дейін жетіп, Хиуа, Бухара хандарын Ресей бодандығына көндіріп, Амударияның жоғарғы сағасына бекініс салып, оған мың жауынгерлерді қалтырып, Арал теңізіне құятын өзендердің арнасын өзгертіп, бөгеп тастауды бұйырды³. Еркентті жаулап алуды Ресей патшасы Ертіс арқылы да іске асыруға тырысты. Ертіс

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 342-ші бет.

² ПСЗ-1. – Т.5. 1713-1719. 1830. – 105-ші бет.

³ ПСЗ-1. 1714. мая 6 ч. №2815; 1716 г., февраля 14-го №2993.

арқылы жүргізілетін әскери экспедицияның басшылығын подполковник Бухгольцке тапсырды¹. Ресейдің әскри күштерінің шығысқа жылжуы Жоңғар-Ресей катынастарын шиеленістірді.

И. Бухгольц 1714 жыдың тамыз айында Москвадан аттанды. 30-шы карашада Тобольскіге келді. Петрдің бұйрығы бойынша Бухгольц Тобольскіден 1500 әскери адамдар алып, Ямыш көліне жетіп, онда бекініс салып, қыстауға тиісті еді. 1715 жылы шілдеде 2932 адаммен, саудагерлерді қосып, Ертіспен жоғары өрледі. Осы жылдың қазан айының бірі күні Ямышқа жетіп, бекініс салды. Бухгольц Тобольскіде болғанда М. Гагарин Цэван-Рабданның елшілерін орыс отрядынан қорықпауға, экспедицияның жаулап алу мақсатының жоқтығына, тек жер қойнауының байлығын зерттейтініне сендірмекші болды. Ямыш көліне Ресей бекініс салғаннан кейін жоңғар басшылары одан қауіптенді. Бухгольцтің жағдайы қиындағаннан кейін 1715 жылдың қысында ол Цэван-Рабданға хат жолдап, оны экспедицияның мақсаттары мен сипатының қауіпсіз екеніне сендірмекші болды. Бірақ казактар орыс елшісі Трубниковты Цэван-Рабданға жеткізбей, қолға түсіріп, бір жыл тұтқында ұстады. Жоңғарлар бекіністі қоршап алды. Тобольскіден Бухгольцке жіберілінген әскери көмекті жоңғарлар қолға түсірді. Орыс-жоңғар қақтығысын шиеленістірмей, Ямыш бекінісін сақтап қалу үшін М. Гагарин 1717 ж. ақпан айында Жоңғар ханына жүздік (сотник) Чередовты елшілікке жібереді. Цэван-Рабдан Ресейге қатты ашуланып, елшіні қабылдамай, оны бес жыл бойы тұтқын ретінде қарауылда ұстады. 1716 жылдың 11-ші қыркүйегінде қазақ елшілері М. Гагаринге келіп, Трубниковты қайтарып, Ресеймен қарым-қатынасты жақсартып, Орыс мемлекетіне жоңғарларға қарсы бірігіп соғысуды ұсынды: «Ханымыз және бүкіл Қазақ ордасы ұлы мәртебелі патшаның адамдарымен татулықты қалайды. Егер ұлы патша қазақ ордасына патша әскерімен бірігіп қалмақ әміршісі Қонтайшыға

¹ ПСЗ-1. №2811, мая 22, 1714 г.

қарсы соғысу жөнінде жарлық берсе, қазақтар жиырма немесе отыз мың сарбаздарымен ханның және бүкіл қазақ ордасының әрқашанда дайын»¹ екендігін білдірді. М. Гагарин қазақтардың Ресейге қарағанда жоңғарлармен шекаралас екенін ескеріп, Сібір губерниясынан қазақтарға қарсы соғыс ашпайтынын айта келе, қазақтарды жоңғарларға қарсы шабуылға итермеледі. Ал І Петр, қалмақтар барлау жұмысына кедергі жасамаса, Ресейдің олармен соғыспайтынын жариялады. Бірақ Ресей патшасының уәдесіне қарамастан, жоңғарлар Бухгольцтің экспедициясын талқандап, Ямыш бекінісін өздеріне бұздырды. 1717 жылдың 28-ші сәуірінде Ямыш гарнизонының қалған солдаттары, 700-дей адам, бекіністі бұзып, кемелеріне отырып, Тобольскіге Ертіспен құлдады. Қалмақтар олардың кетуіне кедергі жасамады. Экспедиция Омь өзенінің Ертіске құйылысында Омск бекінісінің негізін қалады.

Қытай, Қазақ хандығы және Ресеймен бір мезгілде соғыс жүргізуге Жоңғар мемлекетінің күші жетіспейтінінен Цэван-Рабдан Орыс мемлекетінің басқыншыл саясатына көз жұма көніп, онымен сұрақтарды бейбіт жолмен шешіп, әскери одақтасуға тырысты.

1719 жылдың 18-ші қаңтарында Петрдің №3284 жарлығы бойынша гвардия майоры Иван Михайлович Лихарев басқарған әскери экспедиция шығысқа аттанды. Патша Лихаревке Иркуттегі алтын кенін анықтап, Зайсан көлінің жағасына бекініс салуды бұйырды; онымен қатар Лихарев Бухгольцтің контайшыдан жеңіліп, бекіністен айырылуының себептерін, М. Гагариннің жемқорлық ісінде анықтауы тиісті еді. 1720 ж. мамырда Лихаревтің отряды кемелермен Тобольскіден шығып, Ертісті өрлей, Зайсанға жетті. Ойраттар орыстарды көргеннен ішке қарай қашып, бұл экспедицияны Цин империясы мен Ресейдің біріккен шабуылы болар деп жорамалдаған. Бұл кезде

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 344-345-ші беттер.

көл маңында тұрған жоңғардың 20 мың әскері Цэван-Рабданның ұлы Галдан-Цереннің қолбасшылығымен Қытайдың шабуылына тойтарыс беруге дайын тұрған еді. Бірінші тамызда Ресей қолының аздығына жоңғарлардың көздері жеткеннен кейін көл жағасынан орыс кемелеріне оқ жаудыра бастады. Тамыздың 2-сі күні болған келіссөзде ойраттар орыстардың кетуін үзілді-кесілді талап етті. Орыс өкілдері ойраттарға «соғысу немесе дұшпандық қимыл жасау олардың ойларында жоқ, тек Ертістің жоғарғы ағысын зерттеп, кен орындарын іздестірумен жүргенін айтқан»¹. Лихарев кері қайтуға мәжбүр болды. Экспедиция Ертіс өзенінен Тобольскіге құлдаған жолында Өскемен бекінісінің негізін қалады.

Қытай мен Жоңғар арасындағы шиеленіс асқынып, соғыс жағдайына әкелетін болғандықтан Цэван-Рабдан 1720-1722 жылдың басында Ресейге елшілерін жиі жіберіп, одан Қытаймен соғысу үшін әскери көмек сұраған еді. Ресей мемлекетінің күшімен Қытай империясы құрамындағы жерлерін қайтарып, мемлекетін қорғап, сақтап қалу үшін жоңғар патшасы, дипломатиялық келіссөздер кезінде, Еділ қалмақтары сияқты Ресейдің бодандығын қабылдайтынын білдірген болатын.

Қытайдан қысымшылық көрген Жоңғария 1721 жылы елшісі Борокурғанды Ресейге жіберді. Борокурған: «Егер Россия маньчжур армиясына көмектесетін болса, жоңғарлардың Ресейге бодан болуға келісетінін білдірген»². Император Сюань Е. (Канси) 1722 жылы желтоқсанда өлгеннен соң таққа отырған қытай императоры Инь-Чжэнь жоңғар шекарасынан қытай әскерін алып кетіп, Цэван-Рабданды бейбіт келісім жасауға шақырды. Жоңғар ханы Пекинге елшісін жіберіп, Ресейге бодан болу ұсынысынан бас тартты. 1723-1728 жылдары Жоңғарияның Қытаймен қарым-қатынасы жақсарады.

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 347-ші бет.

² Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв. Алма-Ата «Гылым», 1991. 71-ші бет.

Қытаймен дипломатиялық және сауда келісімінің күтпеген жағдайда жақсаруы, Ресеймен Жоңғария арасындағы байланыстың күшеюі, келісімнің болуы Цэван-Рабданның қолын босатып, оған Қытай империясының шабуылына тойтарыс беруге дайындаған жақсы қаруланған әскери күшін, қазақ мемлекетіне және Орта Азия хандықтарына қарсы жұмсауына толық жағдай жасады. Цэван-Рабданның Қытай шекарасында тұрған көп әскері тез арада Қазақ шекарасына шоғырландырылып, күтпеген жерде, 1723 жылдың жазғытұрымында жаппай шабуылға көшті.

Жоңғар шапқыншылығы Еділ қалмақтары. Сібір қазақтары және башқырлардың қазақ жеріне шабуылдары жиілеп, қазақтарға тыныштық бермей тұрған кезде басталды. Жоңғар армиясының бір мезгілде бірнеше бағыттан Жетісу, Шығыстан т.б. қазақ жеріне жасаған шабуылы қазақ халқын үлкен шығынға ұшыратып, «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұламаға» (1723-1726) әкелді. Жоңғарлар «Түркістанды қазақ хандарының астанасын 1723 жылы тартып алды, Ташкент пен Сайрамды және Ұлы жүз бен Орта жүздің кейбір бөліктерін бағындырды»¹. Қазақтар негізгі қоныстарын тастап, оңтүстікке жер ауған көрінеді. Ұлы жүздің бір бөлігі, Орта жүздің азғантай бөлігі, Ходжентқа орта жүздің көпшілігі Самаркандқа, Кіші жүз – Хива мен Бұхараға кеткен.

Жоңғар әскері қазақ сарбаздарына қарағанда, Қытай мен болған көптеген соғыста тәжірибе алып, шыныққан, жақсы қаруланған еді. Кузнецкі жері жоңғарлардың құзырында болған кезде оның ертеден әйгілі шеберлері темір қортып, металл өңдеп жоңғарларды саут-саймандармен қамтамасыз етіп тұрды. Кейіннен, он жетінші ғасырдың жетпісінші жылдарынан (1678 ж.) бастап, жоңғар билігін мойындаған Шығыс Түркістан және оның Еркен, Тұрфан, Қашғар, Аксу қалаларының шеберха-

¹ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996. – 167-ші бет.

налары жоңғар сарбаздарын қару-жарақпен, әскери киіммен камтамасыз етті. Жоңғарлар қылыш, саут, мылтық және басқа да қаруларды үлкен Бухарадан алып және өздері де дайындады. Цэван-Рабданның әскері зеңбірекпен қарулана бастады. Жоңғарларды зеңбіректін әр түрлерін құюға, оларды соғыс кезінде қолданудың тиімді тәсілдеріне үйреткен, заоттық деңгейде бұл от қаруларын шығаруда жетекшілік еткен шведтің сержанты, кейбір мәліметтерде офицері Ренат болды. Ренат, 1700-1721 жылдары болған орыс-швед соғысы кезінде қолға түседі. Бухгольц экспедициясының құрамында 1716 жылы Ямыш көліне келгенде Цэван-Рабданның тұтқынына түседі. Ренат жоңғарларға қызмет етіп, оларға зеңбіректің үлкенді, кішілерін құйып бергеннен кейін Цэван-Рабданның, одай кейін қонтайшы Галдан-Цереннің сеніміне кірген. 1731 жылы Қытаймен болған соғыста Ренат Любчин қаласын шабуылдауға жіберілген жоңғардың 5 мың адамнан тұратын әскеріне қолбасшылық еткен.

1727 жылы, мөлшермен, желтоқсан айының басында, Цэван-Рабдан өлді. Таққа ханның үлкен ұлы Галдан-Церен (1727-1745) отырды. Гладан-Церен Жоңғар хандығының тағын қан төгіп алды. 1723 жылы Цэван-Рабдан өзінің үш қызын Еділ бойындағы қалмақтың Аюка ханының үш ұлына тұрмысқа беретіні жөнінде уәде еткен көрінеді. 1727 жылдың аяғында Еділден Аюка ханның Ехе Абуғай зайсанг басқарған елшілері құдалыққа түсіп, Цэван-Рабданның қыздарын еліне алып кетуге келеді. Цэван-Рабдан құдаларын жақсы қарсы алып, қыздарына қалыңдыққа және оларды ұзақ жолға шығарып салуға 8 мың адамын жіберетінін айтады. Бірақ Цэван-Рабдан кенеттен өледі. Галдан-Церен өгей шешесі Сеттерджабты, қалмақ елшілерін, - олар әкесін улап өлтірді деп, айыптап елшілердің төртеуін, өгей шешесін үш қызымен (яғни қарындастарын) өлтіріп, екі елшіні жер аударып, Ехе Абуғайды бір жыл түрмеде ұстайды.

Бұл қанды оқиғадан бұрынырақ, Галдан-Церен інісі Лоузан-

Шоноға (Шоно-Батур) әкесі Цэван-Рабданды қарсы қойып, оны өлтірмекші болған соң, сегіз адамымен Шоно-Батур (1732 жылы өмірден кетті) нағашы атасы Аюканың еліне қашып барып, паналайды. Галдан-Церен Лоузан-Шононы Жоңғар хандығының тағына таласатын мұрагері ретінде одан қорқып, Еділдегі Қалмақ хандығынан, тіпті Ресей мемлекетінен Шоно-Батуды, оның балаларын, әйелін және Дондук Омбыны ұстап беруді бірнеше рет өтіне сұрайды. 1735 жылы шілдеде Ресейдің шетел Коллегиясы Жоңғар хандығының елшілерін қабылдап, оларға ресми түрде төмендегідей жариялаған: «Ол Шоно бұдан бұрын, ертеректе өлген, ол өлгеннен кейін балалары қалған жоқ, оның әйелі Россияның боданы, сондықтан ол берілмейді»¹.

Қытай мен Жоңғария арасындағы тіл табысқан дипломатиялық қарым-қатынас 1728 жылдан бастап, қайтадан шиеленісіп, 1739 жылы екі ел арасындағы келісімге әкелді. Жоңғарлардың Қытай әскерімен 1730-1731 жылдары болған шайқастарда жеңіске жеткен кездері де болы. 1732 жылы Халқа (Монголия) жерінде болған соғыста жоңғарлар жеңіліске ұшырады. Қытай Еділ қалмақтарын жоңғарларға қарсы қойып, Галдан-Церенге олармен бірігіп шабуыл жасау жоспарын іске асыру үшін Қытай императоры Еділ қалмақтарына елшілерін жіберген. Ресейдің рұқсатымен Еділ қалмақтарына келген Қытай елшілерін қалмақ ханы Церен-Дондок қабылдады. Келіссөз барысын, оның мазмұнының шетел Коллегиясының хатшысы В. Бакунин қадағалап отырды. Келіссөз кезінде Қытай елшілері Церен-Дондокке Қытаймен әскери одақ жасап, оның әскерімен бір мезгілде Галдан-Церенге қарсы шабуылға шығуды ұсынды. Елшілер Лоузан-Шономен сұқпаттаста, оған Галдан-Церенге қарсы күресті басқаруды ұсына отырып, Шоно-Батурға жоңғар ханының тағын алуға Қытайдың көмектесетінін айтты. Церен-Дондок Петербургтен берілген нұсқаудың негізінде айтылған ұсыныстарды ұлы мәртебелі Ресей императрицасының

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 361-ші бет.

келісімінсіз, жарлығынсыз қолдамайтынын елшілерге білдірді. Лоузан-Шоноға ұсыныс ұнағанымен Ресей мемлекеті оған Қытайға барып, оның әскерінің қатарына қосылуға рұқсат бермеді, кейіннен бұл сұрақ Шоно-Батурдың өліміне байланысты Қытай жағынан тоқтатылынды.

Қазақтарда Лоузан-Шоно өліп қалса да, оны тірі деп жариялап, Галдан-Церенді қорқытып, Ресей мемлекетін де қатты сескендірген. Галдан-Церен және жоңғарлар лақап Шонаны тақтың иегері ретінде қарастырса, Ресей мемлекеті Шона батыр Башкирияға қайтып оралса, ол тағы да халық көтерілісін басқарар деп болжамдады.

Қалмақтың ханы Цэван-Рабданның ұлы, қонтайшы Галдан-Цереннің інісі ретінде Шона батырмын деп лақап таратып, өзін әйгілі еткен башқұрт халқының өкілі Қарасақал еді. Башқұрт жерінде өзін осы халықтың Қара ханымын, - деп жариялаған. Ол Ресей бодандығына қарсы башқұрт халқының көтерілісін 1740 жылы ұйымдастырды. Ресей мемлекеті ұлт-азаттық көтерілісті басқаннан кейін Қарасақал қазақ жеріне қашып келіп, Қазыбек биді паналап, арғындар арасында болады да, ол туралы сөз көбейгеннен кейін Ертістің жоғарғы ағысы – Қара Ертістегі наймандарға келгенде, оны Қабанбай батыр қорғауына алады. Қазақтар «наймандардан, бала-шағаны қоспағанда, соғысқа жәрәмді екі мың адамды оның басқаруына бөліп береді»¹. Ресей мемлекеті Лоузан-Шононың өлгеніне өздері де күмәндәніп, Тюкан деген башқұртты қазақтарға жібереді. Ол жалған «Шонамен» кездескенде, одан оның қалайша тірі қалғанын сұрайды. Сонда Қарасақалдың (Шонаның) айтқаны: «Зюнгар хонтайшысынан қорыққандықтан, қарақалпақ, қазақ далалары арқылы Еділ қалмақтарына қашып келгенінің себебі Аюка ханның әйелі оның апайы. Еділ қалмақтары хонтайшыға жағу үшін оны ұстап бермекші болғанда, апайы бір қалмақты өлтіргізіп, Шоно өлді,

¹ Валиханов Ч.Ч. Шуна-батыр (Авантюрист XVIII ст.) Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. – Алма-Ата, 1985. – 12-ші бет.

- деп жариялаган. Шынында мен тірі қалдым. Еділден жанымда алты қалмақ және Қабақ есімді қазақпенен құбандарға қашып келдім, одан түріктерге барып мұсылман дінін қабылдаған соң, қайтып қалмақша сөйлмеймін деп ант еттім, сондықтан қалмақша сөйлемеймін. Ресей жерінде, Санкт-Петербург пен Москвада аз уақыт болғаннан соң, Башкирия жерінде ноғай және сібір жолдарында Ерматлин. Қаратабын волостілерінде 12 жыл тұрғаның мәлімдей келе, 1740 жылы халық көтерілісінің себепкері ретінде танылғанын жеткізген»¹. «Шона-Батур» атты лақап есіммен Жоңғар патшасы Галдан-Церенді және Ресей патшасын қатты қорқытқан Қарасақал қазақ жерінде 1749 жылы өмірден өткен көрінеді.

Ресей үкіметі жоңғарларды ресей бодандығын алуға көндіру, тіпті болмағанда әр кезде жоңғарлардың қолына түскен орыс тұтқындарын қайтару мақсатымен майор Угримовты 1731 жылы Ле өзені бойындағы Галдан-Цереннің сарайына елшілікке жібереді. Ол елшіліктен 1733 жылы оралады. Угримов Ренатпен сөйлескенде ол өзі жоңғарларға қанша зеңбірек дайындап бергенін сөз еткен: «Ол Галдан-Цереннің армиясына төрт фунттық 15 зеңбірек, 5 кіші зеңбірек және 20 морттира (қысқа зеңбірек – И.С.) жасап берген»². Л. Угримов, Галдан-Церенмен жүргізген келіссөздердің нәтижесінде, жоңғар тұтқынынан 400 ресейліктерді босатып алады, Ренатта Ресейге қайтарылған. Кейіннен ол өз еліне оралады. Цэван-Рабданның тұтқынында басқа да шведтер болады. Оның бірі поручик Дебеш ойраттарды мата шығаруға үйреткен.

XVIII ғасырдың 20-шы жылдарында қалмақтардың басым болып, казактарды үш жақтан қыспаққа алғанын, олардың ежелгі атамекендерін тастап, оңтүстікке – Ходжент, Самарканд, Хиуа мен Бухараға босып, жер ауғаны жөнінде Күлмухаммед

¹ Валиханов Ч.Ч. Шуна-батыр (Авантюрист XVIII ст.) Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. – Алма-Ата, 1985. – 11-12-ші беттер.

² Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 363-ші бет.

(Иван Иванович – И.С) Тевкелев мырзаға 1748 жылы Орск бекінісінде онымен кездескенде Орта жүздің атақты старшыны Букенбайдың (Бокенбай – И.С.) айтқаны: «Сол кезде қалмақтардан, башқырлардан, сібір және жайық қазақтарынан, кояндар қалай тазы иттерден қашса, бізде солай қаштық деген»¹.

Жерін, елін жаудан азат ету жолында қазақ халқының күшін басқыншыларға қарсы күреске жұмылдыруда, олардың рухын көтеруде 1726 жылдың күзінде Ордабасыда болған бүкілқазақ съезінің маңызы өте зор болды. Осы съезде қазақтың хандары мен солтандары, билерімен төрелері жау жағадан алып тұрғанда, бір-бірімен тартысты, алауыздықты тоқтатып, ауыз бірлігін сақтап, ата жаумен айқасқанда қайтпас қайрат, құрыштай берік, ерлік, табандылық көрсететіні туралы бір-біріне серт берді. Осы жиында Әбілқайыр хан бас қолбасшы болып сайланды. Ақбоз атты, жақсылыққа жорып, жеңіс жолына құрбандыққа шалды. Галдан-Цереннің кезінде жоңғарлармен көптеген шайқастар болып тұрды. 1729 жылы Балхаш көлінің оңтүстік-шығысында қазақ сарбаздарының жоңғар әскерімен қантөгісті шайқасы сәтті болып, жеңіспен аяқталынды. Үш жүздің бірлескен күштері тамаша табысқа жетті. Қалмақтардың ойсыра жеңілуіне байланысты соғыс болған жерді қазақтар Аңырақай, - деп атады. Жоңғарлар іле өзенін өрлеп шығысқа қарай шегінді. Жауын қазақтар өкшелеп қумады.

Қазақ жері жаудан босатыла басталып, кеңістігі кеңей түсті. Балхаш, Шу, Сарысу өңірлері қазақтардың иелігінде болды. Орта жүз қазақтары Ор. Үй өзендері алқабын қоныстанып, солтүстік бағытқа жылжыды. Бұл бағыттан башқұрттар қауіптеніп, наразылық білдірді. Кіші жүз Эмбі өзенінің оң жағасына өтіп, Еділ қалмақтарын ығыстырып, жайыққа дейін жетті. Ұлы жүздің көп жерін жоңғарлар басып алуына байланысты, олар «адам басынан қарсақ терісімен салық төлеуге

¹ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы, 1996. – 167-ші бет.

мәжбүр болды»¹.

1728-ші жылдан бастап Жоңғар Қытай қатынастары шиеленісіп, екі мемлекет арасында соғыс басталынды. Галдан-Церен орыс мемлекетінен Қытай мен соғыста әскери көмек сұрауын қайтадан бастады. Жоңғар қонтайшасы 1732 жылдың күзінде оның әскерінің Халха жерінде Қытай әскерінен жеңілгенін орыс елшісінде жасырмай айтқан екен.

Галдан-Цереннің 1732 жылы қазақтарға қарсы ұйымдастырған шабуылы да сәтсіздікке ұшырады. «Алғашында қазақтардың көптеген адамдарын тұтқындап, малдарын алдық деп жариялаған. Кейіннен қалмақ әскері шығынға ұшырап, көптеген адамдарынан айырылған. Тірі қалғандарының көпшілігі малсыз, жаяу-жалпы қашып келгенде, оларды шекара иен қалмасын деп, жасырын шеткі ұлыстарға орналастырады»².

Қазақ хандары мен солтандарының көпшілігі жоңғарлармен соғыста Ресей мен одақ жасап, оның қарулы күшін пайдаланбақшы болып дипломатиялық деңгейде келіссөз жүргізді. Мұндай ұсыныс Ресей мақсатына сай келмеді. Әбілқайыр хан 1730 жылы орыс мемлекетіне жіберілген елшілері арқылы Кіші жүздің Ресейге әскери одақ емес, протекциялық негізде оған бодан болуға келісетінін білдірген. Әбілқайырдың ойынша, егер ол Ресейдің бодандығын қабылдаған жағдайда орыс казактары, Еділ қалмақтары, башқырлар қазақ жеріне шабуыл жасауларын тоқтатар және оның хандық мәртебесі де отандастарының арасында жоғары көтерілер, - деген ниғылда болған көрінеді. Елшілердің айтуынша: «Зенгор билеушісі және оның қалмақтары оларға көп зәбірлік жасады, патша-ханумның протекциясында болғанда олардан барлық иелік жерлерін бір кезде қайтарып алармыз»³

¹ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы «Санат», 1996. – 172-ші бет.

² Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. – М., 1964. – 372-ші бет.

³ Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). – Оренбург Изд. Оренбургского Губернского статистического комитета, 1896. – 8-ші бет.

деген. Көп ұзамай, 1731 жылы ақпанның 19-да патша-ханум Анна Ивановна №5703 жарлығымен Әбілқайыр ханды оның адамдарымен Ресей бодандығына алды. Бодандықты ресми түрде растау үшін Әбілқайырдың ордасына Шетел Коллегиясының шығыс тілінің аудармашысы Мегмет Тевкелев жіберілді. Осы жылдың 19-шы ақпанында патша-ханумның №5704 шешімімен: «қырғыз-қайсақ ордасының старшыны Әбулхайр ханға және бүкіл әскеріне Россияның бодандығына қабылданғаны жөнінде силы (жалованная) грамота жіберілді¹. 1740 жылы Орта жүздің ханы Абулмамбет, сұлтан Аблай Ресей бодандығын протекциялық негізде қабылдады. Бірақ Ресей мемлекеті қазақтардың жоңғарлармен жүргізген ұлт-азаттық, отын соғысына ешқандай тікелей әскери көмек көрсеткен жоқ.

XVIII ғасырдың 30-шы жылдарының басында қазақтар Түркістанды және басқа да оңтүстіктегі қалаларын, жерлерін жоңғарлардан азат етті. Ташкентте және оның айналасы Ұлы жүздің ханы Жолбарысқа, Төле биге бағынды. Салық олардың қазынасына түсіп тұрды. 1743 жылы Жолбарыс хан Ташкентте өлтірілгеннен кейін де Төле би көпке дейін Ташкентте билігін жүргізді.

1739 жылы Қытай императоры Хун Ли мен Галдан-Церен келісімге келді. Ойрат мемлекеті жаулап алған көп жерінен айырылып, Шығыс Түркістанға ығыстырылды. И.Я.Златкиннің зерттеуінің нәтижесі бойынша: «Ойрат феодалдарының мемлекеті (Галдан-Цереннің кезінде – И.С.) Халқаға Ханғай мен Алтай тауларының арасын, Қазақстанға – Ертістің орталық алқабы мен жоғарғы ағысын және Енисейді беріп, ығысуға еріксіз мәжбүр болды»². И.Я. Златкиннің ғылыми жұмысының бар екеніне қарамастан В.А. Моисеев «Россия-Казахстан: современные мифы и историческая реальность» деген еңбегінде: «Ертіс өзенінің бассейні Омь өзенінен Зайсан көліне дейін

¹ ПСЗ – 1, т.5.

² Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 387-ші бет.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде (яғни 1700-1725 жылдар – И.С.) орыстардың иелігінде болды»¹ дейді. В.А. Моисеевтің бұл тұжырымы шындықтан алшақ, нағыз миф - қиялдан туған болар. Күршім жері, Ертістің жоғарғы ағысы Ресейге XIX ғасырдың 60-шы жылдары бағынды. Ертістің ортаңғы, жоғарғы алқаптары жоңғарларда, кейіннен қазақ халқының иелігінде болды. Лихаревтен кейін Ресей патшалығы бұл жерлерге жолаған жоқ. Осы бағыттағы Ресейдің шеткі бекінісі, азғантай гарнизоны бар, Өскемен бекінісі болғаны тарихта белгілі. Қалмақтар Ертістің жоғарғы ағысына орыстарды өткізген жоқ. Кішігірім гарнизондарға қазақ та, қалмақ та төтеп бере алатын еді. 1724 жылы Сенаттың ресми мәліметі бойынша; «Семипалатная бекінісінде 2-кі мыс зеңбірек, казактар мен барабаншылардың саны – 284, жалақысы 1136 рубль. Усть-Каменская, ең шеткі қонтайшының иелігіндегі таулы жерде. Бұл бекіністе үш фунттық шойын зеңбіректер 4-еу. Бұрынғы губернатор Черкасский княздің анықтамасы бойынша әскери қызметтегі казактардың саны 100 болған, қазіргі кезде – 114. Ақшадай жалақы 456 рубль»². Иван Кириллович Кириллов (1695-1737 ж.ж.) Оренбург экспедициясын басқарған Сенаттың обер-секретары.

Галдан-Церен 1739-1743-ші жылдары Ертіс пен Алтай өңірінде жоңғарлардың билігін қайтадан орнату үшін, Қытаймен соғыс тоқталысымен, казактарға қарсы шабуылын жиілетті. Галдан-Церен басшылық еткен Жоңғар шабуылына казактар қарама-қарсы шабуылға шығып, тойтарыс берген. Сібірдің губерниялық канцеляриясының №5-іс бойынша 1740 жылы Жоңғардың әскер басшысының бірі, башлық нойон Септеннің ұлысына казактар шабуыл жасап, адамдарын тұтқынға алып, ұлысын талқандаған. 1741 жылы 2-ші қыркүйекте Сібірдің

¹ Моисеев В.А. Россия-Казахстан: Современные мифы и историческая реальность. Сборник научных и публицистических статей. – Барнаул, 2001. – 9-шы бет.

² Кириллов И.К. Цветущее состояние Всероссийского государства. – М.: Наука, 1997. – 274-275-ші беттер.

губерниялық канцеляриясының сыртқы істер коллегиясына жазған рапортында (№4-іс) Галдан-Церен 1740 жылы қыста Қазақ Ордасына қарсы үш мың әскерін жібереді. Осы жылдың ақпан айында қазақ сарбаздары Галдан-Цереннің қазақтарға жіберген әскерін талқандап, әсіресе оң қанатынан көп адамды тұтқынға түсірген. Орынбор комиссиясының бастығы И.И. Неплюев 1742 жылы маусымның 7-де Сенатқа жазған хатында (№6-іс) нойон Сары-Манджидің әскері 1741 жылы қазақтарға шабуыл жасаған кезде аң аулап жүрген Абылай бастаған қазақтардың тұтқындалғанын хабарлайды. Аблай тұтқыннан 1743 жылы көктемде босатылып, елге қайтады. Абылай солтанды тұтқыннан босатуда майор Карл Миллер басқарған орыс дипломатиясының көмегі үлкен болды.

1742 жылы қыркүйектің басында майор Карл Миллер басқарған Ресей елшілері Орск бекінісінен қазақ жері арқылы Галдан-Цереннің ордасына жол тартады. Миллердің жанында прапорщик Николай Пазухин, тілмаш, християн дінін қабылдаған қалмақ Иван Ерофеев, геодезия оқушысы Дмитрий Тохтаров, төрт казак және атқосшысы болды. Орта жүздің өкілі Жәнібек батырдың ағайыны Байғұлақ елшілерге жол көрсетті. К. Миллерге Оренбург комиссиясының бас командирі генерал И.И. Неплюев бірнеше тапсырма беріпті. Неплюев туралы біраз сөз. 1744 жылы наурыздың 15-де Оренбург губерниясы құрылды. Иван Иванович Неплюев (1693-1773) Оренбург губерниясының бірінші губернаторы болып, аздаған үзіліспен, осы губернаторлық қызметтен 1758 жылдың ақпан айында кетті. И.И.Неплюевтің Галдан-Церенге, патша-ханум Елизавета Петровнаың рұқсатымен жазылған хатында қазақтың Кіші және Орта жүздерінің хандары, солтандары Ресейдің бодандығында, сондықтан біз оларды қорғай аламыз, оларға қарсы шабуылдарыңызды тоқтатып, көршілеріңмен тағу болуын айта келе, Абылай солтанды тұтқыннан босатуды талап еткен. Сонымен қатар К.Миллер 1738 жылы Ташкент-

ке жіберілген Ресей керуенінің Ұлы жүздің қазақтары жоңғар патшасының келісімімен тонады ма, осыны да анықтауға тиісті болған. Карл Миллер Жоңғарияға бара жатқанда және қайтқанда Кіші, Орта, Ұлы жүздердің лауазымды адамдарымен сөйлескеннің журналына жазып отырған. Ұлы жүздің үйсін руында ол Хонгор есімді қазақпен сөйлескенде оның қалмақ тілінің білетінін анықтаған. Миллер оған үйсін руы Галдан-Церенге бағынышты, боданы ма деген сұрағына Хонгор былайша жауап беріпті: «Біз бұрын олардың бодандығында болдық, бірақ бұдан үш жыл бұрын салықты төлеуден бас тартып, одан кетіп, Орта жүзге жақын орналастық»¹.

1742 ж. 16-шы қарашада К. Миллер Галдан-Цереннің Орда-сына жетеді. Орыс елшілерінің Жоңғарияға қазақ жері арқылы оңай келуін ойраттар жамандыққа жорып, олар үшін заманның ақыры, ғасырдың соңы деп, қатты қорқып, ызасын Байғұлақтан алып, оны өлтіріп тастайды. Елімізде шешек ауыруы тарап тұр деген сылтаумен Миллерді Галдан-Церенге жібермей, оны жоңғарлардың батыс әскерінің қолбасшысы, қазақ-жоңғар қатынастарына байланысты мәселелерді тікелей шешуші Манджа қабылдайды. Манджа Неплюевтің хатын оқып, Кіші жүз бен Орта жүздің хандары мен солтандары Ресейдің бодандығында дегеніне сенімсіздік білдірген. Манджаның ойынша Миллер жоңғарларға патша-ханумның жарлығынсыз, Неплюевтің жіберуімен келіп отыр, Неплюев болса өз бетімен қонтайшыға хат жазып, елші жіберіп, қазақтарға қарсы шабуылдарды тоқтатуды, Абылайды тұтқыннан босатуды талап етіп отыр. Бұл жөнінде патша-ханум хабарсыз шығар, - деп күмәнданған. Миллер Манджаға қазақ хандары мен Ресей мемлекеті арасындағы саяси жағдайды түсіндіреді. Манджаның Неплюевтің ұсынысына айтқаны: «Аблай-солтанды босат,

¹ История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. VI том. Путевые дневники и служебные записи о поездках по южным степям XVIII-XIX века. – Алматы: «Дайко-пресс», 2007. – 102-103 беттер.

екі жақта тыныштықта болсын депті, бірақ мен өзім білемін кіммен дос, кіммен қас болуды, мұғалімнің маған қажеті жоқ»¹ 1738-ші жылғы Ресей керуенінің тоналғаны жөнінде оның хабарсыз екенін айтқан Манджа Миллерді 1743 жылдың 29-шы қаңтарында қабылдаған. К. Миллер еліне 1743ж. 14-ші мамырда жетеді.

Миллер Жоңғарияда болған кезде Галдан-Церен Қытай елшілерімен құпия келіссөз жүргізіп жатқан екен, сондықтан Галдан-Церен К. Миллерді қабылдай алмаған. Қытаймен болған келіссөз жоңғарларға тиімсіздеу болған көрінеді. 1743-1752 жылдары Цин империясы мен Жоңғар хандығының арасында соғыс болмағанымен, аралары суып, татулықта болған жоқ. 1751 жылдың көктемінде қонғайшының елшісі Пекинге келіп, Хун Лиге Лама-Доржидің императормен тыныштықта, достықта болғысы келетінін жеткізе отырып, бірақ ол үшін күміспен 100 мың лан ақша беруді сұраған. Император Лама-Доржидің ұсыныстарын қабылдамай, осыдан былай ойраттың елшілері Пекинге келуіне тиым салған. Хунли жоңғарларға қарсы соғысқа дайындала бастайды.

Қытай, Жоңғария қарым-қатынасы шиеленісіне байланысты Галдан-Церен қазақ хандары жөніндегі агрессиялық саясатын тоқтатып, өмірінің соңғы жылдарына дейін қазақтармен тату болып, күрделі мәселелерді елшілік деңгейінде шешкен. К. Миллердің елшілігі кеткеннен кейін Галдан-Церен Абылайды тұтқыннан босатып, Абулмамбет ханның ұлын аманатқа алудан бас тартып, оны қазақ елшілерімен бірге Ургеге (ставкасына) келтірмей, жолдан қайтарып жібереді. Абылайдың бостандық алғаны жөнінде хабарды К. Миллер 5-ші көкекте, Жәнібек батырмен еліне қайтып бара жатқан жолында естіген. Галдан-Церен Шығыс Түркістанды негізгі бекінісіне айналдырады. Көне дәуірде Шығыс Түркістан гундардың иелігі болса, кейіннен «Оңтүстік Жоңғария мен Жетісу өлкесі Усундардың

¹ Миллер К. Көрсетілген шығарма. -116-шы бет.

(үйсіндердің – И.С.) иелігінде болған»¹.

Қазақ пен қалмақтың жақындасып, тату өмір сүруін Ресей мемлекеті оның колониялдық, халықтарды бір-біріне айдап салу, арандатушылық саясатына қарсылық деп білді. 1744 жылы Әбілқайырдың нұсқауымен қазақтардың шабуылы шекарадағы орыс қоныстарына жиілеген кезді пайдаланып, И.И. Неплюев, генерал-майор фон – Штокман және ассессор Рычков қазақтарға қарсы бағытталған «Қамдану жоспарын» (Запасной план) жасайды. Жоспар бойынша орыс әскері қазақтарға қарсы шабуылға бес бағытта шоғырландырылды: Орынбор бағыты; Жайық қалашығы; Орск бекінісі; Үй линиясы; Сібір линиясы. Негізгі Орынбор бағытында үш тұрақты (бір атты, екі жаяу) әскер полкінен басқа 9300 адамнан тұратын жауынгерлер орналастырылды: 1000 дон қазақтары, 3 мың уфа башқырлары, 500 мешеряк, 300 ясак төлейтін татар, христиан дінін қабылдаған ставрапол қалмақтары – 300 ден 500-ге дейін, 4 мыңдай қазан губерниясының татарлары. Орск бекінісінде үш мың адамнан тұратын әскер орналастыру қарастырылынды. Оның құрамы: 2000 башқыр, 500 мешеряк, 500 жайық қазақтары. Үй бекінісіне 1000 бапқыр, мешеряк, әскери қызметтегі татарлар, 1300 казактар және уфадағы полктің үш ротасы орналасатыны қарастырылынды. Неплюевтің «Запасной планын» 1744жылы 1-ші наурызда Сенат бекітті². Сол жылы орыс үкіметі Еділ қалмақтарын қазақтарға қарсы қойып, оларды қазақ жеріне шабуыл жасауға дайындық жұмыстарын жүргізеді. 1744 жылы көкектің 24-і күні патша-ханум Еділ қалмақтары хандығының орынбасары Дундук Дашидің атына жазылған Грамотаға қол қойды. Грамотаны И.И.Неплюев алады, ал ол осы документтің көшірмесін керек болғанда Дун-

¹ Землеведение К. Риттера география стран Азии. Восточный или Китайский Туркестан. Перевел и дополнил В.В. Григорьев. Выпуск второй. – С.-Петербург, 1873. – 44-ші бет.

² Добромыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Оренбург, 1900. – 55-ші бет.

дук (Дондук) Дашиге беретін болған. Грамота Дундук-Дашиді қалмақтың барлық қарулы күшімен, Астраханнан қажетті оқ-дәрі, қорғасын алып, Неплюевтің нұсқауы бойынша қазақтарға қарсы соғыс жүргізуді міндеттеген. Сонымен қатар Грамота соғыс кезінде қазақтардан тартып алынған мал, мүлік, қолға түскен тұтқындарды «қалмақтар өзіне қалтырады»¹ делінген. Дундук-Даши 1757 жылдан Еділ қалмақтарының ханы, 1761 жылы өлген.

Галдан Церен өмірінің соңғы жылдары Ресей бекіністеріне шабуыл жасауды жоспарлаған. Ол туралы Ресейдің мемлекеттік орталық көне акт мұрағатында (Москва қаласы) деректер бар. Сондай материалдың бірі төмендегідей:

«Жоңғар билеушісі Галдан Чириннің Сібір бекіністеріне шабуыл жасамақшы ниеті жөніндегі

Іс

1744 жыл 28-ші шілде

Сібірдің Губерниялық кеңсесіне Ямыш кеңсесінен

Күпия хабар

Тамыздың 4-нде, түнде Өскемен бекінісінің поручигі Егоровтан Ямыш кеңсесіне 1744 жылы 28-ші шілдеде жазған күпия хабары жетті. Ол төмендегідей: Нарым өзенінен келген зюнгар билеушісінің үш адамы, уранхайлықтар, қолға түсті. Ұлы мәртебелі император-әйелдің атынан олардың билеушісі Галдан Чириннің аман-саулығын сұрастырдық. Уранхайлықтар тілмәш Шулгин арқылы олардың билеушісінің денсаулығы жақсы екенін айта келіп, ол Ертіс өзенінің жоғарғы ағысындағы Зайсан көлінен жеті күндік жердегі қонысында деген. Олар, сөз кезінде, билеушілері Галдан Чириннің әскер жинап жатқанын, осы жазда оның Өскемен, Семей, Ямышев бекіністеріне, Ко-

¹ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996. – 208-ші бет.

лывано воскресенск заводына шабуыл жасайтын ойы барын құпия түрде жеткізген. Жуықта, деді олар, Галданның сенімді аға зайсаны Хоргош билеушінің қолы қойылған үкім қағазымен келіп, біздің Зайсанға барлық уранхайлықтар қаруланып, жорыққа дайын болсын, – деп бұйрық берді. Осы жазда Айкончай бекінісіне шабуыл болады, күзде Исан Хоргош Ертіске шабуыл жасайды, деп жеткізген.

Осы алынған құпия хабарды полковник Тимофей Зорин растаған¹.

1744 жылы Галдан-Церен Колывано-воскресенск зауытына шабуыл жасағайы жатыр деген хабар ел арасында тарап кетеді. Жоңғарлар әлі де күшті болатын, сондықтан «Байтал түгіл, бас қайғы» дегендей 1744 жылы 3-ші қара-шада шыққан жарлықтың негізінде сыртқы істер коллегиясы И.И. Неплюевке қазақтарды өз жағымызға тартып, оларды жоңғарларға қарсы шабуыл жасауға көндіріп, – деген бұйрық береді. Сонымен Елизавета Петровнаң Грамотасы түкке жарамай Орынбор концеляриясында қалыпты.

Галдан-Церен 1745 жылдың аяғында қайтыс болған. А.И. Левшиннің айтуынша Галдан 1746 жылы өлген². Галдан-Церен өлгенде артында үш ұлы, бірнеше қыздары болған. Үлкен ұлы Лама-Доржи, әкесі өлгенде 19-да, ортаншысы – Цэван-Доржи-Аджа-Намжилу – 13-те, кіші, кенже ұлы Цэван-Даши жетіден аздап асқан еді. Әкесінің өсиеті бойынша ортаншы ұлы Аджа хан аталынып, таққа отырды (1746-1749 ж.ж.). Аджа-хан көптеген қатыгездік көрсетіп, мемлекетті басқара алмады. Қазақ-қалмақ қатынастары жаман болмаған көрінді. Лама-Доржи 1748 жылы Әбілқайыр ханға оның бір қызына үйленетіні жөніндегі ойын елшілері арқылы жеткізеді. Хан келісімін беріп, қалыңдық жөнінде келіссөздер басталады. Әбілқайыр ханның Торғайдың оңтүстігінде, оған Ұлқияқтың

¹ ЦГДА фонд 24, №29. ЛЛ. – 1-6

² Левшин А.И. Көрсетілген шығарма. – 212-ші бет.

құйылысында Барак солтанның қолынан қаза болуына байланысты Лама-Доржидің үйленуі кейінге шегіндірілген. Жоңғар мемлекетінің ішкі жағдайы да тұрақты болмады. Жоңғар мен Қазақ хандарының отбасыларының жақындасуы, туыстасуы Ресей үкіметін мазаландырды. Әбілқайыр ханның қызы, Лама-Доржидің қалыңдығы 1750 жылы тұрмысқа шықпай, өмірден кетуіне байланысты Орынбор басшылары да тынышталды.

Келесі Сарай төңкерісінде Ажда-хан өлтіріліп, Жоңғар тағына Галдан-Цереннің үлкен ұлы Лама-Доржи отырып (1749-1752 жж.), ол Эрдени-лама-Батур Хунтайджи аталынады.

Лама-Доржидің шешесі тексіз жерден шыққан, күн болғандықтан оның әміріне көптеген княздер мен шонжарлар бағынбады. Лама-Доржиге қарсы Цэван-Дашиді таққа отырғызу мақсатымен сарай төңкерісіне құпия дайындық басталды. Жас бала Цэван-Дашиден басқа таққа отыруға толық құқы бар Цэван-Рабданның төртінші буынындағы немересі Намджиловтың ұлы князь Давацидің және Галдан-Цереннің қызынан туған, оның жиені нойон Амурсананың (1722-1757) да таққа келуге үміті болды. Даваци мен Амурсананың қоныстары Тарбағатай жерінде, бір-біріне жақын жатқан. Олар дос болған. Амурсананың тегі жөнінде екі көзқарас бар. Н.Я. Бичурин Амурсананы «Хойттың таныцзи»¹ десе, И.Я. Златкин Амурсананы «Хошоут фамилиясынан шыққан нойон»² дейді. Тарихшылардың көпшілігі Н.Я. Бичуриннің көзқарасына сенеді.

Лама-Доршиге қарсы қастандық ашылып қалып, оған қауіпті деген, хан тегінен шыққан көптеген туыстары, басқа да текті ақсүйектер, зайсанглер өлтірілді. Лама-Доржи Даваци мен Амурсана нойондарды да өзінің қарсыластарының қатарына жатқызып, өлтірмекші болады. 1751 жылы олар 7000 үйден

¹ Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений по исторической географии Восточной и Средней Азии. – Чебоксары, 1960. – 543-ші бет.

² Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 429-ші бет.

тұратын қалмақтарымен солтүстікке бет алып, қоныс аудара, жылжыған кезде Лама-Доржи Даваци мен Амурсананың әскери күштерін талқандайды. Даваци мен Амурсана 1751 жылы күзде қазақтарға қашып баруға мәжбүр болып, Орта жүзге келгенде, Абылай оларды қамқорлығына алып, қорғайды.

Қашқын нойондарды Орта жүздің жылы шыраймен қабылдағанына Лама-Доржи қатты ашуланып, осы 1751 жылы үш мың қалмақты қазақтарға қарсы аттандырады. Олар қалмаққа көрші жатқан қазақ ауылдарына қиянат көрсетіп, үш мыңдай адамды тұтқындап, мал-мүліктерін тонаған. А.И. Добромысловтың жазуынша: «Әсіресе найман және керей рулары зиян шеккен. Қолға түскен адамдар мен көптеген малды айдап, қалмақтар қайтып бара жатқанда Дабачи өзінің туыстарымен оларды қуып жетіп, бірнеше қалмақты өлтіріп, тұтқындар мен малдың жартысын қайтарып алады»¹. Бұл шындыққа жақын болар. Ал А.И. Левшиннің айтуынша Лама-Доржидің қазақтарға шабуылын 1750 жылы болды деп, бүкіл қазақты қалмақтарға, әсіресе Орта жүзді жеңілдіріп қояды. «Әсіресе Орта жүз одан (Лама-Доржидан – И.С.) 1750 жылы Ұлытаудың маңында зиян шекті. Зюнгарлардың тұтқынына түскендіктен, көп адамдарынан айырылды. Оның (Орта жүздің – И.С.) басым бөлігі орыс шекарасына жақындауға мәжбүр болды, Ор өзені және Мұғаджар тауларына жетіп, Кіші жүзбен араласты»². 1750 жыл қазақ халқына «Ақтабан шұбырынды Алакөл (Алқакөл) сұлама» жылдары емес еді. Қазақтар өз жерін қайтарып алу жолында жоңғар мемлекетінің әлсіреуін пайдалана білген. «Тіпті 1745 жылы Оренбург губернаторы И. Неплюев Орта жүз билеушілерін ойрат ұлыстарына басып кіру ойларынан айнытқан»³ көрінеді.

¹ Добромыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Оренбург, 1900. – 109-110-ші беттер.

² Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996. – 225-ші бет.

³ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 434-ші бет.

Лама-Доржи жоңғар тағына келгенде де Ресей мемлекеті Жоңғариямен бейтараптық саясатын жалғастырды. Ресей мемлекеті Бараба жерін, Алтай өңірін қоныстаған, бұрын жоңғарлардың қыштымы болған, Лама-Доржиден бұрынырақ кезде Ресей ықпалындағы халықтардан жоңғар қазынасына салық жинауға қарсылық білдірмеді. Ресей Қазақстан мен Сібір жеріне бекіністерді салуды жалғастыра берді. 1745 жылы Сібір жеріне екі жаяу әскер, үш атты әскер полктары орналастырылды. Сібір жеріндегі Ресейдің әскери бөлімдері Жоңғарияның әскерінен әлсіз болатын. Ресей қарулы күштерінің Сібір жеріндегі аздығын байқап, Лама-Доржи 1751 жылы Ресей өкіметінен Обь өзенінің жоғарғы ағысы мен Ертіс жеріндегі барлық бекіністерді жоюды талап еткен. Лама-Доржидің айтуынша бұл жерлер: «Жоңғар ханының иелігі, сондықтан оның тұрғындары ойрат ханының бодандары»¹.

Ресей казак-калмақ қатынастарының жақсаруынан қауіптенді. Ресей мемлекеті Тевкелев және генерал Киндерманнан Даваши мен Амурсана Абылайдың Ордасында деген хабарды алысымен, оларды Ресей жағына тартып, сол ханзадалар арқылы Жоңғарияның ісіне араласу мақсатымен 1752 жылы 31-ші тамызда жарлық шығарды. Жарлық бойынша Орынбор губернаторы И.И. Неплюев Орта жүздегі Даваши (Дабачи) мен Амурсана нойондарды Абылай солтанның көмегімен Орынборға келтіріп, киімдері тозса, казнадан киіндіріп, тамақтарына ақша беріп, Қазан қаласына оларды орналастыруға тиісті болған. Давашимен бетпе-бет сөйлескен кезде Давашиді Ресейдің қолдайтыны, сәті түскен жағдайда, оның жоңғар тағына отыруына көмектесетіні құпия түрде Давашиге жеткізілуі мемлекеттік деңгейде қарастырылынған. Сонымен қатар Неплюев пен Тевкелевке жоңғар нойондарының Орта жүз қазақтарының арасында олардың ықпалының өсуіне кедергі болатын шараларды жүргізу де міндеттелінген.

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 434-ші бет.

Өйткені Ресей үкіметі, егер Давациді жоңғар тағына қазақтар отырғызса, онда Давациді қазақтарды өзіне тартып, одақтасса, Ресейдің шығыстағы мүддесін қорғап қалу қиынға соғар деп болжамдаған. Давациді Батур-контайшының буынынан болғандықтан, оның таққа келуіне толық құқығы болған. Амур-сана сол кездегі ірі ойрат шонжарларының бірі, бес мың отбасыдан тұратын крепостнойлары болды.

Үкіметтің жарлығын орындау барысында Неплюев пен Тевкелев 1752 жылы қыркүйек айында қашқан Яковлев пен тілмәш Ерофеевті Орынбордан Абылайдың ордасына жібереді. Істі қалай жүргізу жөнінде Яковлев Неплюевтен нұсқау алады. Ресей елшілігінің Абылайға келуінің негізгі мақсаты Абылаймен сөйлесу емес, одан жасырын түрде нойондармен кездесіп, тілдесу, оларды Орынборға шақырып, Ресей жағына тарту еді. Осы ойды Абылайдан жасыру үшін Неплюев Яковлевке екі хат берген: бірі нойондарға арналса, екіншісі – Абылайға. Яковлев негізгі мәселеден Абылайдың көңілін аударып, алдау үшін, оны Неплюев Абылайға ресми түрде жібергенін айтқан. Абылайға жазылған хатында Неплюев Абылайдан керуендерді тонауды тоқтатуды сұраған. Оған сылтау ретінде 1752 жылы 6 мың рубльге бағаланатын қашқар керуенінің тоналғанын, екі адамы өліп, төртеуі жараланғанын Яковлев сөз қылған. Яковлев Абылайдың ордасына келгенде Абылайда, нойондарда жолға аттанып кетіпті. Яковлев Абылай солтанды қазан айның 13-і күні Тобыл өзенінің маңында, арақарағай тоғайында кездестіреді. Бұл кезде Абылай алға кеткен Давацидің ізімен Лама-Доржиге қарсы жорыққа дайындалып жатқан. 17-ші қазанда Абылай, жанына Яковлевті ертіп, Убаған өзеніне жетеді. Осы жерде Абылайды сарбаздары тосып тұрған. Осы кезде Букенбай батыр және батыр Жәнібек тарханның ұлы Дәуіт тархан Торғай өзенінде Абылай қолына қосылу жоспары бойынша жорыққа аттанғандарын Абылайға хабарлады. Нойондармен кездесе алмағандықтан Яковлевке жоңғарларға

байланысты Ресей саясатының кейбір шетін ашуға тура келді. Яковлев Абылайды бұл жорықтан айнытып тастауға тырысқан және оған бірнеше ұсыныстар жасаған: нойондарға тезірек шабарман жіберіп, оларды да шабуыл жасатқызбай, жорықтан қайтарып, Орта жүзге шақырайық деген. Яковлев нойондарды, Абылайдың көмегімен, Орынборға жеткізбекші болған. Яковлев Абылайды орыстардың Давацидің сенімді қорғаны болатынына және Лама-Доржидің қазақ жеріне шабуылдары, Ресейдің арқасында тоқтайтынына сендірмекші болды. Ресей елшісінің ұсыныстары Абылайға ұнамады. Абылай Яковлевке өзінің алған бетінен қайтпайтынын ескертіп, оған жорық кезінде өзіменен бірге жүруді ұсынады немесе Орынборға оның қайтуын да айтады. Яковлев 27 қазанда Абылаймен қоштасып, 21-ші қарашада Орынборға оралады. Яковлев Құлеке, Күлсары старшындардың Тевкелевке жазған хаттарын алып барған. Бұл батырлар Тевкелевке жазған хатында оған: «нойондарды Орынборға жеткіземіз»¹ деп уәде беріпті.

Давац. Абылай мен Амурсананың және басқа да жоңғар феодалдарының қолдауымен Лама-Доржидің ордасына шабуыл жасап, оны өлтіреді. Мөлшермен. 1752 жылдың қараша айында жоңғар тағына Давац отырады (1752-1755 жж.).

Жоңғар тағы бойынша ойластырылған Ресей саясаты іске аспай қалады.

Бірнеше зайсангілер мен нойондар таққа келген Давацидің билігін мойындағысы келмей көтеріліс ашып, өз хандарын сайлай бастайды. Дэрбэт княздері Немаху-Жиргала мен Тогус-Кашкуды қолдап, хан көтереді. Давациге Галдан-Доржиде қарсы шықты. Осындай қиын-қыстау кезінде Давациге Амурсана, Абылай және көптеген қазақ басшылары, солтандары мен батырлары, бірнеше мыңдаған қазақ жауынгерлері Давациге көмектесіп, көтеріліс ашқан топты талқандап, олардың бас-

¹ Добромислов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Оренбург, 1900. – 112-ші бет.

шыларын өлтіреді, олардың ішінде Немаху-Жиргала, Галдан-Доржи мен Тоғус-Кашкуда бар. Қазақ бағырлары Абылайдың басқаруымен Давацидің жауларымен күресін көпке дейін тоқтатпаған. 1753 жылы 26 желтоқсанда прапорщик Веревкин Даваци мен Шара-Манжидің ұлы арасындағы соғысты басшыларына баяндағанда Давациге қазақтардың «болысып, көптеген қалмақ ұлыстарын талқандап, көп тұтқын әкелгенін... Абылай-сұлттан өз ұлыстарымен сол көмекке барды»¹ деген. Веревкин 1754 жылдың 4-ші қаңтарында командованиесіне берген жаңа хабарында: «1753 жылдың желтоқсанында қазақ ұлыстарының 5000 адамнан тұратын әскері Дебачиге көмектесуге, дербеттерді талқандауға аттанды.... Урунхайлықтар Дебачи жағында, олар бұрыннан қырғыз-қайсақ әскерімен бірге болғанын»² жеткізген. Амурсана мен қазақ ордасының қолдауының арқасында 1753 жылдың соңы – 1754 жылдың басында Даваци Жоңғар хандығының дара басшысы болды.

1754 жылдың жазында бұрын көп қиыншылықтарды бірігіп жеңе білген екі дос – Амурсана мен Даваци араздасып, біріне-бірі жау болады. Екі арада ұрыс-керіс басталады. Амурсана Давациге қарсы шығады. Даваци ханмен Амурсана нойонның арасындағы жанжалдың себебі бүгінге дейін тарих ғылымында белгісіз. Анығырағы, Амурсана Давациді сарай төңкерісінде таққа отырғызып, оның жауларымен күрескенде ол да өз ықпалын жоңғар хандығында кеңейтуге тырысқан шығар. Мүмкін, Даваци Амурсанаға берген уәделерін, хан болып, таққа отырғанда, орындамаған болар. И.Я. Златкин Ноугама және Габан-гелун зайсангілердің сөздерін келтірген: «Даваци оған көрсеткен көмегі үшін Амурсанаға Гурбан-Модон жеріндегі ұлыстарды сыйға тартуға уәделенген»³. Ойрат ханының ордасында қызметте болған қарапайым адам Бирер Тайшиге бояр

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 437-ші бет.

² Златкин И.Я. Көрсетілген шығарма. – 438-ші бет.

³ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – М., 1964. – 437-шы бет.

ұлы И. Максуюковқа төмендегідей мәліметті айтқан: «Табачи-хан (Давақи хан – И.С.) өзінің немере жиені Абарзынаханға (Амурсана – И.С.) бір жерде екі әмірші тұрмайды деген. Осы негіздемеге байланысты Амурсана Кан, Қаракөл, Телес және Таутелецкі волостыларын адамдарымен оған иелікке бөліп беруді талап етті. Бірақ Давақи одан бас тартты. Сонда Амурсана әр жерлерден 6 мың адамнан тұратын әскер жинап, 1754 жылдың жазында Давақиге қарсы жанжалға барды. Соғыс Ертістің жоғарғы ағысында болды. Давақидің әскері көп болып, Амурсана жеңілді»¹. Бүлікшіл Амурсана-ның көптеген ер адамдары өлтіріліп, әйелдер тұтқынға алынды. Амурсананың әйелдерін, балаларын қолға түсіріп, малдарын тартып алады. Ол 300 адамымен Телес көлі арқылы монғол жеріне қашып барады. Давақи мен Амурсана арасындағы соғыс бірнеше дүркін болған көрінеді. 1754 жылы Давақи мен Амурсананың арасындағы шайқас Ертіс өзенінің жоғарғы ағысы мен Кобдо өзенінің аралығында да болған.

Амурсана жеңіліп, Қытайдың бодандығындағы Халқаға (Монголия) кеткенде Давақи 1754 жылы тамызда Пекинге елшілерін жіберіп, екі арада бейбіт саясат жүргізіп, достасайық деген ынтасын білдіреді. Қытай императоры Хун Ли Давақидің ұсынысын қабылдамай, Жоңғар мемлекетін жоюды мақсат етіп, шекараға әскерін шоғырландырады. Жоңғариядағы таққа талас соғыс кезінде көптеген ойрат княздері, шонжарлары Қытай иелігіндегі жерлерге қоныс аударып, Қытай императорының бодандығын қабылдаған болатын. Жоңғар хандығының әлсірегенін Хун Ли жақсы білді. Давақи 1755 жылы Хун Лиге ұлын жіберіп, Жоңғар хандығының әскер туын сыйлады; егер император кел десе Пекинге де барайын, арада бейбітшілік орнаса деп ұсыныс жасады. Давақи Қытайға бодан болуға келісетінінің белгісі ретінде императорға өзінің Қызыл туын жіберді. Бірақ Хун Ли Амурсананы пайдаланып жоңғарияны

¹ Златкин И.Я. Корсетілген шығарма. – 439-шы бет.

талқандауды жоспарлады.

Давақи мен Абылайдың қарым-қатынасы жақсы болды. Амурсана мен Давақи арасында тартыс басталған кезде Амурсана өз күшімен Давақиді жеңе алмайтын болғандықтан Абылайдан көмек сұрайды. Абылай одан көмегін аямаған. Амурсана Абылайға Бальжир деген інісін жіберіп, Абылайдан 4 мың жылқы, түйе, 10 мың қой сұрағанда Абылай оның бәрін береді. Амурсана Абылайға қару-жарақ беріп, Давақидің ұлысындағы қазақ тұтқындарын қайтарады. Давақи әскерімен Амурсанаға қарсы Боротола өзеніне келе жатқанда Амурсана Орта жүздің әмірі Абылайға Давақидің резиденциясына шабуыл жасауды өтінеді. Абылай бұл өтінішін де орындаған. Амурсананың жеңілгеніне қарамастан Абылай 1754 жылы бірнеше рет Жоңғар хандығына шабуылын тоқтатпаған.

Амурсана Монғолия жеріндегі Қытай өкіметінің лауазымды өкілдеріне келіп, Цин династиясына қызмет еткісі келетін тілегін білдіреді. Оны Пекинге жібереді. Император сарайы Амурсананы қуана қарсы алады. Император Хун Ли Амурсанаға бірінші дәрежелі князь деген атақ беріп, Жоңғар тағын алуға көмектесетінін айтады. Шып мәнісінде Хун Ли Амурсананы Жоңғар мемлекетін жоюдың құралы ретінде пайдаланды. Цин империясы жоңғар жеріне шабуылға 200 мың адамнан тұратын, жақсы қаруланған армия дайындады, ол екі бөліктен тұрды. Солтүстік жасақтың алдыңғы авангардын Амурсана басқарды. Давақидің әскері отыз мыңдай ғана болған. 1755 жылы көктемде қытай жасақтары жоңғар хандығының жеріне баса-көктеп еніп, Іле өзенінен өтеді, ешқандай қарсылық көрмей. Жоңғарлар Амурсана монғол жасақтарының қолбасшысы деген хабарды алысымен Давақиді тастап, монғол әскерінің қатарына қосылады. 14 мамырда Амурсананың жасағы Текес өзенінің алқабында Давақидің азғантай жасағымен кездеседі. Давақи Амурсанаға қарсылық көрсетпей, әйелін, балаларын тастап Қашғарға қашады. 8-ші шілдеде Куча қаласының бас-

шылары Давациді қолға түсіріп, Амурсанаға ұстап береді. Оны Пекинге жібереді.

Жоңғарлар орасан көп маньчжур-қытай-монғол армиясына қарсылық көрсеткен жоқ. Ойрат шонжарлары мен княздері Қытайға беріліп, оның бодандығын қабылдады. 1755 жылы жаздыңаяғында Қытай жоңғарияны толығымен басып алды. Цин өкіметі монғол жеріндегі Қытайдың әкімшілік жүйесін жоңғар жеріне де енгізді. Жоңғар хандығының қираған қалдығының орнында бір-біріне бағынбайтын 4 дербес княздіктер құрылды: Хойт, Дербет, Хошоут және Чорос. Олардың басшылары тікелей Пекинге бағынды. Қытай мемлекеті жоңғар жерінен, қажетсіз болған, көп әскерін тездете шығарып, оларды үйлеріне қайтарып, жеңісті тойлауға кірісті. Цин династиясы Қытайды 1644-1911 жылдар арасында басқарды.

Бұрынғы жоңғар хандығы территориялық-әкімшілік деңгейде бөлшектерге бөлініп, Қытай империясының облыстарына айналғанын көргеннен кейін Амурсана өзінің Циндердің көмегімен бүкілойраттық қонтайшы болам-ау деген көптен күткен үмітінің жалған, ал Хун Лидің оны жоңғар тағына келуіне көмектесемін деген уәдесі тек алдау екенін сезінді. Қытай мемлекеті жоңғарияны бөлшектеп жатқанда Амурсана Монғолияда болатын. Ол бұл жерге Халха жеріндегі Қытай өкіметінің өкілдеріне қолға түскен Давациді тапсыруға келген еді. Амурсана 1755 жылы қыркүйекте Цин империясына қарсы шығып, қарулы күрес жүргізді. Амурсананың көтерілісін халхастың кейбір әскер басшылары Делег-ван, Ванжил-ван қолдады. Олар Цецен-ханның аймағынан еді. А.И. Добромысловтың жазуынша, Амурсана Жоңғарияға келгеннен кейін, Қытай әскерінің қолбасшысын алдап, тез арада жоңғарларды Қытай бодандығына көндіру үшін оған Қытай жасақтарының қажеттілігін айтады. Сондай сылтаумен «5000 адамнан тұратын жасақты сұрап алып, оны түгелдей қырып

тастаған»¹.

Амурсана монғол жерінен Жоңғарияға кеткенде шекарада тұрған маньчжур әскерін талқандап өткен. Қытай қашқан Амурсананы қолға түсіру үшін оның соңынан үлкен жасақ жібереді. Қуғыншылар оны ұстай алмайды. Амурсана алғашында Тарбағатайға, одан, хандық жойылғанға дейін ойрат хандарының ордасы тұрған Іле өзеніне келіп, әскер жинайды.

1755 жылдың аяғында 1756 жылдың басында жақтастары Амурсананы (1755/1756-1758) хан көтереді. Амурсана Жоңғарлардың соңғы ханы және монғол-жоңғар халқының азаттық күресінің көсемі. Қытай императоры үйлеріне қайтарылған сарбаздарын тез арада әскер қатарына қайта шақырып 400 мың адамнан тұратын армияны Жоңғария жеріне, Амурсанаға қарсы аттандырады. Самсыған Қытай жасақтары ойраттарға ойран салып, көптеген адамын қырады, Жоңғар жеріне жіберілген жазалаушы әскер қолбасшылары маньчжур генералдарынан тағайындалды. Амурсанаға көмектескен, немесе оған кедергі жасамаған монғол княздері, хан тұқымдары Пекинге шықырылып, өлтіріледі. Көп ұзамай, 1756 жылы Амурсананың төңірегінде іріткі басталып, бір топ княздер одан бөлініп кетеді. Тақты ұстап тұру Амурсанаға қиын болды. Осындай жағдайда Амурсана Абылайдан көмек сұрайды. Абылай осы жолы да Амурсанаға көмектесіп «10 мың әскерімен Жоңғарияға келген»² көрінеді. 1756 жылғы жаздың алғашқы айларының басында Қытайдың қалың әскерінің жақындағанын біліп Амурсана Орта жүзге қашып барып Абылай солтанды паналайды. Қытай мемлекеті 1756 жылдың қаңтарынан бастап қазақтарды Амурсанаға қарсы қоюға елшілері арқылы әрекет жасауға кіріскен. Амурсананы іздеген қытай жасақтары Ресейдің шекарасынан да өтіп кеткен. 1756 жылы шілде айын-

¹ Добромыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Оренбург, 1900. – 112-113 беттер.

² Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – Москва: Издательство «Наука». – 1964. – 449-шы бет.

да Цин империясының екі мың жасағы Амурсананы іздеп 1727 жылы салынған Колывань заводына келіпті.

Ресей мемлекеті Амурсананың Қытайдан жеңіліп, тағы да Абылайға қашып барғаны жөнінде хабар алғаннан кейін И.И. Неплюев пен А.И. Тевкелев 1756 жылы 1-ші шілдеде Амурсанаға орыс өкіметі атынан хат дайындап, оны орта жүзде жүрген Амурсанаға құпия түрде беруді башқырдың старшыны Абдулла Каскиновқа тапсырды. Хатта Амурсананы Орынборға шақырып, Ресейде оның өмірі қауіп-қатерсіз, тыныштықта болатынын жазған. Абдулла Амурсанаға ауызша да айтуға тиісті болған. И.И. Неплюев Абылайды алдау үшін ол Абдулланы солтанға ресми түрде, әдейі жіберіп отырғанын айта келе, қазақ көпестері Орскіге орыс көпестері оларды өз тауарларымен күтсе де, не себеппен келмей жатқанын білгісі келгенін айтқан. Абдулла Каскинов Орынбордан тамыздың 1-де шығып, Абылайдың ордасына осы айдың аяғында жеткен. Абылай бұл кезде Қытай әскеріне қарсы жорықта болатын. Амурсанаға сенімі жоғалғаннан кейін Абылай оны, жанындағы қалмақтарымен, Қытай өкіметіне де бермей, өз бақылауында ұстаған. Қазақ сарбаздары жақсы қаруланған, самсыған көп қытай әскерінен жеңіліп, шегінеді. Осы жорықта жараланған Абылай солтан қазан айының ортасында өз резиденциясына оралады. Амурсана қашып кетпеу үшін Абылай оны отыз адам күзетшісі бар бір киіз үйге орналастырған. Абдулла Каскинов Амурсанаға тікелей жолыға алмайтын болғандықтан оның сенімді адамдары арқылы Амурсанаға қатты берген. Амурсана жолдастары арқылы орыс елшісіне оны 230 ойраттарымен Абылай тұтқын ретінде ұстап отырғанын, Маньчжур әскеріне қарсы жорықтарға аттанған қазақ жасақтарын соғыс кезінде сүйемелдеуге еріксіз мәжбүр ететінін, ал оның қолайлы жағдай бола қалғанда Абылайдан қашып кеткісі келетінін білдіріп, осы жағдайды орыстың шекара басшыларына жеткізуді сұраған. Ордада бір түнен, келесі күні Абылай бастаған қазақ сарбаздары

Қытай әскеріне қарсы жорыққа аттанған. Абылай солтан Амурсананы және оның адамдарын осы жорыққа да алып шыққан. Жоғарыда келтірілген мәліметті А. Каскинов қазанның 31-де Орынборға қайтып келгеннен соң И. Неплюевпен А. Тевкелевке жазбаша түрде баяндаған.

1756 жылы 25-ші қазанда коптеген маньчжур жасақтары Өскемен бекінісіне келіп, бекініс жанындағы, бұрын ойрат хандарының боданында болған, урунхайлықтарды өздерімен бірге алып кетуге тырысқан. Қытай әскері, Амурсана Абылай солтанның қонысында тығылып жүр деген хабарды алысымен, 1756 жылдың тамызында Орта жүзге баса көктеп кіреді. Осыған байланысты Абылай сарбаздары жерін, елін қорғай отырып, Цин әскеріне қарсылық көрсетіп, олармен шайқасқа кіріскен, бірақ Абылай және қазақтар Амурсананы Қытай мемлекетіне ұстап бермеген.

Амурсана бес ай бойы Абылайдың қол астында болып, 1756 жылдың күзінде Жоңғарияға жеткен. 1756/57 жылдың қысында Тарбағатай тауларында бекініп, Қытайға қарсы қол жинай бастайды. 1756 жылдың жазында Цин империясының қағал, колониалдық саясатына қарсы Халха жерінде көтеріліс басталған еді. Көтерілістің басшысы монғолдың ірі шонжары Ценгуньжаб болды. Амурсана Ценгуньжабпен байланыс жасап, осы көтеріліске үлкен сенім артты. Амурсана, сонымен қатар, маньчжурлармен күресте Ресейдің қарулы күшін қолдануға да тырысты. 1757 жылдың қаңтарында қонтайшы орыстың патша-ханымы Елизавета Петровнаға (1741-1761 жж.) хат жолдап, елшісі Дава зайсанғиі Петербургке жіберді. Осы жолдың маусым-шілде айларында Петербургте орыс-жоңғар келіссөздері басталды. Келіссөз барысында Дава Ресей өкіметінен, Амурсананың атынан, барлық ойраттарды, барлық ойрат ұлыстарын, оның билік жүргізуіне жинап беруді, Ертіс пен Зайсан көлінің аралығында Амурсанаға бекініс салып, оны және ойраттарды орыс армиясының күшімен Цин

әскерінен қорғауды өтіне сұрайды. Осындай әскери көмек болғанда Жоңғария Ресейдің бодандығын қабылдайтынын білдірген. Ресей Даваға берген жауабында Амурсананың Ресей бодандығын қабылдауға байланысты қойған шарты Ресей мемлекетінің сыртқы саясатына сай келмейтіні, ол Қытай мен Ресей мемлекеттері арасында араздық туғызып, қарым-қатынастың шиеленісуіне әкелетіні, сондықтан Ресей үкіметі Амурсананың ұсынысын қабылдамайтынын, өйткені Ресей ешкіммен соғысқысы келмейтінін ескерткен. Егер Амурсана, делінген жауапта, өзінің азғантай, шағын нөкерлері мен Ресей жеріне өтіп келсе, онда Ресей Амурсананы, оның адамдарын қамқорлығына алып, азық-түлік, киіммен қамтамасыз ететінін, олардың өмірлеріне ешқандай қауіп-қатер төнбейтінін айтқан. Елші 1757 жылдың 27-ші қыркүйегінде патша үкіметінің Амурсанаға жолдаған жазбаша жауабын, оған берілген сыйлықтарын алып еліне қайтады. 1757 жылдың көктемінде Амурсана өзін қолдайтындардың әскерін жасағына қосып, Ценьгуньжаб басқарған монғол жеріндегі көтерілісшілерге қосылу мақсатымен шығысқа, Халхас-ойрат шекарасына қарай аттанды. Бұл кезде көтерілісшілер жазаға тартылып, оның көсемі Қытай өкіметінің қолына түскен еді. 1757 жылы 17 қаңтарда Ценьгуньжаб қолға түсіп, Пекинге жеткізілді. Ценьгуньжабтың тығылып жүрген ұлдары да ұсталып, барлығы қаңтар айында Пекинде өлтірілді. Алғашында Амурсана Ценьгуньжабтың өлгенін білмеген. Шекараға келгенде көтерілісшілердің көсемі қайғылы қазаға ұшырағанын біліп, Амурсана Баркульде тұрған Цин әскерінің гарнизонына шабуыл жасап, оны жойып жібереді. 1757 жылдың көктемі мен жазында Тарбағатай таулары, Іле өзені алқабында, көп жерді алып жатқан соғыс алаңында Амурсана қолбасшылық еткен 10 мың ойрат әскері, майданда әртүрлі әдіс қолданып, күрделі операциялар жасап, сан жағынан бірнеше есе басым, жақсы қаруланған Цин армиясымен батыл шайқасып, батырлықпен соғысты.

Күш тең болмады. Қытай әскері шабуылын жалғастырып, Амурсананың жасағын жеңді. Тұтқындалған жоңғарларды жазалаушы жасақтар «аяусыз қырып-жойды»¹. Қытайға қарсылық көрсеткен ойраттарды жоюға, Амурсананы ұстауға жіберілген Қытай әскері Боротола өзенінің аңғарында бірнеше жоңғар ұлыстарын талқандады, бірақ Амурсананы қолға түсіре алмады, ол қашып кетті. Бұрынырақ Қытай сарбаздары Амурсананы қазақ жерінен, Абылай ордасынан іздеуші еді. 1757 жылы Абылайға Қытай елшісі келіп Амурсананы ұстап беруді сұраған кезде қазақ пен Қытай келісімге келді. Сондықтан да Қытай мемлекеті Амурсананың паналайтын жері Ресей болар деп болжамдады. Қытай өкіметі 14 маусымда 1757 жылы Петербургке хат жолдады. Пекин бұл хатта Қытай жауынгерлері Амурсананың обозын қолға түсіргенде орыстың шекара командирлерінің Амурсанаға жазған төрт хатын тапқанын, командирлер Амурсананы Ресей бодандығын қабылдауға шақырғанын мәлімдеген. Қытай Ресейді ойрат «бүлікшілерін» қолдаушы ретінде кінәлап, Ресей өкіметінен Амурсананы және оның сыбайластарын ұстап беруді талап еткен 22-ші шілдеде Қытайдың әскер басшыларының өкілдері Семипалатинск ауданына келіп, Амурсана жөнінде сұраған. Алыс емес жерде императордың балдызы басқарған қытайдың 50 мың әскерінің тұрғанын айтқан.

Қазақтар жоңғарларға қарсы шабуылын тоқтатпай Жетісу мен шығыстағы жерлерін жаудан босатып, өз мекендерін қоныстанып, жерін кеңейтті. А.И. Левшиннің жазғанындай: «Қытайдың богдоханы Жоңғардың құлазып бос қалған даласын қазақтардың қоныстануына кедергі жасамады, қайта оларды сол жерлерге тартты, ал олардың шапқынынан қорғану мақсатымен бұрынғы өзінің иелігіндегі жер мен олардың жері арасындағы шекараны әскер күшімен қорғауды күшейтіп, оны

¹ Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). – Москва: Издательство «Наука». – 1964. – 458-ші бет.

«Жаңа линия» деп атады. Сонымен қазақтың Ұлы жүзі Қытай империясының шекарасына жақындап, зюнгарлардың кейбір қалдықтарымен қосылып кетті»¹.

Абылай Қытай мемлекетімен келісімде болды. Амурсана Ресей шекарасына кетіп бара жатқанда жоңғарлар күтпеген жерде Абылай жасақтарының шабуылына тап болады. Амурсананың адамдарының көпшілігі қырылып-жойылды, қалғандарын қазақтар тұтқынға алды, Амурсананың өзі сегіз адамымен Ертіс бойына қашып, 28-ші шілдеде 1757 жылы Семейге жетеді. Екі күннен кейін оны Ямышеваға жеткізді. Осы бекіністе Амурсананың шешек ауыруына шалдыққаны анықталып, оған дәрігерлік көмек көрсетіледі. Амурсананы 31-ші шілдеде Тобольскіге жібереді, ол Тобольскіге тамыздың 20-нда келген. Амурсана Ресейдің билеп-төстеушілерінен әртүрлі жолменен орыс шекарасына келе жатқан оның ойраттарын өзіне жіберуді сұрады. Амурсананы Тобольскінің төңірегіне орналастырады, ол осы жерде Петербургке жіберген елшісі Даваны тосуы керек еді. Бірақ, 15-ші қыркүйекте Амурсананың ауыруы асқынып, алты күннен кейін, 21-ші қыркүйекте ол өлді.

Цин армиясының қолбасшылары Амурсананы іздеуін үздіксіз жүргізді. Амурсана Ертістің суына тұншығып өліпті-мыс деген жалған хабар алысымен, Қытай әскерінің командирлері Амурсананың сүйегін табу үшін арнайы жасақ құрып, салменен Ертісті құлдай, оның түбінен де Амурсананы іздеген. Амурсананы орыс өкіметі қолға түсіріп ұстады, бірақ ол қамауда болғанда шешектен өлгені жөнінде ресми хабарды Пекин үкіметі алғаннан соң оның өлігін Қытайға беруді талап етті. Патша үкіметі Пекиннің бұл талабын қабылдамады. Патша үкіметі 1-ші қарашада қабылдаған шешімі негізінде Сібір губернаторы Амурсананың өлігін шығыстағы Ресей-Қытай шекарасына, Кяхтаға жеткізіп, осы шекараға Қытай мемлекетінің

¹ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 174-ші бет.

өкілдерін шақырып, Амурсананың өлігін Қытай өкілдеріне көрсетуге тиісті болды. 1758 жылы наурыздың 12-де Қытай мемлекетінің өкілдері Амурсананың өлгенін анық білу үшін Кяхтаға келеді. Поштамен жеткізілген өлік «Қытайға берілді», – деп жазған ғалым Н.Я. Бичурин¹.

Қытай әскерінен, қазақ жасақтарының шабуылынан қашқан ойраттар, Ресей мемлекетінің рұқсатымен, шекарадан өтіп, оның бодандығын қабылдайды. Омск облысының мемлекеттік архивінде Ресей бодандығын қабылдап, салықты төлеуге әзір екендерін білдірген қалмақ нойондарының хаттары бар. 1756 жылы жоңғардың 15 зайсангісі 500 адамымен Ресей бодандығын қабылдағысы келетінін, үш жылдық салықты алдын ала төлеуге олардың дайын екенін білдіріп, Ресейдің патша-ханумы Елизаветаның атына хат жолдаған². Елизавета Петровна зайсангілерді орыс бодандығына алу туралы 1756 жылы 27-ші қаңтарда жарлық шығарған. 366-шы қордың 46 ісінде қалмақтарды орыс бодандығына алу жөніндегі Ф.И. Саймоновтың 17-ші тамызда 1758 жылы жазылған баянаты (рапорты) берілген. Бұл баянатта нойон Шириннің (Шэрэн) Қытай әскерімен болған қақтығысы жазылған. Шэрэн Амурсананың сенімді нөкерлерінің бірі. Ол дәрбет, хойт, хошоут тайпаларының қалдықтарын жинап, 10 мың түтінмен Еділ қалмақтарына қосылады. Еділ қалмақтарына қосылған, Шэрэн басқарған жоңғарлар, бодандықты білмеген, соғыста шыныққан, жауынгерлер болатын. Жоңғар мемлекеті жойылғаннан соң 30-40 мың ойрат-жоңғарлар Ресейге қашып келген. Ресей мемлекеті көшіп келген қалмақ-жоңғарлардың православиялық бағыттағы христиандық дінін қабылдайтындарын Еділдегі Ставрополь жеріне жібереді, шоқынбайтындарын Астрахань даласындағы қалмақтарға қосқан.

¹ Бичурин Н.Я. (Иакинф) Собрание сведений по исторической географии восточной и средней Азии. Составители: Л.Н. Гумилев, М.Ф. Хван. Чувашское Государственное издательство. Чебоксары, 1960. – 543-ші бет.

² Государственный архив Омской области. Ф. 366, оп. 1, дело 38. – 1-6-ші беттер.

Амурсананы іздеген Қытай әскері Ресей шекарасына қауіп төндірді. 180 мың қытай армиясы шекараға жақын жерде тұрған еді. Қытай әскері Амурсананы және оның талқандалған жасақтарын іздеп, қазақ жеріне баса көктеп кіріп, үлкен қауіп төндірді. Ресей мемлекетінің шекарасы, бекіністері де оларға тосқауыл бола алмайтындай жағдай туды. 1758 жылы Қытай богдоханының екінші чиновнигі Абылай ордасына келіп, бүкіл Орта жүзге қытай бодандығын салтанатты түрде қабылдауды ұсынды. «Абылай мұндай талапты орындаудан бас тартты, өйткені ол Ресейге берген антын сыйлағандықтан емес,, өзінің екі жақты жағдайын тиімді деп есептеді. Біріншіден, осындай жағдай тәуелсіздікті сақтауға көбірек мүмкіншілік береді және екі мемлекеттің де сый-құрметінде болдырар деген. Ол (Абылай – И.С.) Ресейден де бас тартқысы келмеді, өйткені қырғыз-қазақтардың көпшілігі орыс шекарасына жақын жерде көшіп-қонып жүрді»¹.

Ресейге қауіптірек қазақ емес, әлдеқайда күші Қытай болды. 1758 жылы Сібірдегі Ресей жеріне Қытай әскерінің қауіп төнген кезде Ресей мемлекеті Орта және Кіші жүз хандарына елшілерін жіберіп, Қытай агрессиясына қарсы бірігіп тойтарыс беру жөнінде келіссөз бастады. 1758 жылдың 19 наурызында Ресейдің әйел патшасы Нұралы ханға арналған Грамотаға қол қойды. Грамота Нұралы ханды Ресейге көмектесуге шақырды, өйткені, делінген грамотада: «қытайлықтар тыныштықты бұзып, біздің сібірдегі шекарамызды шабуылдады»². А.И. Левшиннің айтуынша патшаның жарлығы Орынборға жеткеннен кейін Нұралы ханға жіберілмеген. Нұралы Ресей елшісін, оның сөзбен жеткізген ұсынысын, оған жіберілген сыйлықты қабылдап, Қытайға қарсы жорыққа дайындалатынын айтқан. Ресейдің Абылай солтанға жіберілген басқа чиновнигі де

¹ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 236-шы бет.

² Левшин А.И. Көрсетілген шығарма. Сол бет.

Абылайдың орыстар үшін қытайлықтармен соғысатынын Орынборға жеткізген. Абылай солтан өзінің айтқан уәдесін растау үшін екі елшісін Ресейге жіберген. Ресейдің патшанымы Абылайды қымбат қылышпен марапаттаған. Ресей мемлекеті қазақтарға қытайдың батысына шабуыл жасауды ұсынды. Қытай әскерінің Ресей шекарасынан әкетілуіне байланысты Қытай-Ресей соғысы болған жоқ.

Қытай оңтүстік батыс бағытта да жылжыды. 1758 жылы Қытай әскері Куча, Шаяр, Ақсу, Уш қалаларын, 1759 жылы Хотан, Қашқар мен Жаркентті алып, Шығыс Түркістан жерін Қытай империясына қосты. Урумчиде құрылған Дихуа облысы Ганьсу губерниясының құрамына енді. Іле жеріне инспектор тағайындалды. Түріктер тұрған жерлерді Қытай мемлекеті оның тәртібін ұстам еткен «мұрагер, княздер, чжасақтар мен бектердің басқаруына берді»¹.

1756, 1757 жылдары Қытай елшілерінің Абылай ордасына келіп келіссөз жүргізуі, қазақ елшілерінің император сарайында жоғарғы дәрежеде, сый-құрметпен қабылдануы, Абылай солтанның Цяньлунмен тіл табысуы, Қытай императорының оны князь, хан деп тануы, қазақтардың жоңғар қолында болған жерлерін соғысып жүріп қайтарып алуы қазақ елінің күшіне енгенінің белгісі еді. Ресей үкіметі қазақтардың Қытаймен шығыста да, оңтүстікте де шекаралас болып, олармен жақындауынан сескене бастады. 1754-1755 жылы қыста қазақтар «Ертіспен, біз жақта мал азығы тапшы деген сылтаумен орыс жағына өткен. Қырғыздарды қуып шығаруға жіберілген офицерлерге қарсылық көрсетіп, драгундарды ұрып соққан және адамдарыңды бекіністен шығармаймыз, шөпті өртейміз, Ертістен су бермейміз, - деп қорқытып, байбалам салған»². Кулеке батырдың ұлы, оның жолдастары орыс

¹ Бичурин Н.Я. (Иакинф) Собрание сведений по исторической географии восточной и средней Азии. Составители: Л.Н. Гумилев, М.Ф. Хван. Чувашское Государственное издательство. Чебоксары, 1960. – 544-ші бет.

² Добромыслов А.И. Тургайская область. – Оренбург, 1900. – 124-ші бет.

қазақтары және драгундармен соғысып, көпшілігінің басын жарып, жарақаттап, мертіктірген.

А.И. Левшиннің мәліметі бойынша: «Орта жүздің бір бөлігі 1758 жылы орыс шекарасын бұзып-жарып 220-дай адамды, қос салық төлеушілер атымен белгілі болған (орыстарға да жоңғарларға да төлеген) Кузнецк ведомствосының татарларын тұтқындаған. Орта жүздің басым бөлігі, орыс жеріне шабуыл жасамаса да, ығыстырылған зюнгарлардың жерін алып, Қытай иелігіне жақындады және Қытайға өте сенімді болған секілді. Нұралы мен Қырым ханының бірігуі жөніндегі таралған сөзден Орта жүздің әрекеті орыс үкіметіне әлдеқайда қауіптірек болған»¹.

Ресей мемлекеті Кіші жүз қазақтарының Еділ-Жайық арасындағы жерін қайтарып алу жолындағы ойын бөліп, оларды 1755 жылы мамырда басталған башқыр халқының азаттық көтерілісін басып-жаншуға пайдаланды; діндес, туысқан екі халықты бір-біріне айдап салып, бұрынғы Кириллов пен Тевкелевтің мемлекеттік деңгейде қабылданған нұсқауларын жалғастырды. Орынбор өлкесі халықтарының арасында арандатушылық саясаты іс жүзінде жүргізген чиновниктің бірі Орынбор генерал-губернаторы И.И. Неплюев болды. Неплюевтің саясатын А.И. Добромыслов анық жазды: «қырғызды (қазақты – И.С.) башқырлармен жанжалдастырды, сөйтіп, орыстарға бірігіп қарсы әрекет жасатқызбау мақсатымен оларды бір-бірінен ұзақ уақытқа айырды»². Осы жанжалдан көптеген башқыр мен қазақтар өлді. Башқырлардың көтерілісін мещерден шыққан молда Абдулла Алеев басқарды. Ол ақылды, сауатты, сөзге шешен, батыл адам болған. Башқыр халқының арасында ол Батыршы деген атпенен әйгілі еді. Орынбор өлкесінің мұсылмандары да Батыршыны білген. Ресей мемлекеті Батыршы басқарған ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл

¹ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 235-ші бет.

² Добромыслов А.И. Тургайская область. – Оренбург, 1900. – 117-ші бет.

Орынбор өлкесіндегі мұсылмандардан қолдау табарынан қорықты.

Шығыс Түркістан мұсылмандары Қытайға наразылық білдіре бастағанда Пекин сарайы Абууммамбет ханға қазақтардың «Іле өзені төңірегіне мекендеуіне келісетіні жөнінде грамотасын жіберген»¹.

Тарих ғылымдарының докторы профессор Н.В. Алексеевко (22/VI-1931 – 19/V-2009) Шығыс Қазақстан жеріндегі қазақ пен орыс халықтарының қарым-қатынасын зерттеген жұмысында қазақтардың қоныстары жөнінде А.К. Гейнстің айтқанына тоқталып, оның «Киргизские очерки» еңбегіне сілтеме жасаған. Қалмақтардың көпшілігі қырылғаннан соң, - деп жазыпты А.К. Гейнс, қазақтар: «Қытай үкіметінің рұқсатымен атойлап шығысқа ұмтылды, олар Оралдан Қара Ертіске дейінгі барлық даланы иемденді»². Штабс-капитан Александр Георгиевич Влангали «Геогностические поездки в восточную часть Киргизской степи, в 1849 и 1851 годах» атты еңбегінде 25 адамы бар экспедиция Нарын өзенінің Ертіске құйылысына жақын жерінде Ертістен өткенде, Нарын өзені бойында орыс қоныстарының болмағанын жазған³. Ғалым Герард Фридрих Миллер (1705-1783) Сенат пен Ғылым Академиясы ұйымдастырған Екінші Камчат экспедициясының құрамында 1733-1743 жылдары Сібірді зерттегенде Обь өзені мен Ертістің аралығынан қалмақтардың кеткенін, олардың орнында қазақтардың болғанын айтады. «Обь пен Ертістің арасынан қалмақтар кеткеннен бері осы арада әрлі-берлі өтіп жүріп тұрған қырғыз-қазақтар қорқыныш тудыруда. Мен Сібірде болғанда Ертістің батыс жағына өтуге ешкімнің батылы бар-

¹ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 242-ші бет.

² Алексеевко Н.В. Взаимосвязи казахского и русского населения в Восточном Казахстане (XVIII – первая половина XIX вв.). – Усть-Каменогорск: Издательство «Медиа-Альянс», 2003. – 7-ші бет.

³ Горный журнал, часть II, кн. 4. – С.-Петербург, 1853.

майтын, өйткені бұл жерді қырғыз-қазақтар бақылап, осы жерде үздіксіз жүріп тұрды»¹. XVIII ғасырдың ғалымы Николай Петрович Рычковтың (1746-1784) еңбегінде қазақ жері Алтай тауларынан Каспий теңізіне дейін, одан Жайық пен Ертіс алқабында орналасқан. «Алтай тауларының ішін мекендеген қырғыздар (қазақтар – И.С.) тәуелсіз»², яғни ешкімге бодан емес деген.

Жоғарыдағы келтірілген деректерге карамастан Қазақстан тарихында: «1752 жылдың маусымынан оңтүстік Алтайдың, Ертістің жоғарғы ағысындағы, Ульба, Бухтарма және Нарындағы жерлердің Ресейге ресми қосылғаны жарияланды»³, делінген. Отандас ғалымдарымыздың осындай «ғылыми тұжырымынан» кейін шет мемлекеттердегі В.А. Моисеев сияқты ғалымдардан не күтуге болады.

Қытайға қашқан Еділ-Жайық қалмақтары. Жоңғария талқандалынған кезде Ресейді паналап, Еділ қалмақтарына қосылған жоңғарлар, Ресей бодандығына шыдамай, Еділден қашып, бұрынғы жоңғар жеріне барып, дербес мемлекет құруды аңсайды. Олардың жоспары шөбі шүйгін, өзенді, сулы, ормантоғайлы, тау-тасты, үңгірлі, шатқалды табиғи бекініс болатын Алтайға, немесе Қытайдың батысында орналасқан бұрынғы торғауыттың мекеніне жету еді. Өз жерінен Еділ бойына келген торғауыттарды орыс мемлекеті 1636 жылы бодандығына қабылдаған. Шэрэн бастаған нойондар Дондук Дашаның ұлы, 1761 жылы Қалмақ хандығының орынбасарлығына тағайындалған Убашиді (1744-1775) және басқа да дэрбет, хоит, хошоут көсемдерін Еділден кетуге үгіттеді. Убаши, княздері, ламаларымен ақылдасып, Еділде мұз қатқанда Жайық бойынан кетуді жоспарлады. Убашидің қонысы Еділдің сол жағасында

¹ Миллер Г.Ф. История Сибири. – 2-е изд. – М., 1999. Т.І. – 518-ші бет.

² Рычков Н. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи 1771 году. СПб.: При Императорской Академии наук, 1772. – 33-ші бет.

³ История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Том 3. Издательство «Атамұра», 2000. – 257-ші бет.

болғанымен көптеген торғауыттар Еділдің оң жағын мекендеген. 1770 жылы қыста күн жылы болғандықтан Еділде мұз қатпады. Еділдің оң жағасындағы қалмақтарды тосуға уақыты болмай Убаши (Абуши) 1771 жылы қаңтардың 5-де жолға аттанады. Нұралыға келген Убаши ханның елшісінің айтуынша қоныстарынан кеткен қалмақтардың үй саны 30 мың, адам саны 120 мың, әскери адамдардың саны 30 000 болған. Олардың бір бөлігі Банбур мен Шириктің басқаруымен алғы сапта болса, қалғандары ханның басқаруымен орданың соңына орналасқан¹.

Еділден қашқан қалмақтар Жайыққа жақындағанда Орынбор губернаторы Нұралы ханға, қалмақтар қазақтарға қарсы аттанды, сондықтан оларды шабуылдап, түскен пайданы алыңдар, бірақ қалмақтарды Ресей жеріндегі қонысына қайтарыңдар деген. Сондай хабарландыруды Сібірдің шекара басшылары Орта жүзге, Абылай арқылы басқа да солтандарға жеткізген. 27 қаңтарда 1771 жылы Нұралы ханның атына жазылған, бүкіл қазақтарға арналған патша әйел Екатерина II-нің (1762-1797) грамотасы жарияланды. Грамота «қашқан тургуттарды тоқтатуды»² талап еткен. Қазақ хандары Нұралы, Батыр ханның ұлы Қайп хан, Абылай хан, солтандар Айшуақ, Эралы, Абулфсис, көптеген батырлар, олардың құрамында Көкжал Барақ батыр да бар, қалмақтарды қазақ жеріне тоқтатпай, Алтай жағына жібермей, қырғыздың жері арқылы Қытай шекарасынан өткеніне дейін қуды. Қырғыздар да қалмақтарды өз жеріне тоқтатқан жоқ. Қазақтар қалмақтарды Еділ-Жайыққа қайтаруға тырысқан жоқ. Өйткені ол жер қазақ пен ноғайдың ежелгі мекені болатын.

Орыстың жайық казактары қалмақтарды қуып жетіп, оларды қайтарудан бас тартқан. Орынбор казактарының жасақтары акпанның бірінші жартысында Нұралы ханға қосылғанымен

¹ Рычков Н. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи 1771 году. СПб.: При Императорской Академии наук, 1772. – 55-ші бет.

² Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 249-шы бет.

аттарына жем-шөп жетпей, Нұралының сарбаздарына ере алмай, кері қайтады. Генерал-майор, кавалер фон Траубенберг басқарған орыстың тұрақты әскері қалмақтарды қайтаруға Орск бекінісінен 12-ші сәуірде ғана шыққан. Осы әскердің қатарында капитан Николай Рычковта болып, күнделік жүргізген.

Генерал Траубенберг басқарған жазалаушы әскер Нұралы ханға қосылып, қалмақтарды Ырғызда кездестіруі керек еді. Қалмақтардың соңына түсіп келе жатқан Нұралы хан, орыс әскерінің жолын қысқартып, жүрісін тездету үшін Ор өзені бойындағы жолды тастап Ырғыз өзеніне тікелей, тура жүруді талап етті. Бірақ әскер Ырғызға кешігіп жеткенде қалмақтар Торғайға жеткен. Қуғыншылардың қысымынан құтылу мақсатымен қалмақтар Ор өзенінің жоғарғы ағысына жетпей, Мугоджар таулары арқылы, жүрістерін жылдамдатып, Ырғыз өзеніне туралап тартты. Қазақ пен қалмақ арасында шайқас басталып кеткен еді. Айшуак солтан қалмақтардың бір тобын Сағыз өзенінде кездестіріп, оларға соққы берсе, екінші бір бөлігімен Нұралы хан Ор өзені бойында шайқасты. Мугоджар тауларында, Ужим өзенінде болған шайқаста Нұралы хан қалмақтардың әскерін көптеген шығынға ұшыратты. Осы соғыста қалмақтар өздерінің көрнекті зайсангілерінен – Табуялу, Арселеннен айырылды, көп адамдары тұтқындалды¹.

Орыс жасақтары, олардың құрамында башқырлар да бар, Нұралы және Қайп хандардың әскеріне ілесіп, қалмақтардың соңына түсе, Ұлы Таудан ағатын Терісаққан өзеніне жетеді. Н. Рычков орыс жасақтарымен Ырғыз, Ұлқияпақ, Есіл, Қаратун өзендерін жағалай, Торғай даласына жетеді. Ұлы Тауға жеткенде орыстардың азығы азайып, аштық қаупі де төнеді. Солдаттар ауыруға шалынып ісе бастайды. Мінген аттары болдырып, бірнешесі өліп кеткен. Әскер басшысы Траубенберг «Есің барда еліңді тап» дегендей, қалмақты қуғанды қойып, тезірек

¹ Игибаев С.К. История Казахстана в источниках и материалах. – Астана, 2013. – 186-187-ші беттер.

Ресей шекарасына жетуді ойлап, шығыс бағытының орнына солтүстікке, Усть-Уй бекінісіне жол тартады. Орыс әскері Усть-Уй бекінісіне маусымның 12 немесе 13-де жетеді. Ешкіммен соғыспаған Траубенбергтің әскерінің екі айдағы шығыны 40 адамға жеткен.

Абылай сарбаздары қалмақтарды қазақтың шығысына, Алтай жеріне жібермей, жолдарын бөгеп, оларға ойсыраты соққы берген. Абылай, кейбір жерлерде, қалмақтарды Абулфейз жасақтарымен бірігіп шабуылдады. Қалмақтармен шайқаста Ералы да көптеген ерлік көрсетті.

Көкжал Барак батыр да қашқан қалмақтарды қырғыздың таулы жерінде де қуған. Күн ыстық болғандықтан сауытын ағытып келе жатқанда Баракты жасырынып тұрған қалмақ мылтықпен атады.

Қазақтың қару-жарағында да, құрғақ кезде дәл тиетін, білтелі мылтық болған.

Қырғыздар да қашқан қалмақтарға шабуыл жасап, олардың мал-мүлкін тартып алып, адамдарын тұтқындаған. Ауған қалмақтардың жартысынан азы ғана Жаңа линия деп аталатын Қытай шекарасынан өткен.

Қазақ пен ноғайдың ескі мекені – Жайық бойы 1771 жылы жаудан азат етілді.

II тарау.

КӨКЖАЛ БАРАҚ БАТЫРДЫҢ ТЕГІ

Көкжал Барақ батырдың арғы тегі біздің эраға дейінгі көне заманда өмір сүріп, сол кезден біздің эраның V ғасыры аралығында Азия мен Шығыс Еуропа тарихында өшпес із қалдырған гун дәуіріне кетеді. Осы кезде қазақ халқының негізін құраған түрік тектес, түрік тілдес ірі тайпалардың көпшілігі Алтай жерін өздерінің ең алғашқы мекеніне айналдырды. Солардың ішінде қаңлы, алшын, найман, арғын, қыпшақ, керей т.б. бірлестіктер Огуз ханның (246-174 жж. Біздің эраға дейін) кезінде белгілі еді. VI ғасырда Түрік мемлекеті-қағанаты құрылған кезде Алтай жерін мекендеген тайпалар осы мемлекеттің құрылуының негізгі ұйтқысы болды. Алтайдың жерінде Ертіс, Шарыш, Қатун, Шуи өзендерінің алқабында, Телецк және басқа көлдердің жағаларында ежелден түріктер қоныстанды. Ғалым Н.А. Аристов түрік пен гундардың ұқсастығын анықтап, гундар түріктердің арғы тегі¹ деген көзқарасты айта келіп, түріктер Алтайдан «Монғолияға шықты, Алтайдың солтүстігіне, шығысына тарады, Енисейдің жоғарғы бассейніне, Саян қыратының екі жағына да қоныс аударып, ондағы самоедтерді, енисейліктерді біртіндеп түріктендіреді»² - деп 1897 жылы жазды. Содан соң қазіргі қазақтың кең даласын қоныс етті.

Монғолдардың мекені Онон, Толы, Керулен өзендерінің бойлары, оңтүстікке Гобидің құмды кең даласы. Шыңғыс ханның да туған жері Онон өзенінің бойы³.

XIII ғасырдың басындағы Шыңғысхан басқарған

¹ Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа. – Павлодар, 2005. – 7-ші бет.

² Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, сведения об их численности. – С.-Петербург, 1897. – 64-ші бет.

³ Фишер И.Е. Сибирская история. Книга первая. Спб., 1774. – 18-ші бет.

монғолдардың шапқыншылығы кезінде арғын, найман, керейлердің көпшілігі Алтайдан батысқа қарай ығыстырылынды. XVI ғасырдың соңында оңтүстік-шығыста Моголистан мемлекетін басқарған Шағатай династиясының, батыста ноғайлардың әлсіреген кезінде қазаққа «қалмақ» деген атпен белгілі болған монғол тектес ойраттардың батысқа, оңтүстік-батысқа шабуылының екінші толқыны басталды. Олар Қара Ертіс өңірін, Тарбағатай мен Алтай жеріне ентелеп кірді. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде ойраттардың батысқа қарай шабуылы күшейді. XVII ғасырда құрылған жоңғар хандығы халқымызға үлкен қауіп төндірді. Жоңғарлардың шабуылдары ойрат шапқыншылықтарының үшінші толқыны еді. Үш толқынды шабуылдар кезінде өз жерінде қалғандар ойраттардың үстемдігін мойындап, салығын төлеп, тілі мен дінінен айырылып, тайпаның аты сақталғанымен, монғолдандырылды. Соғыс толастаған кезінде өз жеріне қайта серпіліп, қайтқандар, жау жағынан қысым күшейсе, қазақтардың батысқа қарай қайтадан қоныс ауыстыруы да жиі болды.

Кейбір ғалымдар тайпалардың аттарын олардың алғашқы қоныстанған жерінің, өзен атауларымен байланыстырады. Мысалы, ғалым Н.А. Аристов керей тайпасының атын Саян қыратының солтүстік беткейінен басталатын Уда өзенінің бір айрығы «Кирей» деп аталғандықтан, осы өзеннің алқабын мекендеген халық та керей аталынды. Кейіннен олар оңтүстікке, Монғолияға қоныс теуіп, жергілікті рулардың басын қосып, олардың одағын басқарды, - деген пікірді айтқан¹. Н.А. Аристов «Найман» атауына тоқтала келіп, профессор И.Н. Березиннің: «найман деген сөз монғолша сегіз немесе сегіз тайпаның одағы» - деген пікірін қолдамайтынын білдіре отырып, наймандар көне заманнан бастап, монғол емес, түріктер, сондықтан бұл көп халқы бар түрік тілінде сөйлейтін тайпаның атау-

¹ Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, сведения об их численности. - С.-Петербург, 1897. -79-шы бет.

ын монғолдың сөзімен байланыстыру Орта Азия тарихының желісімен қиыспайтын, дәлелсіз екеніне тоқталған. Н.А. Аристовтың пікірінше: найман атауын Катуннің бір айрығы Найман өзенінің атауымен байланыстырсақ дұрыс болар; олар осы жерді ежелден қоныстанды. Кейіннен оңтүстікке, Батыс Монғолияға қонысын кеңейтті. Ұйғыр-Орхон хандығы құлағаннан кейін жергілікті теле, түрік-тукюлерді бағындырып, біріктіріп, найман тайпасын құрды¹, - деп жазған. Қаңлы тайпасы Шарыс өзенінің бір саласы Қан өзенінің бойын мекендеген. «Монғол емес, түрік руларының қосындысынан қалыптасқан конграттар»² ежелде Халқа өзенінің Буйюр көліне құйылатын өңірін мекендеген. Олар Эргэнехоннан ертерек жылжып Ұлы Қытай қабырғасына дейін жетті. Н.А. Аристов, ғалым А.И. Левшин жазған³ қоңрат тайпасының руларының аттарын зерттей келіп, қоңратты түрік тайпасына жатқызады.

Орта ғасырда өмір сүрген парсының көрнекті тарихшысы Рашид-ад-дин (1247-1318), дүние жүзіне әйгілі «Жылнамалар жинағы» атты шығарманың авторы, Шыңғыс ханның, монғолдардың тарихын терең зерттеген ғалым, жалайрды, керейді, найманды түріктер деп қарайды: «Шыңғыс хан (эртүрлі) түрік тайпаларын джалаир, кераит, найман секілді бағындырғаннан соң, өздерін мадақтау үшін оларда өздерін монғолдармыз дейді, ал ерте кезде монғол деген атты олар жолатпайтын»⁴.

Ғалым А.Ш. Қадырбаевтың зерттеуі бойынша, түрік тектес найманның тайпалас одағы Жоғарғы Ертіс пен Орхонның аралығында VIII-ші ғасырдың ортасында сегіз-өгіз (яғни «сегіз

¹ Аристов Н.А. Көрсетілген шығарма. – 87-ші бет.

² Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, сведения об их численности. – С.-Петербург, 1897. – 67, 96-шы беттер.

³ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 291-ші бет.

⁴ Рашид-ад-дин. Сборник летописей. – Т.1. – Книга первая. – М.-Л., 1952. – 102-ші бет.

тайпаның одағы») атымен құрылынды. Сегіз-өгіздер Ханғайдың батысынан Тарбағатайға дейін жерлерді мекендеді. Қытайдың «Ляо-ши» атты дерегінде, X-шы ғасырда, Орталық Азия далаларын, жалпылай айтқанда Цзу-бу деген атпен әйгілі болған жауынгер көшпелі тайпалар мекендеген. Олар Тарбағатайды да қоныстанды. Қытайды басқарған монғол тілдес кидандардың Ляо династиясының кезінде «Ляо-ши»-дің беттерінде сегіз-өгіздіктерді «Найман» деп атай бастаған. «Найманның» түрікше мағынасы «сегіз тайпаның одағы»¹. X-XII ғасырдың басында наймандар Шығыс Қазақстан мен Батыс Монғолия жерлерін мекендеген². Б.Я. Владимирцов наймандардың қоныстарын айта келе, олар Ханғай мен Алтай тауларының аралығын және Алтай тауларының сілемдерін, бауырларын, сай-салаларын мекендеді³, - деп жазған.

А.И. Левшиннің зерттеуі бойынша наймандар кең алқапты қоныстаған: Тарбағатай таулары, Ертістің жоғарғы ағысы және Қытайдың батыс шекарасымен шектескен жерлер, Ишим өзенінің жоғарғы ағысы, Торғай жері, Қара-өзек, Сыр, Куван, Лепсі, Көксу бойы, Ақ көл, Улут, Кіші таулар және тағы басқа жерлер⁴. А.И. Левшин, сонымен қатар, найманның құрамындағы руларға да тоқталған: «ақбұра, булатчи, карагирей, терстамгалы, дюртавул, кукджарлы, иргиняклы (ергенекті – И.С.), семіз бағаналы, садыр»⁵. Н.Н. Балкашин XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Акмола облысы, кейіннен Чугучак қаласында қазақтар және Ресейдің қол астындағы мұсылмандар жөнінде мәліметтерді жинауды жалғастыра отырып, 1887 жылы Петербург қаласындағы баспадан еңбегін шығарды. Осы шығармада

¹ Кадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйгуров, джалаиров, найманов и керситов. – Алматы, 1993. – 46-шы бет.

² Кадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйгуров, джалаиров, найманов и керситов. – Алматы, 1993. – 47-ші бет.

³ Владимирцов Б.Я. Чингис-хан. СПб., 1998. – 88-89 беттер.

⁴ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 294-ші бет.

⁵ Левшин А.И. Көрсетілген шығарма. – 290-шы бет.

найманның құрамындағы ірі рулардың аты келтірілінген, оларды текстегідей, қалай жазылынды, солай келтірейік: «сарыджумарт, көк-джарлы, бағаналы, балталы және бура, олар бұрын ергенекті атпенен біріккен; бес-теріс-тамғалы; дюртаул, арғынның дюртаулынан бөлек, қарагирей, оны кереймен қосуға болмайды, садыр, матай, мұрын, сиван (Жошы (Джучи)) ханның бесінші ұлы Шибан, Шайбан әулетіне бағынған наймандарды қазақтар сыбан-найман, - деген. – И.С.), семіз-найман, ақ-найман, қызай, байджигит және қожембет»¹. Г.Н. Потанин ергенекті найманның қоныстарын Қалба тауынан Бұқтырманьың ең жоғарғы жеріне орналастырып, ергенекті найманның руларын атаған: көкжарлы, өтей, жәрке, қаратай, қалабақ, юкучшар, - деп.

XIX ғасырда, Н.А. Аристовтың кезінде, садыр мен матайлар Жетісу облысының лепсі мен Копал уездерін мекендеген. Н.А. Аристов садырдың екі тармағын – «тугулбай мен есенгулды» атап, матайдың ішінен кенже-қаптағай мен аталық жөнінде жазған. Торғай облысын қоныстанған бағаналының құрамынан «ақ-таз және қызыл-тазды» атайды².

Ата тегі арғын, сүйіндік, қаржас тармағының өкілі Мұса Шорманов қазақ халқының қалыптасуы жөнінде айта келіп, Орта жүздің қазақ шежіресінің бір нұсқасын айтқан көрінеді. Бұл нұсқа бойынша біздің эраға дейінгі бірінші ғасырда өмір сүрген Қотанның (немесе Хотанның) үш ұлы болыпты. Олар: Ақжол, Алшын, Үйсін. Осылардың ұрпақтарының негізінде қазақтың үш ордасы қалыптасыпты – орта, кіші және үлкен; Ақжолдың сегіз ұлы болған: Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңрат, Керей, Уақ, Тараклы және Тюленгут³, - делінген. Әрине тюлен-

¹ Балкашин Н.Н. О киргизах и вообще о подвластных России мусульманах. – Спб., 1887. – 29-шы бет.

² Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, сведения об их численности. – С.-Петербург, 1897. – 87-ші бет.

³ Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, сведения об их численности. – С.-Петербург, 1897. – 97-ші бет.

гуттар Орта жүздің негізін қалаған жоқ. Олар, Орта жүздің әр жерінде шашыранды кездесетін. Соғыс кезінде қолға түскен тұтқындар, қазақтың хандары мен солтандарының құлдары, кейіннен қазақ халқының қатарына жатқызылынған. Олардың көпшілігі қазақтардың XVIII ғасырдың ортасында Алтай жерін босату кезіндегі шабуылында қолға түскен «теленгеттер»¹.

Орынбор қазақтарының шығыс бөлігін басқарған солтан Ахмет Джантюрин XIX ғасырдың ортасында Небольсинмен әңгімелескен кезде, орынбор қазақтарының құрамында орта жүз руларының да бар екенін айта келіп, Орта жүз қазақтары бір тектен шыққан алты тайпадан: арғын, қыпшақ, найман, кунграт, керей және уақтан тұратынын баяндаған².

Тарихи деректерде әр кезде құрылған найманның үш мемлекеті жөнінде мәліметтер кездеседі. Найманның мемлекеті Инанч-билгэ Буку хан басқарған кезде үлкен дәрежеге жетіпті. Рашид-ад-дин Бұқа ханды ұлы патша дей келіп, «инанч» сенімі жоғары, ал «билгэ» – жоғары атақ деген ұғым беретіні жөнінде жазған³. Инанч билге Бұқа хан өлгеннен кейін найман хандығының тағына Бұқа ханның үлкен ұлы Таян хан отырады. Таянның інісі Бұйрық ағасының хан тағына отырғанын мойындамай, одан бөлініп, жеке мемлекет құрады. Таян ханның шын аты Тай-Бұқа болған. Қытайдың мемлекет басшылары оны Тай-ван немесе «Ханның ұлы» деп атаған. Қытайдың «ван» деген сөзінің мағынасын ұқпағандықтан көпшілік оны «Таян» деген. Бұйрық ханның мекені Алтайдың батыс жағын, Ертіс бойын алып жатты.

Бұйрық пен Таянның араздасуы Найман хандығының әлсіреуіне әкелді. Оны жаулары пайдалана білді. «Монголь

¹ Аристов Н.А. Көрсетілген шығарма. Сол бет.

² Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, сведения об их численности. – С.-Петербург, 1897. – 97-ші бет.

³ Рашид-ад-дин. Сборник летописей. – Т.1. – Книга вторая. – М.-Л., 1952. – 112-ші бет.

Чингись-Хань»¹ Таян ханға шабуыл жасағанда, інісі Бұйрық хан өзінің жеке әскері болса да, Таянның хандығын, елін, жерін қорғауға болыспады. Инанч-билгэ Бұқа хан Бұйрықтың іші тар, көреалмайтын мінезін біліп былай деген екен: Егер Таян такка бір күн отырса, оны Бұйрық көре алмайды. Түйе, қасқыр жарты санын жеп қойғанша, орнынан тұрмайды. Бұйрықта Таянға қысымшылық түссе, оған көмекке бармайды. Әкелерінің айтқан сыны рас болып шықты.

Тэмуджин (Шыңғысхан) 1199 жылы, күтпеген жағдайда, Бұйрық хан Суджо деген өзеннің бойында аң аулап жүргенде, Бұйрықтың мекеніне Алтайдағы Қызыл-Баштан көп әскерімен шабуыл жасап, елін тонайды. Бұйрық хан Кэм-Кэмджиут деген Енисей қырғыздарының жеріне қашады. Ол кейіннен өз мекеніне қайта оралып, хандығын жалғастырады. Осы кезде (1199 жыл) Таян хан (Даян хан) Бұйрыққа болысу үшін өз сарбаздарын жібереді, бірақ ол да жеңіліс табады. Шыңғыс хан 1200 жылы меркіттердің әскерін жеңіп, 1202 жылы татар ұлысын талқандайды.

Күшейіп келе жатқан Тэмуджинді тоқтату үшін Таян хан қол жинап, онымен бірігіп, Тэмуджинге қарсы тұратын одақтас іздей бастайды. Таян хан, бұрын наймандармен жақсы қатынаста болған онгуттардың көсемі Алахуш-дигит Хуриге елшісін жіберіп, Тэмуджинге қарсы бірігіп шабуыл жасап, Шофанды (немесе Монғолияның солтүстік жағын) басып алу жөнінде ұсынысын айтады. Бірақ Алахуш бұл құпия сөзді Тэмуджинге жеткізіп, наймандарға қарсы бірігіп шабуылға шығатыны жөнінде келісімін білдіреді². Кейбір деректерде Таян ханның құпия сөзін Тэмуджинге жеткізген адам, Қытайға қызмет етіп, оның шекарасын күзетіп жүрген гундардың өкілі делінген. Таян ханның жоспарын білгеннен кейін, Тэмуд-

¹ Фишер И.Е. Сибирская история. Книга первая. СПб., 1774. – 17-ші бет.

² История Казахстана с древнейших времен до наших дней в четырех томах. – Т.І. – Алматы: «Атамұра», 1996. – 414-ші бет.

жин, уақытын жоғалтпай, 1204 жылдың жазында 45 мың атты әскерімен наймандарға қарсы шабуылға аттанады. Таян ханның әскерінің саны 50-55 мың болған. Тэмуджиннің сарбаздарының саны азырақ болғанымен, олар соғыста шыныққан, әскери тәртібі күшті болды. Тэмуджиннің әскерінің артықшылығын байқаған Таян хан, онымен соғыспай, тайқап, Алтайды асып кетпекші болады. Күшлік әкесі Таянға монғолдарға шабуыл жасауды ұсынады. Таян хан ұлының айтқанын тындап, Орхон өзенінен өтіп, Нагу тауының шығысына келіп, монғол жасақтарына қарама-қарсы жерде тоқтайды. Қан төгіс соғысты монғолдар бастаған. Олардың алдыңғы шебі наймандарды тау басына ығыстырып, сол күннің кешінде Тэмуджиннің он қанаты-барунгар мен сол қанаты-зюнгар бір-біріне қосылып, қарсыласқан жауын қоршауға алады. Осы шайқаста көптеген найманның сарбаздары қазаға ұшыраған, тұтқындалып, қолға түскен. Таян хан ауыр жарадан қайтыс болады. Түн қараңғысында наймандар қоршауды бұзғанымен, жартаста сүрініп, құлап өледі. Қоршаудан шыққан найман, меркіт пен керейлер Күшліктің басқаруымен шегініп, кетеді¹. Күшлік пен меркіттің ханы Тоқтабике Алтайдың батысын, Ертіс бойын мекендеген Бұйрық ханға қашып келіп, монғолдардың Бұйрыққа қарсы ұйымдастырған екінші жорығына дейін осы хандықты паналайды. 1206 жылы Шыңғыс хан (Тэмуджин) Ертіс бойын қоныстанған наймандарға шабуыл жасап, Бұйрық ханды Бұқтарма жерінде жеңіп, оны өлтіреді².

Хабул ханның немересі, Есугей нойонның ұлы Тэмуджиннің шығыстағы кіші-гірім тайпаларды бағындырып, найман мен керей мемлекеттерін жеңіп, халқын ыдыратқаннан кейін, абыройы өсіп, атағы көрші халықтарға белгілі бола бастады. 1206 жылдың жазғытұрымында Онон өзенінің жоғарғы ағысында өткен құрылтайда (съезде) Тэмуджин, Шыңғыс хан деген атпе-

¹ История Казахстана. – I том. – Алматы, 1996. – 415-ші бет.

² История Казахстана. – I том. – Алматы, 1996. – сол бет.

нен, бүкілмонғолдық хан ретінде сайланды.

Күшлік, Шыңғыс хан құрған монғол мемлекетінің құрамына кіре қоймаған өзінің ұлыс адамдарын, меркіттермен бірлесе, Шыңғыс ханға тойтарыс беруге әрекет жасайды. Бірақ 1208 жылы Ертіс бойында болған соғыста монғолдардан жеңіліп қалады. 1209 жылы оның ұйғыр жеріне өтпекші болғаны да нәтижесіз аяқталынды. Көптеген сәтсіздіктен кейін Күшлік Жетісуға кетеді, меркіттер Орталық Қазақстанға жетіп, қыпшақтарға қосылады.

Жетісу, Шығыс Түркістан және Мавранегир (Амударья мен Сырдарья өзендері арасындағы жер; негир – өзен – И.С.) немесе Батыс Түркістан, Самарқанды қоса, бұрын Каракан мемлекетінің иелігіне қарайтын жерлер, Қазақстанның оңтүстігін қоса, XII ғасырдың 20-шы жылдарының ортасы – 30-шы жылдарынан бастап қарақытайлықтардың үстемдігінде болған. Монғолдарда, Шыңғыс ханға дейін, қарақытайлықтарға салық төлеп тұрды. Шыңғыс хан салық төлеуден, бағынудан бас тартты. Монғол мемлекеті қарақытайлықтардың – монғол тектес кидандардың қарсыласына айналды.

Кидан мемлекеті және Күшлік хан

Чжурчжендер Қытай мен Монғолия жерінде үстемдік еткен қара кидандардың патшалығын талқандағаннан кейін кидандар, тегі патша династиясынан шыққан Елюй-Дашидың басқаруымен, батысқа қарай жер ауды. Ұйғырлардың көсемі Билекке, аз болса да жақсы қаруланған, Елюй-Даши басқарған қара қытайлықтардың жасақтарына қарсылық көрсетпей, оларды өз жерінен өткізіп, азық-түлік, көлікпен қамтамасыз етеді. Елюй-Даши, басшылар арасындағы алауыздықты пайдаланып, көпшілігі мұсылман дінін қабылдаған түріктердің иелігіндегі жерлерге баса көктеп кіреді. Түрік басшылары Елюй-Дашидың әскеріне тойтарыс беру мақсатымен 100 мың адамнан тұратын

күш жинап, Син-сы-хань қаласының түбінде шайқасады. Қара қытайлықтар (кидандар) қарсыластарының біріккен әскерін талқандап, мұсылмандардан көптеген сыйлық алып, салық жинап, Керманға жетеді. Осы жерде Елюй-Даши (1125-1136) 1125-ші жылы император болып жарияланады, қытайша хуанди, түрікше гур-хан лауазымымен аталынды. Керманда екі жыл болғаннан кейін Елюй-Даши шығысқа кері шегініп, өзіне астана салып, оны Хусы-Орда, - деп атайды. Мавераннагр жері кидандарға бағынған соң Елюй-Даши бұл жерлердегі қалаларға өзінің баскактарын тағайындаған. Баскактар ішкі саясатқа кіріспей, салық жинаумен шектелінген. Мавераннагрдің басқару жүйесі бұрынғыдай түрік династиясының қолында қалады. Самарқанд қаласы, Амудария өзенінің сол жағасы, Балхтың жері кидандардың үстемдігін мойындап, оларға салық төлеп тұрды. Хорезмнің патшасы да гур-ханның вассалына айналды.

Елюй-Даши өлгеннен кейін таққа оның жас баласы Елюй-Или отырғызылынды, жас гур-ханға шешесі қамқоршы болды. Ибн-ал-Асир (Ибн-эль-Эсир) таққа отырған гур-ханның есімін Мохаммед, – дейді. Елюй-Илидің Мохаммед аталуы мұсылмандардың қара-қытайлықтарға ықпалының күшті болғанын байқатады. Елюй-Илидің атымен мемлекетті басқарып, регент болған шешесі 8 жылдан кейін, 1144 жылы өмірден кетті. Елюй-Или (Мохаммед) 1154 жылға дейін қара-кидандардың императоры болды. Елюй-Или өлгеннен кейін оның екі жас ұлдары Бу-су-Хуань есімді қарындасының қамқорында болады. Қара-кидан мемлекетін Бу-су-Хуань өлтірілуіне (1167 ж.) дейін басқарды. Осы жылы патша тағына Елюй-Илидің екінші ұлы Елюй-Чжулуку (1167-1215) отырғызылынды. Қара-киданның императорын деректерде Чилуку, – деп те атайды.

Чилукудың императорлығы кезінде Қара-Қытай мемлекеті әлсірей бастады. Мавераннагрдың билеушілері өз

мемлекеттерінен кара-кидандарды біртіндеп ығыстыра бастады. Хорезмшах Ала-эдъ-Дин Такаш (Текеш) кара-кидандарға бодан болудан бас тартып, қарсылық көрсетіп, 1197 жылы Бухараны алды. 1208 жылы оның ұлы Ала-эдъ-Дин Мохаммед кара-кидандықтардан Самархантты босатты. Мавераннахрдың барлық дерлік қалалары Узгентке дейін Хорезмшахтың билігіне көшті.

Қарақытай мемлекетінің ханы – Гурхан, Шыңғыс ханмен жауласқан Күшлікті 1210 жылы жақсы қабылдайды. Күшлік Чилукудың қызына үйленді. Гурхан Күшлікке иелігінен жерде бөліп береді. Күшлік гурханның осал жерлерін көргеннен кейін, күш жинап, оған қарсы соғыс ашады. Күшліктің гурханды жеңіп, Түркістан жерінде 1211-1218 жылдар аралығында хан болғаны арабтың тарихшысы Ибн-ал-Асирдің (1160-1234 жж.) «Толық тарихы» деп аталатын еңбегінде жазылған. Күшлік пен гурханның арасында соғыс басталған кезде скеуі де Хорезмнің шахы, султан Мухамедтен әскери көмек сұрап, одақтас болуды өтінеді. Соғыс кезінде қарсыласқан екі жақтың әрқайсысы Мухамедті өзінің одақтасы деп санаған. Шын мәнісінде, 1211 жылғы Күшлік пен гурхан әскерінің шайқасының нәтижесі айқындалғанға дейін Хорезмнің билеушісі не қарақытайлықтарға, не Күшлікке көмек көрсетпеген. Тек гурхан жеңіліп, тұтқынға алынғаннан кейін ғана Хорезмшах қарақытайлықтарға шабуыл жасап, талқандап, көптеген гурханның сарбаздарын өзіне қосып алады. Осыдан кейін, хорезмшах Күшлікке оның көмектескенін, соның арқасында Күшліктің гурханды жеңгенін дәлелдемекші болып, «көрсеткен көмегі үшін» гурханның бұрынғы иеленген жерінің бір бөлігін Хорезмге беруді Күшліктен талап етеді. Күшлік хан Мухаммед шахтың бұл талабына үзілді-кесілді қарсы жауап қайтарады. Күшлік пен Хорезм шахтың арасы шиеленісе түседі. Ибн-ал-Асирдің айтуынша, Хорезмшах Күшліктің Мавераннахр жеріне шабуыл жасауынан қорыққандықтан, Ифиджаб (Сай-

рам), Шаш (Ташкент), Ферғана және Қасанның тұрғындарын оңтүстік-батысқа қоныс аударып, өзі жаз айларын 1214 жылға дейін Самарқандта өткізген. Халқы қоныс аударылған облыстарды, Күшлікке байлығы тимесін деп, Хорезмшах өз жерін өзі тонаған¹. В.В. Бартольд Ибн-ал-Асирдің жазғанымен келісе отырып, төмендегідей көзқарасты айтады: «Хорезмшах бұл облыстарды ойран салып, құлазытты, өйткені бұларды өз билігінде ұстап тұра алмады. Мұсылман патшаларының ішіндегі ең құдіреттісі мен көшпелілердің көсемі арасындағы күрес осылай аяқталды, ал оны (яғни Күшлік – И.С.) оп-оңай-ақ монғолдың қолбасшысы жойып, құртты»².

Күшлік хан, түріктің найман тайпасынан шыққан, Чилукудың күйеу баласы, алғашында Жабаған өзенінің алқабын мекендеді. 1211 немесе 1213 жылы гур-ханды Күшлік тұтқынға алғаннан кейін кидандардың үстемдігі жойылды. Тағынан айырылған Чилуку екі жылдан кейін өлді. Кидандардың бодандығында болған Алмалық, Қашқар және Хотан басшылары Күшліктің үстемдігін мойындағысы келмегендіктен оларды найман патшасы күшпен бағындырды.

В. Григорьевтің айтуынша: «Христиан дінінде тәрбиеленген, наймандар арасында қолдаушылық тапқан, кейіннен Күшлік, Чилукудың қызы, әйелінің әсерінен, будданы қабылдады. Өз иелігіндегі жерлердегі мұсылмандарды қудалады»³.

Күшліктің ескі жауы Шыңғыс хан, батыс жерлерінде де жаулап алу мақсатымен, Күшліктің ел басқаруда діни сенім жөніндегі жіберген үлкен кателіктерін пайдаланып, оған қарсы өзінің қолбасшысы, кейіннен әйгілі болған, Джебэ-Ноянды ат-

¹ Игибаев С.К. История Казахстана в источниках и материалах. Учебное пособие. – Издательство «Фоллиант», 2013. – 34-35 беттер.

² Бартольд В.В. Сочинения. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. – М.: Издательство Восточной литературы, 1963. – 431-433-ші беттер.

³ Землеведение К.Риттера. География стран Азии находящихся в непосредственных сношениях с Россиею Восточный и Китайский Туркестан. Издано императорским географическим обществом, выпуск второй –дополнения отдел первый – историко-географический. С. Петербургъ 1873. – 295-ші бет.

тандырады. Күшлік хан Кашқарда бекінеді. Джэбе, Шыңғыс ханның атынан, әркім, қандай дінге сенсе, өз еркі, – деп жариялайды. Джэбе-Ноянның діни еркіндікті жариялауының салдарынан кашқарлықтар Күшлікке қарсы шығып, оны Бадахшанға қашуға мәжбүр етеді. Бадахшан тауларында Күшлікті монғолдар қуып жетіп, өлтіреді. Шығыс Түркістан монғолдардың үстемдігін қарсылықсыз мойындайды. 1733-1743 жылдары Ресей Сенаты мен Ғылым академиясының ұйымдастырылынған екінші Камшат экспедициясының мүшесі Иоган Ебергард Фишердің зерттеуінің нәтижесіне тоқталсақ, найман мен керейлердің патшалары басқа татар хандарынан айырмашылығы болған жоқ, олардың тұрмыс-салтында, іс-әрекетінде ешқандай да христиан дінінің ізі жоқ, – деп жазған. «Тогрул хан (Унк-хан). Образ его житья ничем не отличался от других татар, и во всех его поступках не можно приметить ни малейшего следа Христианской веры»¹.

Монах – францискандық (діни ағыс) Плато Карпиниді Римнің папасы Иннокентий IV Қаракорумдағы монғолдың ұлы ханына елші ретінде жібереді. Ол текті, ақсүйек отбасынан шыққан, Перуджидің азаматы, италияндық, сауатты адам болған. Оның италиянша толық есімі Джиованни дель Пьяно Карпинис. Елшіліктің құрамында басқа да екі францискандық монах болды: Бенедикт Польшадан, Стефан Богемиядан. Стефан елшіліктің құрамында Киев Русіне дейін ғана болса, Бенедикт елшілік сапарда Плато Карпинимен бірге жүрді. Рим папасының Монғолдың ұлы ханына жазған ресми жолдамасын (булласын) қолына алғаннан кейін, Плато Карпини, көп ұзамай, 1245 жылы 16 сәуірде (немесе көкекте) Лион қаласынан жолға шықты. П. Карпинидің елшілігі екі жылдан артық уақытқа созылып, ол көптеген мемлекеттер, этностар мен тайпалардың жерлерін басып өтті. 1246 жылдың 4-ші ақпанында елшілер Киевтен Алтын Орданың астанасы Сарайға аттанады. Патша

¹ Фишер И.Е. Сибирская история. Санкт Петербург при Императорской Академии наук 1774 года. – 44 бет.

сарайына жақындап, оған кірер алдындағы дәстүрлі талаптарды елшілер орындағаннан кейін оларды Саин хан (Бату) қабылдайды. Рим папасының хатын елші Саин ханға тапсырады. Ол хатты оқып, мазмұнымен танысқаннан соң, хат Ұлы ханға арналғандықтан, оны Платано Карпиниге қайтарып беріп, елшілерді Монғолияға жібереді. Елшілер, монғолдың ұлы ханы болып сайланған, Угэдей ханның ұлы, Гуяқтың ордасында төрт ай болып, 1246 жылы қараша айының 13-ші жұлдызында кері қайтады. Жарты жалдан кейін олар Киевке жетіп, 1247 жылдың күзінде Лионға оралғаннан соң Иннокентий IV-ке Гуяк ханның жауабын жеткізіп және Платано Карпини осы саяхат жөніндегі өзінің толық есебін береді. Латын тіліндегі Платано Карпинидің есебі тарауларға, параграфтарға, кітап ретінде жазылған. Бұл еңбекте елшілер қандай жерлерде болды, Монғол мемлекеті және оған бағынышты халықтар, Джучи хан, оның ұрпақтары жөнінде мәліметтер бар. Платано Карпини Джучи ханды – Тоссуқ хан деп атаған: «Тоссуқ ханның ұлдары: Бату (Bati), ол өте бай және императордан кейін құдіретті; Орда, көсемдердің ішіндегі ең үлкені; Сыбан, Бора, Берке, Фаут, Тоссуқ ханның басқа ұлдарын біз білмейміз»¹.

Еңбектің бірінші тарауында П. Карпини татарлардың, оның ішінде найманның жері мен климатына тоқтала келіп, наймандардың діни ұғымын да қарастырған. Татардың «жері, біздің ойымызша, шығыс пен солтүстік қосылатын жердің шығыс бөлігінде орналасқан. Олардың шығысында Қытайлар мен Солангинің жерлері, оңтүстігінде Сарациндердің (мұсылмандардың – И.С.), оңтүстік батысында Гуирдің, батыста найман-дардың облысы, солтүстіктен татардың жері теңіз, мұхитпен қоршалған»². XVII параграфта бұрын қара қытай мекендеген жер, Эмел, патша Орда Еджен жөнінде айтылады: «Біз қара Қытайдың жеріне кірдік, татарлар бұл жерде бір ғана Омыл

¹ Путешествия в Восточные страны Платано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: Ғылым, 1993. – 39-шы бет.

² Көрсетілген шығарма. – 21, 24-ші беттер.

(Имиль) атты қала салыпты. Мұнда император үй салған екен, бізді соған шақырды... Бұл жерден кетіп, келе жатқанда аралдары көп, кішірек теңізді кездестірдік, ол біздің сол жағымызда қалды. Көптеген өзендері бар. Осы жерде Орду тұрады, Батудан үлкен, ол тіпті барлық татар княздерінің ең үлкені». XVIII параграфта найманның жеріне, наймандардың діни сеніміне тоқталған: «Зейнетті Петр Күнінің қарсаңында (29 июнь) жолға шығып, Наймандардың жеріне келдік; олар язығчиктер (яғни тәңірге немесе аспан мен жерге, күн мен айға табынушылар – И.С.). Петр мен Павл апостолдардың күні мұнда қалың қар жауды, біз қатты суықтықты сездік. Бұл жер өте таулы және суық, жазық жерлер аз»¹.

Найманнан шыққан бектер Шейбан (Сыбан) әулетінің хандарына уәзір болғаны байқалады. XVI ғасырда жазылған Утемиш хажы ибн Маулана Мухаммад Достидің «Чингиз-наме» шығармасында Алтын Орданың ханы Бердібек (1357-1359 жж.) өлгеннен кейін Дашти Қыпшақ жерінде Шейбан әулеті күшейгені, Бату ханның Сарайдағы тағына Шейбан әулетінен шыққан Мангутайдың ұлы, Ақкөлдің билеушісі Хызыроғланның аз уақытқа болса да Сарай тағына келгені және оның бегі, тегі найман, Қутлуг-Бұға туралы айтылынған. Өзбек ханның (1312-1342) әйелі Тай-Туглы-бегім Жәнібек ханның (1342-1357) өгей шешесі, Бердібек хан өлгеннен кейін, Шейбан династиясының күшейгенін ескере отырып, «Хызыроғланды Сарай вилайетіндегі Саин-ханның тағына отырғызады»². Тай-Туглы-бегім Хызыр ханға тұрмысқа шықпақшы болған ниетімен, оған Өзбек ханның, Жәнібек ханнан қалған, уық, керегесі алтыннан жасалынған, алтынмен көмкерілген киіз үйді Хызырға сыйлайды. Хызыр-ханда ол әйелге ынтызар екенін білдіреді. «Бірақ Хызыр-ханның бегі, найман тайпасынан,

¹ Путешествия в Восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: Ғылым, 1993. – 63-65-ші беттер.

² Утемиш-Хаджи ибн Маулана Мухаммад Достидің Чингиз-наме. – Алма-Ата, 1992. – 108-109-ші беттер.

есімі Кутлуг-Бұға, бұған қарсы болады. Хызыр-хан ханумға үйленуден бас тартады. Бегім, оның оған үйленбейтінін сезіп, сый-құрметті бұрынғыға қарағанда аз көрсете бастайды. Хан бегімге ызаланып, алтын пәрменді бұзып, алтынды өзінің қазақтарына бөліп береді»¹. Осы мәліметке қарағанда ғалым Шоқан Уәлиханов айтқандай, XIV ғасырдың ортасында қазақ этносының болғаны күмән келтірмейді.

Ш. Уәлиханов қазақ халқының құрылуын XIV ғасырдағы тарихи үрдіспен байланыстырып, профессор И.Н. Березинге жазған хатында мынандай пікір айтты: «Қазақ халқы (біз өзімізді осылай атаймыз) Ордадағы өзара соғыс кезінде, Бердібек өле салысымен, әртүрлі түрік және монғол тайпаларынан құрылды»². Ш. Уәлихановтың болжауынша Қазақтың ханы «Алаш XIV ғасырдың ортасында өмір сүруі мүмкін»³ - деп жазған «Киргизское родословие» деген еңбегінде.

Петр Иванович Рычков (1712-1777 жж.) «История Оренбургская (1730-1750)» деген еңбегінде қазақ халқының шығу тегіне және оның руларына көңіл бөле келіп, Барақ сұлтан жөнінде де дәйекті мәліметтер келтіреді. П.И.Рычков қазақ тайпаларының тарихын біздің эраға дейінгі үшінші ғасырдың ортасында – екінші ғасырдың аяғында өмір сүрген гундардың патшасы Огус ханмен, немесе Модэ (246-174 жж. б.э.д) – шаньюймен (ханмен-тумынмен) байланыстырады. Рычковтың айтуынша: Ол, Огус хан, үлкен жеңіспен жорықтан оралғаннан кейін салтанатты мереке өткізді. Осы жиынға Огус ханның барлық балалары, оған бағынышты халықтардың көсемдері, әскер басшылары қатысты. Хан алтын тағына отырып, әрқайсысын сіңірген еңбегіне, атқарған қызметіне, атағына лайықты марапаттап, жер бөліктері мен ұлыстарды силыққа

¹ Утемиш-Хаджи ибн Маулана Мухаммад Дості. Чингиз-наме. – Алма-Ата, 1992. – 112-ші бет.

² Валиханов Ч.Ч. Письмо профессору И.Н. Березину // Сборник сочинений в 5 т. – Т. 1. – Алма-Ата, 1984. – с. 164.

³ Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Сборник сочинений в 5 т. – Т.2. – Алма-Ата, 1985. – с. 151

таратып, тайпаларға әртүрлі ат қойып, таңбаларын белгіледі. Айталық, сол кезден белгілі найман, бұл халық Түркістан өңірін және Ертіс бойын мекендеді. Сонымен қатар басқа да тайпаларға атаулар беріліп, таңбалары анықталды: қыпшақ, құрлай, незур, эн, эур, кашкин, салджаут және желаур. Ерте кездегі қойылған аттар қазақтардың арасында қазір де қолданылады; солардың ішінде Орта жүздегі наймандар сан жағынан басым, олардың ерекше билеушісі Барақ сұлтаны бар. Ежелден бері әртүрлі атпен аталып келген бұл халық – қазақтар, бұрын сан жағынан қазіргі кездегіден әлдеқайда көп болды. П.И. Рычковтың пікірінше, қазақтардың шығу тегі, құрала басталуы Огус хан заманында байқалады.

П.И. Рычковтың пайымдауынша, екінші Орданың немесе Орта жүздің басқаларға қарағанда халқы көбірек және байырақ. Бұл жүздің мекені Түркістан өңірі, Арал теңізі, Тобыл және Есіл өзендерінің жоғарғы ағыстары, Ақсақал көлі, Қарақұм және Сібір жағындағы қоныстары. Бұл Орданың билеушілері Абулмамбет 1739 жылы хандыққа сайланды, Барақ және Абылай-сұлтандар¹.

Абулмамбет (1739-1771 жж.) хан мен Абылай (1771-1781 жж.) хандардың кезінде наймандардың басым көпшілігі Абулмамбеттің ұлы, Түркістанды билеген Болат ханның інісі Абулфейс сұлтанның қарамағында болды. 1783 жылы Абулфейс өлгеннен соң наймандар «белгілі Барақ ханнан туған Ханходжаға»² бағынды. Қытай императоры бұл жөнінде хабар алғаннан кейін жоғарғы мәртебелі шенеунігі арқылы Қанқожаға, оны патша деңгейінде танитын, грамотасын жібереді³.

Николай Александрович Аристов қазақ халқының негізін құрған тайпалардың, соның ішінде наймандардың да таңбасын – v – берген.

¹ Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). Издание Оренбургского губернского статистического комитета. – Оренбург, 1896. – 71 б.

² Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 257-ші бет.

³ Левшин А.И. Көрсетілген шығарма. Сол бетте.

III тарау.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ МӘҢГІЛЕУ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЙНАСЫ

Президент Н. Назарбаев «Ел бостандығы, ұлт тәуелсіздігі біздің халық үшін еш уақытта да төбеден түскен сый болмаған. Ол әрдайым ел қамын жеген ерлердің жанқиярлық еңбегінің, күресінің нәтижесінде ғана келгенін ешқашан ұмытпауымыз керек»¹ - деген. Елбасымыздың осы сөздері еліміздің әр азаматына ой салуға тиіс.

Әрине қазақ халқы басынан талай тарихи дәуірлерді басынан өткізді. Жоңғар және Еділ бойындағы калмақтармен жері мен елінің азаттығы үшін күресі. Ресейге бодандық, колониялдық кез. Кеңестік дәуірде, басқа да халықтардай, Қазақстан халқы да әміршіл, тоталитарлық жүйенің қыспағында болып, бұл бұғауды үзуде өз үнін шығарып, үлесін қосты.

Қазір Қазақстан Республикасы тәуелсіз демократиялық мемлекет. Қазақстан Біріккен Ұлттар ұйымының (ООН) мүшесі, біздің мемлекеттің дүние жүзілік деңгейдегі ұсыныстары Біріккен Ұлттар ұйымы тарапынан қолдау табуға. Айталық, 2010 жыл «Дүниежүзілік мәдениет ынтымақтастығы». Біріккен Ұлттар ұйымы 192 мемлекеттерді біріктіреді, Қазақстан Республикасы олардың 140 мен тікелей дипломатиялық, саяси-экономикалық байланыста. Қазақстанның беделі дүние жүзілік континентте: Азия, Африка, Америка, Европада орналасқан мемлекеттер арасында айтарлықтай жоғары. Оған мысал: 2010 жылы Қазақстан Европа елдерінің қауіпсіздік және ынтымақтастық Одағына (ОБСЕ) басшылық етуде. «Европаға жол» атты жоспар жүзеге асуда.

Қазақстанның кең-байтақ жері бар, дүние жүзілік даму

¹ Назарбаев Н. / Егемен Қазақстан, 2004 жылғы 9 шілде.

деңгейінен қалмауға тырысқан көп ұлтты, он алты миллионнан астам халқы бар. Оның негізгі ұйтқысы – қазақтар. Жерінің көлемі жағынан Ресей, Қытай, Америка Құрама Штаттары, Аргентина, Бразилия, Канада, Индия, Австралиядан кейін дүние жүзінде 9-шы орында. Жер қойнауының байлығы да жеткілікті. Менделеев кестесінің 105 элементінің 99-ы біздің жерде бар. Мырыш, вольфрам, бариттің қоры бойынша Қазақстан дүние жүзінде бірінші орында, күміс, қорғасын, хромнан – екінші, мыс – үшінші, молибден – төртінші орында. Уран шығарудан үшінші, Австрия, Канадамен салыстырғанда. Тас көмірдің қоры бойынша дүние жүзілік деңгейде сегізінші, алтынның қоры бойынша – тоғызыншы, мұнайдың қоры – 12, газ және газ конденсаты бойынша 15 орын-дамыз. Дүние жүзінде 169 мемлекет жер қойнауының минералын шығарып, өңдейді, Қазақстан минералды шығаруда дүние жүзінде 11-ші орында. Өнеркәсіп өнімдерін шығаруда 37 түрінен Қазақстан 1-19 орындарда тұр.

ТМД, немесе тәуелсіз мемлекеттер достығы деңгейінде күміс, хром, қорғасын, мырыш шығаруда бірінші орында, мұнай, көмір, мыс, никель, фосфат шығаруда екінші, алтын шығаруда үшінші орында, Ресейден, Өзбекстаннан кейін¹.

Қазақстанның 14 облыстарының ішінде Шығыс Қазақстан облысының өзіне тән орны, ерекшелігі бар. Шығыс Қазақстан жерінің аумағы жағынан, Қарағанды мен Ақтөбе облыстарынан кейін, үшінші орында, ал халқының саны жағынан біздің облыс Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарынан кейін үшінші орында. Өскеменнің титан-магний комбинаты, титан ысқыштарын (немесе губкаларын) шығаруда дүниежүзілік рынокта екінші орында, магнийді өндіруде 8-ші орында, ал Ульба металлургия зауыты (УМЗ) берилийді шығаруда екінші орында, тантал шығаруда үшінші орында, 2008 жылдан бастап бұл зауытта тантал ұнтағы шығарылады, бұл әзірше дүниежүзінің

¹ С.К. Игибаев. Казахстан: история и современность. Польша. Изд. Вроцлавского университета, 2009. – 13-16-шы беттер

бес мемлекетінің қолынан келіп тұр, Казцинк – күміс балқытуда 5-ші орында, тазаланған мырыш шығаруда жетінші орында. Дағдарысқа қарамастан облыста жұмыссыздықтардың саны айтарлықтай төмендеді.

Шығыс Қазақстан өлкесі өзінің көркемдігімен, сұлу табиғатымен, өсімдік және жануарлар дүниесінің байлығымен, жер асты қазынасымен, адамзат баласын тамсандыра қызықтыратын жер, оның Күршім ауданының жеріде. Бұл жерлер патшалық Ресейді де қызықтырды, жергілікті халқын ығыстырды. Осыған байланысты Санкт-Петербург қаласының 1905 жылы баспасынан шыққан «Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей» деген ғылыми еңбектен мысал келтірейік: Одним из факторов является джунт... Другим фактором вызвавшим перемещение казахов¹, было давление русского правительства, выражавшееся в том, что часть казахских земель занималась под казачьи поселения или для крестьян и т.п. Такие изъятия производились до самого последнего времени... По р. Бухтарме, многие казахи, жившие на правом берегу Бухтармы, должны были перейти на левый берег ея. Во всех этих случаях более или менее многочисленные группы казахов, должны были оставлять свои места и уступать их русским»².

Патша үкіметінің орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аудару қарқынын күшейткен сайын елді мекендердің орыс тілінде жаңа атаулары көбейе түсті. Күршім жері Ресейге 1865 жылдан бастап бағынды. XX ғасырдың басында жүргізілген Столыпиннің аграрлық реформасынан кейін елді мекендер орысша аталына басталды. Мысалы, Күршім волостісі бойынша, 1870 жылы құрылған, 1909 жылы Платова, Высокогорка

¹ Игибаев С.К. «Киргиз» деген сөзді «қазақ» деген ұғыммен ауыстырдым.

² Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область Усть-Каменогорский уезд. Том IX-й. С-Петербург, 1905, 5-6-шы беттер

(Қарабұлақ), 1910 жылы Славянка, 1912 жылы Сергеевка және Никольское (Бурабай), Николаевка (Мойылды), Алексеевка (Теректі) тағы басқа да елді мекендерге орысша атаулар берілді.

Кенес үкіметі де, күштеу саясатының негізінде, ешкімнен сұрамай-ақ қалалардың, кенттердің, ауылдың және басқадай елді мекендердің атауларын өзгертіп отырды. Кеңестік дәуірде, елді мекендер, көшелер, колхоз, совхоздардың, мектептердің басқа да оқу орындарының атаулары, біздің қазақстандық отандастарымыздың есімдерімен емес, көбінесе большевиктік партияның көсемдерінің, кеңестік үкімет басшыларының, қызыл әскер қолбасшыларының есімдерімен аталынды. Олардың көпшілігінің Қазақстанға, немесе Шығыс өлкеге қатынасы тіпті де болған жоқ. Айталық Буденныйдың, Калининнің, Ворошиловтың және т.б.

Қазақтың көрнекті ғалымы Шокан Уәлиханов (1835-1865 жж.) Қазақ халқы бірде-бір көрнекті оқиғаны, немесе бірде-бір атақты, халқына қызмет еткен данышпандарын ұмытпайтының айта келіп былай деді: «Біреулер оларды төгілген жырмен, өлеңмен мадақтап, халықтың санасында мәңгілік қалдырса, екінші біреулері – атақты сыбызғышы, немесе қобызшы олардың істерін мәңгілік өлместей күйменен әйгілі етіп, буыннан буынға жеткізеді»¹.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, үкімет тарапынан ономастикаға, топонимикаға, жер-су, елді мекен атауларына үлкен мән беріп, олардың әлеуметтік-саяси, тәрбиелік маңызын баса көрсетті. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанынан құрылған мемлекеттік ономастикалық комиссиясының 1992 жылдың 14-ші ақпанындағы мәжілісінде ономастикалық комиссияның жұмысын реттейтін тұжырымдама қабылданды. Бұл тұжырымдамада патша үкіметінің колониялдық саясатының әсерінен және Кеңестік дәуірде күшпен ұжымдастырудың, бір адамға табынудың,

¹ Валиханов Ч. Киргизские родословие. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 2. Алма-Ата, 1985, с. 157.

волюнтарлық шешімімен күштеп өзгертілген елді мекендердің, жер-су атауларын ежелгі, қалыптасқан атына келтіру жөнінде айтылынды және атамекен атаулары халқымыздың өте құнды, сана-сезімге толы, зор байлығы делінген. Тұжырымдамада қазақ тіліндегі атауларды дұрыс жазуды, қате жібермеуді, сөздің маңыздылығына асқан жауапкершілікпен қарауды талап етті. Елді мекендердің, көшелердің атауларын өзгертерде сол мекендердің, қала, ауыл тұрғындарының пиғылдарын біліп, пікірімен санасып, жиналыста қарауды ұсынған. Халықтың, тұрғындардың пікірімен санасу бұрын, яғни не патшалық заманда, не Кеңестік дәуірде болып көрген емес.

Қазақхалқы көне түркі дәуірінен басталып шығыста Ертістің жоғарғы ағысын, Алтай тауларының баурайын мекендеді. Қазақ мемлекетінің өміріне қауіп төндірген шапқыншылардың бірі, Азия мен Европа халықтарына «қалмақ» деген атпен белгілі болған. Немістің көрнекті ғалымы П.С. Паллас-тың (1741-1811ж.ж.) айтуынша, ойраттар батыс монғолдардың құрамдас бөлігі. XIV ғасырдың аяғында ойраттар одағының құрамына чорос, хошоут, торгоут, дәрбет және басқа тайпалар енді.

Қазақ халқы басқыншы жауға қарсы ерлікке толы, табанды азаттық күреске шықты. Галдан-Цереннің тірі кезінде ақ қазақтар жоңғарлардың, еділ қалмақтарының шабуылына тойтарыс бере отырып, өз мекендерін орала бастады. 1744 жылы қазақтардың мекен-жайы Қызылсу-Шарға жетті. 1745 жылдың басында Жоңғарияға қазақтың қоныстары арқылы барған орыстың поручигі Ф. Аблязов былай деп мәлімдеді: «Абылай және Барақ сұлтандар басқарған екі мың үй Шар-Гурбан өзені бойында орналасқан, зенгор қарауылдарынан алыс емес жерде. Жоңғар көпестері Ресейге, Ресейдің көпестері жоңғарларға қазақ жерлері арқылы ешқандай кедергісіз өтуде, ал жоңғарлардың қарауылдағы жасақтары қазақтарға да қиямет көрсетпеді»¹. 1745 жылы қыркүйекте жоңғардың қаны Гал-

¹ В.А.Моисеев. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв. Алма-Ата «Ғылым», 1991. – 137-138 бб.

дан-Церен өлгеннен кейін таққа 13 жастағы ортаңғы ұлы Цэван-Доржи-Аджа-Намжилу Аджа-хан деген атпенен, әкесінің өсиеті бойынша таққа отырғызылды (1745-1750). Галдан-Цереннің үлкен ұлы ол кезде 19-да, кенжесі Цэван-Даши 7 жаста еді. Аджа хан мемлекетті басқаруға дайын емес, қатыгез патша болды. Таққа тартыс басталынды. Аджаның ағасы Лам-Доржи ханды жеңіп, Лама-Эрдэни-Батур-хунтайджи деген атпенен таққа отырды (1750-1752).

Жоңғариядағы таққа талас кезінде Абылай (1711-1781 жж.) бастаған қазақтың билері, батырлары жоңғар ісіне тікелей қатысты. Абылай, таққа таласқан тақ мұрагерлері Даваци нойон мен Амурсан нойонды әскери күшпен қолдап, Лама-Доржи хунтайджимен болған талай шайқастарға қатысып, жоңғар жеріне ене бастады. Даваци мен Амурсана және басқа да нойондарды Абылай өз ордасында ұстап, оларға қамқоршы болып, жоңғар патшасына да, Ресейге де оларды бермеді. Даваци Амурсананың және Абылайдың қолдауымен Жоңғар тағына отырды (1753-1755). 1754 жылы Амурсана Давациге қарсы шығып, таққа талас кезінде Абылай хан Амурсананы әскери күшпен қолдап, Давацимен соғысты. Амурсана Қытай бодандығын алып, Қытай императорынан Давацимен соғысу үшін, әскери көмек сұрады. Қытай императоры Цянь-Лунь Амурсанаға көп әскер берді. Амурсананың өзін Қытайдың құрамындағы Халқа моңғолдарынан тұратын жасақтардың қолбасшысы ретінде тағайындады. Амурсананың ойынша, Даваци жеңілгеннен кейін оны Қытай бүкіл Жоңғарияның патшасы ретінде таниды деген ойда еді. Амурсананың қолымен Қытай Жоңғарияны талқандады, бірақ Амурсананы Жоңғарияның патшасы ретінде мойындаудан Қытай императоры аулақ еді. Амурсана, Қытай тағының көмегімен таққа келе алмағандықтан Қытайға бодан болудан бас тартып, Жоңғарияның жеріне қашып кетеді. Амурсананың (1756-1757) қолдаушылары 1755 жылдың аяғында - 1756 жылдың басында оны Жоңғарияның ханы деп

жариялайды. Бірақ Амурсананың әміршілдігі көпке созылмады. Абылай Амурсананы қолдау үшін 10 мың әскер жіберсе де, ол қолдау жағдайды өзгертпеді. Қытайдың маньчжурдан жасақталынған сансыз әскері жақындағанын естігеннен кейін Амурсана Орта жүзге қашып, Абылайдың ордасын паналайды¹. Бес ай өткеннен кейін Амурсана Абылайдан кетіп, Жоңғар жеріне қайта оралады. 1756-1757 жылдың қысында 35 жастағы Амурсана (1722 ж. туған) Жоңғарияны Цин Империясынан азат ету жолында күш жинап, көтеріліске дайындалады. Бірақ Қытайдың әскерінен ойсырай жеңілгеннен кейін Семей бекінісі арқылы Ресейге қашуға мәжбүр болды.

А.И. Левшиннің айтуынша, жоңғарлардың арасында өзара тартыс басталғанда қазақтар сол тартысқа бірден кірісіп кетті. Елінен қашқан жоңғардың княздерін, зайсангларын қабылдап, олармен бірігіп, оларды қорғап, олардың қарсыластарына жиі-жиі шабуыл жасай отырып, өзінің ата жауын әлсіретті².

«Ақылды және іскер Абылай сұлтан зюнгар әміршілерінің арасындағы ұрыс-керісті пайдаға асырып, олардың арасындағы жанжалдың тоқталмауына ынталы болды, өйткені ата жауының бөлшектеніп, ыдырауы, оның әлсіреуі барлық қазақ ордаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ететінін білді. Сондықтан ол Амурсана мен Лобачты (зюнгар әміршісі) өз ауылында қамқорлық қанатын алып қана қоймай, тіпті олар үшін соғысқа барды және оларға өз тайпаластарын қырып-жоюға көмектесті, ал жағдай өзгеріп, қытай әскері зюнгарларды жеңе бастағанда, Абылай жеңімпаздарға қосылды. Одақтастарын өзгерткенімен, ол өз мақсатын өзгертпей өзіне қас, өштескен көршілерін қытайлармен бірігіп жоя бастады, дәл Амурсананың жақтастарымен бірігіп оларды талқандағандай. Қытай әскері Зюнгарияны жеңіп, оны жаулап алғаннан кейін Абылайдың ел-жұртына жақындаған кезде, ол жеңімпаздардың алдына

¹ И.Я.Златкин. История Джунгарского ханства (1635-1758). М., 1964. – 449 б.

² А.И.Левшин. Описание Кергиз-казачьих, или Киргиз-Кайсацких орд и степей. Алматы., «Санат», 1996. – 173 б.

шығып, кездестіріп, өзінің богдоханның боданы болатынын мойындады»¹.

Қытайдың патшасы бірден Абылайды хан деп танып, 1756 жылы оған грамота берді.

Жоңғарлармен күрес 1757 жылы жоңғарлардың толық күйреуімен, ал 1771 жылы Еділ мен Жайық арасын қалмақтардан тазартып, оларды қуып, бұл жерлерді қайтадан өзінің қонысына айналдырумен аяқталды. Жоңғардың соңғы хунтайшысы Әмірсана 1757 жылы 28 шілдеде Ресейге паналап барды. Осы жылдың 21 қыркүйегінде Тобольскіде шешек ауруынан қайтыс болды.

Абылай хан мен Әбілпейіз хан Цин патшасы Цяньлунға 1757 жылы тамыз айының 30-жұлдызында елшісін жіберген. Бұл туралы цин әдебиетінде көп мілімет бар және аталмыш оқиғаны қазақтардың Цин патшалығына «бағыныштылығының бастамасы» деп көрсетеді. Деректердің хабарлауынша, елшілер Цин патшасына «Тарбағатай біздің бұрынғы көшіп-қонып жүрген жеріміз еді. Өзіңіздің ілтипатыңызды білдіріп, осы жерді бізге берсеңіз» деп талап қойған. Ал Цяньлун патша болса, Абылай ханға жазған жауап хатында «егер сендер Әмірсананы ұстап берсеңдер, мен ол жерлерді сендерге берер едім» деп саудаласқан².

Цин патшалығымен бітімге келе отырып, Абылай қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап, маньчжур-қытай ықпалынан неғұрлым аулақ болуын көздеген. 1757 жылы қараша айының 18-жұлдызында Абылайдың ордасына Қытайдың Еркесара, Нусан есімді маньчжур елшілері келіп, Абылайдан Әмірсананы қайтаруды сұраған. Әмірсана жөнінде Абылай «ол менің елімде емес» деп, цин елшілерін қайту жолдарына салған³.

¹ А.И.Левшин. Көрсетілген шығарма. 230 б.

² Қазақстан тарихы туралы қытай деректері. III том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. – Алматы «Дайк-Пресс». 2006. бет 13-14.

³ Қазақстан тарихы туралы қытай деректері. III том. – б. 14.

IV тарау. КӨКЖАЛ БАРАҚ БАТЫР АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ МЕН ШЫҒАРМАЛАРДА



Е. Ю. Крошкинаның суреті

Қытайдың 1758 жылғы ақпан айындағы император Цяньлун жылна-масында Орта жүздің құрамындағы тайпалар, олардың қонысы, отбасы саны және тайпа, ру басшыларының есімдері келтірілген. Орта жүзде тарақты, арғын, найман, керей, уақ, төленгіт, қыпшақ қатарлы 7 тайпа бар, - делінген.

Тарақты тайпасының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың билігінде;

Қанжығалы арғынның 2000 отбасы Бөгембай батырдың билігінде;

Қаракесектің 2000 отбасы Қазыбек бидің билігінде;

Алтай арғынның 3000 отбасы Нияз батырдың билігінде;
Атығай арғынның 1000 отбасы Жәпек батырдың билігінде;
Қарауыл арғынның 2000 отбасы Итқара батырдың билігінде;
Басентиін арғынның 2000 отбасы Қарпық бидің билігінде;
Қозған арғынның 1000 отбасы Төлеуке бидің билігінде;
Төртуыл арғынның 2000 отбасы Бабеке бидің билігінде;
Арғын майлыбалта руының 1000 отбасы Итқара батырдың билігінде;

Баба арғынның 500 отбасы Бабаназар бидің билігінде;

Арғын тайпасының 11 руы қарастырылынған.

Төленгіт тайпасының 1000 Жаназар батырдың билігінде;

Терістаңбалы тайпасының 1000 отбасы Жарылқап батырдың билігінде;

Қаракерей байжігіт найманның 10 000 отбасы Қабанбай батыр мен Доротбай (дұрысы Даулетбай болар – И.С.) батырдың билігінде;

Матай найманның 10 000 отбасы Олжабай мен Аталықтың билігінде;

Садыр найманның 1000 отбасы Малай батырдың билігінде;

Төртуыл найманның 1000 отбасы Таңатар бидің билігінде;

Болатшы найманның 500 отбасы Таз батырдың билігінде;

Көкжарлы найманның 1000 отбасы Барақ батырдың билігінде;

Бура найманның 2000 отбасы Жолбасар батырдың билігінде;

Бағаналы найманның 2000 отбасы Марал батырдың билігінде;

Балталы найманның 500 отбасы Етушы батырдың билігінде;

Найман тайпасының 10 руы келтірілген.

Ашамайлы керейдің 10 000 отбасы Тұрсынбай батырдың билігінде;

Ашамайлы керейдің құрқар руының 2000 отбасы Мазаркелді батырдың билігінде;

Абақ керейдің 1000 отбасы Қожаберген батырдың билігінде;

Абақтың 500 отбасы Нияз батырдың билігінде;
Ителі керейдің 1000 отбасы Жантөре батырдың билігінде;
Уақ тайпасының 1000 отбасы Сары Баянның билігінде;
Уақ тайпасының 1000 отбасы Тілеу батырдың билігінде;
Уақ тайпасының Бармақ батыры 500 отбасын басқарады;
Ергенекті уақ руының 1000 отбасы Есенқұл батырдың билігінде;

Жаңа уақтың 500 отбасы Сары батырдың билігінде;

Қыпшақ тайпасының 3000 отбасы Қошқарбай батырдың билігінде;

№5 құжатта 35 ру-тайпалардың, 68 000-нан астам отбасының саны қарастырылынған¹.

Жерімізді жаудан азат етіп, ерлік көрсетіп елін қорғаған қазақ батырларының, қолбасшыларының ішінде белгілі тарихи тұлға Шүрекұлы Көкжал Барақ (1701/1702-1771) батырдың өзіндік орны бар. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында Барақ батыр жөнінде мәліметтер келтірілінген.

Барақ Шүрекұлы, Көкжал Барақ (шамамен XVII ғасырдың соңы, Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы – XVIII ғасырдың ортасы) – батыр. Найман руының Ергенекті-Көкжарлы аталығынан «Көкжал Барақ» деген атпен үш жүзге мәшһүр болған тарихи тұлға. Көкжал атануына орай жорамалдар көп. Дегенмен бұл атау батырдың қайсарлығы, ерлігі үшін берілгені рас. Барақ әйгілі Аңырақай, Бұланты, Шыңғыстау, Шаған, Шорға, Сібе шайқастарын басынан кешірген. Қабанбай қолының бір қанатын – көкжарлы сары жомарт руларынан құралған сарбаздарды бастап шығыстағы Ертістің оң жағалауынан Алтай тауларына қарай кететін кең алқапты қалмақтардан тазартуға қатысқан. Боранбай, Кешу, Ботағара, Шынқожа т.б. батырлармен бірге Аягөз жазығы, Алакөл жағалауы, Шыңғыстау, Тарбағатай баурайында жоңғарларға

¹ Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. III том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Алматы, 2006. – беттер 38-42.

қарсы ұрыстарда ерлігімен көзге түскен. Шар станциясының батыс жағындағы «Бас Қараул», Жарма ауданы орталығының теріскей бетіндегі «Орта Қараул» немесе «Барак шыққан» тауы, Өскеменге таяу тұстағы «Аяқ Қараул» биігі Көкжал Барақтың өткен жорық жолының куәсі ретінде тарихта қалған. Батырдың қазақ әйелі Қойбикеден Бостан, Дос, Кәдір деген ұлдарымен мұнан басқа бес қалмақ әйелінен туған ұрпақтарынан екі мыңға тарта шаңырақ өрбіген. Олар Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында тұрады. Барак батыр Жайыл қырғынында 69 жасында қаза тапқан¹, - делінген.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың (16.11.1931 – 30.10.2002) басқаруымен шыққан Мәшһүр² Жүсіп Көпеевтің (1868-1931) «Қазақ шежіресі» атты қолжазбадан Абылай (1711-1781) кезіндегі батырлар мен билер жөнінде қысқаша үзінді келтіреді. Жүсіп Көпеев былай деп жазған: «Абылай ханның кезінде қазақтардан мынандай батырлар шықты: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Көкжарлы Көкжал Барак. Ол «жауларын талай рет жеңіп, қашырды, сондықтан да Барақтың аты атақты, әйгілі болған» деген³.

Барак батыр туралы мәліметтер Қытай және Ресей деректерінде бар. 1760 жылы Қытайдың қол астындағы Қалмақ-ұранхайлар қазақ жеріне еніп, ауылдарды тонап, мыңдаған жылқысын айдап кетеді. Барак екі мың сарбаздарымен Қытай шекарасындағы ұранхайларға шабуыл жасап, малдарын артығымен қайтарып алып, жүзден астам адамды тұтқындап, оларды қазақтарға таратып береді. Ол жөнінде мынандай құжат бар:

¹ Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 2 том, Алматы, 1999, 145-ші бет.

² Мәшһүр – арабша белгілі деген мағынаны білдіреді.

³ История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Т. 3. Издательство «Атамұра», Алматы, 2000, 69-шы бет.

Барақ батырды ұстап беру туралы Қытай патшасының жарлығынан

Шекараны орнықтырушы генерал Чыңғұнзабка: шолғыншының... мәлімдеуінше қазақтардың Барақ батырының ұранхайларды шапқанын, Қабанбайдың адамдары мен Барақ батыр үркіп барған ұранхайларға кездесіп, олардың малын талап алғанын керуендерден естіп біліпті. Ұранхайларды шапқан бұл адамдардың қазақтар екені даусыз¹.

Зерттеушілер Боронин О.В., Быков А.Ю. – 09. 03. 2003 ж. «Историко-этнографические исследования» деген жұмыстарында Ресей архивтерінің «Архив внешней политики Российской империи». (АВПРИ. ф. 113) және «Зюнгорские дела» (оп. 1. 113/1. 1758 г., Д. 2., л. 113 об.) құжаттарына сүйене отырып, батырлар Қошқарбайдың, Барақтың Катонның жерін жоңғарлардан босатқанын, соның арқасында бұл аймақтарды қазақтардың қоныстана басталуын сөз етеді:

Қазіргі кезде Ресей Федерациясының құрамына енетін Таулы Алтай жерінің басым көпшілігі бұрын Жоңғар хандығының иелігінде болған (Кенді Алтайды, немесе Қазақ Алтайын Таулы Алтаймен шатастырмау керек – И.С.). Қазақ жасақтары, Циндердің Жоңғар хандығына ұйымдастырған агрессиясының нәтижесінде Таулы Алтайдағы болған тұрақсыздықты пайдаланып, алтайлықтардың ауылына, жайылымына шабуылын бастады. Алтай волоста-рына қазақтардың алғашқы шабуылы 1757-1758 жылдардың қысында болыпты, ол туралы Сібірдің қорғаныс шебінің қолбасшысы Фрауендорф 1758 жылы наурыз айында Сібір губернаторына хабарлады. Ол өзінің ресми хабарламасында, Орта жүздің солтаны Абылайдың тікелей нұсқауы бойынша, қазақтардың 30-дан 100-ге дейін адамнан тұратын шағын жасақтары, орыс бекіністеріне соқпайтын жерлерден

¹ 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар. – Алматы, «Санат», 1998. – 47 бет.

Ертістен өтіп, алтайлықтардың қоныстарын шабуылдауда, - деген. Бірақ, Таулы Алтайдағы қазақтардың «қысқы кампаниясы» нағыз, үлкен шайқасты, соғысты бастауға өзіндік бір дайындық, барлау болды.

1758 жылдың күзінде Барақтың қолбасшылығымен қазақтың бес мың әскері, Қошқарбайдың басшылығымен төрт мың әскер Таулы Алтайға басып кірді, осыдан бастап қазақтардың шабуылы алтайлықтардың, ойраттардың қонысына күшейді. 1758 жылдың қазан айының екінші жартысында орыс өкіметіне, қазақтардың Катунь өзені бойында көшіп жүрген қалмақтардың Менко басқарған аймағын талқандағаны, олардың әйелдері мен балаларының тұтқындалғаны, мәлім болды. 1759 жылдың қаңтарында Сібірдің қорғаныс шептерінің қолбасшысы төмендегідей хабар алған: қазақтың үш мыңнан тұратын қолы, көптеген тұтқындармен, таулы Алтайдан түсіп, Ертістен өткені және қазақ әскерінің жартысы Алтай тауларында қыстауға, сол жерлерді мекендеуге қалғаны, - жөнінде.

Батыр Барақ басқарған қазақтар 1760 жылғы қысқы жорығында Таулы Алтайдың оңтүстігіндегі Чуй аңғарында қоныс тепкен, Ресей мемлекеті мен Қытайға да бірдей салық төлейтін – екі салықтылықтардың және Қытайдың Цин империясының боданында тұрған зайсан Чадақтың аймағына басып кірген. Чуйлықтардың ауылдарын тонап, 100-дей адамын тұтқынға алған. Барақ зайсан Чадақты шайқаста жеңіп, қалмақтарды Цин империясының жеріне ығыстырып қана қоймай, Чадақты өкшелей қуып, Кобдо өзенінің жоғарғы аңғарына, бассейніне дейін жеткен. Қытайдың шекарасына қазақтардың еңгені жөнінде Қытайдың Улясутайдағы Цзяньдзюні немесе шекара қолбасшысы Пекинге мәлімдеп, қазақтардың бетін қайтару үшін оларға қарсы жорыққа аттануға рұқсат сұраған көрінеді. Бірақ император Хунли, сабырлылық көрсетіп, өзінің өкімімен Орта жүз қазақтарының сұлтаны Абылайдың ордасына, болған жағдайдың мән-жәйін толық

біліп келуге, елші жіберуді бұйырған. Оның нәтижесінде Цин өкіметі батыр Барақтың Кобдо аймағына басып кіргені рас екенін біліп, анықтаған. Хунли Абылайдан Чадақтың әкімшілігіндегі аймаққа жорық жасамауды, қолға түскен тұтқындарды, талап алынған малдарды, тоналған мүліктерді қайтаруды талап етті. Егер императордың Абылайдың алдына ультиматум түрінде қойған шарттары орындалмаған жағдайда, оның әскери жорық ұйымдастырып, қауіп төндіретіні де ескертілді.

1761 жылғы Қытай құжаттарының бірінде Абылай, Әбілмәмбет жіберген Жолбарыс бастаған елшілердің Пекинге келгені, Абылайдың Барак шауып алған қалмақтардың мал-жанын қайтарғанын, Барак батырдың кешірім сұрағанын және Абылайдың Барак жайлы кешірім өтінігін, Қытай императорының қазақтың батыр Барағына кешірім жасауға келіскені жөнінде айтылады:

1761 жылғы 19 ақпан

Қытай патшасының хатынан

Қазақ ханы Абылай, Әбілмәмбеттерге!

Жіберген елшілеріңіз Жолбарыс бастаған адамдар мен жасауыл Науан, бәрі аман-есен астанамыз Бейжинге келді... дастархан жайғызып қонақасы бергіздім. Қонақасында Сіздерге атап елшілеріңіздің қолына торқа, қамқа, ыдыс-аяқ, сапалы шай сияқты тартулар табыс еттім....

Ал, өтініш-хаттарыңызға келсек, оны да алдым. Өткенде Барак батыр ұранхайлардың мал-жанын шапқанда, Ұлыстайда тұратын қосынымыздың генералы әскер күшімен кек қайтармақ болып, өтініш білдірген еді. Бірақ, Сіздердің адал боламыз деп жиі айтатын сөздеріңізді есіме алып, жаза жорығын жасауға келіспедім. Жасауыл Науанды жіберіп, оған Барак батырды ұстауға, шапқыншылыққа ұшыраған заттарды түгендеп қайтаруға бұйрық бердім. Абылай, Сіз бұл істі Науанмен бірге бітіріп, Ұранхайдың мал-жанын түгел қайтарыпсыз және Бейжинге елші жіберіп, менен Барак жайлы кешірім өтініпсіз.

Мен аспан астындағы күллі халықтардың патшасымын. Сырт бағыныштыларымыз өз қателігін танып, жамандықтан тыйылса болғаны, оларды есіркеп келемін. Райынан қайтпайтын нақ бұзақыларды ғана әскер аттандырып, жазалаймын. Қазір мына Барақ батырдың тәубәсіне келіп, кешірім сұрағанын, Сіздің де адам салып, оларға кешірім өтінгеніңізді адалдық деп білемін.

Мен олардың Барағына кешірім жасауға келістім. Былайғы жерде адамдарыңызды бұрынғыдан да ойдағыдай басқарыңыз. Өзді-өзіміздің жер шегімізге не болайық. Өз тұрмыс қамдарыңызды жақсырақ ойлаңыздар. Бұл жолғы талабыңыз мақұл бола береді екен деп, талай сынау көңіл-күйінде болып, адамдарыңызға шегараны бұзып, сұғанақтық жасауға ерік беруші болмаңыздар. Солай етсеңіздер, шегара әскеріміз жорық жасаймын деп сұранса, ырықтарына жібермеймін. Онда, сөз жоқ шырықтарыңыз бұзылады...

Менің айтқандарымды еліңізге түтел құлаққағыс етіңіздер¹.

Ресейдің Москвада орналасқан РГАДА (Российский Государствен-ный архив древних актов) және Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатында Барақ батыр жайында аздаған мәліметтер бар. Бұл деректерде Ресейдің Барақ батырдың не себеппен Қытайдың қол астындағы адамдарын тұтқындағаны жөнінде 1760 жылы Жолбарыс Сұлтаннан білмекші болған:

1760 жылғы қазан айы (шамамен)

Абылай сұлтанның елшісі Жолбарыстың

Омбы бекінісінде айтқан сөздерінен

1. Абылай сұлтан аман-есен, Қылшақты өзені маңында отыр.

2. Жолбарыс сұлтанға сұрақ қойылды. Ертістің жоғарғы ағысындағы қазақтар Қырға қарай неге тезірек көшіп кетті? Барақ батыр бұрынғы жоңғар жеріне қарай кіріп кетіп,

¹ 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар. – Алматы, 1998, 51 бет.

уранхайлықтарды шауыпты. Бұл уранхайлықтар Қытайға қарайтын Садақ болысынікі екен. Сол үшін қытай әскері Барак батырға өшігіп, Садақ болысында қалған уранхайларды бастап, казак ұлыс-тарына дейін шабуылмен келіпті деген сөздер рас па? Бұл сұраққа Жолбарыс сұлтанның берген жауабы: Казак арасында да мұндай сөз тарағаны рас, бірақ қытай әскерлері казактың шеткі ауылдарына келіпті деген анық сөз жоқ¹.

Қазактың тұтқынынан Ресейге қашып барған қалмақ Мамут Тескентің Барактың 2 мың сарбазымен келіп жоңғарларды казак жеріне шабуылы үшін жазалағанын, тұтқынға алғанын, оның ішінде Мамут Тескентің болғанын, тұтқындарды казактардың арасына Барактың таратып бергенін айтады:

1763 жылғы 11 қараша

***Қазак тұтқынынан қашқан төлеңгіттің Фрауендорф
кеңсесінде берген жауабы***

Аты-жөні Мамут Тескент, жасы 54-те, тегі – ұранқай, бұрынғы тұрағы Алтай тауларында, Манғұл есімді зайсанға қарайды, Қытай әскерлерімен іргелес мекендеген, қытайға жыл сайын жылқы мен сиыр немесе бұлғын мен сусар төлеп, салық беріп тұрған.

Осыдан төрт жыл бұрын казактың Барак батыры екі мыңдай әскермен келіп, 150 түндік ұранқайлықтарды шауып, көбін өлтіріп, қалғанын тұтқынға алған. Басқа қалмақтармен бірге Мамутты да Абылай сұлтанға қарайтын Тобықты болысына әкелген. Мұнда ол бір жылдай Құлыбек батырдың ауылында құл болып, одан кейін Құлыбектің қызын ұзатқанда қалыңмалға, Алтай болысындағы Атығайларға берілген. Қашып шыққанша, сол елде болған.

Таяуда Қарауыл деген жерден екі ат ұрлап мініп, Ресей бекіністеріне қарай сегіз күн жасырынып жүрген. Жолда ол қытай әскерлеріне кездесіп қалған. Қытайлар оның атын тартып

¹ Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 66-іс, 33-33 сырт., 34-34-сырт. Парақтар.

алып, өзі кәрі болғандықтан тастап кеткен. Сен бізге құлдыққа жарамайсың деген. Қытайлықтардан аман қалғаннан кейін екі күн жүріп, Ресейдің Шульба бекінісіне келген. Осы жерде Ресейдің бодандығына кіріп, бұрынғысынша өзінің Алтайдағы мекенінде тұрып жатпақ¹.

1766 жылғы сәуір айындағы Қытайдың құжатында Көкжарлы Барак батыр бастаған қазақ ауылдарының қыс қатты, қар қалың болуына байланыс-ты, жәйілім іздеп, Уржардағы Қытай шекарасынан өткені туралы айтылады:

1766 жылғы 29 сәуір

***Қытай жеріне рұқсатсыз мал жайған қазақтарды
жазалау жөнінде жарлықтан***

...Қазақ жерінде биыл қар қалың болып, Көкжарак (Көкжарлы Барак батыр) бастаған ауылдардың қытай жеріне жылысқанын, бұған тойтарыс беремін деп, Уржарда тұратын амбандар олардың мың қаралы жылқысын және мыңнан аса қойын айдап алған, деп Чанфу хабарлапты. Чанфу... қазақтардан қорыққаны даусыз. Қазақтардың айтқанына сене салуға болмайды. Уржар амбаны Удай да сенімсіздеу адам. Бұрын ол: «қазақтардың 500 түтіні Зайсан көліне өтіп; қудаласак та кетпеген соң, Қожабергенді үш күн ұстап отырдық; оған сөгіс айттық, 392 жылқы айып төлеттік; қазақтар қашып, көше жөнелгенде 325 жылқысы қалып қойды», деп жазған еді. Оның бұл хатын Әнтайға тексерткенмін. Бері өткен қазақтар қарсылық жасамапты, ал Удай Қожабергенді ұстап, олардың малын тартып алыпты.

...Ішкі жаққа өткен қазақтарды анықтап білген соң, қайта көшіріп жіберу керек. Қарсылық көрсетіп кетпей қойса – ру басыларын ұстап, тергесе болады; талауға мүлде болмайды... Удайдың алдыңғы мәліметі әлі шикілеу, әлде ол еңбек сіңірген болып көрініп, сый алмақ шығар... Мұны анықтау керек.... Анығын білген соң, қазақ ханы Абылай да бұл істен хабардар

¹ Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 114-іс, 403 бет.

етілісін¹.

И.Г. Андреев (31.1.1744 – 29.IV.1824) «Описание Средней орды Киргиз-Кайсаков» деген шығармасында Барак батырдың көрнекті тұлға болғанын атап өтеді. Андреев И.Г. 1776 жылдан 1793 жылға дейін капитан шенінде Семей бекінісінде қызмет атқарған. Одан кейін майор шенінде Омск бекінісінде жұмыс істеп, 1796 жылдан өмірінің аяғына дейін Семейде болды. И.Г. Андреев жоғарыда аталынған өте құнды еңбегінде Зайсан көлінен бастап Омск бекінісіне дейін Ертіс бойын мекендеген қазақтардың қоныстарын, адам және мал сандарын ғана көрсетіп қоймай, ру басшыларына, олардың тегіне де анықтама береді. Зерттеушілердің болжамы бойынша И.Г. Андреев Орта жүздің тарихының деректерін XVIII ғасырдың 80-шы жылдарында жинаса, 1790 жылы аяқтаған көрінеді: Найманның көкжарлы руы туралы И.Г. Андреев былай дейді: «Волость найман-кокъярлынская. Старшины в первой части оной-Мамай, во второй – знатного поколения в сей волости казаха² Карабарака сын Бустан». Үй саны 900; адам саны 3500-ге дейін. 18 мың жылқысы, 1000 түйесі, үш мыңдай ірі қарасы, 35 мың қойы бар. Қоныстары Ертіс бойында, Өскеменнен 30 шақырым жоғары жатыр³.

Абылай хан Қытай императорына елшілерін жіберген кезде жоңғарлардан босатылған жерлер бұрын қазақтың қоныстары, жайлаулары болғанын айтып, бұл жерлерді қазақтардың қайтадан мекендеуіне қысым көрсетпеуін өтінген:

1757 жылғы қыркүйек (шамамен)

Қытай әкімшілігінің

Абылай ханға жазған хатынан

Абылай, сендер шалғайда жатқан бөтен елсіңдер. Егер

¹ 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – Алматы, «Санат», 1998. – 70 бет.

² «Киргиз» деген сөз «қазақ» деген сөзбен ауыстырылынды.

³ Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Алматы, «Ғылым», 1988, 73 бет.

сендерге моңғолға жасағандай ішкі жасақ тәртібін қолдансақ, қысым көріп қаласындар. Демек, бұрынғы қоғамдық салт-жүйелерінде бола беріңдер... Елші жіберіп, патшаға сәлем беріп тұрсаңдар, рақым көресіңдер.

Ал, сенің елшің бізге жеткізген: «Тарбағатай тегінде біздің байырғы жайлауымыз еді, сол жерді патша бізге берсе» деген сөзге келсек, бұл жерлер жаңа ғана тыныштандырылған. Әлі иен жатқан өңір.

Патша, әсілі, ол жерді сендерге қиып бере салушы еді, бірақ сендер бізге еңбек сіңірген жоқсындар, ебін тауып ел болып алғансындар. Сондықтан, ол жерлерді сендерге сыйға бере салу мемлекеттің тәртібіне қиғаш келеді...

Сендер егер, бұрын айтқандай, Әмірсананы тұтқындап әкеліп беретін болсаңдар, онда ол жерлерді сендерге жарылқап беруге болады¹.

Тарих ғылымдарының докторлары Р.Б. Сулейменов, В.А. Моисеев бірігіп жазған «Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Аблая), 1988 жылы баспадан шыққан еңбектерінде, Россияның сыртқы істер архивінің деректерін қолдана отырып, (АВПР. Ф. Киргиз-Кайсацкие дела. Оп 122/2, 1762-1775 Д. 14. л. 271, об.; қазырғы кезде бұл құжаттар Ресейдің шетелдер архивінде сақталуда). Барак батырдың Цин империясын Богдыхан Цянь-Лунь «1736-1796 жж.) басқарып тұрған кезде Қытайдың шекарасын бұзғаның себептеріне былай тоқталады:

Шекарашылар мен қазақ малшыларының арасында кездейсоқ болып қалатын болымсыз шиеленістер кейде нағыз шайқасқа дейін барады. Мысалы, 1761 жылы күзде Циндер Барак батырдың мың жылқысын қуып әкеткен. Патша өкіметінің өкілдеріне, қазақтардың айтуынша, Барак батыр, қазақтарын жинап, тонаушылардың ізіне түсіп, оларды шекарада қуып жетеді және «наехав на Китайскую границу, разбили

¹ (Таузуң патшаның орда естеліктері, 548-т., 9-10 беттер. Жинақ 4-т., 1621-бет).

у них четыре редута, причем в тех редутах и лошадей несколько захватил и возвратился в свое ведомство. И оные китайцы приходили к нему, Бараку, пешие и требовали своих лошадей, только он Барак, им лошадей не отдал. В отместку за это летом 1762 г. Цинские стражники угнали у найманов свыше двух тысяч лошадей»¹.

Ресей деректері бойынша, 1758-1759 жылдары Қытай императоры Абылайға жіберген хатында оған өзінің ұлыстарымен «Алтай Тауын» мекендеуге ұсыныс жасаған, яғни, қазақтар, XVII ғасырда жоңғарлармен соғыста айырылып қалған өз мекеніне қайта оралған. Күлсары батыр 1760 жылы «Святой Петр» бекінісінің командирі полковник Линеманмен сөйлескен кезде, Абылай солтанның керей, уак-керей, найман болыстарының Алтайда және жоңғардан босатылған басқа да жерлерде көшіп-қонып, мекендегені жайында айтқан².

Барак батырдың Қырғыздармен болған соғысқа қатысуы

Мөлшермен, 1769 жылдан бастап қырғыздардың батыр Садыр бастаған қолы қазақ еліне шабуыл жасай бастайды. Осы шабуылдардан әсіресе семіз-найман, қоңыраттар (кунграт) қатты күйзеліске ұшырайды. Қоңырат тайпасынан шыққан қазақтың батыры Жауғаш Арқадағы Абылайдың ордасына келіп, қырғыздардың олармен көрші отырған қазақтарға тисіп, соққыға ұшыратқанын айтады. Абылай Жауғаш батырды қырғыздарға елші ретінде жіберіп, екі ел арасындағы қақтығысты тоқтатуды, бар сұрақтарды бейбіт жолмен шешуді ұсынады және Алатаудың жайылымы қырғызға да, қазаққа да жететінін ескертеді. Бірақ Садыр батыр ешкімді де тыңдамайтынын, тіпті Абылайдың өзімен соғысуға да тай-

¹ Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Аблая). Издательство «Наука», Каз ССР, Алма-Ата, 1988, с. 78.

² Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Көрсетілген шығарма. – Алма-Ата, 1988, 69 бет.

ынбайтынын да айтады ¹. Осындай хабарды алғаннан кейін Абылай қазақтың үш жүзінен қалың қол жинап, 1770 жылы Карабалта – Сукулук деген жерде қырғыздардың бұғы, арық, асық, солты тайпаларынан құрылған оң және сол қолдарын талқандайды. Осы соғыста қырғыздың атақты батыры, солты тайпасының көсемі Джаил екі ұлымен қазаға ұшырайды. Бұл соғыс «Джайл қырғыны» деп аталынса, ал соғыстың болған жері «Түйіскен» деп аталынады. Абылайдың қырғыздармен жасаған бітім шарты бойынша қырғыздар таудан Ілеге қарай және Іле жері қазақікі, ал Ыссық көлден Шуға дейінгі жер қырғыздардың қонысы болады.

Қырғыздардың ірі тайпаларының басшылары Абылайға аманат береді².

Ш. Уәлиханов қазақ пен қырғыз арасында болған соғыста Көкжал Барақ батырдың қатысқаны жөнінде біраз мәліметтер келтіреді: «Найманның сұлтаны Барақ (Кукджал) немесе анығырақ Көкжал Барақ, немесе Жалды-Барақ – нақтырақ: жалдылау немесе Көкжалды Барақ қырғыздарға шапқыншылық жасады. Ешқандай қарсылық кездестіргеннен соң, бақыттан даңдайсып, өзін бейғам ұстады және, күшіне панданып, қырғыздардың қасиетті Қошқар-ата зиратын қорлады. Оның қатыгездігіне ызаланған қырғыздар, жиналып, құпия келісіп, оның тұрағына түнде шабуыл жасады. Жеңілмейтін Барақ, ешқандай қарсылықсыз, тұрағын тастап, қаша жөнелді және оны Ілеге дейін қуды. Ойда-жоқта қашқанын, қырғыздар, қасиеттің болысқаны дейді. Қырғыздардың Барақты жеңгеніне байланысты өлеңінің үзіндісінде: «Қашан Жалды Барақ қашқан кезде, Қашан Байпақ-би өлген кезде», делінген³.

Т.И. Асанов «Қырғызско-казахские отношения и пограничные вопросы XVIII-XIX вв.» деген көлемді еңбегінде 1759 жылы

¹ Валиханов Ч. Песня об Албас. Собрание сочинений; в 5 т. – Алма-Ата, 1984, с. 267, 269.

² Валиханов Ч. Записки о киргизах. Т. 2., С. 77.

³ Валиханов Ч. Записки о киргизах. Т. 2. Алма-Ата, 1985, с. 78.

Қытай, қазақ пен қырғыз шекарасына, Іле өзенінің оң жағасына, әскери гарнизонын орналастырғаның, оның салдарынан, қазақ пен қырғыз арасындағы қатынас суықтап, шиленіске әкелгенін айтады. Оған бірнеше мысалдар келтірген. 1759 жылы Абулмамбет ханның ұлы Абулмешіт және Барақ (1750 жылы өлген – И.С.) ханның ұлы Ханбаба, жылқыларын қуып әкеткені үшін қырғыздарға шабуыл жасаған. Осындай қақтығыс 1760 жылында да орын алған¹.

Қырғыздардың тарихында Барақ батырдың Қошқар (Кокчор) даласында қырғыздармен соғысқаны жөнінде мәлімет келтірілген: Қаба – саяқ тайпасының көсемі Садыр батыр Таласқа қоныс ауып келгеннен соң, солты тайпасының Жайыл батырымен бірігіп, Таластың төменгі ағысын қоныстанған қазақтарды ығыстыра бастайды. Қақтығыстың барысында қазақтар бірнеше батырларынан айырылады, сол кезде Бердіқожа және Жабек батырлар Төлебиге келеді. Олар Абылай ханнан көмек сұрау үшін Әзіреттің (Азиреттин Каратоосу (Қаратаусуы атты жерге келіп, Абылайменен кездеседі. Абылайды көндіре алмағандықтан, батырлар найманның Көкжарлы Барағына келіп, одан көмек сұрайды². Батырлардың жәрдем беру жөніндегі өтінішін Көкжарлы Барақ үлкен ынта қойып тыңдап, оларға көмек беру үшін 1771 жылы қырғыздарға қарсы жорыққа аттанады. Бірақ Барақ Қошқар (Кочкор) алқабында қырғыздардан жеңіледі. Көкжарлы Барақтың аман қалған сарбаздарын қырғыздар Ілеге дейін қуып, Ұлы жүздің қонысына да тиеді. Қырғыз зерттеушілерінің айтуынша, қазақтың билері, Барақ жеңілгеннен кейін, Абылайға екінші рет сөз салуы мүмкін, – дейді.

Ш. Уәлиханов Барақтың қырғыздардан қашқаны жайында жазған, бірақ, оның қырғыздардың қолынан өлгені туралы емес: «Абылай, Барақ жеңілгеннен кейін, өш алу үшін,

¹ Джамгерчинов Б. Очерк политической истории Киргизии XIX века (первая половина). – Фрунзе, 1966, 16 бет.

² Солтоносов Б. Кызыл қырғыз тарихы. – I кітап, - Бишкек, 1993, 165 бет.

арғын, найман, үйсіннен тұратын күшті әскер жинап, Таластың жоғарғы айрығы Үш-Кошайдан өтіп, Құрынбелесте солты мен саяқтың біріккен ауылын талқандады. Қайтарында, қыруар байлық, қолға түскен тұтқындармен Шуға құятын Қызылсу, Шамші арқылы келе жатқанда, қырғыздардың сансыз, өте көп, оң және сол қанаттан тұратын әскерімен соғысып, оларды Абылай жеңеді. Ол оқиға Шу бойында, Ақсу және Қызтуғанның құйылысында болды»¹, – деп жазады Ш. Уәлиханов.

Қырғыз тарихшылары «Жайыл қырғының» 1770 жыл емес, 1774 жылы болды дейді. Жайылдың қызы Бегимжанның, әкесінің, бауырларының сүйегін сұрап келгенде айтқаны, деп Күршім ауданындағы Қалжыр ауылында тұратын Злиха Толыбаева мынандай өлеңнің шумағын келтіреді:

*Найзаның сабы қарағай,
Жекеге шыққан Бөгенбай
Одан да қалдың кек алмай
Жекеге шыққан Барағың
Одан да қапыда қалдың қарағым,
Көк бөрте атпен шабалмай
Ебіңді құдай неге алды-ай.*

Бұл шумақты Злиха апайдың ұлы Қанаттың үйінде Өскемен қаласында 1992 жылы 21 наурызда жазып алғанмын. Злиха апай тірі. Бегимжанның күйеуі Атеке батыр, «Жайыл қырғынынан» аман қалып, қырғыздардың ғалымдары айтуынша, 1796 жылы өмірден кеткен.

Барақ батырдың қырғыздардың қолынан емес, 1771 жылы Жоңғария жеріне Ырғыз, Торғай, Балхаш арқылы, қазақ жауынгерлерінің қыспағының нәтижесінде Алтайға бару бағытын өзгертіп², қырғыздың жері арқылы Абушы хан басқарған, қашқан Еділ қалмақтарымен соғыста, қырғыздың жерінде қаза тапты деген дерек те бар.

¹ Валиханов Ч. Записки о киргизах. Т. 2. Алма-Ата, 1985, 78 бет.

² Рычков Н. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. – Санкт-Петербург, 1772.

Ш. Уәлихановтың батыр Барақты найманның сұлтаны дегеніне көпшілік күмәнданады. Бірақ, мүмкін Барақтың әкесіне аттас – Шүрек, «Чюрак-бий» деген есімдер тарихи құжаттарда кездеседі. Қытайдың дерегінде 1756 жылы есімі Шүрек атты қазақты Қытайдың тұтқынға алып, Абылаймен жақсы екенін білгеннен соң жоңғардың ханы Әмірсананы ұстауға көмектесер деп, оны тұтқыннан босатқаны жөнінде сөз болады:

1756 жылғы 27 қыркүйек

Қытай генералы Дардананың мәлімдемесінен

«Біз бір мыңдықпен келе жатып Жарлы деген жерде жаудың екі мыңдай адамымен кездестік. Әскерлеріміз жауға қарсы ерлікпен шайқасып, 570 адамын өлтіріп, 11 адамын тірідей қолға түсірдік. Ал, оқ тиіп жарақат алғандары тіпті көп.

Оларды қуып Нұра деген жерге келгенде тағы да жаудың екі мыңдай адамын кездестірдік. Олармен аянбай айқасып, 340-тай адамын өлтірдік. Бүлікші Әмірсананың жайсаңы Жананбур сияқты он адамын қолға түсірдік. Қатаң тергеу барысында бұлардың Әмірсана мен Қожаберген бастаған топ екенін және үлкен әскердің тегеурініне төтеп бере алмаған Әмірсананың біздің адамдарымыз танымасын деп үстіндегі киімін ауыстырып, қашып кеткенін білдік. Қолға түскен Шүрек деген қазақтың айтуынша: ағайынды оларға Абылай қатты сенеді екен.

Олар: Әмірсананы ұстап беруге Абылайды иландыра аламыз деді. Бұрын тұтқын болған Шүрек деген қазақ та «ағайынды Шүрек, Аралбай дегендер Абылайдың өте сенімді адамдары» деген еді. Сондықтан, біз Аралбайды қосаққа алып келіп, Шүрекке тез аттанып, 15-күн ішінде Әмірсананы ұстап беруді Абылайға ұқтыр деп бұйырдық»¹.

Орыстың елшісі *Карл Миллер* 1739 жылы көкөк айында Орта жүздегі Барак сұлтанның қабылдауында болады, жиналған топтың ішінде мынандай адамдармен кездеседі: «... где были в

¹ Зарқын Тайшыбай құрастырған, көрсеткіштерін түзеген, түсініктерін жазған, қазақшаға аударған. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттармен мен материалдар. Астана баспасы, 2005, 221-ші бет.

собрании Средней Орды старшины Чюрак-бий, Казбек-бий и протчия бии и батыры»¹.

Айталық Бейбарыстың Шыңғысхан әулетіне ешқандай қатысы болған жоқ, монғолдармен соғысты, бірақ ол – «Солтан Бейбарыс» т.б.

Қытаймен сауда реттеудегі Көкжал Барақ немесе Қара Барақ батырдың ұсыныстары

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты XVIII ғасырдың ортасы – XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығында жүргізілінген Қазақ-Қытай қарым-қатынастары туралы көп томды, қомақты еңбек жазған. Бұл жұмыстарда Қытай Халық Республикасының мұрағатында (архивінде) сақталынған, Қазақ хандығы мен Цин империясының 1741-1828 жылдар аралығын қамтитын құжаттар терең зерттеліп, кең қолданылған.

Қазақ-қытай қарым-қатынастарын реттеуге, оның ішінде «жылқыға жібек айырбасы» саудасын қазақтың пайдасына шешуге Абылай хан, Әбілпейіз, Ханбаба сұлтандар, Қабанбай, Көкжал Барақ (Қара Барақ), Даулетбай, Қожаберген батырлар кірісіп, өз үлестерін қосып, айтарлықтай жұмыс атқарған көрінеді. Бұл жөнінде 2009 ж. «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары» атты кітапта, 1-ші томында жазылған. Көлемі 354 беттен тұратын кітапты құрастырған, Қытай деректемелерін аударған, кіріспесін, ескертулері мен түсіндірмелерін жазған Б. Еженханұлы.

Цин патшалығы, жоңғар хандығы жойылғаннан кейін, Қашқария жерінде өз құжырына бағындыруға кірісті. Осындай қауіпті тарихи оқиғалардың барысында қазақ мемлекеті

¹История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. VI том. Алматы, 2007, с. 46.

алпауыт империямен бетпе-бет келгеннен соң, онымен қарым-қатынастың бейбіт жолын іздей бастады. Цин армиясы жеңілген жоңғар колбасшыларының ізіне түсіп қазақ жеріне енген шақта Абылай алғашында оларға қарсылық көрсетті, кейінірек, қытаймен бітімге келіп, Цин өкілдеріне «сауда байланысын орнатсақ» деген ниетін білдірді және жоңғарлардан босатылған жерлер қазақтың ежелгі қонысы болатын, - деген ұғымды қытай патшасы Цяньлунға (1735-1795) дипломатиялық жолмен дәлелді жеткізіп отырды.

Абылай ханның Қытай императорына екі елдің арасында сауда қарым-қатынасын жолға қойсақ, - деген ұсынысы «Цяньлун жылнамасының 22 жылғы 7 айының «бин у» күнгі (1757 жылғы тамыз айының 30-ы күнгі) Цин патшалық орда естелігінде сақталған»¹, - дейді Б. Еженханұлы. Қытай Үрімжіні сауда орны етіп таңдады.

Қытай мемлекеті жанадан басып алған өңірлердегі билікті нығайту мақсатында сонда жіберілген ең жоғарғы лауазымды Іле цзянцзюнін (генерал-губернаторын), оның көмекшісі ретіндегі Тарбағатай (Шәуешек), Үрімжі, Қашқар және тағы басқа жерлердегі луктарды (амбандарды), тіпті Үрімжідегі қазақтармен арадағы «жылқыға жібек» саудасының ұйымдастырушысының өзін Цяньлун өзі тікелей тағайындаған. Оларға өзіне тікелей мәлімдеме жазып, сол өңірлердегі жағдайларды толық хабарлап тұруды тапсырған; өзі де сол ұлықтарға тиісті мәселелер туралы нұсқауын, бұйрығын жазба түрде жіберген. Қытай патшасы қытай мен қазақ арасындағы сауда жәрмеңкесін ұйымдастыруды, қазақтан жылқы сатып алу ісіне үлкен стратегиялық мән беріп, осы жұмысты Нусан есімді шенеунікке жүктейді. Ол, қазақ жерінің сырын жақсы білетін, Әмірсананың ізіне түскен қытай әскерінің қатарында болып, Абылаймен дипломатиялық деңгейде, неше мәртебе қытай

¹ Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. I том. Алматы «Дайк-Пресс», 2009. – 15-ші бет.

патшасының өкілетті елшісі болып, кездескен адам. Нусанның көмекшісі ретінде Цяньлун патша Юндені тағайындаған.

Қытай көршілес жатқан елдердің басқару жүйесі, жер көлемі, халқының этникалық, тайпалық құрамы, шаруашылығы, мінез-құлқы, салты жөнінде мәліметтер жинаған. Қазақ халқы мен оның жері де қытайдың назарын аударды. Мысалы, XVIII ғасырдың екінші жартысында Чуньюань Циши-и атты қаламгер қазақ жерінің кеңдігін, жан басы мен мал санының көптігін баяндай келе, қазақ батырларының жылқысы мен сиыры оң мыңнан асатынын, қойларына сан жетпейтінін, ал кедей дегендерінде жүздеген мал басы барын жазған. Чуньюаньнің айтуынша, қазақтар қытайдың фарфорын, шайын, түрлі-түсті маталарын, ұсақ алтын бедері бар торқасын ұнатқан.

Көкжал Барак Қалқаның орынбасары, Тарбағатай мен Борохожир бағыттарын бақылаушы Цедденжабпен сөйлескен кезде, Үрімжінің қазақ-қытай саудасына алыс, ыңғайсыздығын айтқан. Онымен қатар бір ай жол жүріп барғанда сатылатын жылқының құнының төмендігін және жылқыға айырбасталатын қытай маталарының сапасыздығын баса айтқан. Барак, сөз кезінде, көсеміміз Абылайға қытай-қазақ саудасы жөнінде Қытай патшасының атынан хат жолдауды сұрап, оны өзі жеткізетінін білдірген.

Цзянцзюнь Цедденжап Цяньлун патша қол қойған хатты Баракқа беріп, оның айтқан ұсыныстарын Цяньлунге жеткізген.

Қалқаның орынбасар цзянцзюнь Цедденжаптың жолдаған мәлідемесі. (Цяньлун жылнамасының 24 жылы кібісе 6 айдың 19 күні. – 1759 жылғы 11 тамыз).

Қазіргі қазақ тіліне аудармасы.

... біз, патшаның құлдары, Қара Барак қатарлыларға патшаның Үрімжідегі сауда жөніндегі жазып жіберген жарлығын оқып беріп едік, Қара Барак: «Былтыр, біздің Қабанбайымыз өзінің ұлы Едіге мен інісі Төметайға 50-ден астам адам қосып беріп, Үрімжідегі сауданың жағдайын бақылап келтізген. Сол

Едігелер қайтып келгеннен кейін бізге: «Біздің қазақ жерінен Үрімжіге бару үшін 1 айдай уақыт кетті, арадағы жол тым ұзақ екен. Оның үстіне, онда үлкен атқа 2 киім ғана шығатын 1 топ жаман торғын алмастырып алады екенсің» деп келді. Оны естіп біздің елдегі адамдардың барлығы Үрімжіге сауда істегісі келмей қалды. Біздің қазақтар анау-мынауды көп білмейді және табиғатынан емін-еркін жүруді ұнатады. Дегенмен, мен қайтып барғаннан кейін өз елімде тағы да үгіт жүргізіп, ондағы өз еркімен саудаға барғысы келетіндерді топтастырып сіздерге жіберейін. Қазір дәл жаз кезі, шыбын-шіркей көп, құба шөлден жүріп өту өте қиын. 7 айдан кейін ғана барып [мал айдап] жол жүруге болады. Қазақтарды Үрімжіге сауда жасауға барғызу мақсатында цзянцзюнь-амбан сіздер біздің Абылай сынды көсемдерімізге 1 дана хат жазып жіберулеріңізге болады. Ол хатты мен апарып беруіме болады. Хатты барша қазақ жұртына жеткізіп, елді оның мазмұнымен таныстырып, сол арқылы саудаға барғысы келген адамдарды топтастырып, сіздерге жібергізу керек» деді. Біз, патшаның құлдары (генерал-губернатор Цебенжабтың сөзі – И.С.), оған былай дедік: «Осыдан бұрын біздің Чжаохуэй есімді цзянцзюніміз сіздердің Абылай, Әбілпейіз, Хамбаба, Қабанбай, Қожаберген және Даулетбай қатарлы адамдарыңызбен ақылдасқаннан кейін барып Үрімжіде сауда базарын ашу жөнінде патшамызға мәлімдеме жазған. Былтыр патшамыз ол істі құптаған соң Үрімжіге көп мөлшерде тауар апарылып, базар ашылған. Алдыңғы жолы сіздердің Қабанбайларыңыз ұлы Едіге мен інісі Төметайды Үрімжіге жіберіп, сауда жасатып қайтқаннан кейін, [біздің цзянцзюніміз] тағы бір рет патшаға мәлімдеме жазып, сауда базарын ашу ісін қайтадан бекіткізді. Мұндай жағдайда сіздер патшаның бұйрығына құлақ асып, Үрімжіге көп-көп мал айдап барып саудаласуларыңыз жөн болар, сонда ғана сіздер елдің алдында сенімдеріңізден айырылмайсыздар да, біздің патшамыз да одан әрі риза болып, сіздер, қазақтарға қамқорлығын көрсетеді.

Осылай болса сіздер, қазақтарға пайда емес пе!». Сөйтіп біз сол айтқанымызды тот жазуымен (моңғол жазуымен – сілтеме бойынша) хатқа жазып, ол хатты Қара Бараққа тапсырып жібердік. Біз патшаның құлдары, былай деп ойлаймыз: «Қазақтардың барлығы пайданы ғана көздеп, басқаны білмейтін адамдар. Біздің ойымызша, осы жолы егер олар Үрімжіге саудаға барса, онда патша ағзам, сіз, Нусан қатарлыларға бұйрық түсіріп, барғандарға бұрынғыдан біраз пайда қосып бергізсеңіз. Бұлар пайда көру үшін арт-артынан келіп сауда жасауы мүмкін.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлун жылнамасының 24 жылы 7-ші айдың 15 күні Цяньлун патша қызыл сиялы қылқаламмен мынадай бұрыштама жазды: «Бұл туралы бұйрық жазылған. Солай атқарылсын».

12-айдың 14-күні

[Мәлімдеме жазушылар] Цебденжап, Фулу, Чинухун, Цемчукжаб, Улден¹.

Қытай мен қазақ арасындағы жылқы саудасын реттеу жөніндегі Барақтың және басқа да қазақ қайраткерлерінің ұсынысы Цин патшалығына ой салды. Қазақ саудасына Үрімжінің шалғай болғандығынан Іле жерінде – Құлжада, Тарбағатайда – Шәуешекте сауда жәрмеңкелері ашылды. Қазақпен жүргізіліп жатқан жылқы саудасы жөнінде Цяньлун өз адамдарына берген нұсқауында: қазақтарға пайда көрсетпеймін десең, осыдан былай олар келмей қала ма деп те алаңдайсын. Сондықтан біздің амбандарымыз бұл істерді кеңірек ойластырып барып, мұқият атқарғандары жөн, деп тұжырым жасаған.

Айырбастың эквиваленті қытайдың күміс акшасы болды. 1762 жылғы мәлімет бойынша, ірі, күйлі бірінші дәрежелі аттың құны 4 сәрі 7 мысқал күміс акшаға бағаланса, күйі ор-

¹Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. I том. Алматы «Дайк-Пресс», 2009. – 60-61 беттер.

таша тұрқы қарапайым келген екінші дәрежелі ат – 3 сәрі 6-7 мысқал, ал үшінші дәрежелі жылқы – 2 сәрі 5-7 мысқалға сатып алынды.

Көкжал Барақ батыр қазақтың ауыз әдебиетінде

Бәдел (Бәделқожа) Тұрсынбаев (1905-1967) Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы Батпақтыбұлақ ауылында 1905 жылы туған. Қазан төңкерісінен кейін сауатын ашқан. Бәдел 1926-1930 жылдары ауылдық кеңестің хатшысы қызметін атқарған. 1930 жылдан бастап ол ауыл тілшісі ретінде Семей облыстық «Екпінді» газетінің бетінде мақалалар, өлең, әңгімелерін жариялай бастайды. 1935 жылы Алматыдағы журналистика институтын бітіргеннен кейін өмірінің ақырына дейін мектептерде мұғалім, директор болып ұстаздық еңбек атқарады. Ұстаз-жазушы, ақын балаларға арнап: «Айнымас достар», «Не қымбат», «Етікші бала» сияқты повестер, әңгімелер жазып, «Базар батыр», «Сұр мерген», «Көңілді балалық» атты өлең жинақтарын шығарады.

Бәдел ағаны, мөлшермен алты жасымда көрдім. Ол Пригорное селосынан көктемде Күршім өзенінен қайықпен өтіп, мөшек жүгімен Қызылтас ауылына келгенде біздің үйге қонды. Бәдел ақ құба, сары десе де болады, орта бойлы тығыршықтай толық кісі еді. Отан соғысынан жуықта оралған кезі болар, бас киімінде қызыл жұлдыз таңбасы болды. Сүйегі таз болғандықтан ол маған нағашы екен. Не қалайсың, - деп сұрағанда, маған бөркіне таккан қызыл жұлдызы ұнады. Шешей, нағашыңнан қомақты нәрсе сұрасаңшы дегеніне мен көнбедім. Бәдел аға қызыл жұлдызын маған бергеннен соң, мен оны түлкінің терісінен тігілген қызыл мен көк матамен көмкерілген құлақшынымның мандайына қуана-қуана қададым. Ол қуаныш әлі есімде. Бәдел ағаның ауылы да Күршім өзенінің төменгі ағысының оң жағында, Топтеректе немесе Сәтжолда болды.

Бүкіл Қазақстанға белгілі болған Күршімдік ақын, жазу-

шы, Ұлы Отан соғысына қатысқан Бәделқожа Тұрсынбаев батыр Барақ бабамыз жайындағы ел аузында жүрген аңыз-әңгімелерді жинақтап, солардың негізінде «Көкжал Барақ» атты дастан жазған. Өкінішке орай, кертартпа заманға байланысты бұл шығарма толығымен баспа бетінде жарық көрген жоқ. 95 беттен тұратын шығарма арап әрпімен жазылған. Бұл шығарманың үзіндісі кириллица әрпімен дәптерге көк сиямен жазылған, кейбір жері сызылған. Автордың фамилиясы қара қарындашпен Тұрсынбаев, – деп, ал шығарма «Барақ батыр» қызыл қарындашпен жазылынған. Қол жазбаның үзіндісі 1945 жылы Күршімнің «Социалистік Еңбек» деген аудандық газет бетінен жарық көрген. Ол туралы дәптерде мынандай белгі бар: №6 1945. Барақ Батыр. Бәдел Тұрсунбаев. Газеттің аты қара қарындашпен жазылынған. Мен 2006 жылы 30 қаңтар – 2-ші ақпан күндері Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының (ҚР ҰҒА) Орталық ғылыми кітапханасының қорына тапсырылған «Барақ батыр, Абылай» деген нұсқасымен, үзіндісімен де танысып, олардың арапша жазылған нұсқасының көшірмесін түсіріп, үзіндісін қолмен көшіріп алдым. 2003 жылы филология ғылымдарының кандидаты Рахымбаева Г.Қ. «Шығыс Қазақстан өңіріндегі тарихи жырлар» атты оқу құралында Бәделқожа Тұрсынбаевтың «Барақ батыр, Абылай» жырын 38 бет көлемінде шығарды. Бұл шығарманың үзінділері «Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары «тарих, мәдениет, білім) атты кітапта «Шығыс Қазақстан өңірінің тарихи жырлары» атты бөлімінде бар. Бөлімді жазған Гауһар Қинаятқызы Рахымбаева¹.

Бәделқожа Тұрсынбаевтың дастаны қалмақ пен қазақтың Алтай жері үшін күресінен басталады.

Тұрсынбаевтың дастанында көп жылдар өткеннен кейін қазақтардың Ертістен өтіп Алтайға, Ертістің жоғарғы ағысына қайта серпіліп оралғанын, жоңғарларды жеңгенін, қалмақтармен

¹ Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары. Өскемен, 2006 жыл, 235-288 беттер.

соғыста қазақ зиялыларының бір ауыздығын, Күршім өлкесін азат етуде батыр Барақтың ролін, ұйымдастырушылық қабілетін, қалмақтың Күрсін, Доланқара батырларын жекпе-жекте батыр Барақтың өлтіргенін дәйекті, тиянақты көрсеткен:

Батырлар тартты шерікті.

Бастаған Барақ батырлар

Ертіске жақын келіпті.

Қазақтың қалың шерігін

Қалмақтар да көріпті.

Барақ айтты:

Найзаны қолға алындар.

Тәуекелге бел байлап,

Ертіске атты салыңдар

Ажал келсе өлерміз,

Абырой берсе бұл жауды

Талқан қылып жеңерміз.

Ата қоныс Алтайды

Зорлық қып басып алғанға

Қалмаққа қайтып берерміз.

Жерсіз қалсақ бәрібір

Тірі күнде азапты

Жұтшылықтан көрерміз.

Алдында айғай салып Барақ кетті,

Жағаға барлық шерік келіп жетті.

Бұдан біздің қайсымыз аяулы деп,

Ертіске қалың қазақ түсіп кетті.

Қалмақтар өткізбеуге садақ тартты,

Садақтың оғы қарша борап жатты.

Ажалды суға кетті, оққа ұшты,

Үш есенің екісі судан өтті.

Судан өтіп қалмақпен араласты,

Танаи батыр атына қамшы басты.

Ер Танаи, Ер Жәнібек, батыр Барақ

*Ақырып арыстандай жауға айқасты.
Ерлердің қылышынан қан тамшылап
Қылыштап жаудың қанын судай шашты.*

*Тұрсынбаев Барақтың сөзімен Алтайдың жерін
суреттейді.*

*Өрлеп келіп Алтайға
Іздеп тапты ер Барақ.
Барлыбайдың биігін
Айлана қарап көреді,
Құзғынды мен Жайдақтай
Шүйгін жердің сауырын.
Шаршағанда дем берген,
Алтайдың жері асыл ед
Тасы алтын, суы күмістей,
Көгорай шалғын шүліштей,
Басын шайқап ойланып,
Туған жерді қалмаққа
Қайтып қиып бересін?
Басқа түссе бейнетті,
Қайтсеңдағы көресің.
Ажал жетсе бір күні
Өзіңнен өзің өлесің.
Іздесем қайдан табармын
Алтайдай жердің төресін?
Анау жатқан Ертіс пен
Тарбағатай, Маңырақ,
Алтай, Сауыр арасы
Айқасып жатыр аңырап,
Шулап жатқан көп байлық
Мен мұндалап маңырап,
Сұлушоқы, Қушоқы
Құзғынды, Жайдақ, Бұланды
Қасқабие, Балақазы Кесік пен*

Алдымда тұрсың көрініп.
Ойтерек пен Шыбынды
Шөбі шүйгін, малға жсай
Жау қолында жер кетер,
Жер кеткен соң ел кетер.
Кейінгі балам ержетер
Оны да жау еңіретер.
Ажал келсе дүние өтер,
Өлмесем тірі нем кетер –
Деді-дағы ер Барақ
Мініп алды атына.
Қайрат берді айғайлап
Артағы қазақ халқына.
Жерін көріп тыңайып,
Түсті қайтып салтына.
Сауыт-сайман жарқылдап
Төбінгісі сартылдап,
Көлденеңдеп жөнелді
Жауға таман жарқ ұра.
Танаиқа ерген біршерік
Алтайды жондап кетеді.
Бараққа ерген бір шерік
«Бел басар», - деп Алтайдың
Ортасынан өтеді.
Абылай арыс жолбасшы,
Бірнеше батыр қасында
Олар да келіп жетеді.
Ер Жәнібек, Қабанбай,
Екі жағын Ертістің
Жағалай шауып кетеді.
Бәрінен де бұлардан
Барақтың жолы төте еді.
Күрсін батыр күркіреп,

Шеру тартып дүркіреп,
Жауынды күндей сіркіреп,
Қайғы басып қабағын
Қырғызып талай адамын
Қырсығынан жараның
Баса алмай келеді қадамын.
Барақ тағы ойлайды
Жауға алдырмас қамалын.
Алтайдың көп кезеңі
Ортасында өзені
Қалмақтың Күрсін батыры
Сол өзеннен өткенде,
Атақты Көкжсал Барақ та
Жетіп қалды қабаққа.
Атағы асқан батырлар,
Жау қолында өлем деп,
Қысылып сасып қарап па?
Күрсін батыр ақырад,
Жоқты сөйлеп шатылад.
Көкжсал Барақ сен болсаң
Жеке кел деп шақырад,
Қарауыз атты керілтін
Оқтай Барақ атылад.
Найзасын тығып батырад,
Күрсін қалмақ ұмтылып,
Бараққа қарап ақырад.
Батыр қалмақ ашынып,
Найза тиген жерінен
Қанды көбік шапшылып,
Жақындап келіп Бараққа
Қылышын сілтеп шабады.
Ат үстінен алысып,
Келтірмей тұр шаманы.

Тыңдамай қалмақ барады
Денедегі жараны.
Барақ батыр сол кезде
Аттан түсе қалады.
Ат үстінен қалмақтың
Жағасынан алады.
Аттан жерге түсісіп,
Жаяу ұрыс салады.
Екі батыр тұрған жер
Тізеден келген қан болды.
Қалың шерік анталап,
Өзеннің іші шаң болды.
Батырын қалмақтың ала алмай
Аялдап біраз қалғаны
Бараққа қатты ар болды.
Жағаласып белдескен,
Өлісуге кел дескен,
Қанды өлімнің үстінде
Бірін-бірі дендескен.
Бір мезгілде Барақ ер,
Көзі оттай жаныпты.
Қынаптан қылыш суырып,
Күрсін батыр қалмақты,
Шекеден дәлдеп салыпты,
Қатты тиген қылыштан,
Күрсін батыр талыпты.
Сол өзеннің ішінде,
Күрсін атты батырдың,
Басын кесіп алыпты.
Өзенде қалып өлігі,
Ат қойлып өзенге,
Күрсін болып қалыпты.
Өзгеріліп өңейген,

Арнасы өсіп, кеңейген,
Қазіргі Күршім сол өзен.
Таусылмас суы мол өзен.
Сол өзеннің ішінде
Қалың ұрыс басталды,
Талай бастар кесіліп,
Азынды суға тасталды.
Аямай қырып шауып жүр,
Кәрілерді, жастарды.
Қазақтың қалың шерігін,
Барақ өзі басқарды.
Қалың қолын қалмақтың
Күршімнен ары өткізді.
Долаңқара, Арқауыл
Қырқасына жеткізді.
Барақтың қалың шерігі
Осы таудан тосылды.
Соғысқан жерден қызыл қан,
Судай болып жосылды.
Артынан келіп қалмаққа
Бірнеше шерік қосылды.
Долаңқара, Арқаул
Екі батыр бас болып,
Екі шерік келеді.
Шерігімен Барақтың
Ұрыс сала береді.
Екі таудың арасы,
Долаңқара саласы
Қысылшаң қиын жер еді
Мінген Барақ кер еді,
Шығар жер өр еді.

Қиын жағдайда Бараққа Абылай бастаған сарбаздар келеді.

Қайғы басып тұрғанда
Арыстандай ақырып,
Алыстан шыққан дауысы
Күндей болып күркіреп,
Абылайлап ат қойған
Қалың қолды көреді.
... Ақ туын алып Абылай
Ақ боз ат пен келеді.
Қысылып тұрған Барақты
Алыстан болжап көреді.

Барақ жекпе-жекте Долаңқараны жеңеді.

Долаңқара батырдың
Кеңірдегі қабысты.
Тынысы сонда тарылды
Дауысынан шыңғырған
Жеті қат көк жарылды.
Бұрқыратты аузынан
Қанды көбік жалынды.
Кеңірдек кетті жұлынып,
Батыр қалмақ құлады.
Дәл сол кезде ер Барақ
Алладан дәрмен сұрады.
Алып ұрып үстінде
Шүкір қып хакка тұрады.
Жау шерігі төгілді
Қабырғасы сөгілді.
Долаңқара батырдың,
Барақ батыр үстінде
Тау басында отырған
Қаршығадай көрінді!

¹ Тұрсынбаев Б. Дәптер. 21 бет. Сәбетқазы Ақатай. «Келіпті Көкжарлыдан Көкжал Барақ», «Рауан», 8 қыркүйек 1992

Бұл соғыста қалмақтар

Қаза тауып ұтылды.

*Ер Жәнібек қалмақтың Арқауыл, оның інісі Сун және
Толағай батырларын өлтіреді.*

Ер Жәнібек сыбанып,

Қырандай түлеп сыланып,

Арқауылмен алысып,

Асыл қылыш шабысып,

Дұшпан жауын өлтіріп,

Істі орнына келтіріп,

Тасып тұрған кезі екен.

Ер Жәнібек пен Толағайдың шайқасы:

Толағай толықсып аттан құлады.

Басын кесіп алады,

Кеудесі бөлек қалады.

Басы қалды батырдың

Толағай тауы басында

Абылайдың басқаруымен Барақ батыр қазақтың батырларымен бірге: Бөгенбай, Жәнібек, Танап, Қабанбай, Дәулетбай, Шоң, Сырлыбай т.б. үзеңгілес болып, Маңырақ, Сайқан, Сауыр, Тарбағатай, Қалба жеріндегі шайқастарға қатысып, бұл жерлерді қалмақтардан босатқандардың бірі.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде жүз томдық «Бабалар сөзі» атты кітап сериялары «Фолиант» баспасынан шығуда. Осы кітаптардың 60-шы томында Көкжарлы Барақ батыр мен Абылайханға арналған тарихи жыр жарық көрген¹. Сараптамашы С.Сәкенов жырға анықтама беріп, дерек көзін көрсеткен: «Көкжарлы Барақ батыр» жырының мәтіні Орталық ғылыми кітапхананың Қолжазба қорында 744 бумада сақталған «Барақ батыр, Абы-

¹ Көкжарлы Барақ батыр. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2010. Т.60. Тарихи жырлар. – 122-187 беттер.

лай» деп аталатын бір ғана қолжазба түрінде жеткен.

Біздің пайымдауымызша, бұл жырға XVIII ғасырдың жетпісінші жылдарының басында орын алған тарихи оқиғалар негіз болған. Бұндай қорытынды жасауға жыр оқиғаларының басталуына түрткі болған жағдайдың:

*Барақ батыр, Қабанбай
Қырғыз асып кетіпті.
«Батырлар жоқ» деген соң,
Қазақты қалмақ басынып,
Алтайға қарай өтіпті,*

- деп баяндалуы негіз береді.

Тарихи деректер XVII ғасырдың жетпісінші жылдарының бас кезінде қазақ халқы шынында да қазақтар әуелі қырғыздармен, одан кейін қалмақтармен әскери қақтығыстығы басынан кешіргенін айғақтайды»¹. Осы 60-шы томның «мәтіндерде кездесетін тарихи есімдер» деген анықтамада былай жазылған: **Барақ (Көкжал) батыр Шүрекеұлы** (Шүрекеұлы – И.С.) (шамамен XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың ортасы²) – батыр. Найман тайпасының ергенекті-көкжарлы руынан. «Көкжал Барақ» деген атпен бүкіл қазаққа белгілі болған тарихи тұлға. Көкжал атануына орай жорамалдар көп. Алайда бұл атау қайсарлығы, ерлігі үшін берілгені анық. Ертістің оң жағалауынан Алтай тауларына қарай кететін кең алқанты қалмақтардан тазартуға қатысқан. Алакөл жағалауы, Шыңғыстау, Тарбағатай баурайында жоңғарларға қарсы ұрыстарда ерлігімен көзге түскен. Барақ Жайыл қырғынында 69 жасында опат болған³.

Көкжал Барақ батырға арналған жырда Алтай жері қазақтың ең бір бай, шұрайлы мекені екенін, жоңғар шапқыншылығына

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 405-406 беттер.

² XVIII ғасырдың 70-ші жылдары. – И.С.

³ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 420-421 беттер.

дейін халықтың тұрмысының жақсы болғанын, жастардың өз халқының әдет-ғұрпын сақтаған көңілді өмірін Барлыбай мен бойжеткен Айсұлудың бірін-бірі мәңгілікке сүйгені бойынша бейнелейді. Жоңғарлар қазақ жеріне шапқыншылық жасағанда қазақ-қырғыз арасындағы соғыс кезінде батырлардың қырғыз жеріне жорыққа аттанғанын пайдаланып, қазақты Алтай-Тарбағатай ескі мекенінен қуғанын, халықты қырғанын көрсетеді. Барлыбайдың жасы 15-16-да болса да, елі үшін, жері үшін қалмақтармен аянбай соғысқаны, жанын пида етіп, батырға тән, қаптаған жаумен ерлікпен күрескені жырланады¹:

*Адам үшін байлыққа
Алтайдан жер озбаған,
Сары алтыны сарқылмай,
Сағасынан қайнаған.
Сынаптай суы мөлтілдеп,
Айнадай болып жарқылдап,
Көлдері жатыр көлкілдеп.
... Өзендері сарқырап,
Құландары арқырап,
Қойнынан жатыр төгіліп
Алтын-күміс жарқырап.
Етекпен көшіп, Алтайға
Қазақ барып қоныпты,
Мекен қылған Алтайда,
Өріске малы толыпты.
Шайлығын майдан жүре алмай,
Талай көлік зорықты.
Алтайға қалмақ қызығып,
Шерік тартып, қазақпен
Соғыснақшы болыпты.
... Доланқара, Арқауыл,*

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 124-127 беттер.

Қарасеңгір, Бөгенбай –
Ағайынды төрт қалмақ,
Алтайды күшпен алмаққа,
Қазақтың байтақ жеріне
Ойран-ұрыс салмаққа
Жасасқан қатты серт қалмақ.
Осы кезде жолаушы
Қабанбай, Барақ кетіпті.
Ертістен ары бел асып,
Қызылсу, Шардан жол асып,
Барақ батыр, Қабанбай
Қырғыз асып кетіпті.
«Батырлар жоқ» деген соң,
Қазақты қалмақ басынып,
Алтайға қарай өтіпті.
... Жасанып келген қалмақтан
Қазақтар да қашыпты.
Талайы қырғын табады,
Қалың қолды қалмақтар
Алтайға әкеп жабады.
«Қырғызға бірге барам», - деп,
Сұрағанда рұқсат,
Барақ батыр бермеген:
– Жасың биыл он бесте.
Дұрыс болмас қарағым,
Жастау қылыш сермеген.
Ағаның айтқан сөзіне
Жарамас-ты көнбеген.

Көш кезінде Барлыбай Айсұлу деген сұлу қызды көреді.
Айсұлуға да Барлыбай ұнайды. Айсұлу жеңгесі Жамал арқылы
Барлыбаймен танысып, бір-бірін сүйіп, теңін табады:

Он бес жаста Барлыбай,
Қалыңдық ойнап жүр еді.

Осы кезде «Жау келді елдің шетіне», - деген хабар тарайды.
Суық хабарды естісімен, Барлыбай, қайраттанып¹:

*Қаракөкпенен заулады,
Қисайып қана аумады.
Суырып қылыш бұлғады,
Садақ тартып толғады.
Түлеп ұшқан жас берен
Ел мен жерді қорғады.
Қалың қалмақ қаптады,
Алтайдың жонын таптады.
Қазақты бала құрады,
«Көкжал Барақ» – ұраны
Бес мың шерік қазақтан
Қалмаққа қарсы тұрады.
Еселеп қалмақ келеді,
Ұрыс сала береді.
Қан майданның үстінде
Талай адам өледі.
Қалмақ қырғын табады,
Екпінінен баланың
Қалмақ естен танады.*

Шайқас кезінде жаралы болған он алты жасар Барлыбай көп қалмақтың коршауына түседі:

*Қалмақтар да жақындап,
Келе жатыр анталап.
Кейбірі жыра, бұтаны,
Кия жерді қалқалап.
Сонда да жас Барлыбай
Қаймығып одан саспады,
«Жалғызбын» деп қашпады,
Қалмақтар сұмдық бастады.*

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 133-135 беттер.

Айналасын қоршап ап,
Барлыбай сынды батырды
Ортаға жалғыз тастады.
Оғы бітіп садақтан,
Барлыбай мерген налыды.
Тура келген ажалдың
Құтқармасын таныды.
Қабанбай мен Барақты
Сонда есіне алады:
«Жалындаған жас едім,
Қабекем, Барақ жоғында
Жас та болсам, бас едім.
Бір күнде мен жау тілеп,
Қайратыма мас едім.
Қысылғанда қолдай көр,
Қабанбай, Барақ батырым,
Көрдім-ау дүние қапылын!
Қысылшаң күнде болмады
Көмек берер жақыным».
... Жан ұшырып Барлыбай
Қолына қылыш алады.
Кез келгенін қалмақтың
Оңды-солды шабады.
Қалмақтар да найзаны
Жан-жағынан салады.
Қарасеңгір, Бөгенбай,
Доланқара, Арқауыл,
Мыңдаған қалмақ жабылды,
Жүрегі бала қабынды.
Көк бесті атқа оқ тиіп,
Бауырынан қан сиіп,
Жаяулап бала жүреді,
Ұрыс сала береді.

*Шығындатты көп жауды
Қазақтың жас берені,
Ортаға алып баланы,
Найзамен қалмақ іреді.
... Үйде жатқан Айсұлу
Түсінен шошып оянды.
Аттай тулап жүрегі
Айсұлу сонда зарлайды,
Көзінен жас парлайды.
Жеңгесіне жалынды:
– Барлыбайды іздеп барайын,
Ат алдырып беріңіз,
Айналайын, жеңеше-ау!
Көз жасымды көріңіз,
Ешкімге айта көрмеңіз.*

Айсұлу Барлыбайды тауып алады¹:

*Көзін ашып Барлыбай,
Айсұлуға қарады.
Жан беруге айналып,
Хәлі бітіп барады.
Ерні әзер жыбырлап,
Даусы шықпай сыбырлап,
Нашарлады, хал бітті.
Кірпігі зорға қимылдап,
Денесінде сау жер жоқ
Қылыш, найза тимеген.
Ел мен жердің қамы үшін
Қандай ерлер күймеген.
Қойғызды қолдан Айсұлу,
Дәл биіктің үстіне
Қабірін қазып, үйгізген.*

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 139-140 беттер.

Барлыбайдың артынан
Ауру болды Айсұлу,
Ақша жүзі сарғайып,
Басқа адамды сүймеген.
Айсұлу зарлап кетеді
Көп кешікпей дүниеден.
Ажал жетті, өмірден
Айсұлу жас қайтады.
«Қасына қой, - деп, - Барлыбай,»
Өсиет қылып айтады.
Барлыбайдың үстінде
Екі жастың моласы.
Мекен болды халыққа
Барлыбай¹ тау саласы.
Барлыбайдың биігін
Көрген сайын еске алар
Көкжарлының баласы.
... Қазақ, қалмақ Алтайда
Жеке ұрыс салыпты.
Талай жерін Алтайдың
Қаратып қалмақ алыпты.
Тиянақты тұра алмай,
Сүйікті жері Алтайдан
Сонда қазақ ауыпты.
... Қырғын тауып қазақтар,
Алтайдан сырғып етекке,
Ертістен де өтеді.
Алдыңғы қазақ сол кезде
Қызылсу, Шарға жетеді.
Тогытылып Ертіске
Бірнеше адам кетеді.
Дәурен сүріп Алтайда,

¹ Барлыбай Күршім ауданының Алтайдағы жайлауы.

*Басып алған қалмақтар
Арманына жетеді.*

Қырғыз жорығында жүрген батырлар «елге жау шапты» деген хабарды алып, кері қайтады. Арада бірнеше жыл өтеді:

*Барақ батыр сол кезде
Абылайға шаптырып,
Ақыл қып, кісі салады.
Бірнеше айдың ішінде
Абылайдан хабар алады.
«Асықпа, батыр, барамыз,
Қайтсең же, шыда, мені тос,
Кешікпей мен де барамын».*

Көкжал Барақ «Абылайды көп уақыт тостық, келмеді», - деп, шыдамсызданып, қалмақтармен соғысуға бел байлайды¹:

*Керауз ат тұр тықыршып
Тұлпар мүсін сүретті.
Барақ батыр ашуы
Кеудесіне симайды.
Қалмақтан кек алуға
Батырларды жинайды.
Барақ тұрып ал сонда
Деді: «Абылай келмеді.
Арыстаным Абылай,
Екі айтуға жән бе еді?!
Енді сізді тосуға
Ыза шіркін көнбеді.
Тұқымдай жерге тығылып
Қысылып болды ел, деді.
Абылайды көп тостық,
Тоқтамай енді жігіттер,*

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 142-144 беттер.

Жауға аттанған жөн, - деді.
Барақ батыр мен болсам,
Қабанбай батыр сен, - деді.
Әруақты Дәулетбай,
Ақылды туған Қазыбек,
Артық туған Жәнібек,
Алатын қыран секілді
Танаи батыр кел, - деді.
Толғауы тоқсан Толыбай
Арттан ерген халыққа,
Жас та болса, бел, - деді.
Әй, Абылай, Абылай!
Әруағың себеп боп,
Жолды қылшы, бір Құдай!
Қоныс алып берейін
Тірлігімде жұртыма-ай!
Қалмақты қуып, Алтайдың
Шығарайын сыртына-ай!
Қабанбай мен Дәулетбай,
Сол қанатын Ертістің
Қуалай соғыс ашарсың.
Жан аямай қимылдап,
Тарбағатай тауларын
Қайтадан алып, басарсың.
Толғауы тоқсан Толыбай,
Осыдан тұра кетерсің,
Сол кеткеннен қырқалап,
Ертістен ары өтерсің.
Мінер жаққа бұрылып,
Алтайға таман жүйткісең,
Ата қоныс жеріңе
Сонда барып жетерсің».

Бағырлар бастаған қазақ әскерінің Ертістен өтіп,
қалмақтарды қуғаны жырланады¹:

*Батырларға төзе алмай,
Қалмақтар сонда қашады.
Барақ айтты ал сонда:
– Бас қосатын бәріміз
Қара Ертістің мойыны,
Бөгенбай, Сауыр арасы –
Екі таудың қойыны.
Жондап Барақ кетеді,
Бірнеше белден өтеді.
Жүрген жерде қалмақты
Түйреп қырғын етеді,
Қойдай қырғын етеді.
Қазақтан да көп адам
Қаза тауып кетеді.
Көзін салып Барақ ер,
Алыстан қарап төнеді,
Барлыбай тауын көреді.
Барлыбай түсіп есіне,
Көзіне жас алады.
Өртеді бауыр өзегін,
От боп, күйіп-жанады.
Бауырына қайғырып,
Барақ естен танады.
– Қарағым менің – Барлыбай,
Қаза таптың қалмақтан.
Өзім жоқта елімді
Дінсіз қалмақ зарлатқан.
Барлыбай – менің Шолпаным,
Арманына жете алмай,*

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 145-146 беттер.

*Жас кетті зой сұлтаным.
Еңіреп, боздап ер Барақ,
Қабырғасы қайысты,
Қара шашақ найзасы
Салмағына майысты.*

Көкжал Барақ батыр жоңғардың Доланқара батырын жекпе-жекте жеңгеннен кейін Абылай (1711-1781) Барақты жанына шақырады¹:

*Дәл сол кезде Абылай
Көрді дағы Барақты,
Өз қасына шақырды.
Жақын көріп жүрегі
Барақ сынды батырды.
– Бақытың өссін, Барағым.
Үлкен іске жарадың!
Қойып едім тегінде
«Көкжал Барақ» атыңды.
Болмайды енді арманым,
Көзі тоймас пенденің.
Абырой болды қазаққа
Доланқара батырдың
Басын кесіп алғаның.
Дұрыс болды қалмақты
Қайғыға үлкен салғаның.*

Алтайдың жерін калмақтардан босатқаннан кейін Абылай Барақ батырға келесі жорықтың жоспарын айтады²:

*Абылай сонда шақырды
Барақ сынды серікті.
– Көкжал Барақ, сөз тыңда,
Ойнап келген жоқ едік
Еріккеннен біз мұнда.*

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – Б. 161.

² Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 172-174 беттер.

Батырлар бастаған қазақ әскерінің Ертістен өтіп, қалмақтарды қуғаны жырланады¹:

*Батырларға төзе алмай,
Қалмақтар сонда қашады.
Барақ айтты ал сонда:
– Бас қосатын бәріміз
Қара Ертістің мойыны,
Бөгенбай, Сауыр арасы –
Екі таудың қойыны.
Жондап Барақ кетеді,
Бірнеше белден өтеді.
Жүрген жерде қалмақты
Түйреп қырғын етеді,
Қойдай қырғын етеді.
Қазақтан да көп адам
Қаза тауып кетеді.
Көзін салып Барақ ер,
Алыстан қарап төнеді,
Барлыбай тауын көреді.
Барлыбай түсіп есіне,
Көзіне жас алады.
Өртеді бауыр өзегін,
От боп, күйіп-жанады.
Бауырына қайғырып,
Барақ естен танады.
– Қарағым менің – Барлыбай,
Қаза таптың қалмақтан.
Өзім жоқта елімді
Дінсіз қалмақ зарлатқан.
Барлыбай – менің Шолпаным,
Арманына жете алмай,*

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 145-146 беттер.

*Жас кетті зой сұлтаным.
Еңіреп, боздап ер Барақ,
Қабырғасы қайысты,
Қара шашақ найзасы
Салмағына майысты.*

Көкжал Барақ батыр жоңғардың Доланқара батырын жекпе-жекте жеңгеннен кейін Абылай (1711-1781) Барақты жанына шақырады¹:

*Дәл сол кезде Абылай
Көрді дағы Барақты,
Өз қасына шақырды.
Жақын көріп әсүрегі
Барақ сынды батырды.
– Бақытың өссін, Барағым.
Үлкен іске жарадың!
Қойып едім тегінде
«Көкжал Барақ» атыңды.
Болмайды енді арманым,
Көзі тоймас пенденің.
Абырой болды қазаққа
Доланқара батырдың
Басын кесіп алғаның.
Дұрыс балды қалмақты
Қайғыға үлкен салғаның.*

Алтайдың жерін қалмақтардан босатқаннан кейін Абылай Барақ батырға келесі жорықтың жоспарын айтады²:

*Абылай сонда шақырды
Барақ сынды серікті.
– Көкжал Барақ, сөз тыңда,
Ойнап келген жоқ едік
Еріккеннен біз мұнда.*

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – Б. 161.

² Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 172-174 беттер.

Мынау – Сауқан, Сауырмен
Тарбағатай, Маңырақ,
«Жер сауыры» деуші еді.
Қалмақ басып қалыпты,
Бұл жерді де тегінде
Қазақтан тартып алыпты.
Тынығып шерік дем алсын,
Бір жетінің ішінде,
Сәрсенбінің кешінде,
Мөлшері кіші бесінде
Аттанамыз қалмаққа,
Жер босатып алмаққа,
Осы болсын есіңде.
– Құп болад, - деді Ер Барақ,
Жан-жағына бір қарап.
Шеріктің қанша қалғанын
Ақшолақ батыр жүр санап.
... Сәрсенбі күні болғанда,
Жеті күн мөлшер толғанда,
Тартты Абылай шерікті.
Жинап алды қасына
Батырларды серікті.
Ер Жәнібек, Бараққа
Майқаташағай, Сауыр мен
Сайқан тауын көрсетті.
– Осы бетпен қырқалап
Ұлытаудан асарсың.
Қарсы келген жаулардың
Аптығын сөйтіп басарсың.
Қалмақтарды қуалап,
Біріне бірін қосарсың.
Қызылшілік даласын,
Маңырақтың саласын

*Тазалап түгел шыққан соң,
Жауды жерге тыққан соң,
Бас қосатын жеріміз –
Тарбағатай, Маңырақ –
Екеуінің арасы.
Тынығып атқа міністі
Батырлар алған тынысты.
Сәрсенбінің кешінде
Қалмаққа қарай бет алып,
Шерік тартты жүрісті.
Даласында Маңырақ
Шерігі қалмақ кез болып,
Кескілесіп ұрысты.*

Соғыстағы қазақ батырларының ерлігі суреттелінген¹:

*Мың қойға тиген қасқырдай
Ер Жәнібек шайқасты.
Жәнібек қылыш сермеді,
Көк бесті атпен ойқастап,
Қалмаққа намыс бермеді.
... Қалмаққа толды ылқылдап
Маңырақ, Сауыр саласы.
Бет-бетімен батырлар,
Бір-біреуі қазақтың,
Мыңмен соғыс ашып жүр.
Абылай, Барақ, Танаптың
Жүрген жақта қалмақтар
Үріккен қойдай қашып жүр.*

Қабанбай батырдың жекпе-жекте қалмақтың Қоң (Қонтажы) батырын жеңгені де жырланады².

Көкжарлы Барақ батыр қолжазбасын басқан кезде

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – Б. 179.

² Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 185-186 беттер.

қателіктер де кеткені көрінеді. Мысалы, қалмақтың Күрсін батырына айтылған сөздің мазмұнын «Барақ» деп көрсеткен:

*Күрсін батыр күркіреп,
Шерік тартып дүркіреп,
Жауатын күндей сіркіреп.
Қайғы басып қабағын,
Қырғызып талай адамын,
Қырсығынан жараның
Баса алмай келеді қадамын*

– дегеннің орнына: «Қырсықтан Барағың Баса алмай келеді қадамын», - деп келтірген¹. Сонымен қатар жер аттарында да қателіктер орын алған. Айталық, «Құзғындының» орнына «Қорғынды», «Қушоқыны» - «Қусүті», «Шыбындыны» -- «Мешінді» деп жазылып кеткендер бар².

Біржан сал мен Сараның айтысында найманның, арғынның рулары, олардың ізгі адамдары, батырлары, оның ішінде Барақ хан және Барақ батыр жөнінде де шумақтар бар. 1898 жылы Шайхосіламов Жүсіпбек жожа Біржан сал мен Сараның айтысын Қазан қаласында бастырып шығарыпты. 1964 жылы Сәбит Мұқанов осы нұсқаны өзгертісіп, алғы сөзін жазып, қайтадан шығарған³. Біржан (1833-1891 жж.) сал Сарамен айтысу үшін, ақынды іздеп, сүйегі найман-мағай Тұрысбектің үйінен табады. Тұрысбектің ауылы Ешкіөлмес деген таудың бауырында орналасқан. Тұрысбек, көктемнің бір күнінде Сараны ауылына қонаққа шақырып, өлең айтқызып, ән салдырып, сауық қып жатқан. Біржан мен Сараның айтысы, мөлшермен, 1854 жылы болды. Сара 18-де екен. Осы жөнінде қиссада Сараның мынандай сөздері бар:

Қызы едім Тастанбектің атым Сара,

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – Б. 148.

² Бабалар сөзі. Жүз томдық. Тарихи жырлар. 60 том. Астана: Фолиант, 2010. – 146-147 беттер.

³ Айтыс. Бірінші том. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – Алматы, 1964. – 132-154 беттер.

*Ішінен ер қаптағай шықтым дара.
Он үште домбыра алып, сөз сөйлеп ем,
Келемін бір сүрінбей жалғыз қара.
... Тақсыр-ау, он сегізге биыл жеттім,
Сан жүйрік ілесе алмас самғазанда.
Хан, қара, шаршы топқа сан сөйледім,
Көз көрмей бәрі бекер нанбағанға.*

Қиссадағы мәліметтерге қарағанда Сара өмірге 1836 жылы келген. Біржан өзін мынандай сөздермен таныстырады:

*Баласы Қожақұлдың Біржан салмын,
... Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай-Қарнық ақтаң кері.
... Аптадан Біржан сал боп тудым артық,
Ұраным Ер Қарқабат алтай-қарнық.
Аққумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ащы күйді түптен тартып.
... Адымым күні бүгін қалыбым да,
Екі жыл отыз беске келгенімде.
Айтыс кезіндегі Біржанның айтқаны¹:
Адамның ақ иығы қажы Құнанбай,
Сан жүйрік сау кеткен жоқ бір сыналмай.
Найманның әулиесі батыр Барақ,
Іш құста болып кеткен түк қыла алмай.
... Орта жүз Абай қойды атын баптай,
Үйіне ояз кірмес жауап қатпай.
Арғынның асылдығы міне осындай,
Наймандай ағайынын жүрген сатпай.
Сараның айтқан жауабынан шумақ²:
Найманда қаракерей, сыбан-мұрын,
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.
Шерубай, Тана мырза, Ер Таукебай,*

¹ Айтыс. Бірінші том. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – Алматы, 1964. – 141-142 беттер.

² Көрсетілген шығарма. – 142, 144, 145, 146 беттер.

Қай қазақ сөз бастаған онан бұрын.
Баласы Қозыбайдың Тілеуберді,
Әлихан оның ұлын әркім көрді.
Құдайдан қорыққан арғын осал демес,
Қарадан хан боп шыққан Қисық ерді.
... Сөз білсең көп таласпа меніменен.
Алысып құр кеудеңмен қалмас бағаң.
Ей, Біржан шыдамаймын қылығыңа,
Мақтанба Құсбек, Сартай ұлығыңа.
Үстіне Жамантайды сомдап қоссаң,
Барақтың нар келмейді сынығына.
Қара керей, матайға жау болған жоқ,
Барақтың артық қайрат етуінен.
Ақ найман, Қожамбетке арғын жетпес,
Төртуыл, Қаратайдан қазақ өтпес.
Көкжарлы, Саржомарттай қайсының бар,
Қызығы Мысыр Шәрдей естен кетпес.
Есекей Ергенекті жатыр талай,
Ойласаң есің шығар санай-санай.
Бура жатыр көптігі толық дуан,
Атасы әулие өткен ер Қонақай.
Дәулетке бурадағы артық асқан
Кім байымын дегенмен жағаласқан.

Жазушы Сәбит Мұқанов «Біржан сал мен Сара» қиссасына берген түсіндірмесінде «Біржанның руы Арғын емес, Керей ішінде – Ақсары, оның ішінде Көшек. Біржанның ағайындары қазіргі Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданында. Біржанның моласы «Степняк» алтын зауытының «Лермов» деген шахтасының қасында. Біржанның өзі «баласы Қожақұлдың атым Біржан» дейді. Қожақұл оның атасы. Өз әкесі – Тұрлыбай»¹ деген.

¹ Айтыс. Бірінші том. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – Алматы, 1964. – 17 бет.

Көкжал Барактың ерлігін, шығу тегін зерттеуде көп еңбек еткен КСРО Жазушылар одағының мүшесі, айтыскер ақын, Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданында дүниеге келген, 1992 жылы қазанның 17-18-і күндері Кршім ауданы Теректібұлақ ауылында Көкжал Барак батырдың туғанына 290 жыл толуына арналған ғылыми-практикалық конференцияға қатысқан Қалихан Алтынбаев (1927-1998) еді. Көп жылғы еңбегінің нәтижесін К. Алтынбаев 1991 жылы 30 қарашада «Дидар» газетінің бетінде «Қазақтың Көкжал Барағы» атты көлемді мақаласында жариялады. Ізденуші шежіре деректеріне мән беріп Барактың шыққан ата тегін көрсеткен және батырдың ұрпақтары жөнінде де мәлімет береді. Оған тоқталайық. Шежіре деректері бойынша «Барак Найманның Көкжарлы аталатын тармағынан шыққан. Оның ішінде Өтей руынан. Өтейден Қожағұл, Қожым, Шона, Шурек есімді төрт ұл туады. Шуректің өз кіндігінен Барак пен Басар және қызынан туған Жарылғап.

Барактың алты әйелі болған. Бәйбішесі қазақ қызы Есімі Қойбике. Қалмақ әйелдерінің аттары: Барын, Топжал, Баба, Қанбақ, Домалақ. Соңғы екеуі жұрттың қойған лақап есімі болса керек. Осы алты әйелден өрбіген ұрпақтар бүгінге 2000 үйге таяу. Солардың басым көпшілігі Күршім ауданың мекендейді. Ұлы Отан соғысы басталғанда батырдың ұрпағынан 1500-ге таяу азамат майданға аттаныпты. Батырдың бәйбішесі Қойбикеден Бостан, Дос, Кәдір, тоқалы Барыннан Қарамырза, Мырзахан, Боранбай, Таңырақ, Домалақ деген ұлдар туған. Барын мен Топжал апалы-сіңілілі қалмақтың бір мергенінің қыздары екен»¹. Қалмақша «Барун» деген қазақша «оң» деген ұғым береді, ал әскери термин «Барунгар» – оң қанат.

Барак туралы естеліктер жинаған кезде Қ. Алтынбаев, ертеде Қызылтас бастауыш мектебінде, кейіннен зейнеткерлікке

¹ Алтынбаев Қалихан.Қазақтың Көкжал Барағы. «Дидар»Өскемен қаласы.1991 жыл, 30 қарашы

шыққанға дейін Теректібұлақ орта мектебінде тарих және әдебиет пәндерінің мұғалімі болған Барақтың ұрпағы Камалиден Мәжіковпен, Тарбағатай аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы, батырдың ұрпағы Зарылхан Даукеевпен, Күршім ауданындағы өлкетану музейінің негізін салушы Мстислав Анатольевич Кушниковпен және басқа да көптеген зиялы адамдармен кездескенін баяндайды. Барақтанушы, қазақ халқының тарихы мен этнографиясы да қызықтырған Кушников М.А. өмірінің ақырына дейін Көкжал Барақ туралы ізденісін тоқтатқан жоқ.

Барақ өзінің 69 жас жасаған өмірінің көпшілігін ат үстінде жорықта өткізген, – деп жазды Қалихан аға. 1728 жылғы Буланты, 1730 жылғы Аягөз, одан кейінгі Ақшәулі, Аңырақай, Шыңғыстау (Шаған), Сібе, Толағай, Шорға соғыстарының бәріне қатысқан. Сөйтіп, қаншама жерді жаудан азат етті. Қалихан Алтынбаев Көкжал Барақ батырдың ерлігіне байланысты ескі қисалардан үзінділер келтірген:

*Қалмақты қолмен қырған қойдай қамап,
Келінті Көкжарлыдан Көкжал Барақ –*

(«Сабалақ» дастаны)

*Жалтылдап үсті толған қару-жарақ,
Қолында найзасы бар қара тамақ.*

*Қалмақтың Шуян деген бір мықтысын,
Жайратты Көкжарлыдан Көкжал Барақ...*

(«Қабанбай батыр» дастанының бір нұсқасында)

Қ. Алтынбаев сөзін былай қорытындылайды: Осындай халық қаһарманының есімі әлі күнге елсусіз жатқанына қатты қынжыламыз. Шынында ол бүкіл Найман елі бойынша Қабанбайдан кейінгі екінші тұлға ғой. Өткенімізді қадірлей білейік, ағайын¹.

Ақатай Сәбетқазы Нұржақияұлы (1938 – 21.10.2003),

¹ Алтынбаев Қалихан. Қазақтың Көкжал Барағы. «Дидар»Өскемен қаласы. 1991 жыл, 30 қарашы

философия ғылымдарының докторы, қазақ философиясы тарихы және ұлттық мәдениет салаларының маманы, саясаткер, Күршім ауданының Ақсуат селосында дүниеге келген. Барак батыр жөнінде деректерді ел аузынан, ауыз әдебиетінің шығармаларынан жинаған. «Барак» атауының жиі кездесуінің себебіне тоқталған. Сәбетқазы Нұржақияұлы *«Келінгі Көкжарлыдан Көкжал Барак»* атты мақаласында «Көкжал» Барактың алыс-жақын тұқымдарының хабарларына қарағанда, батыр 1701-1702 жылы Жарма өзені бойында туған. Қазақтың жоңғар басқыншыларына қарсы, ұлт-азаттық күресіне ерте, 15-16 жасында қатысады. Барактың Дос деген ұрпағынан тарайтын Шығыс Қазақстан облысында Бурабай ауылының тұрғыны 82 жастағы Айтқожа Тоңашанов (1998 ж. қайтыс болды – И.С.) этнографиялық мәліметіне қарағанда (18 шілде 1984) Барак Алатаудың «Қызыл шілік» деген асуында қаза болды. Шу қаласындағы Барак ұрпағы Қалдыбек Мұхаметжанов (1938 жылы туған Барактың Бостанынан) баяндауынша «Барак Алатау асуында жерленген».

Тарбағатайдың Аягөз өзені басталатын Ақшәулі шыңының етегіне жиналған қазақ жасақшыларының алқалы жиынына «көп жасаған» Бұхар жырау (1693-1768) да келеді.

«Қазақ қанын ішкен» құба қалмақ Шоян батырмен жекпе-жекке Барак шығады. Шоян Зайсан Барактың қолынан қаза табады¹.

Зейнолла Сәнік, Бейсенғали Садықан жазған «Қаракерей Қабанбай» атты кітапта, Көкжал Барак батырдың жоңғарлармен болған барлық дерлік ірі шайқастарға, басқа да қазақ батырларымен бірге, қатысқаны көрсетілінген. Бұл кітаптан мынандай өлең шумақтарын кездестіреміз:

*Қолына жақсы қыздың алған тарақ,
Батырлар жиылған соң жатпас қарат.*

¹ Сәбетқазы Ақатай. «Келінгі Көкжарлыдан Көкжал Барак», «Рауан», 8 қыркүйек 1992

*«Бас қосты барлық батыр» дегеннен соң,
Келінті Көкжарлыдан Көкжал Барақ.*

Шорға соғысына Барақтың қатысқаны жөнінде Кәрібай ақын былай деп жырлайды:

*Қалмаққа келіп тиді Шорғадағы,
Бұл жолы кем болмады олжа жағы.
Ер Барақ, батыр Жаман, Орақбайдың
Аққан қан қылышынан сорғалады.
Бұхар жырау былай деп жырлайды:
Қалбадан осы жолы қалмақ қашып,
Тұра алмай қарсыласып салмақтасып.
Қарғыба, Базар, Бозас бәрін тастап,
Жөнелді Маңырақпен ар жаққа асып.
Сол жерде Жаман батыр, Барақ келді,
Қасына түгел ертіп талапты ерді.
Талқандап Мойыншиде¹ қалмақ жағын
Өлігін ел көзіне санап берді².*

Барақтың Аягөз шайқасына қатысқаны жөнінде былай делінеді: Хан Доржы бастаған жау жасақтарының адамы әлсіреп, аты арып, Аягөз деген жерге жеткенде Барақ пен Жәнібектің тың күшіне тап болып, жермен жексен болады³.

Қ. Аманжолов, А. Тасболатов «Қазақстанның әскери тарихы» шығармасында, 1999 жылы баспадан шыққан, Көкжарлы Көкжал Барақ мыңдықтан әскер құрған 29 сардардың қатарында үшінші тұр: «қолда бар архив материалдарына және Бұхар жыраудың «Қабанбай батыр» жырына сүйенсек, мыңдықтар әскер құрған 29 сардардың, батырлардың рулары мен есімдері түгел толық келтірілген. Олар: 1. Қаракерей Қабанбай. 2. Қанжығалы Бөгенбай. 3. Көкжарлы көкжал Барақ. 4. Керей Жәнібек. 5. Шанышқылы Бердіқожа. 6. Керей Жана-

¹ Мойыншиң – Қара Емілде.

² Зейнолла Сәнік, Бейсенғали Садыхан. Қаракерей Қабанбай. Алматы, Жазушы, 1991, 77, 127, 129 беттер.

³ Қаракерей Қабанбай. Аңыз, зерттеу, қисалар. Алматы: Жазушы, 1991, 139-шы бет.

тай ер. 7. Тоғас Қосай. 8. Тума Шағалақ. 9. Мұрын Боранбай. 10. Үйсін Саршуаш. 11. Қыпшақ Есім хан. 12. Қыржы Бостан. 13. Тарақты Баймұрат. 14. Тоқпақ Қосабай. 15. Матай батыр. 16. Сибан Шынқожа. 17. Шойбек Сенкібай. 18. Қанлы Құлан. 19. Сіргелі Елшібек. 20. Қаратай. 21. Ысты Төлен. 22. Сиқымнан-Шінет, Рысбек. 23. Ботбай Сәмен. 24. Шымыр Қойкелді. 25. Қоңырат Төлебай, Болат. Кіші Ордадан: 26. Рамадан Алшынбай. 27. Қарақалпақ Құлашбек. 28. Жаныс Өтеген. 29. Шапырашты Наурызбай батырларды білеміз»¹.

Қасым Қайсенов (23 сәуір 1918 – 30 желтоқсан 2006), Қазақстанның халық қаһарманы, Қалихан Ысқақ, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы, Қабдышаар Әміреұлы, Көкжал Барақтың алтыншы ұрпағы, отставкадағы подполковник, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, дербес зейнеткер, 2005 жылы 9 қыркүйекте «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде жарияланған «Көкжал Барак – тарихи тұлға болса да тасада қалып келеді» атты көлемді мақалада батырдың шығу тегіне толық анықтама берілген: Көкжал Барак Шүрекұлы 1701 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Қызылсу – Шар өзені маңындағы Көкжар деген жерде өмірге келген. Руы – Найман, шежіре бойынша үш буыннан өрбиді. Найман атадан Белгібай туады. Оның бәйбішесінен төрт Төлегетай, Қаракерей, Төртуыл, Матай, Садыр – бір буын. Ал екінші әйелінен – Ергенекті Найманнан тарайтындар: Көкжарлы, Бура, Сарыжомарт, Терістаңбалы бір буын да және заман ағымы – «Ақтабан шұбырындыға байланысты іргесі бөлініп кеткен Сарыарқаның жонымен Ұлытауға қоныс тепкен Балталы мен Бағаналы бір буын.

Көкжал Барак, Найманның бір буыны – Ергенектіден, одан Өтей. Өтейден – Шона, Шүрек, Байгелі, Қожық, Жандай тарайды. Барак дүниеге келгенде шешесі көп ұзамай қайтыс бола-

¹ Аманжолов Қ. Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы (б.ғ.д. VI ғасырдан бүгінгі күнге дейін). Алматы: Білім, 1999, 135-ші бет.

ды. Әкесі Шүрек те өз заманында қазақтың қас батырларының бірегейінен саналған. Жау қолындағы елі мен жерін босатудағы көптеген шайқастардың бірінде шейт болыпты. Қабырғасы қатып, бұғанасы әлі бекімеген Барақ пен інісі Басар әкесінің ағасы Шонаның қолында қалған. Шонаның әйелі Бике анасы да қос жетімді өз балаларынан артық көрмесе, кем санамаған.

«Көкжал» қосалқы лақап есімі. Көкжелкеден бастап құймышаққа дейін тұтасқан жалы болған екен.

Бұл мақалада Абылаймен байланыстырылып, Қызылтас деген жерге қазіргі Күршім ауданында «Ханым зираты» жөнінде де сөз көтеріледі. Зират-тың көлемі 25-30 шаршы метрдей. Қазіргі биіктігі 3,5-4 метр шамасында. Ал, негізгі құрылысы сары топырақты жылқы қылымен араластырылып сүтпен идеген тәрізді. Бұл елдің тұрғындары жол шетіндегі Ханым зиратына ат басын бұрмай өтпейді. Ал қазіргі кезде (2007-2009 жылдары) зират жермен-жексен болған.

Мақаланың авторлары Көкжал Барақтың тарихи тұлға екенін, батырдың жауды қырып-жоюда тек қара күштің адамы болмағанын, көрінген қалмаққа қылышын ссрмеп, шокпарын кеземегенін жазған. Күршімнің Қаражартас аталатын түбегінен бір ауыл қалмаққа жер бергені айтылады.

Зейнеткер, Совет Жанбосынов (15.05.1936 – 19.02.1999) 1991 жылы 28 желтоқсан «Диңдар» газетінде «Көкжарлы Көкжал Барақ» атты мақаласын жариялады. Автор, тәуелсіздікке қол жеткенімізге байланысты ұлттық санамыз өсе бастағанға ұқсайды, – деген. Күршімдік Бексолтан, Анар, Қали шежірешілердің деректері бойынша бабамыз Барақ жастайынан кесек денелі болыпты. Осе келе жойқын алып күштің иесі болған. Қалмақтың қырғы атанған батыры Арқауымен ауыр жалпақ тасты көтеріп биік тауға шығару бәсекесінде жеңіске жеткен.

Совет Жанбосынов, өзінің Көкжал Барақтың аталас ұрпағымын, тұңғыш ұлы Бостанның туажатымын, көп ұрпақтардың әулиетімін дей келе, Барақтың Бостанынан тараған

ұрпақтарының бүгінгі таңдағы, кезінде еңбектерімен танымал болған ақсақалдарын атайды: Өскеменде Рахимов Құрмет, Күршім ауданында Смагулов Долдаш, Қасымов Айтмұханбет, Бутабаев Мақат, Марқакөлде – Үкібаев Мұхаметтайыр. 1990 жылы Бостанның бел ұрпақтары Мәкен Жанбосынұлы (80 жасында), Зарып Дауксев (60 жаста) дүние салды, – деп жазған. Осыған орай айта кетейік, Совет Жанбосынов, подполковник, 1986 жылға дейін Шығыс Қазақстанның Қауыпсіздік Комитетінде қызмет атқарған. Бабасы Көкжал Барактың туғанына 290 жыл болуына байланысты Теректібұлақ ауылында өткен ғылыми-практикалық конференциясына қатысқан.

Жамбосынов Совет Мәкенұлы Қазақтың халық болып қалыптасуын, мемлекет болып құрылуын, «Қазақ» деген этноним қандай ұғыммен байланыстылығын, өз еліне үлкен қызмет етіп, оның еркіндігі мен бостандығын сақтауда қомақты үлес қосқан билеріміз бен хандардың, батырлардың, жыраулардың ахуалды сұрақтарына қазақтың ауыз әдебиетінде көрнекті орын алатын, тарих ғылымы саласында «дала тарихнамасы» деп аталатын шежіре негізінде көп жылдар бойы ізденіс жүргізіп, еңбек етіп зерттеген адам.

Қазақ халқының қалыптасуында шешуші рөл атқарған сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, меркіт, уақ, алшын, адай, жетіру, байұлы, әлімұлы, жағалбайлы және тағы басқа да тайпалардың саяси одағының, ұлыстық бірлестіктерінің, олардың өсіп-өрбуі, демографиялық процестері-ағымы негізінде ізденуші «Қазақ – ежелгі көне халықтың бірі» деген тұжырымға келген. Қазақ халқының тегіне, оның әдет-ғұрпына, шаруашылығына, дүние танымына тығыз байланысты ғұн, түрік дәуірі, Алтын Орданың әсері жақсы қарастырылған.

Қазақтың тегі, этникалық құрамы жөніндегі шежіре, мәліметтері тарихи-археологиялық деректермен қамтамасыз етілген.

Совет Мәкенұлы шежірелі негіз алып, аңыздарға көңіл аударғанымен оларға сын көзбен қараған.

Егер дін иелерінің және хан-сұлтан, бай-феодалдардың итаршылары таратқан шежіре аңыздарына сенсек, - деп жазады Совет Мәкенұлы, - қазақ халқы біздің дәуіріміздің XII-XIV ғасырына дейін, яғни бұдан 1300-1500 жыл бұрын жер бетінде болмаған болып шығар еді. Тарихи оқиғаларды, атауларды шындыққа жақын, тереңірек зерттеу барысында ізденуші дүние жүзіне белгілі, атағы шыққан, ғұлама ірі ғалымдардың: Шоқан Уәлиханов, А.И. Левшин, Әлкей Марғұлан, Сарсен Аманжолов, С.Д. Асфендияров, Рашид-ад-дин мен Н.А. Аристовтың шығармаларын кеңінен қолданғаны оның жұмысында айdan айқын көрінеді

Совет Мәкенұлының шығармасының мазмұны өзінің жеріне, еліне, оның азаттығын паш ететін ұғымға, ұлттық салт-санаға, халқы үшін жанпия болған, үзеңіден қан кешіп, ерлікпен елін, жерін қорғаған ержүрек бабаларымыз Қаракерей Қабанбай, Көкжал Барақ, Ер Қаптағай, Жәнібек, Малайсары және тағы басқа ел қорғаны болған батырларды мадақтайтын патриоттық сезімге толы Совет Мәкенұлының жинаған деректері 2009 жылы кітап болып шықты¹.

Ал *Құрмет Рахимов*, Барақ батырдың ұрпағы, ұлы Отан соғысының ардагері, полковник, Шығыс Қазақстан облысы ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, кадрлар мен тәрбие бөлімін басқарған, 52 жыл отанына аянбай жұмыс істеген, оның ішінде 41 жыл ішкі істер және ішкі әскерде қызмет еткен, «Родился в Курчуме» деген 351 беттен тұратын өте маңызды, құнды монографияның авторы.

1992 жылдың 10, 14 қаңтарында М.А. Кушниковтың «Камни Барака» атты көлемді мақаласы аудандық «Заря» газетінің бетінде жарық көрді. Мақала алғашқы рет 1984 жылы «Коммунистиче-

¹ С.М. Жамбосынов. Қазақтың халық болып қалыптасудағы күрес жолы және өсіп-өрбуі туралы шежіре мәліметтеріне қысқаша шолу. Өскемен, 2009. – 89 б.

ский труд» газетінде шыққан еді. Бұл мақалада, олкетанушы, Ертістің жоғарғы ағысынан бастап, Шығыс Қазақстанның жері, Зайсан, Марқакөл өңірлері, қалмақтардың келуінен жарты мың жыл бұрын, қазақтың әке-бабаларының мекені болғаны туралы баяндайды. Өткен ғасырда (XVIII ғ. – И.С.) жоңғарлардың наймандарды ығыстырып, олардың жерін тартып алғанын, сондықтан қазақтардың өзінің жері үшін күрескенін айтады.

Қазақтар, қазіргі Ұлан ауданының жерінде орналасқан қалмақтың «Абылайн кинт» атты бекінісіне шабуыл жасаған кезде, қалмақтың көсемдерінің бірі, аңыз бойынша, қазақты бәсекеге шақырады: «Біз», «Там» деп атайтын мына таудың басына осындай ауыр тасты көтеріп шығаратындай араларыңда бір қазақтың бар екеніне мен қатты күмәнданам, сенбеймін. Егер, таңғаларлық, осындай ғажайыпты өз көзіммен көрсем, бекіністі қорғамай, соғыссыз-ақ беруге дайын екенімді Буддаға сиына, ант етемін», – деген сияқты.

Тасты тау басына көтеруге қалмақтан Арқауыл батыр, қазақтан Көкжал Барақ шығады. Таудың орта белі тік, тіпті жүгі жоқ адамда шаршап, қиялап қана таудың басына шығады. Құлама биікке келгенде, алғашқы қадамынан соң, Арқауылдың бойынан күш-қуаты сарқыла бастады. Ол шаршап, көтерген тасын жерге лақтырып, нығынан еңтіге дем ала, тастың жанына өзі де жата кетті. Көкжал Барақ асықпай, оның жанынан өтіп, әрі қарай жүріп, таудың төбесіне шықты. Көкжал Барақ тау басына көтеріп әкелген тасын бұрын көне қимақ-қыпшақ дәуірінде Көлбай мен Нарым батырлардың көтеріп әкелген екі тастың үстіне қойды.

Бүкіл қазақ әскерінің қуанышты сезіміне төңіректегі тауларда жаңғырып, айғайлап дауысқа-дауыс қосты. Тартылған керней, шертілген домбыра, қобыздың жеңімпаз жырының аясында сарбаздар да өздерінің шаттық көңілін қатты айғайлай, жалғастырды: «Найманнан шыққан батыр Көкжал Барақ жасасын!».

М. Кушниковтың айтуынша, Көкжал Барақ Ұлан ауданының «Точка» деген жерінде де, таудың төбесіне, жауды жеңгеннің белгісі ретінде, үлкен тасты көтеріп қойған көрінеді.

Жоңғарлар бәстескендегі берген сертінен бас тартқандықтан, қазақ сарбаздары қамалды күшіпен алады. Осы қамалды қазақ жауынгерлерінің бұзып, алғанда Көкжал Барақ пен Қабанбайдың ерлігін суреттеген. М. Кушниковтың мақаласында, Қабанбай, Көкжал Барақ бастаған наймандар Шығыс Қазақстанның жерін жоңғарлардан, қытайлардан тазартқаннан кейін «Батыр Қабанбай өзінің қара-керейлерімен қара Ертісті мекен етті, батыр Көкжал Барақ, Ертістің тармағы, Күршім өзенінің орта ағысын мекеніне айналдырды» – деп жазды.

Күршім аудандық газетінің бетінде *Советхан Қалиғожиннің, Танаи Қайрбаевтың* «Көкжал барақ туралы» мақаласы жарияланды. Бұл мақалада Барақтың шығу тегі, ерліктері жөнінде қисалардан, ел аузындағы аңыздардан айтарлықтай мәліметтер келтірілінген. Мақала авторлары Барақ батырдың туғанына 290 жыл толғалы отырғандығына, оның ұрпақтарының ең көп шоғырланған жері – Теректібұлақ ауылы екеніне оқырмандардың көңілін аударған С. Қалиғожин мен Т. Қайрбаев ескіден келе жатқан өлеңнен келтіреді:

Күршім, Алтай жеріміз,

Өтей біздің еліміз.

Көк перілі, көк жалды

Барақ батыр тегіміз.

Барақтың бойында екі қасиет болған. Біріншіден, оның «көк перісі» болыпты. Қазіргі ұғым бойынша гипноздық көз байлағыш қасиет. Екіншісі, жауырын ортасында «көк жалы» болған, – деп жазған тарихшылар, өлке танушылар.

Сакен (Садуақас) Сейфуллин (1894-1937) «Көкшетау» поэмасында, «Қыз бен Керкөжек» бөлімінде, калмақтың тұтқынға түскен қызына Абылай-хан, оған бостандық беріп, еліне ат мінгізіп қайтарады. Бұрынырақ, бұл атты батыр Барақ жорыққа

мінгенін айтады:

*Мініп ап, Керкөжеске, шіркін сұлу
Бұралып қош айтысып жөнеп берді.
Мінген соң Қуандықтың құмайына,
Жөнелді қыз елі мен жұбайына.
Жошыбай тірі жанға шалдырар ма?
Керкөжесек тигеннен соң сыбайына.
Жөнелді аузын ашып керше таңлақ,
Ырғиды, құйын соққан бейне қаңбақ,
Не құмай, не бұлдырық, не қаңбақ деп,
Айтарсың қарамасаң әбден аңдап.
Сәйгүлік Қуандықтың арда кері,
Жорыққа Барак батыр мінген таңдап¹.*

2007 жылы 24- қарашада «Дидар» газетінде шыққан «Батырымызды ұлықтау – елдіктің онегесі» атты мақаланың авторлары, ел қамын ойлайтын, сиы азаматтарымыз *Т. Қожабаев*, Шығыс Қазақстан облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы, *М. Оражанов* (қайтыс болып кетті), Өскемен қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы, *Ә. Садуақасұлы*, Семей қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы, *Т. Жұмақанов*, Өскемен ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, *Ә. Байбатчин*, *О. Малдыбаев*, *М. Шаяхметов*, облыстық ардагерлер кеңесінің ақсақалдар алқасының мүшелері, қазақтың корнекті қолбасшысы, Көкжал Барак батырдың есімі, ерлігі, оның тарихи тұлғасы қалтарста қалып келе жатқанына налып, оған отандастарының көңілін аударды. Қилы заманда, – делінген мақалада, – елінің қарулы күштерінің басшыларының бірі ретінде 1720-1770 жылдарда, жарты ғасыр ішінде Барак қатысқан қантөгіс ұрыстарды (Буланты, Аягөз, Ақшаулы, Аңрақай, Сібе, Толағатай, Шорға, Қырғыз) атап өтсе де жеткілікті.

¹ Сейфуллин С. Көкшетау (Поэма). Екінші том. Поэмалары мен өлеңдері. Алматы, 1960. – 60 бет.

М. Кушниковтың айтуынша, Көкжал Барақ Ұлан ауданының «Точка» деген жерінде де, таудың төбесіне, жауды жеңгеннің белгісі ретінде, үлкен тасты көтеріп қойған көрінеді.

Жоңғарлар бәстескендегі берген сертінен бас тартқандықтан, қазақ сарбаздары қамалды күшпен алады. Осы қамалды қазақ жауынгерлерінің бұзып, алғанда Көкжал Барақ пен Қабанбайдың ерлігін суреттеген. М. Кушниковтың мақаласында, Қабанбай, Көкжал Барақ бастаған наймандар Шығыс Қазақстанның жерін жоңғарлардан, қытайлардан тазартқаннан кейін «Бағыр Қабанбай өзінің қара-керейлерімен қара Ертісті мекен етті, батыр Көкжал Барақ, Ертістің тармағы, Күршім өзенінің орта ағысын мекеніне айналдырды» – деп жазды.

Күршім аудандық газетінің бетінде *Советхан Қалиғожиннің, Танаи Қайрбаевтың* «Көкжал барақ туралы» мақаласы жарияланды. Бұл мақалада Барақтың шығу тегі, ерліктері жөнінде қисалардан, ел аузындағы аңыздардан айтарлықтай мәліметтер келтірілінген. Мақала авторлары Барақ батырдың туғанына 290 жыл толғалы отырғандығына, оның ұрпақтарының ең көп шоғырланған жері – Теректібұлақ ауылы екеніне оқырмандардың көңілін аударған С. Қалиғожин мен Т. Қайрбаев ескіден келе жатқан өлеңнен келтіреді:

Күршім, Алтай жеріміз,

Өтей біздің еліміз.

Көк перілі, көк жалды

Барақ батыр тегіміз.

Барактың бойында екі қасиет болған. Біріншіден, оның «көк перісі» болыпты. Қазіргі ұғым бойынша гипноздық көз байлағыш қасиет. Екіншісі, жауырын ортасында «көк жалы» болған, – деп жазған тарихшылар, өлке танушылар.

Сакен (Садуақас) Сейфуллин (1894-1937) «Көкшетау» поэмасында, «Қыз бен Керкөжек» бөлімінде, калмақтың тұтқынға түскен қызына Абылай-хан, оған бостандық беріп, еліне ат мінгізіп қайтарады. Бұрынырақ, бұл атты батыр Барақ жорыққа

мінгенін айтады:

*Мініп ап, Керкөжеске, шіркін сұлу
Бұралып қош айтысып жөнеп берді.
Мінген соң Қуандықтың құмайына,
Жөнелді қыз елі мен жұбайына.
Жошыбай тірі жанға шалдырар ма?
Керкөжесек тигеннен соң сыбайына.
Жөнелді аузын ашып керше таңлақ,
Ырғиды, құйын соққан бейне қаңбақ,
Не құмай, не бұлдырық, не қаңбақ деп,
Айтарсың қарамасаң әбден аңдап.
Сәйгүлік Қуандықтың арда кері,
Жорыққа Барақ батыр мінген таңдап¹.*

2007 жылы 24- қарашада «Дидар» газетінде шыққан «Батырымызды ұлықтау – елдіктің өнегесі» атты мақаланың авторлары, ел қамын ойлайтын, сиылы азаматтарымыз *Т. Қожабаев*, Шығыс Қазақстан облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы, *М. Оражанов* (қайтыс болып кетті), Өскемен қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы, *Ә. Садуақасұлы*, Семей қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы, *Т. Жұмақанов*, Өскемен ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, *Ә. Байбатчин*, *О. Малдыбаев*, *М. Шаяхметов*, облыстық ардагерлер кеңесінің ақсақалдар алқасының мүшелері, қазақтың көрнекті қолбасшысы, Көкжал Барак батырдың есімі, ерлігі, оның тарихи тұлғасы қалтғарста калып келе жатқанына налып, оған отандастарының көңілін аударды. Қилы заманда, – делінген мақалада, – елінің қарулы күштерінің басшыларының бірі ретінде 1720-1770 жылдарда, жарты ғасыр ішінде Барак қатысқан қантөгіс ұрыстарды (Буланты, Аягөз, Ақшаулы, Аңрақай, Сібе, Толағатай, Шорға, Қырғыз) атап өтсе де жеткілікті.

¹ Сейфуллин С. Көкшетау (Поэма). Екінші том. Поэмалары мен өлеңдері. Алматы, 1960. – 60 бет.

Барак – ержүрек жауынгер, әдіскер қолбасшы, тарихи тұлға. Алайда, – дейді мақала авторлары, – даңқы әйгілі, халқына еңбегі сіңген, ұлтының бостандығы үшін жаңын пида еткен батырдың егеменді ел болғанымызда есімі қалтарыста қалып, болашақта ұмытылатын жағдайға ұшырауы қобалжытады, ойландырады. Бұғанға дейін тек күршімдіктердің бастамасымен ұйымдастырылған Көкжал Барактың 290, 300 жылдықтарына арналған шаралар бір ғана ауданның жергілікті мерекесі ретінде аталды да, соңынан Барак батыр Теректібұлақ аталатын бір ауылдың азаматы тәрізді деңгейде қала берді. Барак есіміне тиісті деңгейде мәні беру мәселесі кезінде мемлекеттік орындардың алдына қойылса да нәтижесін таппады. Оның ерлік істерін халқының арасында, жас ұрпақтың алдында насихаттау бүгінгі буындағылардың моральдік міндеті деп түсінген жөн. Ер елдің атын шығарса, ердің есімін мәңгілік сақтауды еліне парыз санап облыстық ардагерлер және ақсақалдар алқасының атынан төменде қол қоюшы ардагерлер тобы барлық шығысқазақстандықтарды осы мәселені қайта көтеріп, оның шешуін халық болып жұмыла қолға алып, қаражат жинап іске асырса, халқымыздың тарихындағы оқиға ретінде орнын табарын келешек ұрпақтар алдында атқарған тарихи, тәрбиелік мәні зор қадам болары күмәнсіз¹.

Т.Қ. Қоғабәев (21.03.1923-2303.2010), М. Оражанов, А. Садуақасов, Т. Жұмақанов, А. Байбатчин, О. Малдыбаев, М. Шаяхметовтың мақаласы «Батыр Барак – гордость казахского народа» деген атпенен 22 қараша 2007 жылы облыстық «Рудный Алтай» гезетінің бетінде де жарияланды.

Мұқаметқалым Шаяхметұлы Шаяхметов (1920-2010 ж., мамыр) 1939 жылы Өскемен педагогикалық училищесін, 1946-1948 жылдары сырттай Семей педагогикалық институттың тарих пәнінің мұғалімі мамандығын бітірді. 1942 жылы Ұлы Отан соғысындағы сұрапыл ұрыстарға қатысып, Батыс, Сталинград

¹ Батырымызды ұлықтау – елдіктің өнегесі, Дидар, 24 қараша 2007.

майдандарында батыл да тапқыр барлаушы екенін көрсете білді. Барлау взводының құрамында талай ерлік көрсетіп, жау шебінен «тіл» әкеліп отырды. Сталинградты қоршаудан азат етуде ауыр жарақаттанды. Госпитальдарда ұзақ емделгеннен кейін М.Шаяхметов аса қауіпті деп саналатын қызметке – кеңес – ауған шекарасында орналасқан шекара әскеріне жіберілді. 1944 жылдың соңында әскерден денсаулығына байланысты армиядан оралғаннан кейін мектепте мұғалім болып қызметін жалғастырды. 1949-1958 жылдар аралығында мектеп директоры, Күршім, Ұлан аудандары халыққа білім беру бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1958-1983 жылдары зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін 25 жыл үзіліссіз Өскемендегі № 23 орта мектебінің директоры болып қызмет істеді.

М. Шаяхметов КСРО жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен I дәрежелі Отан соғысы орденімен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен «Парасат» орденімен, Ресей Федерациясы Үкіметінің қаулысымен «Отан соғысындағы ұлы жеңіс» ресейдің орденімен марапатталды. 1998 жылы «Күршім ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

Мұқаметқалым ағамыз Өтей руынан, ата тегі Көкжал Барақ батырмен туысқан. Осы жөнінде «Ғасыр асулары», «Фоллиант» баспасы, Астана, 2006. – 512 б.» атты шығармасында төмендегідей жазылған: «Біздің ауыл» деп отырғаным – сонау патша билігі тұсынан бастап кеңес өкіметі 1920-шы жылдардың аяғында аймақтарды аудандарға бөлгенге дейін Семей облысы, Бұхтарма уйезі, Күршім болысы, № 6 әкімшілік ауылға қарасты Нәуей-Байсақ әулеті аталған аз ғана ауыл. Найман тайпасының ішіндегі Көкжарды (Көкжалды) руының алтыншы буыны батыр Көкжал-Барақтың атасы Өтей деген аз ғана атадан тараған оныншы буын. 20-шы ғасырдың басында бар жоғы екі-ақ старшын болған аз ғана Өтей руы Оңтүстік Алтай

өңіріне XVIII ғасырдың 70-ші жылдарында қазіргі Семей облысы Жарма, Шар аудандарындағы Қызыл су, Шар өзендерінің бойынан ауып келіпті. Сол жылдардан бері Өтейлердің қыстау-мекендері басы Оңтүстік Алтайды жарып шығып, орта ағымында Алтай тауының Зайсан ойпатына тірелген салаларын жағалай ағып, Ертіске құятын Күршім атты ағынды суы мөлдір өзеннің оң жағалауына орналасқан. Өтейдің немересі Барақ батырдың немере інісі, батырдың оң қолындағы сардары болған Жангеліден тараған Нәуей әулеті төрт ауыл болған екен. Біразы 1916 жылы патша өкіметіне әскерге азаматтарын беруге қарсы болып Қытай асқан, енді біраздары 1917-18 жылғы оба дертінің опатынан азайған осы әулет 20-шы жылдары жан саны азайып, сонымен қатар мал саны жұтап кедейленіп, екі-ақ ауыл болып қалыпты. 1929 жылдың күзінде жергілікті кеңес үкіметі осы екі ауылдан да тап жауына жататын екі шаруа иесін тауып, қуғындаған. Оның бірі – Тойымбай атам»¹.

Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің директоры, Барақ батырдың ұрпағы *Нұрлан Әскетаев* 27 желтоқсан 2007 жылы «Дидар» газетінде «Өсер ел өткенін өркендетер, болашағын баянды етер» және 2008 жылдың 22 қаңтарында «Рудный Алтай» газетінде жарияланған «Жить славе батыра Барака» деген мазмұнды мақалаларында Барақ батырдың есімін мәңгілік ету жолында бірнеше ұсыныстар айтқан. Зиялы ағаларымыздың, аталарымыздың айтқан парыздарын әлі орындамағанымызға «Барақ бабамыз тарихтағы өз орнын әлі алған жоқтығына» қиналып, сонда біз кімбіз? - деп сұрақ қояды. «Өткенін ұмытқан елдің ұрпағы – ел болмас»², - дейді.

2008 жылы маусымда «Ақ Ертіс» журналында Ануарбеков Еркіннің «Барақ батыр» атты көлемді, мазмұнды мақаласы жарық көрді. Мақаланың авторы, қазақ халқы үшін

¹ М.Шаяхметов. Ғасыр асулары. «Фолиант» баспасы. Астана – 2006. – 12 бет.

² Әскетаев Нұрлан. Өсер ел өткенін өркендетер, болашағын баянды етер. Дидар. 27 желтоқсан 2007; Аскетаев Нурлан. Жить славе батыра Барака. Рудный Алтай. 22 января 2008.

жоңғарлармен болған соғыс – Ұлы Отан соғысы деп бағалай келіп, Барак батырдың тегіне тоқталып, ерліктерін сипаттаған. Сонымен қатар сын пікір де бар: «Өтей руының Күршім бойына танымал бүкіл Көкжарлы шежіресін жатқа айтатын шежіреші-қарттары Мыса ұлы Қали, Игібай ұлы Қабдуәли, Тоған ұлы Мәлгәждар ақсақалдар айтып жаздырып кеткендеріне Барак батыр туралы зерттеп жүрген ағалар қоңіл аудармады, жеті аталарынан Күршім бойын мекен ететін Өтей руының басқа да шежіре қарттары әңгімелерін тыңдамады»¹, - деп жазған.

Қайсенов Зейнолла Әбдікәрімұлы, Қайсенов Азамат жазған «Найман шежіресі. Екінші кітап. Өскемен қаласы, 2001. – 271 б.» кітабында көне көз қариялар естеліктерінің негізінде Барак пен Танащ батырлардың қазіргі Ұлан ауданы Алғабас ауылына қарсы тұрған Абылайкит қорғанына шабуыл жасап, одан жоңғарларды қуып, Сібе көлдерінің бойы Аққолқа өзені маңында қатты шайқас болып, қалмақтар Тарғын, Тайынты бойына ығысқанын әңгімелейді. Тарғын бойында Қоңқай тауының шатқалы мен үңгірлеріне тығылған Қоңқай батыр бастаған қол үш күн бойы соғысып, ақырында Қоңқай батыр таудың көрінбейтін жылғасына күн ілгері байлап қойған қара тайыншаға мініп, тауды жоталай қашқанда түре қуған батырлардың аты тастан кібіртіктеп жүре алмай, Қоңқай батыр Тарғынның ішіндегі Баспақ сайын өрлеп, Қызылқайындағы Шапқанжол арқылы тауды асып, тірі кетті деген аңыз бізге жетсе оны дәлелдейтін дерек жеткілікті.

Жаудан босаған соң Қоңқай тауын, Тарғын өзенін, Уранхай өзенінің бойын Қожамбет, Жиленбет елінің рулары мекендей бастайды. «Ал Танащ, Барак Амапаттың үстінде, Тайынты бойында, Самар ауданының Тикоп, Ақирек деген жерлерінде қатты ұрыстар жүргізе отырып, қалмақтарды бұл өңірден қуған. Бұл жағдайлар Абылай ханның нұсқауымен болған»².

¹ Ануарбекөв Еркін. Барак батыр. Ақ Ертіс, маусым, 2008.

² Қайсенов З.Ә., Қайсенов А. Найман шежіресі. – Өскемен қаласы, 2001. – 250-ші бет.

Шығыс Қазақстан жері үшін шайқаста Абылайдың өзі қатысып, қолынан жараланғанына (қалмақпен соғыста емес, қытай әскерімен алғашқыда Амурсананы қолдап соғысқанда жараланған. – И.С.) дейін оны көрген башқұрт старшинасы Абдолла Қаскинов айтып отыр. Ал Абылайдың осы соғыстарының бәріне Барақ батыр мен Танаш батыр қатысқан деп қорытынды жасаймыз¹.

2009 жылы «Ан Арыс» баспасынан көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» атты тарихи романы 2 кітап болып шықты: Тарихи роман-дилогия, әрқайсысы 416 беттен тұратын. Бұл романда Қабанбай батырдың жорық жолы, жоңғар және басқа басқыншылармен табан-тірес күресте батырдың ерлігі, үзеңгілес достары жан-жақты көрсетілген.

Сонымен қатар басқа да қазақ батырларының елін, жерін қорғап, елді мекендерді жаудан азат ету жолындағы ерліктері баяндалған. Романда мынандай жолдар бар: «Бөгенбай бастаған бес мың қол қазір дәл ортада, Қарғыбаның Зайсанға құяр сағасында табан тіреп тұрса керек. Ал Көкжал Барақ бастаған сол канат әскер Қалбаның қалың бұйратын жаудан арылтып, Ертісті өрлей жылжыған...»². Бөгенбайдың белі ауырғанына байланысты Қабанбай оның орнын басқаннан кейін: «Ол Күршім маңында жүрген Көкжал Баракты қарауындағы үш мың жасағымен бірге Қарбыға бойына шақырып алды... Көкжал Барақ қасындағы Бура Ақпантай, Сарыжомарт Танаш, Ақнайман Жаман батырлармен бірлікте Ертістің сол жақ қапталымен жылжып отырып, өткен екі айда әлденеше сәтті ұрыстар жүргізіпті»³. Барактың Аңырақай (1730 ж.) соғысында да көзге түскені жазылған. Абылай хан жоңғардың ханы Әмірсанаға әскери қолдау көрсеткен кезде қазақ сарбаздарының

¹ Қайсенов З.Ә., Қайсенов А. Көрсетілген шығарма. – 251-ші бет.

² Жұмаділов Қабдеш. Дарабоз. Тарихи роман-дилогия. Бірінші кітап. Алматы: «Ан арыс» баспасы, 2009. – 379-380 беттер.

³ Жұмаділов Қабдеш. Дарабоз. Тарихи роман-дилогия. Бірінші кітап. Алматы: «Ан арыс» баспасы, 2009. – 389 бет.

Алтынмежелдегі шайқастағы қимылы суреттелінген: «Сонау бір тұста Барақ пен Баян батырлардың да жігіттерге жол ашып, қанды шайқастың қызу ортасында жүргені байқалады. Әсіресе, қызып алған Көкжал Барақ топ ішінде көк тұлпармен қоянша бұлтарып, алдаспанын оңды-солды сілтегенде қимылына көз ілеспеді»¹. Романда, Абылайдың оңтүстікте қазақтың жері, елі, қалалары үшін Қоқанмен болған жеңімпаз соғысын сипаттай келіп, соғыс кезіндегі қазақ қолбасшыларының орны да көрсетілген: «Маңдайда Көкжал Барақ, оң қолда — Олжабай, сол қолда — Қойгелді батыр тұратын болды»². Бірақта, жазушы Барақ батырды, оның үзенгілес жолдастарын қырғыздың жылқысын ұрлаған кезде өлтіріліңді дейді. Барақ және оның жауынгерлері Қоқанмен болған соғыстан оралып, ел-жұртына қайтып келе жатқанда, жанына жүз жігітті ғана ертіп, жол-жөнекей қырғыздың жылқысын ұрлай кетелік деп, жылқышыларға тиісіп, жылқыны бөліп, Шу өзеніне дейін айдап келеді. Артынан қуғыншылар жетіп, Шудан өткізбей қоршап алады. Жүз жігіттің 97-і қырғыздардың қолынан қаза табады; олардың ішінде Барақтан басқа Шынқожа, Тауасар батырлар бар, — деп жазған. Жазушы Қабдеш Жұмаділовтың Көкжал Барақты және қазақтың басқа батырларын өзінің «барымташылар» дәлірек айтсақ ұрылар ретінде көрсетуі шындыққа жанаспайтын, жалған ниғыл. XVIII ғасырда «барымташы» деген сөз, бидің үкімін екінші жақ орындамаса, бидің шешімімен зәбір көрген жақ күш қолданып, тал түсте де ұрланбай малын тартып алатын. «Барымташы» мен «Ұрлықшы» деген сөздердің ұғымы әртүрлі болды. Көкжал Барақ батыр 1771 жылы қазақтың хандары мен сұлтандары Нұралы, Абдулмамбет, Хаип Абылай басқарған қазақ сарбаздарының құрамында Абуши ханның ұйымдастыруымен Еділ бойынан қашқан

¹ Жұмаділов Қабдеш. Дарабоз. Тарихи роман-диалогия. Екінші кітап. Алматы, 2009. — 77 бет.

² Жұмаділов Қабдеш. Дарабоз. Тарихи роман-диалогия. Екінші кітап. Алматы, 2009. — 292 бет.

қалмақтарды Мұғаджар тауларынан, Ырғыз, Торғай бойынан қырғыздың Алатауына ығыстырып, қуып келе жатқанда таста тығылған қалмақтың мылтықтан атқан оғы Бараққа тиіп, шейіт болған.

2009 жылдың 24 қазан айындағы «Айқын» газетінің бетінде, «Жағымды жаңалық» - атты айдармен «Он ауыл атын өзгертті» деген қысқаша мақалада *Қайржан Төрежан* Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданындағы жеті ауылдың және Күршім ауданындағы үш ауылдың атауы қазақша аталатын болды. Бұл туралы облыстың тілдерді дамыту басқармасының ономастикалық жұмыс және талдау бөлімінің бастығы *Гүлбану Құсманова* мәлімдеді, – деп, «Фықалқа» деген ауыл енді «Бекалқа» болып, Черновая – Аққайнар, Чаловка – Талды, Верх-Катунь – Ақшарбақ, Славянка – Қайынды, Дарственное – Барақ батыр, Вознесенка – Бірлік аталғандығын жариялады.

Дарственное селосына Барақ батырдың есімі берілуі, қазақтың көрнекті қолбасшыларының бірі Көкжал Барақтың жаулардан өз Отанын, жерін, елін қорғаудағы ерлігін ұмытпау, оның есімі қалтарыста көмескі қалмау үшін отандастарының жасаған патриоттық сезімінің белгісі, батырдың есімін мәңгілікке тарихи тұлға ретінде қалтырудағы алғашқы көрнекті қадамы, жетістігі, – деп білеміз.

V тарау.

БАРАҚ АТТАС ЕСІМДЕР ЖӘНЕ АТАУЛАР

Түркі тілдес халықтардың арасында «Барақ» деген есімдер ерте кездегі тарих беттерінен жиі кездеседі. Новгород-Северскийдің князі «Игорь Свято-славичтің жорығы» атты жылнамалар повесінің баяндауы бойынша 1183 жылы Киевтің ұлы князі Святослав Переяславльдің князі Владимир және басқа да орыстың княздері күштерін біріктіріп, көп әскермен Инжир өткелінен Днепрдің сол жағасына өтіп, құман-қыпшақ (дерек бойынша половцылар) жеріне шабуыл жасайды. Осы жылдың маусымында, Қарлыұлы хан Кобяқтың басқаруымен басқыншыларға қарсылық көрсеткен құман-қыпшақ княздерімен қолбасшыларының (Осалук, Тарх, Садвак, Тарсук, Изай т.б.) арасында Барақ бар¹.

Атақты хан Барақ (1422/23-1428 жж.) Алтын орданы (Үлкен Орданы) қазақ жеріндегі Ақ Ордаға біріктірген, Алтын орданы билеген, Жетісу, Алатау, Сырдария өңірлері негізгі мекені болған, Евразиялық мемлекеттер деңгейінде аты әйгілі, Ақсақ Темірді ойсырата жеңген Урус (1361-1378 жж.) ханның (Ақнияз хан – И.С.) ұрпағы. Алтын орданың, қазақ хандары мен сұлтандары және соның ішінде Урус хан мен оның ұрпақтары жөнінде қазақтың тарихшысы, жылнамашысы, тегі жалаир тайпасынан, Хошымұлы Қадырғали (1530-1605 жж.) өзінің атақты «Жамиғат тарихы» атты еңбегінде жазған. Қадырғалидың шығармасы 1602 жылы аяқталынады. Осы шығармадан Барақ хан және оның тегі жөнінде мәліметтер келтірейік².

Қадырғалидың айтуынша: Өзбек хан көп жылдар бойы

¹ Игібаев С.К. Кочевые народы северного Причерноморья в повестях древней Руси (X-XII вв.) Алматы: Ғылым, 1994. – Б. 16.; Қазақстан в источниках и материалах. – Усть-каменогорск. Издательство «Медиа-Альянс», 2005. – Б. 99.

² Қадырғали Жалаир. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – Б.114;

Еділде патшалық етті. Жәнібек, Өзбектің ұлы, әке тағының мұрагері болды. Жәнібекпен болған қайғылы оқиғадан кейін ұлыстың (Алтын орданың – И.С.) ыдырауы басталды. Урус хан өз әскерімен Алатауға кетті. Сол кезде Жәнібектен кейін, қият Исатайдың ұлы Шартқатлы (Чирақұтлы) бүкіл ұлысты басқара бастады. Урус хан Шарқатлыны өлтірді. Барлығы Урус ханды қастерлеп, мадақтап, билеуші ретінде таныды. Ол патша тағына отырғызылды. Кейіннен Урус хан Алатау өңіріне қоныс аударды; бұл өлкеде өрісі кең, шөбі шүйгін жайылым, суы мол өзендер көп. Отрар, Сайрам қалалары, Шу, Талас, Ыстық-көл, Теклік алқаптарына жақын орналасқан. Урус хан – ер жүрек батыл, күшті, даңқты және қол астында халқы көп билеуші болды. Көп жылдар бойы осы халыққа патшалық етті. Урус хан Қыштам деген жерде, солтүстікте өлді. Әкесінен кейін оның ұлы Қойыршық (Құйыршық) сұлтан ұлысты басқарды. Оны әкесінің тағына отырғызғандықтан Құйыршық-хан аталыңды. Бұл кезде Қашғар ұлы-сымен дұрдараз, шиеленіскен жағдайда еді. Құйыршық ханнан кейін оның ұлы Барақ сұлтанды хан етіп көтерді. Барақ алып денелі, ержүрек батыр болды. Аз уақыттың ішінде ол әртүрлі көптеген ұлыстарды өзіне бағындырды. Барақ хан, Сарайшық қаласынан алыс емес Қас Наурыз деген жерде, Еділ өзеніне жақын Жайықта қаза болды. Барақ ханның ұлын кіші Жәнібек хан, - деп айтады¹.

Тарихшы Абылғазының (1644-1664 жж.) мәліметінде Барақ, Қойыршық-огланның ұлы, Алтын Орданың ханы.

XVI ғасырдың ортасында Моғолстанның ханы, Қашғардың билеушісі Абдар-Рашид (өлген жылы – 1559) ханмен одақтас болып, Сырдария, Жетісу өңірлерінде қазақтың ханы Хақназармен соғысқан Ташкенттің билеушісінің есімі де Барақ (Науруз-Ахмад) болды. Барақ өлгеннен кейін оның орнына мұрагерлікке ұлы Дарвин тағайындалады, Бухардың ханы Аб-

¹ Қадырғали Жалаир. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – Б. 113-114; Игібаев С.К. Қазақстан в источниках и материалах. – Усть-каменогорск. Издательство «Медиа-Альянс», 2005. – Б. 99.

далла II-шінің көмегімен. Бірақ, Дарвиштің інісі Баба-сұлтан таққа таласып, ағасын өлтіріп, Ташкентте билік етеді. 1582 жылы Баба қазақтың сұлтаны, кейіннен хан болған Тауекелден (1583-1598 жж.) жеңіліп, оның қолынан қаза табады. Нөкерлері қолға түседі.

П.И. Рычков Абулхаир ханның 1748 ж. Барақ сұлтанның (Көкжал Барақ батыр емес – И.С.) адамының қолынан қаза болғаны, оның себептері жөнінде толық мәліметтер келтіреді: «Ор бекінісінен өз ұлысына оралысымен ол (Абулхаир – И.С.) қарақалпақты тонауға аттанды, сонда өлді. Сол жолында Орта Орданың сұлтаны Барақпен кездесіп қалды, бұрын онымен жанжалдасып, араздас еді. Кездескенде, қазақ ұлыстарына қоныс ауып келген қарақалпақтар жөнінде дау басталды. Оларды хан өз қарамағына алмақшы болса, Барақ сұлтан оларды өзінен жібергісі келмеді, ақырында бұл дау екі жақ арасындағы төбелеске соқтырды. Ханға қарағанда Барақ сұлтанның адамдары көбірек болды, осындай жағдайда Барақ сұлтанның бір адамы ханға найзаны өлтіре сұқты», - деп жазған¹.

П.И. Рычков Барақ сұлтанның өлген жылы туралы да жазған: 1750 жылы Барақ сұлтан, бір дерек бойынша уландырылып өлтірілді, ал басқа мәліметтер негізінде ол аурудан, өз өлімімен өлген².

Иван Григорьевич Андреев (1744-1824 жж.) «Описание Средней орды киргиз-кайсаков», - деген шығарманың авторы Барақ сұлтанның генсалогия-сына тоқталған: Даир сұлтан, Барақ ханның ұлы. Барақ Тұрсынханның ұлы, ал Тұрсын – Шығайдың тұқымы³. Ханхожа сұлтан ол да Барақ ханның ұлы.

Сібірдің губернаторы Ф. Соймонов Мемлекеттік сыртқы істер коллегиясына Орта жүздің Барақ-сұлтанның елшілері

¹ Рычков П.И. Көрсетілген шығарма. 86-87 беттер.

² Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). Издание Оренбургского губернского статистического комитета. – Оренбург, 1896. – 92 бет.

³ Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Ғылым, 1998. – 36-37 беттер.

келгенін хабарлаған¹. Омбы мұрағатының құжатында генерал-лейтенант Глазанептің 1810 жылдың 31-қаңтарында Ресейдің сыртқы істер коллегиясына жазған баянатында Барақ ханның ұлы Бөкей ханның лауазымды адамдарын марапаттау жөнінде ұсыныс жасаған. Осы жылдың 24 қазанында Уали ханмен қағар Орта жүзде хан болған Бөкейдің және Глазанеп өмірден кетсе де, бұл ұсыныс Жеке Сібір корпусының командирі генерал-майор, барон, Карл Федорович фон-Клоттың деңгейінде қайта көтерілген².

Кейбірлеулер Көкжал Барақгы Ташкентті басқарған қазақтың ханы Тұрсынның (1628-ші жылы өлтірілген) ұлы, XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген, Ресей, Қытай мемлекеттеріне белгілі, қазақ халқының көрнекті ұлы Барақ-сұлтанмен немесе хан Барақпен патастырады. Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер. Алматы, 1998. – 581 бет» атты шығармасында мынандай жолдар бар: «Әбілхайырдың оң жағында Найманның сұлтаны Барақ... Жұрт оны қайсарлығы, ержүректігі үшін Көкжал Барақ атаған»³.

Батыр Сырым Датов басқарған қазақтың ұлт-азаттық көтерілісіне (1783-1797 жж.) қатысқан батырлардың арасында есімі «Барақ» атты батыр да болды. 1785 жылдың көктемінің басында Сырымның 2700 қазақтан тұратын жасақтары әскери қимылға кіріскен кезде, оған «Барақ және Тленнің 3500 адамнан тұратын жасақтары қосылған»⁴.

XIX ғасырдың ортасында да Барақ атты есімдер кездеседі.

¹ Государственный архив Омской области. Личный фонд Катаева. – Копии донесений тайного советника и сибирского губернатора Ф. Соимонова в Государственную коллегию иностранных дел о приеме в русское подданство киргиз-кайсков Средней орды, о визите послов Барак-салтана и старшины Кулсары-батыра, ф. 366, оп. 1. Л. 6, д. 4. ОЦ немесе өте құнды.

² ГАОО, ф. 6, оп. 1, д. 38, л. 15.

³ Есенберлин Ілияс. Көшпенділер. Алматы, 1998. – 264 бет.

⁴ История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Второе издание. Исправленное и дополненное. Том I. Под общей редакцией И.О. Омарова и А.М. Панкратовой. Алма-Ата, 1949. – С. 212.

Сұлтан, 1840 жылдан бастап өмірінің ақырына дейін хан болған Кенесары Қасымұлының (1802-1847 жж.) қолбасшылығымен болған, Ресей мен Қоқанның отаршыл-дығына қарсы шыққан қазақтың ұлт-азаттық көтерілісін (1837-1847 жж.) басуға 1845 жылы Балхаш, Іле бойын мекендеген хан Кенеге қарсы генерал-майор Вишневскийдің басқаруымен Ресей империясының әскері аттанды. Осы әскердің құрамында «Аягөздің аға сұлтаны Барақ Сұлтанбаевтың жасағы да болды»¹.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Батыс Қазақстанда аты шыққан батырдың бірі Асау Барақ болды. Асау Барақ Ресеймен күресіп жүрген, өзін хан деп жариялаған Каипғалий Есімов сұлтанға мынандай қарсы сөз айтқан көрінеді: «Біз салықты орыстарға төлейміз, сондықтан саған, хиуа ханына басқадай салықты төлей алмаймыз. Не себепті өзінді хан деп жариялайсың?

– Бізде қағаз бар, ол бойынша сені басқарушы аға сұлтанға ұстап беру жөнінде. Орыс үкіметінің сені тағайындағаны жөнінде қағазды бізге көрсет, егер ол бар болса, онда бізге қандай бұйрық болса да бере бер»² - деген екен.

Ұлы жүздің аға сұлтаны Сүйекенің үшінші ұлының есімі Барақ. Орыстың тау-кен инженері, саяхатшысы, ғалым Александр Георгиевич Влангали басқарған экспедицияны Сүйекенің ұлы Барақ 1851 жылы Қаналдан, Көксеуға дейін жол көрсетіп, шығарып салған³.

«Барақ» деген сөз «Ит» - деген ұғым берер, - деп түсіндірушілер де кездеседі. Шын мәнісінде қай адам өз бала-

¹ История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Второе издание. Исправленное и дополненное. Том I. Под общей редакцией И.О. Омарова и А.М. Панкратовой. Алма-Ата, 1949. – С. 291.

² Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную безопасность казахского народа (1797-1838 г.) Очерки по истории национального движения Казахстана в 2-х частях. (По материалам Центрального архива Казахстана) – Издание О-ва изучения Казахстана. г. Кызыл-Орда, 1926 год. – 291 стр.

³ А. Влангали. Геоэтноистические поездки в восточную часть киргизской степи, в 1849 и 1851 годах. Горный журнал. Ч. III, кн. VII, 1853, с. 91.

сын, ұрпағын итпен теңестіреді. Барақ аттас адамдар көбінесе өз кезінде силы, ел басқарған, хан, сұлтан болғандар. Олай болса, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893 ж. 29-қазан – 1920 ж. 21-мамыр) келтірген қазақта бір мақал бар еді: «Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табады, би деген ақ шарифат, ілуде бір-ақ қатын табады»¹ дегені Барақ есімдеріне анық, дәйекті түсінік бола алмайды. «Барақ» деген сөз күшті, мықты ұғымына сай келер.

«Барақ» деген атаулар да кездеседі. Мысалы, VIII-X ғасырларда Жоңғар Алатауынан Сырдария өзенінің орта ағысына дейінгі жерлерді қоныс еткен түркі-қарлықтарының Балхаш пен Ыстық-көл аралығында көптеген қалалары болды. Оның бір қаласының аты Барақ².

¹ Торайғыров С. Сарарқаның жаңбыры. Поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1987. – 205 бет.

² История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В четырех томах. Т.1. Издательство «Атамура». Алматы, 1996, 314 бет.

Екінші бөлім

**КӨКЖАРЛЫ КӨКЖАЛ
БАРАҚ БАТЫРДЫҢ
ҰРПАҚТАРЫ**

БОСТАН

Бостанның ұрпағы С.М. Жамбосынов Бостанның балалары, немерелері, шөберелері жөнінде мынадай мәліметтер береді. «Өтейдің тоқалы Қыздарханнан Төлеке (Таз, Жарылған)», Шона, Шүрек, Шүректің бәйбішесінен Барақ (батыр бабамыз), Басар, Жаманқұл туады. Барақтың бәйбішесі Қойбикеден Бостан, Дос, Кәдір туыпты. Бостанның Шегір, Бөгенбай, Қабанбай (әкесінің батыр достарының есімдері), Темірбек, Белдемше, Аюсары, тоқалы қалмақ қызынан Жырық деген ұлдары болыпты.

1 Шегір. Шегірден Алтыбай, Алтыбайдан Мадияр, Данияр; Мадиярдан Тәңірберген; Тәңірбергеннен Тұрған; Тұрғаннан Смагул, Қабыкен тарайды. Даниярдан Мамыр, Күлетай; Күлетайдан Жақып; Жақыптан Қасым, Қасымнан Айтмұхамбет тарайды.

2 Бөгенбай. Бөгенбайдан Омбай, Домбай, Қарынбай; Қарынбайдан Алпысбай; Алпысбайдан Есқазы, Ақаш.

3 Қабанбай. Одан Жолдыбай, Болдыбай; Жолдыбайдан Мөнти, Ботабай; Ботабайдан Шоқбас; Шоқбастан Махай, Құсман, Орал тарайды. Мөнтиден бала жоқ. Болдыбайдан Шақабай; Шақабайдан Жанбосын (Совет Макеновтың атасы – И.С.), Байбосын, Қасен.

4 Темірбек (Тайлак қосымша аты). Одан Мағауияның ата тегі тарайды.

5 Белдемше. Бұдан Дауке, Мәлік, Тоқан, Қалиекперлер тарайды.

6 Аюсары. Одан Әкімбасев Дүсіп бар. Аюсары тоқалы қалмақ қатынынан Жырық туады. Бұдан жүргендер Рышпанов Қабай, Рамазановтар»¹.

Жанбосынов Советтің шежіресіне кірмеген мәліметтер: Тұрғанұлы Смагулдың ұлдары Сабидолда (Долдаш), Сабидолда

¹ С.М. Жанбосынов. Қазақтың халық болып қалыптасудағы күрес жолы және өсіну-өрбуі туралы шежіре мәліметтеріне қысқаша шолу. – Оскемен: 2009. – 62-71 беттер.

олла (Шабен), Зейнолла. Шабеннің ұлдары Мұрат, Ришад. Зейнолланың балалары Нұролла, Нұрбақран, Ербақыран, Нұрболат, Еркінбек, Болатбек. Тұрғанұлы Қабыкеннің баласы Уалиолла (Уәш), оның балалары Гарифолла, Нұрғалым, Мырза, Ерғали, Нұрғали, Батырқали. Тұрғанның ұлы Халық, оның ұлы Сансызбай болуы да ықтимал. Бөгенбайдың ұрпағы, Алпысбайдың ұлы Есказының көрегендігі бар, сәуегей адам болды. Ақаштың ұлдары Төлеухан, Құмархан (Үшкір), Аділхан (Әду), Оразбек (Өкөн), Кенжебек. Төлеуханның ұлдары Мырзабек, Нұрбек, Аскербек, Асқар; Құмарханның балалары Мәуілхан, Бақытхан, Марат, Талғат; Әдудің балалары Серік, Ержан, Ерлан; Өкөннің балалары Даурен, Дастан, Руслан, Жасұлан; Кенжебектің ұлдары Берік, Аслан. Есказы мен Ақаштан басқа Алпысбайдың ұлдары Рахметолла, Мүкей. Рахметолланың ұлы Құмарбек, Мүкейдің ұлы Бағдатқан, оның балалары Қайрат, Сымбат, Мейір, Мәлс, Айдын. Бөгенбайдың бір ұрпағы Кітапбай, оның балалары Сағай, Ақай. Сағайдың балалары Саин, Заки, Құмар. Бөгенбайдың бір ұлы Оразалы. Бостанның Қабанбайдан тараған ұрпағы Макен Жанбосынұлы көп жылдар бойы бастауынш кластардың мұғалімі болды. Макен, жұбайы Шарипа екеуі балаларына жақсы тәрбие, білім берді. Макеннің балалары Совет, Клара, Ақылбек (қайтыс болды), Алғай (2004 жылы 17 желтоқсанда бақи болды), Кенжебек (1974 жылы қайтыс болды), Тамара. Макенұлы Советтің әйелі Фатима (1938-26/3.2011). Олардың балалары Албина, Ерлан. Албина көрнекті ғалым болды, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ақылбектің жолдасы Күлсайран, олардың балалары Мұрат, Алібек, Мырзабек, Нұрлан.

Бостанның ұлы Темірбектен Нистбай, оның ұлы Мағауия, оның ұлдары Қадыр, Сабыр; Сабырдың балалары Қадыл, Қасымжан. Бостанның ұрпағы Серікбай, оның ұлы Нұғыман, оның ұлдары Ержан, Ерлан. Бөгенбайдың ұлы Омбайдан тараған ұрпақтары Әжіке, Қинаят, Аскен, Заки, Баймолла, Молдаш.

Белдемшенің ұлдары Мәлік, Тәс, Бұлғынбай. Мәліктің ұлдары Қайрбек, Амантай. Тәстің ұлы Мөнен, оның ұлы Тоқан; Тоқанның ұлдары Абайхан, Ерқан, Мират, Баубек. Бұлғынбайдың ұлдары Қалибекпер, Дауке, Абілмәжін.

Аюсарының ұрпақтары Акімбай, Қиял, Ыдрыш. Акімбайдың ұлдары Дүсіп, Мүрсәлім; Мүрсәлімнің ұлы Мәлс. Қиялдың ұлдары Абок, Кеңесхан. Абоктың ұлдары Капок, Талғат. Ыдрыштың ұлы Құрмат. Аюсарының ұрпағы Жұманш.

Аюсарының ұлы Жырықтан тараған ұрпақтар: Тоқат, Терекпай, Рышпан. Тоқаттың ұлдары Садық, Бақтияр, Ысқақ. Садықтың ұлдары Мүлік, Мүкетай, Жұмақан, Бауыржан, Серікхан. Мүліктің ұлы Бек; Мүкетайдың ұлдары Алмас, Мирас; Жұмақанның ұлы Дархан, полиция қызметкері. Бақтиярдың ұлы Қапан, Ысқақтың ұлы Қанапия (Томпаш), Томпаштың балалары Қамбар, Құмар, Мұрат, Ерболат, Қамбардың балалары Жанболат, Жандос, Айдос. Терекпайдың ұлы Рамазан, оның ұлы Қазіретхан, оның балалары Ануархан, Тілімхан, Шоқан, Оқай, Капок. Ануарханның ұлдары Серік, Берік. Рышпанның ұлы Қабай, оның ұлы Қайрат, оның ұлы Әділ.

ДОС

Дос – Көкжал Барақ батырдың Қойбике әйелінен туған, екінші ұлы, Бостаннан кейінгі. Дос ержүрек болған.

Көкжал Барақ батырдың өз балаларын сынағаны жөніндегі аңыз бүгінгі ұрпақтарына да жетті.

Шуақты жаз күнінің бірі. Ошаққа қойылған үлкен қазанда ет пысып жатыр. Сойылған қойдың май тығылған көк бауыры, оттың ыстық күліне көмілген, пысуда. Бостан, Дос және Кәдір әкесінің жанына келіп, әрқайсысы бауырдан жегісі келеді. Барақ батыр жанына келген ұлдарын сынау үшін оларға былай дейді: -Пысып жатқан бауырды соған беремін, егер кімдекім үші жоғары қаратылып пышақ қойылған қатты тулақтың үстіне алысырақтан жүгіріп келіп, тулақтың пышақ қойылған

жеріне етбетімен құласа. Балалары козден таса жүгіретін жерге кетеді. Балалары кетісімен әкесі пышақғы алып тастап, оның орнына ағашты қояды. Үлкен ұлы Бостан жүгіріп келіп, тулаққа жығылмай, оны пыр айналады. Дос жүгірген бойында, тулаққа жақындағанда көзін жұмып, тулақтың томпайған, пышақ қойылған жеріне дәлдеп етбетімен жығылады. Кәдір жүгіріп келіп, тулаққа жетпей тоқтайды. Сонда Барақ балаларына мінездеме айтыпты: Бостан ел басқарады, Дос батыр болар, ал Кәдір бай болады.

Бостанның інісі Дос ағасының үйіне кіріп барса, қалмақтың төресі, Бостанның сұлу әйелін ұнатып, ойнамақшы болғанын байқайды да, төрені басынан қамшымен тартып жібергенде, төре жараланып, басын жеңгесінің етегіне тықпақшы болады. Сонда жеңгесі: «Тентегім! Төренің қаны шыққаны жаны шыққанымен бірдей», - дейді. Жеңгесінің осы сөзін естігеннен кейін, Дос, төрені аяғынан сүйреп далаға шығарғаннан кейін оны өлтіреді және оған қоса, күмістелген ертоқымы бар төренің жорғасын, төренің қызметкерін өлтіріп, қазылған орға, атын, ертоқымын қоса барлығын көмеді.

Артынан іздеуші, құн сұраушы адамдар Бостанның үйіне түседі. Сөз барысында, құн сұрап, топ бастап келген төре Бостанға: «ініңді шақыршы, оны көрейік», - дейді. Дос үйге кіргеннен кейін, қынындағы қанжарына оқты-оқты қол салып, біруақытта олардан насыбай сұрайды. Қонақтарға Достың өңі суық, сұрғылт көрінеді. Насыбайды алғаннан кейін Достың лақтырған құр шақшасы қалмақ төресінің тізесіне дәлдеп тиеді. Мүйіз шақша тізесіне қатты тиген көрінеді. Елшілер Бостанға: ініңізді көрдік, ол шыға берсін, бізде қайталық. Елге барғанда ұят болмасын, құнның бір рымын жасасаңыздар да болады, - депті.

Бәдел Тұрсынбаев Достың кейбір ұрпақтарын атап өткен. Қуанышбай жөнінде Бәделдің берген сипаттамасы: «Өзі батыр, палуан. Заманында он, он бес жыл би де болған. Әкесі Мауқара

кажыдан, оның арғы жағы Достан бері дәулеті таймаған мырза»¹ Достың бір ұрпағы Бұзайбай ауыл кеңесінің бастығы болды, - деп жазған.

Достың жеті ұлы болды: Балағаз, Бектас, Жантас, Майлы, Аққу, Көкқу, Жолдығұрт.

Балағазың ұрпағы Қимади, Жәнібек, Дәнебай, Сәтек. Сәтектің баласы Бұзаубай, оның балалары Жұмағали (одан ұрпақ жоқ), Қабдығали, Қадаш. Қабдығалидың ұлы Қайнолла, Қадаштың ұлы Төлеутай, оның ұлы Бауржан. Қимади атам ұзын бойлы болды. Қимадидың ұлдары Ауданбек пен Биданбек, қызы Қинуар. Ауданбектің ұлдары: Мұратбек, Маратбек, Жанболат, Нұрболат. Биданбектің ұлы Нұржан. Жәнібектің ұлы Дәнебай. Дәнебайдың ұлдары Оралбек, Мамырбай, Қожа. Оралбайдың ұлы Құсман, оның ұлы Әбілқасым. Мамырбайдан ұрпақ жоқ. Қожаның ұлдары Саурбек пен Алтайбек және екі қызы болды. Алтайбек жастайында дүние салды. Саурбектің ұлдары Азамат пен Бақытжан.

Бектастың ұрпақтары Балақожа, оның інісі Оқас. Оқастың ұлы Сқақ, әйелі Майжамал. Сқақтың ұлдары Бақытберді (Бақан), Бақыткелді (Бекен), Құдайберді (Құдыбай), Тәңірберді (Таңқай), қыздары Көкөн (үлкені), Бақытгүл. Бақытберді, Бақыткелді дүние салған. Бектастың ұрпақтарының бірі Даркебай, оның ұлы Ошанай. Ошанайдың ұлы Халел, оның ұлдары Темірхан, Маулхан (Маукеш). Маукеш (январь 1938 – 31 март 2013). Маулханның ұлы Қанат, қыздары: Индира. Ағасы Темірханның екі баласы бар.

2014 жылы 29 наурызда Маулхан (Маукеш) Халел ұлының өмірден кеткеніне бір жыл болуына байланысты ас берілді. Астың алдында қажы Ибрагим молда Ясинді толық оқып, бата берді. Маулханмен бала кезінде бірге өсіп, бірге оқыған немесе ауылдастары, достары, туыстары марқұмның балалық шағының

¹ Бәдел Түрсынбаев, Маскар Гумеров, Мәліхат Төрежанов. Повестілер, әңгімелер, ертегілер мен мысалдар. – Алматы, 1992. – 37-ші бет.

ауыр болғанын айтты. «Шаш ал десе бас алатын» заманда әкесін «халық жауы» қатарына жатқызғаннан бастап, көп қиыншылық көрген. «Халық жауының» баласы деген сөзден қорқып, мектептер оқытудан бас тартқан. Мұндай қиыншылық Самар ауданында да, Күршім жерінде де болған. Шөп шыққан жеріне шығады дегендей, текті рудың ұрпағы, жоғары білімді ауылшаруашылығының маманы болғаннан кейін Көкжыра (Амангелді) ауылында бас механик, Самар атқару комитеті төрағасының орынбасары, сол Самардағы СПТУ-дың мұғалімі болып, мамандар дайындап, жақсы қызмет атқарып, жастарға үлгі болды. Маулханның ақжарқын мінезі, қалжыңды жақсы көретіні, қонақ жайлылығы сипатталынды. Маулхан жолдастарына әйелін Лена емес, Айгерім, - деп таныстырғаны да айтылынды.

Жантастың ұлдары: Төлепберді, Тілепберді, Түрікпен. Төлепбердінің ұлдары Дабы, Шоң, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сағымбай. Дабының ұрпағы Жолымбет (ұрық жоқ), Иемберді (ұрық жоқ), Ислям. Шоңның ұлы Тілеуді, оның ұлдары Ермек, Өмірхан. Ермек Ұлы Отан соғысында шәйіт болды. Сәрсенбінің ұлы Нұрбай ержүрек, батыр болған. Күршімдегі Батпақбұлақ өзенінің жоғарғыағысындағы сай «Нұрбай сайы» деп аталынады. Нұрбайдың балаларының аттары Мәді, Ибаталы, Біләл, Алтынсары. Мәдінің ұлы Айдархан. Нұрбай атамыз казак атаманының оғынан Мәди, Ибаталымен шәйіт болды. Алтынсарының ұлы Рабілдің ұлдары тоғыз ағайынды: Нұрбек, Дулат т.б. Нұрбектің ұлы Алмас, қыздары Ажар, Дина. Сағымбайдың ұлдары Жакежан (Жакой), Сади. Жакежанның ұлдары Медеухан (қайтыс болды), оның баласы Меірфайз. Садидің ұлы Қайырхан (2011 жылы қайтыс болды), оның баласы Қайрат болған, Бейсенбінің ұлдары Бұлжан, Нұрал. Нұралдың ұлы Ахмет, оның ұлдары Алиекбер, Қалиекбер. Алиекбердің ұлдары Маулен, Сакен, Марат. Қалиекбердің ұлдары Тұрысбек, Тұрсынбек. Бұлжанның ұлдары Омар мен Бексолтан. Омардың ұлы Тұрсынбек (қайтыс болды), оның ұлы Асхат. Тілепбердінің ұлдары Кожан (хажы),

Есен, Мауқара, Ласпай, Манаспай. Қожанның ұрпағы Халық, Болат, Жолай (бала жоқ). Халықтың ұлы Мұқанғали, оның ұлы Қантай мен Сали. Болаттың ұлы Жотай, Жотайдың ұлы Смағұл, Саябай. Смағұлда төрт ұл бар. Саябайдың ұлы Кеңесхан. Саябай ағамыз етікті жақсы тігетін іскер адам болды. Мауқараның ұлдары Жаман, Қуанышбай, Орақбай, Жартыбай. Жаманның ұлы Бижан, оның ұлдары Жаңаш, Жаңабай. Жаңаш шымыр денелі, қою қара шашты жігіт еді, Қызылтас ауылыныда ұста болған Бижан ағамызға көмектесіп жүретін. Жаңаш жас кезінде қайтыс болды. Жаңабайың балалары Қайрат, Талғат. Болат. Қуанышбайдың ұлы Төлеухан, оның ұлдары Қайрхан, Мейрхан. Орақбайың ұлы Күлен, оның балалары Қазипа, Болатхан, Қазипаның күйеуі Какен. Жартыбайдан ұрпақ жоқ. Түрікпеннің ұрпақтары Базар, Назар, Мысақан, Исахан. Исaxанның ұлдары Үмітхан, Мейрхан, Маулхан, Серікхан (2004 жылы қайтыс болды). Үмітханның ұлы Айдарбек. Мейрханның ұлы Расул.

Майлының ұрпақтары жөнінде мәлімет жоқ.

Достың қалмақ әйелі Көкіден туған ұлдары Ақку мен Көкку бір анадан. Ақкудың ұлы Жәнәсіл, оның ұлдары Мәміш, Тәніш. Тәніштің балалары Шойтабан, Шомпай, Құлақ, Лұқбек, Шаңкей (қызы). Шойтабанның әйелі Мәшкетай апам, олардың балалары Нұрсағат, Гүлсім. Лұқбектің баласы Алтынғазы (Бікен) (1932-1975), Алтынғазыны Бікен деп те айтатынбыз. Алтынғазының әйелі Рахымбаева Сара, 1937 жылғы, Алтынғазы мен Сарадан алты қыз бар: Қаламқас, 1955 жылы туған; Қарлығаш 1958 жылы өмірге келді, Қарлығаштың күйеуі Болат; Сандуғаш 1960 жылы туған, Ғалия, 1962 жылы дүниеге келді; Гульям, 1965 жылы туған; Алмаш 1967 жылы туды. Шаңкей апайымыздан туған жиендер Егізбек пен Қоңырбек. Егізбектің ұлы Марат, қызы Көркем. Қоңырбектен үш ұрпақ бар: ұлы Арман, қыздары Гаухар, Арай.

Көкку ұлдары Қыстау, Байғара, Тілеуберді, Сатыбалды. Қыстаудың ұлдары Ихсан, Исмайл. Ихсанның ұлдары Бәйпейіс,

Жанпейіс. Бәйпейісті жерлестері Сарман деп атады. Сарман атамыз сары кісі болды. Қызылтас ауылында, Құптияр ағамыздың қолында қайтыс болды. Сарман атамыздың қызы Қаман, оның жолдасы Қыдырхан, олардан туған жиендер Мәншүк, Жаңылхан, Али, Қайдар, Қадыр. Қаман апай іскер, тігінші, жиындарда айтысқа да қатысатын, әнші де болды. Қаман апай 1994 жылы қайтыс болды. Жанпейістің ұлдары Бақтияр, Құптияр, Батырхан, қыздары Айтбала апам және Күлжік апай. Бақтиярдың әйелі Сақып апам, олардың қызы Қамарпану (Камкен). Сақып апам өлгеннен кейін Бақтияр атам қызы Камкеннің, күйеу баласы Сейтқазының қолында 1992 жылы қайтыс болды. Бақтияр Ұлы Отан соғысында бір қолының саусақтарына оқ тиіп, жараланды, соғыс біткеннен кейін жеріне оралды. Көп жыл бойы колхоз бен совхоздың сиырып бақты. Көзі көкшіл, орта бойлы, көп сөйлемейтін еді, Бақтияр атам. Айтбаладан туған жиендер: бір қыз, бір ұл. Ұлдың аты Қазыбек. Құптиярдың әйелі Өзипә тәтем, олардың балалары Мұратхан, Ләззат (1996 жылы қайтыс болды). Құптияр ағам 1974 жылы қайтыс болды. Ұлы Отан соғысында екі аяғынан жараланып, мүгедек болды. Соғыстан кейін Қызылтас колхозының бастығы, кейіннен ферманы басқарды. Мұратхан 2005 жылы қайтыс болды. Батырхан ағаның ұлдары Серікхан (2003 жылы 13 маусымда қайтыс болды), Болатхан (1950-1996 жж.), Асан, Талғат, қыздары Кульсан (1998 жылы 10 тамызда қайтыс болды), Гульзат. Серікханның ұлы Ринат, Ержан, қызы Назым. Болатханның жолдасы Төлеу, олардан туған ұлдың есімі Жеңіс, қыздары Гульназ, Жұлдыз. Талғаттың ұлдары Досқан, Ерасыл, Жалғас (кішісі). Күлжике апайдың күйеуі Сапа. Олардың балалары Күлжиян, Майдан, Сәтбек. Майдан Өскемен педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, мектепте директор болды. Қайтыс болып кетті.

Исмаилдың ұлы Мыса, Мысаның ұлы Қали. Қали атамның бәйбішесі Күлән апам, тоқалы Қайныкеш. Қайныкештен, Қали атамның кіндігінен Кәмәшөк. Қали атам 1891 жылы өмірге келіп,

1987 жылы 1 шілде күні қайтыс болды. Зираты Теректібұлақта. Қали атам оқымаса да өте шешен, ойын мақал-мәтелмен жеткізетін. «Сабыр түбі – сары алтын», «Сарғая сақталсаң, қызара бөргерсін», «Асыл тастан, ақыл жастан», «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас, жаман кісіге мал бітсе жанына қоныс қондырмас», «Тау мен тау жақындаспайды, адам мен адам жақындасады», «Ат айналып қазығын табар», «Ат тұяғын тай басар», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», «Заманың түлкі болса, тазы болып шал», «Заманыңа қарай бөркінді ки» деген мақал мен мәтелдерді жиі айтатын. Таныс емес жерде де мақтанбау да дұрыс деген пиғылын білдіріп, айтатын: «Далада жүрсем қарқара, үйге келсем масқара». Әр адамға, оның мінез-құлқына, сойлеген сөзіне, жүріс-тұрысына, қолының ашықтығына байланысты ат қоятын. Толық денелі, қараторы, қонақжайлы, шежірені өте жақсы білетін еді, Қали атам.

Зейнолла Қайсенов Шығыс Қазақстан облысына ғана емес, жалпы шежіремен айналысып жүрген қазақстан ғалымдарының арасында өзінің ғылыми ізденістерімен, құнды еңбектерімен белгілі тарихшы-этнограф. 1967 жылы Оскемен педагогикалық институтының тарих факультетін бітіргеннен кейін мектепте ұстаз болып, оқушыларға дәріс бере жүріп, өлкеміздің тарихына терең көңіл бөліп, «Найман шежіресін» баспадан шығарды. Найман шежіресін дайындау барысында ауыз әдебиетінің әртүрлі шығармаларын, ғалымдардың еңбектерін пайдаланып қана қоймай, тапонимика мәселелеріне көңіл аударып, генеология саласына байланысты тайпа, ру сұрақтарын қарастырғанда, ауыл, аудан, өлке тарихын, ата-бабаларымыздың шығу тегін, олардың қоныстарын білетін шежірешілермен тікелей сұхбаттасып, әр жерге өз қаражатымен барып, айтқандарын өз ауыздарынан жазып алған. Зәкеңнің сұхбаттасқан шежірешілерінің бірі – Қали. Зейнолла Қайсенов 1979 жылы Теректібұлақ (Жамбыл) ауылына барып, сол ауылдың тұрғыны 91 жастағы Қали ақсақалмен бетпе-бет әңгімелескен. Қали

атамның айтқаны: «Өтей ұрпақтары Күршім бойына қоныс аударғанға дейін Қызылсу, Шар өзендері бойында туыстары Жарты немесе Көкжарлылармен бірге отырыпты. Өтей үш әйел алған адам екен. Өтейдің бәйбіше қатынынан алты ұл туыпты, басқаларын мен білмеймін.

Өтейдің бәйбішесінен Қошанай, Майдан, Асқар, Таудан, Қожағұл, Қожықтуыпты. Екінші әйелі Қыздархан, Қыздарханнан Шона, Шүрек деген екі ұлы болды. Қалмақтардың шабуыл жасап, тыныштық бермей жатқан кезі болса керек. Өне шабады, міне шабады деген дүмпуді естіп Шүрек Шонаға келіп, «бір жерге қашып барып, тым болмаса жанымызды сақтап қалайық. Қолдан келер шама жоқ, қарсы тұрып соғысар күшіміз жоқ, не істейміз?» - деп ақыл салады. Шона отырып: «Қой әрі, ешқайда қашып пысатыны жоқ, осы отырған жерімізде құдай деп отыра берейік. Қалмақтар келсе келсін, бізді кім алар дейсін. Мыңғырып жатқан жылқымыз жоқ, несі болса да қалмақтар келген соң көре жатармыз», - деп көнбей, атына мініп, бір жаққа кетіп қалады. Сол күні түн ортасында қалмақтар ауылды шауып, қатын-баласымен Шүректі байлап алады. Шүректің Барақ, Басар, Жаманқұл деген балалары бар екен. Барақ, Басар үйде болмай аман қалады да, Жаманқұл әкесімен бірге жау қолында тұтқында кетеді. Артынан жетім қалған Шүректің екі баласын естіп (Қытай және Ресей деректеріне сенсек Шүрек 1756 жылға дейін тірі, ол Қытай тұтқынынан осы жылы босатылды, ал орыс елшісі майор Миллер 1743 жылы онымен кездескен. - И.С.), Өтеймен туысқан Жартының бір баласы Назар батыр алып кетеді. Барақ пен Басар басқа жұмысқа әлі келмейтін жас болғандықтан Назардың қойын, қозысын бағып, бір отбасында жүре беріпті. Сол Назар батырдың қолында ер жете бастады.

Назардың кейін алған тоқалы тым жас екен. Назар соны Барақтан қызғанып ұрып, соғыш көп жұмсай беріпті. Өйткені, тоқал Барақты қатты сыйлап, тамақтың тәуірін береді екен. Қонақ келсе асылған мүшелерден қалдырып, ерекше көңіл

бөліп, сыйлайды. Бұл істі көріп жүрген Назар тоқалды да, інісін де ашуланса сабап алады екен. Бір күні әйелі отырып: «Назар батыр, рұқсат болса менің сізге айтар бір-екі ауыз сөзім бар», - дейді. Сол күні көңілді отырған Назар рұқсат беріпті. «Батыр, әртүрлі қаңқу сөз шығарып, мына інің Барақ пен маған күн көрсетуді қойдың. Сенің бұл істеп жүргенің өзіңе де құдайға да жараспас. Мен сыйласам, сенің туысыңды сыйладым, оның үстіне Барақтың кісі таңғаларлық қасиеті үшін сыйлаймын. Егер сенбесең өзін байқа, қойдың соңында аш жүрсін, тоқ жүрсін, шыдамды, қысы-жазы алба-жұлба, үстінде киім де жоқ, тондым деп айтпайды. Күздің таңертеңгі суығында кеудесінен шыққан дем қазанда қайнап жатқан судың буындай бұрқырайды. Тап осындай үлкен қасиеті бар. Түбінде сенің басыңды торге сүйресе де, есікке сүйресе де інің және балаң осы болар, атыңды атағыңды ел-жұртқа жеткізер бойында қайнап жатқан асыл қасиеті бар», - дейді.

Бұл рас сөз бе, өтірік пе деп Назар күн шығар алдында қой шетінде жатқан Барақты байқаса, кеудеден шыққан демі қайнаған судан шыққан будай бұрқырап, аузынан жалын шығып жатқанын көреді. Мұны көрген Назар аң-таң болып, ертеңінде Барақты шақырып алып, үстіндегі киімдерін сыпырып алып, жаңа киім беріп, астына жақсы ат беріп мінгізіп, жылқы баққызып қояды. Ал, мына жатқан мал-мүлкімнің бәрі сенікі, бүгіннен бастап ерік өзінде, білгенінді істей бер деп батасын беріпті. Міне осыдан Барақ Назардың бір баласы атанып, ұранды Көкжарлы деп салып, талай жаудың бетін қайтарыпты. Өзін Көкжарлы баласымын деп жүріп «Көкжал Барақ» атаныпты», - дейді Қали ақсақал.

Көкқудің ұлы Байғарапың ұрпақтары: Өмірзақ, Шаһар. Өмірзақтың ұлы Ниязбек, оның ұлы Тұрысбек. Тұрысбектің балалары Жұмақан, Алтынхан, Болатхан, Төлеухан, Ерлан, Нұрлан. Шаһардың ұлы Қинаят, оның балалары Жайлау, Серік.

Көкқудың үшінші ұлы Тілеуберді. Оның ұлдары Игібай,

Мыңбай. Игібай өз кезіндегі ауылдастарының деңгейінде ескіше оқыған, сауатты болған. Игібай атам 1931 жылы дүниеден кетті, оның жұбайы Сайлаубайқызы Бопай (1860-1960), жүзге келген жасында 1960 жылдың мамыр айының аяғында, Күршім өзенінің жисінде, Бұрабай селосының жоғарғы жағындағы Еспембет деген жерде, жайлауға көшіп бара жатқанда, паром тұрған жерде қайтыс болды. Батпақбұлақтағы зиратқа қойылды. Игібай атамның ұлдары Қабидолда (1888 14 желтоқсан 1966), Қабдуали (1898 ж. 22 наурыз – 17наурыз 1977 ж.), қыздары Бәдиша (Шаушен) – үлкені, Нұрбәтима (1890 - 23 қаңтар 1959 ж.), Бибәтима (1905 23 қараша 1968 ж.).

Қабидолданың (Қауанның) ұлдары Қабыкей (1921-1936), Бабақұмар (1931-наурыз 1956), Даулетхан (19 сәуір 1946-21 мамыр 2008), қыздары Қоңыртай (1923-қыркүйек 2003), Ақтай (1927-29 наурыз 2010), Сараш 1940 жылы туған, Байған 1943 жылы туған. Қауан әкем қойшы болды. Екінші әйелінің (шешемнің) аты Кәмәрпану (Қамарня). Қабыкей ағамыз 14-15 жасында колхоздың жылқысын жайып жүргенде, тәркіленген орыс оны ағашқа байлап, өлтіріп, жылқысын алып қашып, Қытай өтіп кеткен. Бабақұмардың (Бабанның) қызы Төлеужамал (Төкеш). Қоңыртай апайдың күйеуі жездеміз Долдаш Смағұлов Ұлы Отан соғысының ардагері, майданнан жараланып қайтты. Ақкөңіл, ашық-жарқын адам еді. Ақтай апайдың жолдасы Алімғалиды туыстары «Алеша» дейтін, мінезі өте жақсы, ізгі адам болды. Олардың балалары: Жылыбай, Өзираш, Самат, Жанболат. Жылыбайдың әйелі Қарлығаш, олардың балалары Индира мен Қанағат. Өзираштың жолдасы Өкен, олардың ұлы Арман, Ерлан, қыздары Лаура, Сәуле. Сараштың күйеуі Советхан (Солдат) 2005 жылы ақпанда қайтыс болды. Олардың ұлдары Желдібай, Ғажайып, Нұрбек және үш қыздары бар. Байғанның жолдасы Шайбас қайтыс болды, қызы Салтанат. Дәулетхан (Даулет) мал дәрігері болды. Жолдасы Қайникамал. Олардың балалары Жанар, Шынар, Абзал, Ринат (2007 жылы

18 мамырда қайтыс болды), Назым, Азамат, Абзалдың жолдасы Мөлдір, ұлдары Аслан, Жаслан.

Қабдуали орта бойлы, қызыл шырайлы, сары кісі болды. Оны туыстары, жерлестері Шошан деп атады. Бала кезінде тынышсыздау болғандықтан. Араб, кирилица, латын әріптерімен оқып, жаза білді. Ауыл арасындағы жиындарда бірер ауыз өлең шығарып, айтысатын, жас кезінде саудагерлікпен айналысса, кейіннен, зейнеткерлікке дейін колхоз, совхоздарда әртүрлі жұмыста болды. Барақ бабамыз жөнінде көп білетін. Көкжал Барақтың бойындағы қасиет жөнінде әкем Қабдуалиден естіп едім. Қазақ сарбаздары биік таудың басына бекінген қалмақтың мергенін ұстамақшы болып, тауға көтерілгенде, олардың бірдебіреуін жақындатпай, атыпты. Көкжал Барақ атынан түсіп тауға көтеріліп, садағын оқтап тұрған жоңғар мергенінің қолынан ұстап, садағын түсіргізіп, одан оны не себепті атпағанын сұрайды. Сонда мергеннің айтқаны: атайын деп садағымды оқтап тұрдым, бірақ жан-жақтан тауға көтеріліп келе жатқан өңкей Барақтар болды. Қайсысын атарымды білмедім, - депті. Барақ мергенді сыйлап, сиппін беріп, өз жерінде тұрғызады. Мергеннің келіншесінің сұлулығына қызығып, қазақ жігіттері оның мазасын алған көрінеді. Бір күні таң сәріде мерген мен әйелі атқа мініп қашады. Артынан Барақ бастаған қуғыншылар оларды ұстап, қайтармақшы болғанда, мерген қазақ ауылынан қашуларының себебін айтып, оны әйелімен қоя беруді өтінеді. Белгі ретінде, - дейді мерген Бараққа, - бесіктегі ұлымды сізге қалдырып кеттім. Барақ мергеннің көңілін қайтармай, қоя береді. Қабдуалидің бірінші әйелі Әниістен Қазықұмар (1925-31 шілде 1978), Нұржамал (1925-11 қараша 2000), Гүлжамал (1927-1962) өмірге келді. Әниіс шешем қайтыс болғаннан кейін әкеміз Бұлықпайқызы Қайыңжамалға (1915-20 қараша 1980) үйленді. Қайыңжамалдан (Сәлкеннен) туған балалар Советхан (Сәкен), Бақтыжамал (Бақты), Советбек, Кеңесбек, Мұратбек (1962-17 қазан 1991). Қазықұмар (Қазтай) ұзын бой-

лы, қыр мұрынды, сары еді. Ауылдағы аттастардан айыру үшін ағамды Сары Қазтай дейтін. Ұлы Отан соғысының ардагері, Ржев қаласының түбінде қатты жарақаттанды. Майданнан оралғаннан кейін есепшот жұмыстарын атқарып, дүкенші де, бухгалтер де болды. Балалары: Тоқтарбек, Мақсат, Гүлсат. Тоқтарбек (Тоқатай) 1954 жылы 11 мамырда туды, жолдасы Алтынгүл. Тоқтарбектің ұлы Айдын, қыздары Индира мен Динара. Тоқатай техниканы, ауыл шаруашылығын жақсы біледі. Айдын мен Меруерт Мәлсіқызының (1984-2013) баласы Инабат. Меруерт 4 тамыз күні Жанұзақ деген ауылдың жанындағы зиратқа жерленді. Мақсат 1962 жылы маусымның 3-де, Гүлсат 1965 жылдың 10 қаңтарында өмірге келді. Мақсаттың жолдасы Сабырбаев Марат, олардың балалары Сұңғат, Жандос, Асхат, Елдос. Гүлсаттың жолдасы Сайлаухан, оның ұлдары Саят, Қуат, қыздары Толқын (үлкені), Жадыра, Жауқазын. Гүлжамал (Күлшан) апайдың жолдасы Халдай еді, олардың балалары Айтқазы (1950-1995), Нұрлыхан (Қоңыршақ).

Қабдуали ұлы Советханның ұлы Асқар, қыздары Алмагүл, Әсел. Бірінші әйелімнің руы матай, Камзинов Садыкеннің қызы еді. Ол кісі Ұлы Отан соғысына қатысқан, майданнан оралғаннан кейін Самар ауданының ішкі істер басқармасында өрт сөндіру бөлімін басқарып, капитандық дәрежеге жетті. Әбілғазыұлы Садыкеннің әйелі Кизамаш, руы қаратай, Теңліктің анасы. Екінші әйелім Құрмашқызы Айнагүл. Бұл жөнінде жәрімбеттерге арналған бөлімшеде толық жазылған.

Теңлік Садыкенқызы (25 наурыз 1941 – 19 мамыр 1988 жж.) Самар ауданының орталығы Самар орта мектебін орысша үздік бітіріп, сол 1959 жылы Өскемен педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне түсіп, оны 1964 жылы ойдағыдай аяқтап, Самар орта мектебінде 1970 жылдың ақпан айына дейін орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болды. Жұмысы жақсы болып, Самар ауданының құрмет тақтасына портреті ілінді. Өскеменге көшіп келгеннен кейін ӨКПИ

(Өскемен педагогикалық институтының) жалпы тарих кафедрасында «Орта ғасыр тарихы» пәнін оқып, ұстаздық етіп, аға оқытушы дәрежесіне жетті. Одан кейін Үлбі аудандық партия комитетінде инструктор болды. Өмірінің соңғы жылдары Өскемен энергетикалық техникумында ұстаздық етіп, қоғамтану, тарих пәндерінен студенттерге дәріс берді. Қоғам алдында атқарған тәрбиелік жұмыстары бойынша бірнеше дүркін мақтау грамоталарымен марапатталынды. Солардың бірі, энергетика техникумының қоғамтану пәндерінің оқытушысы Теңлік Садыкенқызы Камзина Комсомол комитеті бюросының грамотасымен 1980 жылы 29 мамырда марапатталынды.

Асқар 1967 жылы 28 сәуірде Самар ауылында өмірге келді. Күн жылы, тау бөктерінде дала раушаны (марикоренья) гүлдеп тұрған кез. Әскер қатарында болып, Отан алдында борышын атқарып келіп, жоғары оқу орнында оқуын жалғастырып, бітіргеннен кейін, Қазмұнайгазға, одан кейін бір кәсіпорынның бас директорлық қызметін атқарды. Жолдасы Маржан да жоғары білімді экономика саласының білгір маманы. Олардың баласы Камила 1997 жылы ақпанның 9 күні туған. Алматыда мектепті үздік бітіріп «Назарбаев университетінде» студент, экономика саласынан білім алууда. Алмагүл, 1969 жылы наурыздың 16-нда Самар ауылында туған. 1970 жылдың ақпан айынан Өскемен қаласының тұрғыны. Өскемен құрылыс-жол институтын бітіріп, экономист мамандығын алып, осы салада магистрлік диссертация қорғады. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде аға ұстаз, өз мамандығы бойынша студенттерге дәріс береді. Алмагүлдің баласы Теңлік (Тая) өмірге 16 ақпан 1992 жылы келді. Әсел 1981 жылы 25-ші маусымда туған. Өскемендегі ағылшын тілі бағытындағы орта мектепті бітіріп, ШҚМУ-дың экономика факультетін аяқтап, осы мамандығы бойынша магистрлік диссертацияны қорғап, магистр дәрежесін алды. Қазіргі кезде Астанада инвестиция және даму министрлігінің қызметкері.

Әселдің жолдасы Серікжан (Серік) Оралбекұлы, ол да жоғары білімді, магистр. Денешынықтыру мен спорт саласында қызметте. Балалары: Дастан 2005 жылы 30-шы қазанда, Эльдар 2011 жылы наурыз айының 18-де дүниеге келді.

Бақтының жолдасы Камзинов Кәкім Қазақ ССР-ның депутатты, орден, медальдармен марапатталған, жерлестеріне сөзі жүретін, өз кезінде айтарлықтай абыройлы, сыйлы еді. Олардың ұлы Бейбіт 1969 жылы 22 тамызда туған. Бейбіт Камзинов подполковник, бүгінде Күршім ауданының полициясын басқарады, жолдасы Ләззат мұғалім. Бейбіттің ұлдары Жалғас пен Шалқар. Бақты мен Кәкімнің қыздары Ғалия мен Әлия 1966 жылы 27 желтоқсанда туса, ал Альфия мен Зульфия 1976 жылы 27 желтоқсанда өмірге келді. Ғалия Шығыс Қазақстан облысы ауруханасының дәрігері, Альфия Күршім ауылының орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі, Зульфия заңгерлік қызметте. Советбек 1952 жылы 21 ақпанда туды, жолдасы Зағилаш. Советбектің ұлы Еркінбек (Ершөк), қызы Айгерім. Ершөк полицейлік қызметте. Ершөк 2007 жылы 10 қарашада Гүльнарға үйленді. Олардың ұлы Расул, қызы Ислана. Кеңесбек 1956 жылғы, 23 ақпанда туды. Кеңесбектің жолдасы Айжан, екеуі де физика, математика пәндерінің мұғалімдері Кеңесбектің ұлы Досжан, қыздары Меруерт, Самал, Жұлдыз. Досжанның жолдасы Айгерім, ұлы Диас.

Кеңесбек 2014 жылы қазақ айының 24-і күні қайтыс болды. Кеңесбек Қабдуалиұлының мұғалімдік қызметі мен оның қоғамға сіңірген еңбегін мектеп ұжымы еске алды. Кеңесбек туралы естелік «Шын мәніндегі ұстаз еді...» деген атпенен Күршім ауданының Рауан газетінің 29 қазан 2014 жылғы 84-ші нөмірінде жарияланды:

Ел аузында тәңірден берілетін екі мамандық болатыны жайында ғибратты әңгіме бар. Оның бірі – адам жанының арасы, дәрігер болса, екіншісі – бала жанының бағбаны, адамзат баласының бойына білім нәрін сіңіріп, ізгілік нұрын құяр

ұстаз. Сондай киелі мамандық пәсі, шын мәніндегі ұстаз – Игибаев Кеңесбек Қабдуалиұлы ортамыздан озды.

Бұл қайғы бір ғана Кеңес ағаның отбасының емес, жерлестері, замандастары, бір терінің пұшпағыш илегендей бірге қызмет еткен педагогтар қауымы мен ұстаздың алдын көрген шәкірттерінің қабырғасын қайыстырып-ақ кетті. Ел ертеңі жастарымыздың жолын ашып, қиын да қызықты физиканы терең меңгертіп, үлкен өмірге жолдама ұстатқан ұстаз орны ойсырап қалды. Бір ғана Күршім ауданы емес, ұлттық білім беру саласы білікті маман, өз ісінің хас шеберінен айрылды десек асыра айтпағанамыз.

Жоғары санатты физика пәнінің мұғалімі Игибаев Кеңесбек Қабдуалиұлы Күршім ауданының Батпақ-Бұлақ ауылында 1956 жылы дүниеге келді. Теректібұлақ орта мектебін бітіріп, алғашқы еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған ол 1980 жылы Өскемен педагогикалық институтын тәмамдағаннан кейін туған ауылында физика пәні мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады. 2003-2005 жылдар аралығында №4 Күршім орта мектебінде оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары, 2005 жылдан бастап №5 Күршім орта мектебінде мұғалім, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметін абыроймен атқарды. Халыққа білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталды. Әр жылдары ІШҚО білім беру басқармасының, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің, аудан әкімінің, аудандық білім бөлімінің Құрмет грамоталарын иеленді. Тынымсыз еңбек жолындағы жаңашыл ұстаздың авторлық бағдарламалары, әдістемелік әзірлемелері мен республикалық басылымдарда жарық көрген мақалалары бір төбе болса, жыл сайын Кеңесбек Қабдуалиұлы дайындаған мектеп бітіруші түлектер жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, барлығы дерлік грант иегері атанып жүрді. Былтырғы оқу жылында да қарымды еңбек еткен ұстаз «Шағын жинақты мектептерде білім сапасын арттырудағы ресурстық орталықтың ролі»

тақырыбында өткен аймақтық семинарда кіріктірілген сабақ ұсынды. Астана қаласындағы оқыту мен дамыту орталығы ұйымдастырған «Ұлағатты ұстаз» атты республикалық оқытушылар конкурсында 3 бірдей номинацияда 1, 2-дәрежелі дипломға ие болды. Мұғалімдердің тамыз кеңесінде жыл көлемінде атқарған сүбелі еңбегі арқасында «Үздік физика пәні мұғалімі» лентасын таққан болатын.

Міне, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаздың өмір жолы баршамызға үлгі боларлықтай. Қайтып ортамызға оралмағанымен, Кеңесбек Қабдуалиұлы ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі «Толық адам» бейнесінде жадымызда қалары хақ.

Мынандай жолдарды жазған Кеңесбек Қабдуалиұлының туған-туысқандарына көңіл білдіріп, сабыр тілеуші Рахимов Сейітәшім Қоржынбайұлы басқарып отырған №5 Күршім орта мектебінің ұжымы.

Нұрбатима тәтемді Мәптіқа дейтін. Күйеуі Жақсыбай Нұржан ұлы. Ол кісі ескіше оқыған, сауатты, молда болған. Кеңестік тоталитарлық жүйенің әсерінен тәркіленді, репрессияның құрбаны. Мәптіқа тәтем мен Жақсыбайдың ұлы Қадір, қыздары Сара мен Кәмәтай. Сара апай 1925 жылы туды. Палатцы орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болды. Қазір зейнеткер. Сараның ұлы Ануарбек, қыздары Зора, Жанна, Айгуль. Кәмәтай (сәуір 1927-2003) апайдың күйеуі Нәсибулла Қайрбаев, бірақ Нәсимолланы Нәскен дейтін. Үлкен қызметтерде болды. Ұлдары Рүстем (1953 жылы туған), Дастан (1955 жылы туған), Асқар қайтыс болды, үлкені Алипа. Кәметай апайдың қызметі, атқарған қоғамдық жұмысы, мінезі, отбасы жөнінде Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері, Қазақстанның құрметті журналисі Мусин Менгали Шаймарданұлы өзінің «Птица Феникс, «Врага народа» Повесть о женщине былинного духа, Ни убавить, ни прибавить» Повесть. Усть-Каменогорск, Издательство ВКГУ, 2001 – 324 с.) кітабында толық жазып кетті. Кәмәтай апайды жазушы Мусин Сәбит Мұқановтың «Ботагөз»

романының кейіпкері Ботагөзбен теңестірді: «...среднего роста, круглолицая, ясный взгляд карих глаз полон собственного достоинства и излучают внутреннее тепло.

Из рассказа Кабдолды можно было сделать вывод, что и характером Каметай сродни Ботагөз, открытая душой, доброжелательная к людям, решительная, когда надо «коня на скаку остановит, в горящую избу войдет...»¹. Кәмәтай апай Күршім ауданының Құйған ауылының кітапханасын басқарды, кейіннен Құйған ауылдық кеңесінің торағасына сайланып, көп жылдар қызмет істеді, қоғамдық жұмыстарға тікелей қатысып жүрді, өлең де шығаратын.

Бибатима (1905-23 қараша 1968), жолдасы Бақтияр Қалдыбайұлы (1901 ж. 30 мамыр 1943), сүйегі Жәрімбет, көкжарлының бір тармағы. Қалдыбайұлы Бақтияр жазықсыз айыпталынған, репрессияның құрбаны. Бибатима тәтемді Шыбар дейтін, ұзын бойлы еді. Шыбар тәтем мен Бақтиярдан туған жиеңдер: Сейтбатал (1931-1992), Уазипа (1926 жылғы) Қапиза (1928-1970), Қазиза (1935-1992), Қалиқас (1991 жылы қайтыс болды), Алибас 1940 жылы туған, апасының кенже қызы Кауария². Уазипа (Әзтай) апайдың жолдасы Мұхтархан Нұрғалиев (1929-2005), олардың бауырынан 10 бала тараған. Сейтбаталдың (Батайдың), әйелі Бисараның ұлдары Қайрхан (ұлдардың үлкені), Құмархан, Жеңісхан, Мәлік, Серік, қыздары Қайша (үлкені), Айгүл, Қаламқас, Нұрманат. Қапиза апайдың жолдасы Нұғманұлы Қабраш, мейірімді, ашық-жарқын еді, бұл дүниеден 1969 жылы сәуірде кетті. Балалары: Нәзигүл (Нәзөк), Қадипа, Нұржамал, Айтжамал, Дәмеш, Арман. Қалиқас жиен өте сымбатты болды. Балалары Салтанат, Амантай, Кәрімхан. Салтанаттың жұбайы Бақыт Еңсебайұлы. Салтанат облыстық әкімдіктің қызметкері. Амантай мен Кәрімхан кәсіпкерлер. Қазиза (Кәзөк) апайдың өмірінің жалғасы Гүлнар атты қызы.

¹ Менгали Мусин. Птица Феникс «Врага народа». Повесть о женщине былинного духа. Өскемен, 2001. 6-б.

² А. Бақтияров Өмір белестері. Өскемен, 2010. – 35-б.

Алибастың жұбайы Жамбы, дәрігер; олардың ұлдары Қайрат, Мұрат. Бақтияров Алибастың еңбек белестері үлкен: Үлкен нарын ауданындағы мектептің директоры (1964-1965); осы аудандағы ауыл шаруашылық кәсіптік училищенің директоры (1974-1979). Көп жылдар бойы комсомол және партия қызметкері: Өскемен қалалық комсомол комитетінің нұсқаушысы, Шығыс Қазақстан облысының жолаушы таситын автотресінің комсомол ұйымының хатшысы (1966-1970); Үлкен нарын аудандық партия комитетінің нұсқаушысы (1970-1974); осы ауданның партия комитетінің үгіт насият бөлімінің меңгерушісі (1979-1984).

Мұғалімдік және зоотехникалық жоғары білімі бар, ұйымдас-тырушылық қабілеті өте жоғары, іскер маман Бақтияров Алибас облыстың, Үлкен нарын ауданының ауыл шаруашылығының дамуына зор үлес қосып, осы салада айтарлықтай ұзақ уақыт жауапты да, сонымен қатар жоғарғы деңгейдегі лауазымды қызметті атқарды. Айталық, 1984-1987 жылдары Үлкен нарын ауданының ауыл шаруашылық басқармасының бірінші орынбасары; 1987-1994 жылдары Калинин атындағы колхоздың бастығы; 1994-1998 жылдары Хайрузовка совхозының директоры. Зейнетке шыққанға дейін «Өскемен ұн тартатын зауытының» директорының орынбасары қызметін атқарды. Оның дарындылығын, еңбексүйгіштігін, іскерлігін, білгірлігін, мейірімділігін және басқа да оған тән қасиеттерін негзге ала отырып, тізелес еңбек еткен әріптестері, жерлестері оны өте сыйлады. «Елінің елеулісі, халқының қалаулысы», ерекше біртуар тұлға деп бағаланды. Бақтияров Алибасқа 2011 жылы «Үлкен нарын ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Әлекең сөзінде: «Мен де Барақтың ұрпағымын», дейді. Кауарияның жұбайы Мырзабек Әшімұлы. Олардың ұлдары Марат пен Мұрат. Кауария Өскемен жол құрылыс институтын бітіріп, экономист мамандығын алды. Шығыс Қазақстан облысы Қаржы мекемесінде бөлім бастығы

қызметін атқарды. Жолдасы Мырзабек жоғары білімді, энергетика саласының қызметкері, көп жылдар бойы ПМК бастығы болған, кейіннен шаруа қожалығын құрды. Мырзабек ашық жүзді, өте сауатты адам. Құс аулауды, үйрек атуды жақсы көреді, жақсы шахматшы. Мырзабектің әкесі Әшім Матқаримов, шешесі Бибинұр. Әшім ағаның балалық шағы Күршім жерінде, өтейлердің арасында өтті. Сүйегі терістаңбалы. Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін Күршім ауданында еңбек етті. Лудан әкімшілігі Әшім ағаның сіңірген еңбегін бағалап аудан орталығы Күршім ауылының бір көшесін Әшім Матқаримовтың атымен атады. Өте зерек адам еді. Басшыларға жағымпозданатын адамдарды жақтырмай, оларды мысқыл, мақад-мәтелмен сипаттайтын. Жеңіс күніне ерекше мән беріп, туыстарын, достарын қонаққа шақырып, мейрамдайтын. Осы салтты Әшім ағамыз бұл өмірден озса да ұлы Мырзабек пен келіні Кауария әрі қарай жалғастырып, дастархан жайып, құран оқытады.

Игібай атам мен Мыңбай бірге туысқан. Мыңбайдың қыздары Бхия мен Жақия. Бхия туралы мәлімет жоқ. Жақияны ауылдастары Азбан деп атайтын, бойы ұзын болды, сондықтан болар, туыстары Азеке немесе Азекем дейтінбіз. Азекемнің жұбайы Мешел, шын аты Ранс. Олардың баласы Құдысшәріп (1921-8 мамыр 1998). Құдысшәріптің орнына оны барлығы Құдыс дейтін. Көбінде нағашыларының қолында болғандықтан соғыстан оралғаннан кейін де көп жыл бойы фамилиясы Игібаев болып жазылып жүрді, кейіннен Мешелов. Жұбайы Садық атамның қызы Күләш, сүйегі – Бостан. Олардың жеті баласы бар: Маруа (1955 ж.) үлкені, Еркінқожа, жолдасы Жаңылхан, Ақынқожа, Тұрсынқожа, Мария, Қайрат, Талғат. Еркінқожа полиция қызметкері болып, подполковник дәрежесінде зейнеткерлікке шықты. Еркінқожаның балалары Лаура мен Индира. Тұрсынқожа кәсіпкерлікпен шұғылданады, оның ұлы Қанат, қыздары Жанар, Үміт. Қайрат полицейлік

қызметте. Талғат әкесінің орнын басып Теректібұлақта тұрады. Ақынқожа (11 наурыз 1958 – 15 қараша 2014) көп жылдар бойы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында жұмыс істеді. Оның балалары Ардақ (қызы), Марат. Марияның жолдасы Бақытбек.

Көккудың бір ұлы Сатыбалды. Сатыбалдының ұлдары Оразай, Көшекбай, Қайырбай, Тоған. Оразайдың ұлы Әйтiш. Оразайдың ұрпақтары «Луыл» станциясында тұрады. Көшекбайдың ұлы Шөкeй, оның ұлы Уәлхан, оның ұлы Марат, оның ұлы Азат. Қайырбайдың ұлдары Құнапия, Әбілмәжін, Мәлгәждәр (1898 – қазан 1977), оның жұбайы Күлжәміш 1998 жылы ақпан айында 85 жасында қайтыс болады, Мәлгәждәрдің ұлдары Ануарбек (Уәтәй), Танаш, Кенжебай. Ануарбектің ұлы Еркін, оның ұлы Бекарыс. Танаштың ұлдары Бейбіт, Ерcін. Кенжебайдың (1955-2001) ұлдары Рүстем, Дастан, Жалғас. Сатыбалдының ұрпақтарын Мәлгәждәрұлы Танаштың айтуынша, үйінде отырып, 2012 жылы 28-ші қыркүйекте жазып алдым, кейіннен толықтырдым. Ануарбек (19 қазан 1945 – 1 тамыз 2013 жж.) шілденің 31-нен 1-ші тамызына қараған күні қайтыс болды. Тамыздың 3-де Өскемен қаласына жақын «Горняк» деген жердегі зиратқа қойылды. Анаурбектің жолдасы Майка-мал, олардың ұлы Еркін, жоғары білімді, мемлекет қызметкері. Өлеңде жазады. Еркіннің балалары – Перизат, ұлы Бекарыс.

Жолдығұрттың ұрпақтары жонінде 1998 жылдың 8-ші ма-марында Тілеудіұлы Өмірханнан мәлімет алсам, кейіннен, 2012 жылы 3-ші қыркүйекте Жолдығұрттың ұрпағы, бүгінгі күндері қазіргі Көкпекті ауданының құрамына енетін Казнаковка орта мектебінің директоры Даулетхан Қасымжанұлынан жазбаша мәлімет алдым, өзімнің де білгенім бар. Жолдығұрттың ұлы Асырбай. Асырбайдың ұлдары Қоныспай, Тоңаша, Қабдысадық (Тышпай). Қонысбайдың ұлдары Нұрсейіт, Жансейіт, Жан-сая, қыздары Мариям, Балкия (Быкия). Нұрсейіттің ұлдары Қалиолла, Қабдуали, Зейнолла, қыздары Мадина, Саби-ра, Қоңыртай. Қалиолланың ұлы Бауржан, оның ұлы Расул.

Қалиолла Ұлы Отан соғысының ардагері. Қабдуалидың ұлы Тілеухан (Жұбатхан). Қабдуали Нұрсейітұлының немерелері Алмас, Нұрлан, Арай, Айдын, Анар, Шынар, Іцкәр, Бақыт; шөберелері Мөлдір, Айдос, Алиқан, Рауан, Әділет, Әділжан, Санжар, Али. Зейнолла үйленбеген, неміс фашистерімен болған соғыста қайтыс болды. Мадинаның ұлы Советқан, қыздары Қайша, Биша, Бисара. Сабирадан туған жиендер Мәнен, Сәден, Саду, Гүлжиян, Камеш. Жансейіттің ұлы Қабылбек, қызы Рауза. Қабылбектің ұлы Уалқан. Жансейіттің немерелері: Мұрат, Ербол, Гүлнар; шөберелері: Дана, Жанна, Айдос, Айбол, Айгерім. Раузадан туған жиендер Мұхтархан, Құмархан, Қайникамал, Мұратбек, Әлия, Қонысбек, Кенжебек, Нағима, Айнаш. Жансая Қонысбайұлынан ұрпақ жоқ. Быкияның баласы Нұрсағила, Мариямның ұлдары Маулхан, Имашхан, екеуі де соғыста қаза болған.

Тоңашаұлы Нұрғали, оның ұлдары Айтқожа, Бердіқожа, қыздары Қаншайым, Мақышпай, Ықия. Айтқожа атамыз (19 желтоқсан 1899 – 24 мамыр 2000 жж.) 101 жасында қайтыс болды. Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан оралғаннан кейін шаруашылықтың әртүрлі саласында жұмыс істеді. Орта бойлы, сары кісі еді. Ұлы Дауітхан, немересі Сәуле, қыздары Биғайни, Тұрсынжамал, Төлеужамал, Кенжегүл. Жиендері: Қайырбек, Бақты, Жаңыл, Жаңылқан, Гүлмира, Бақытгүл, Клара, Қайрды. Бердіқожа ағаның ұлдары Тілсубек, Құмырбек, Манарбек, Нұрбек, Назарбек (кенже ұлы), қыздары Гүлсім (үлкені), Гүлсара, Гүлнар. Тілсубектің ұлдары Рүстем, Дастан; Құмырбектің балалары Мерхат, Нұржан. Манарбектің балалары Дидар, Айнұр, Гүлнұр. Бердіқожаның ұлы Нұрбектің кіндігінен немерелері Арман, Жадыра, Жанар. Бердіқожа аға қой фермасының менгерушісі де, жылқышы да, зейнеткер болғанға дейін басқа да жұмыс істеді. Бердіқожа 2012 жылы 7-ші қаңтарда қайтыс болды. Қаншайымның қызы Қайникамал, одан туған жиендер: Бекзат, Нұрзат, Гүлзат, Гүлнар, Еркін,

Ләззат, Секен, Ардақ. Мақышпайдың ұлы Жамел. Ықияның ұлы Маусент, қызы Зарман. Қабдысадық (Тышпай) ұлы Қасымжан (15 мамыр 1918 – 15-ші желтоқсан 2003 жж.), Ұлы Отан соғысының ардагері. Майдандағы және еңбектегі ерліктері үшін әртүрлі медальдармен наградталған. Жұбайы Смаилова Аққайша Мұқанқызы. Қасымжан мен Аққайшаның ұлдары Даулетхан, Жұмахан, Жарқын, Қуаныш; қыздары Нұрбану, Бибану, Гүлжан. Даулетханның жұбайы Роза, олардың ұлы Жанәділ, қызы Құралай, жиені Гаухар. Жұмақанның ұлдары Бағлан, Асылбек, қызы Шынар. Бағланның балалары Балауса, Абылай, Ануар. Асылбектің балалары Ерасыл, Инсар. Шынардан туған жиен Мақсұт. Жарқынның ұлдары Олжас, Алмас, қызы Назым. Қуаныштың ұлдары Аслан, Дархан, Бекжан. Нұрбанудың ұлдары Ернар, Ернұр, қызы Роза. Ернардың баласы Анар. Нұрбанудың жиендері Арайлым, Мирас. Бибанудан туған жиендер Берік, Ерік, Райгуль; Гүлжаннан туған жиендер: Бақытбек, Асхат, Асет, Даурен, Бақытгүл. Бібия Қабдысадыққызының (Тышпайқызы) ұлдары Нұрқыш, Байсақан (Байзаған), қыздары Нұркәмәл (2 бала), Зауқан (12 бала). Жұмақан 2014 жылы қаңтардың 10-да өмірден кетті.

КӘДІР

Кәдірден – Түкті, Құдайқұл, Құртақай, Тышқанбай. Түктінің ұлы Таңқы. Таңқыдан Төке. Төкеден Дүсіп, Асқар, Астаубай, Мәжібай. Құртақайдың ұрпақтары – Бұқи, Рапих, Мантай, Сқақ, Мұсақан. Рапихтан – Нұртай, қызы Бикен. Бикеннің күйеуі сүйегі Бостан, Акаштың ұлы Төлеухан Бикеннің күйеуі. Дүсіптің ұлы Әбдірахман, оның ұлы Зарыпхан. Зарыпханның жұбайы Зайын жездеміз Қожагелдімен апайым Шәймәннің баласы. Шахаризада (Шәймән) сүйегі дос, Ахмет атамыздың қызы. Мен Ахмет атамды да Қожагелдіні де, Шәймәнді де білемін. Ахмет атам көпке дейін Қызылтаста тұрды. Зарыпханның балалары Қайрат, Талғат және бір қызы, Қайраттан Мақсұт.

Көкжал Барақ батырдың ұрпағы, көрнекті қоғам қайраткері өмірден Даукеев Зарыпхан Бұлғынбайұлы (24 тамыз 1932 – 23 мамыр 1990 жж.) болып өтті. Ол Күршім ауданының Қызылтас ауылында шаруа отбасында дүниеге келді. Еңбек жолын Қызылтас колхозында қатардағы колхозшыдан бастап, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретарына дейін өсті. 1951-1956 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. Одан оралғаннан кейін Күршім аудандық партия комитетінде нұсқаушы, «Высокогор» совхозында кәсіподақ комитетінің төрағасы болды. Зарыпхан ағаның ұлы Қайрат «Әкеміз марқұм Кәдірдің нәсілі еді.... Марқұмның өз әкесі, Кәдірден тараған, «халық жауы» атанған, Әбдірахман Дүсіпұлы еді»¹, - деп жазған. Әбдірахманның жолдасы Қапай (Ғафифе). Өмірге Дүсіпов Зарыққан Әбдірахманұлы болып келген ағамыздың Даукеев Зарыпхан Бұлғынбайұлы болуының себептерін Қайрат Зарыпханұлы толық жазған. Әбдірахман атамыздың жерлестерінің арасындағы аты Қоңқай еді. Жүз жасаған менің әжем Болай Сайлаубайқызы Зарыпхан ағаны Қоңқайдың баласы дейтін. Мен Зарыпхан ағаны бала кезімнен білетінмін, өйткені бір ауылда, Қызылтаста тұрдық.

¹ Даукеев Қ.З. Бөрі найман. – Өскемен, 2011. – б. 55.

Ұзын бойлы, ақ құба, ат жақты өнді жігіт есімде қалды. XX ғасырдың 30-шы жылдарының соңы мен 40-шы жылдары, бостан, дос, кәдір, таз, жарылған Қызылтас ауылында бір колхоз болып тұрды. Кішкентай ауылдың адамдары бір-бірін жақсы білді. Шірікаяқта кеніш ашылғаннан кейін колхоз жабылып, тұрғындары Қызылтасқа көшті. Олардың арасында орыс отбасылары да бар еді: Сташковтар және Борис пен Игорьдің семьялары. Борис қазақша сөйлейтін, ұсташы; Игорь ағаш шебері – плотник болатын. Өзен Қызылтас ауылын екіге бөлетін. Өзеннің оң жағында, Күршім өзенінің жағасында Борис пен Игорьдің жапсарлас салынған үйлері болды. Сташковтар қазақтармен аралас тұрды. 1964 жылы Семейдің мал дәрігерлік институтын үздік бітіргеннен кейін «Боран» совхозында бас зоотехник, соңынан, 1965 жылы осы Марқакөл ауданының жаңадан құралған «Қарой» совхозында директор болып еңбек етті. «Қарой» совхозының шаруашылығын аз уақытта дамытып, озат совхоздардың қатарына қосты. 1968-1973 жылдар аралығында Ұлан ауданының «Ұлан» совхозының директоры болды.

Қазақстанның журналистер одағының мүшесі Мұқан Әбуғалиев «Асыл азамат еді» деген мақаласында Зарыпхан Даукеевті «Қаройдан» кейін жұмысы жөнді жүрмеген «Ұлан» совхозына директорлыққа жіберілгені, директордың срен еңбегі жазылынған: «Ұлан ауданындағы «Ұлан» совхозының жағдайы ешбір сынды көтермейтін еді. Не егіншілігі, не мал шаруашылығы мардымды болмады. Басшылар жиі ауысып, жұмысшылар тұрақтамады. Мұның басты себебі совхоз облыс орталығы – Өскеменге жақын, небәрі отыз сегіз шақырым және де «Шығыс шеңбері» жолының бойында орналасқан еді. Айналасы екі-үш жылдың ішінде «Ұлан» совхозы барлық борыштан құтылып, бірқалыпты пайдалы жұмыс істейтін, тек кіріс кіргізетін рентабельді шаруашылықтардың қатарына ілікті. Машина-трактор шеберханасы, жемшөп цехы сияқты жаңа кәсіпорындар, клуб, магазин, мектеп, тұрмыстық комбинат, екі

қабатты тұрғын үйлер салынып, пайдалануға берілді. Бұрын тұрақтамай далаға қашатын жұмысшылар енді совхозды, ондағы өз жұмыс орнын ардақтап, бағалайтын болды, табысты да көп тауып, әл-ауқатын жақсартта түсті. Әкімшілік қызметін тәрбиеші міндеттерімен дұрыс ұштастыра білген директордың да беделі беки түсті, жұрт оның айтқанын екі еткізбей орындайтын дәрежеге жетті. Сегізінші бесжылдықтың (1966-1970 жж. – И.С.) қорытындылары бойынша совхоздың озат диқан-малшылары ордендермен, медальдармен наградталды. Оның ішінде директор Зарыпхан Даукеев те омырауына Еңбек Қызыл Ту орденін қадады»¹.

1973 жылы Зарыпхан Даукеев Тарбағатай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғаннан кейін, осы ауданда қыруар жұмыс атқарып, ауданның экономикасын алға бастырып, ауданды көтерсе, Тарбағатайдың халқы да Зарыпхан Әбдірахманұлының ауданда атқарған істерін қолдады. Журналист М. Әбуғалиев Зарыпхан ағамыздың күнделікті еңбегін мынандай сөздермен суреттейді: «Соңғы сапарымда қоңыр күздің бел ортасы еді. Деген қауырт шақ. Күз қарскеті Зарыпханды да ерте оятып жүрді. Таң сәрісінен егіс далаларын, шабындықтарды аралап, сүрлем, пішендеме траншеяларын бір аралап қайтпаса, көңілі көншімейді оның. Содан кейін барып таңертеңгі сағат сегізде өз кабинетінде отырады. Бұл Тарбағатай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Даукеевтің күнделікті әдеті болып алыпты. Ол бәрін өз көзімен көріп, көкейіне тоқымайынша тыным таппайды»².

Зарыпхан ағамыздың Тарбағатай ауданына сіңірген еңбегі, Толағайдың арманын іске асырып, ауданның жерін суландыруы Қайраттың «Бөрі найман» кітабында жақсы жазылған: «Кезінде, Тарбағатай ауданына келген Дінмұхамед Қонаевқа әкеміз Толағай тауын көрсетіп аңызды еске алып, сонау за-

¹ Даукеев Қ.З. Бөрі найман. – Өскемен, 2011. – б. 66.

² Даукеев Қ.З. Көрсетілген шығарма. – б. 67.

маннан бері халықтың алдында осы өңірді суландыру мәселесі тұрғанын жеткізеді. Осыдан кейін Дінмұхамед Қонаев: Қандысу су қоймасын салдырту, Зайсан көлінің жағалауына қуатты насостар қойып, тандыры кепкен өңірді суландыру жобаларына қолдау көрсетеді. Әкеміздің басшылығымен осы шешімдер іске асырылып, бұрын бірде-бір гектар жүгері егілмеген Зайсан көлінің жағалауында, жүгері егісінің көлемі бес мың гектардан асады. Жүгеріден мал азығын жасайтын шаруашылық ашылады. Малдың басы көбейтіліп, Тарбағатай тауларының әр сілемі отарлы қой мекеніне айналады. Арғанаты тауынан Толағай тауына дейінгі жазықта, күнге шағылысқан егіс алқабы жайылады. Әкеміздің Тарбағатай ауданында өткізген өмірін халық: «Даукеевтің заманы» - деп айтып кеткен. Халықтың көз алдында, аяғына етігін киіп алып, батпақ кешіп, суармалы жерлерді аралап көріп жүрген әкеміздің бейнесі қалған.... Осы кісінің Мәскеуге съезге барғанда көргендері де аңыздарға айналып кеткен. Әсіресе, ол кісінің Куба революциясының көсемі Фидель Кастро Руспен кездескені»¹.

Төлеухан Қоғабаеттың марқұм Зарыпхан Бұлғынбайұлы Даукеевтің туғанына 70 жыл, қайтыс болғанына 12 жыл толуына байланысты еске алу өлеңінде мынандай шумақтар бар:

*Қазақ үшін жауапты боп туғандай,
Кәрі-жаспен сөйлесетін бұлданбай,
Сезінетін тек қазақтың бойында,
Әлемдегі өркеніет тұрғандай.
... Партияның съезінде жүргенде,
Көңілі ашық көтеріңкі күндерде,
Бауыржаннан кейінгі осы Зарыпхан,
«Мен – қазақ» деп қолын берген Фидельге.*

Зарыпхан ағаның Тарбағатай өңірін суландыруына байланысты Толағай туралы аңызға тоқталайық. Толағай тауы туралы аңыздың бірнеше нұсқалары бар. Бұл аңыздардың қай-қайсысы

¹ Даукеев Қ.З. Бөрі найман. – Өскемен, 2011. – б. 57.

болса да ғажайып күштің көмегімен жасанды жаңбыр немесе ерке Ертістің мол суын ауыздықтап, сусаған даланың шөлін басып, оны шаруашылық игілігіне жарамды етуді аңсаған адамдардың көкейтесті арманын білдіреді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында, дәлірек айтсақ 1849 жылы Колывано-Воскресенск зауытынан Александр Влангали Мұрын-Назар руларының ауылында болған кезде Толағай тауы туралы аңызды жазып алған, ай сайын шығып тұратын тау-кен журналында жарияланған («Горный журнал» 1853 ж. 2-ші бөлім, 196-шы бет). Бұл аңызда былай делінеді: Өте-өте ертеде Тарбағатай тауының бауырында әкелі-балалы екі алып тұрыпты. Жауын болмай, астық шықпаған жылдары кәсібі егіншілік болған кедейлер күйзеліске ұшырапты. Құрғақшылықтан азап шегіп, қасірет көрген халқын қуантып, шөл жерді суландыру үшін екі алып Ертіс өзенін бір тар жерден таумен бөгеп, оны ақпайтын жасанды теңізге айналдыруға бел байлайды. Зайсан көлі мен Тарбағатай тауының ортасынан жиылған отауға ұқсаған дөңгелек тауды бауырындағы аңыменен, шыққан өсімдіктерімен жұлып алып, төмендей жол тартады.

Күн жүреді, түн жүреді бір мезгілде ай мен күндей сұлу қызы бар бір бай ауылдың жанына келеді. Қыздың сұлулығы туралы дәріптеген сөздер алысқа таралған еді. Жас Толағай осы әлемге аты әйгілі қызды бір көруге құштар болады. Толағай әкесінен қыз ауылына барып келуге рұқсат сұрайды. Әкесі:

– Балам-ай, қалыңдыққа берер маңыраған малымыз, жектетер нарымыз жоқ қой. Барғаныңмен көңілің қалып, бос қайтарсың, оны қайтесің, -- дейді.

Баласы жалбарынып болмағаннан кейін әкесі жібереді. Бозбала мен бойжеткен бір-бірін қатты ұнатып, кешгі ойын-сауықпен өткізеді. Ертеңінде екі жастың қосылуға ойы бар скенін білдіріп, қыздың әке-шешесіне сөз салғанда, олар:

– Сенің теңің қу кедей емес. Берерге малы жоқ, мінерге аты жоқ, жүк артар нары жоқ, кетсін әрі! -- деп қызын тоқтатып,

жігіттің нәсілін түсіре келемеж етеді. Әкесі таудың бір жағын көтере бергенде, Толағай лықсыта көтере арқасына салады. Бірақ, қыз бейнесі көз алдына елестеді ме, әлде қалыңдықты ойлап қам жеді ме, не бай сөзіне кектенді ме, әйтеуір, Толағайдың аяғы тайып екі алыпты тау басып қалады.

Бір алыптың жұбайы, екіншісінің анасы суық хабар естісімен жоқтап, тауға қарай жүгіреді. Жақындап келгенде шешейдің көз жасы қан болып тамып, омырауынан сүт ағады. Міне, сондықтан да үлкен тау Толағай деп аталса, оған жақын жатқан шоқыларды Ақ шоқы, Қызыл шоқы деп халық атап кеткен.

Шын мәнісінде Толағай деген сөз – бас, төбе деген мағына береді. (Қараңыз. Игібаев С.Қ. «Коммунизм туы» газеті 1 октябрь 1971 жыл).

Зарыпхан ағамыз 1980 жылы Үлкеннарын ауданының партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Ол ауданда да көзге түсерлік, есте қаларлық көп жұмыстар жүргізді.

Үлкеннарын ауданының құрметті азаматы Алибас Бактияров әңгімелесіп отырғанда Зарыпхан ағамыз жөнінде мынаны айтты: Мені, 1979 жылдың желтоқсан айының 5 жұлдыз күні аудан парткомының шешімімен, оның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындады; оған дейін аудандағы №16 ауылдық кәсіптік мектебінде директор болып жұмыс істеп жүрген едім. 1980 жылдың күзінде ауданның бірінші хатшысы Рахимов Ойкен Рахимұлы зейнеткерлікке шығады екен, орнына Тарбағатай аупарткомының бірінші хатшысы Даукеев З.Б. келетін болыпты деген қауәсек таралып кетті. Сол жылдың қараша айында Даукеев З.Б. Үлкеннарын ауданының бірінші хатшысы болып сайланды. Ол кісі Семей зооветеринар институтының түлегі екен. Оқу мерзімі 5 жыл болса, оны 4 жылда тамамдаған. Студент бола жүріп, институттың профсоюз ұйымының басшысы болып, ақылы қызмет атқарған. Мамандығы оқымысты зоотехник.

Ауданға келісімен колхоз, совхоздарда болып, мамандармен

танысып, аудан жұртшылығымен кездесіп, келешекке жоспар жасады. Аудан алдына келелі де ауқымды мақсаттар қойды. Мысалы, мал өнімдерін ұлғайту үшін совхоздардың барлық бөлімшелерінде 200-400 басқа арналған сныр қораларының, 200 басқа арналған бұзау қораларының, сол кездегі талапқа, үлгіге сай салынуы көзделініп, облыстың атқару комитетінің жоспарына енгізіліп, салдырды. Ауыл шаруашылығында озық технологияны пайдалануына, жұмысты ғылыми дәрежеде ұйымдастыру мәселелері мен еңбекақыны өніммен байланыстыруға көп көңіл бөлді. Аудан орталығында поликлиника, бір орта мектеп және балабақша салу жоспарланып, қолға алды. Хайрузовка, Парамоновка, Ульяновка, Көк-Терек және басқа ауылдарда балалардың санына байланысты «типті» мектептер салу және Солдатово, Маймыр, Ново-Березовка, Юбилейное, Кішінарын ауылдарында мәдениет үйлерін салу жоспарланды. Үлкеннарын автобазасының ұжымымен кездесіп, әңгімелескеннен кейін Зарыпхан Даукеев жолдардың сол кездегі жаман жағдайын облыс, республика басшыларына жеткізіп, аудан жұртшылығы атынан көмек сұрады. Кезекті отырыста келесі жылғы жоспарға кірмейтінін, онан кейінгі жылдарда Үлкеннарын ауылынан «Рахман» су қайнар санаториясына дейінгі жолға күрделі ремонт жүргізілетіні жоспарға кіргізілгенін жеткізді. Содан кейін, бұл жолды жөндеуді, егін егу науқаны біткеннен кейін, Үлкеннарын ауылынан бастап Кішінарын ауылына дейін жұмыс бастауды колхоз, совхоз ұжымдарына тапсырды. Келесі жылы Даукеев З.Б.-тың арқасында Үлкеннарын ауылының «Рахман» су қайнарына қарай жоспарлы түрде мемлекеттің күшімен жол жөндеу басталынды. Ол кісінің айтқаны келді. Қазір Үлкеннарын ауылынан Урыль ауылына дейін жол күрделі жөндеуден өтіп, асфальтталды. Аудан халқы Зарыпхан Даукеевті қазірге дейін, жол туралы сөз болса, ол кісінің атын айтып мақтанып отырады. Біздің әңгімеміз 2014 жылы 24-ші ақпанда болды.

Зарыпхан Даукеев 1982 жылы Шығыс Қазақстан облысының Коммунистік партия комитетінің хатшысы болып сайланды. 1986 жылдан бастап Шығыс Қазақстан агроөнеркәсіп шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін атқарды.

З.Б. Даукеев КПСС-тің XXV съезінің (24 ақпан – 5 наурыз 1976 жыл, Москва қаласы) делегаты, Қазақстан Компартиясының XIV (4-6 ақпан 1976 жыл), XV-ші съездерінің делегаты, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Облыстық партия комитетінің мүшелігіне, Халық депутаттары облыстық кеңесінің депутаттығына бірнеше рет сайланды.

3. Даукеев өзінің өте жоғарғы деңгейдегі ұйымдастырушылық қабілетімен, жұртшылық мүддесін сергек, сезімтал, іскерлігімен, терең білімімен, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениетімен және қарапайымдылығымен ерекшеленетін. Халқының азаматы, Шығыс Қазақстан облысының аграрлық секторының экономикалық дамуына көп күш жұмсап, үлесін қосты.

Зарыпхан ағамыз шежірені де жақсы білген. Қазақ халқының генеологиясы жөнінде көптген мәліметтер жинаған көрінеді. «Бөрі найман» кітабында Қайраттың жазғаны: «Әкеміздің белгілеп беріп кеткен найман тарихы былай басталады. Бекарыстан Сарманай туады. Сарманайдан Ақжол, Ақ Сопы туады. Ақжолдан Арғын, Ақ сопыдан Найман туады. Арғын – Найман аталас, Уақ – Керей аналас. Аталас ат үстінде сөйлеседі, енелес іштесіп сөйлеседі.

*Ақжол десе, Арғын қалмайды,
Ақ сопы десе, Найман қалмайды,
Екеуі Сарманайлап қосылса
Басқаның тамтығыда қалмайды! –*

Деп жазылған екен әкеміздің қойын дәптерінде»¹.

Зарып ағамыздың шежіресі көпшіліктің шежіресіне сай келеді. Өтейдің бәйбішесінен Қожағұл, Қожым, тоқалынан

¹ Даукеев Қ.З. Бөрі найман. – Өскемен, 2011. – б. 86.

Шона, Шүрек, Төлеке. Шүректен Көкжал Барак, Төлекеден Жарылғап және Тазды жатқызады. Зарыпхан ағамыздың қолжазбаларында «Өтейдің тоқалынан Шона, Шүрек, Төлеке тарайды да, Шона мен Шүректің ұрпақтары ары қарай таратылып, Төлеке ұрпақсыз қалып тұр»¹.

Халқына, Отанына, оның шаруашылығының дамуына сіңірген еңбегі үшін Зарыпхан Әбдірахманұлы Даукеев «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталынды.

Көкжал Барак батырдың Топжал әйелінен туған балалары Жамансарт, Қарасарт, Нартыбай, Тоқыш, Қыстық. Жамансарттың ұлдары Бакбай, Тұрабай, Қиябай, Бұлбай. Бакбайдың ұлы Әміре (1873-1946), әйелі Бәтима Нұржанқызы (1889-1956). Әміретінің ұлдары Қапас (Қабдысыям), Қабдышаһар (1923 - желтоқсан 2014), Кенжехан, қыздары Қайнікеш, Зейнікеш (1928 – сәуір 2003), Майжамал. Қапас (1920 – 28.IX.2008) аға көп жылдар бойы мұғалім болып, жас буындарды тәрбиелеп, білімге үйретті, жолдасы Сара. Қапастың балалары Секен (Қабдысеит) – 1.IV.1947 – 28.XII.2001, Жанат 1950 жылы туған, Сәуле 1952 жылы туған, Болат 1953 жылы 27XI өмірге келген, Марат 1955 жылы, Манас (Бекболат) 1961 жылы, Галя 1958 ж., Нұргүл 1962 ж., Жарас 1968 ж. туған. Әміреұлы Қабдышаһар 1923 жылы өмірге келген. Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі, полковник. Оның ұлдары Мұрат (9.IV.1952 ж.), Болат (6.01.1966 ж.). Мұраттың балалары Ербол 28.IX.1976 жылы, Санжар (1988-2008). Амренов Кенжехан (12.X.1938 – 4.VII.2013 жж.) жоғарғы ветеринарлық дәрігер мамандығын алғаннан кейін көп жылдар бойы Күршім ауданында қызметте болды. Кенжехан ағаймен жеңгей Қанипаның 5 баласы бар. Балалары Бейбіт (07.X.1961), Бақыт (13.02.1963), Достық (23.XI.1964), Жомарт (26.XI.1966), Айгүл (13.V.1976). Бейбіттің балалары Нұрсолтан (16.III.1991),

¹ Даукеев Қ.З. Корсетінен шығарма. – б. 46.

Нұржан (19.V.1992), Руслан (2.VI.2001); Бақыттың ұлы Әділет (20.II.1989); Достықтың балалары Рустам (31.VIII.1987), Тимур (25.VI.1990); Жомарттың балалары Айжан (15.XII.1988), Мансур (2007), Барак (02.XII.2009). Кенжехан бұл дүниеде он немересін көріп кетті.

Тұрабайдың баласы Оралхан. Оралханның балалары Мантикеш (1928-1988), Кенжеғали (1940-1985), Қамаш.

Қиябайдың балалары Күркебай, Ағзынбай, Сайндолда, Сағидолда. Бұлбайдың балалары Есқожа, Есімхан, Есенқұл, Есжан.

Көкжал Барақтың әйелі Домалақтан тарған ұрпақтар

Мырзақан, одан Бодық, Тікіш. Бодықтың ұрпақтары Рахымбай, Шошамбай, Орал, Рақымжан. Рақымжан жүз жастан аса өмір сүрді. Оның ұлы Бәйел, Теректібұлақта ұста болды. Бәйелдің ұлдары Сейтқазы, Кәкен, Айтқазы, Ерғазы, қызы Зәйнікеш Өскемен пединститутын бітіріп, Өскемен қаласындағы мектепте математика сабағын берді. Байелмен (Бәйел) Топиқан бірге туысқан, ауылдастары ол кісіні Төпи, - дейтін, оның ұлы Секен. Сейтқазы мен әйелі Кәмәрпәну (Камкеннің) балалары Есбол, Әділ, Бейбіт, Жарқын. Көкеннің (Кәкеннің) балалары Аслан, Ерлан, Данияр. Орал мен туыс Арпабай, Арпабайдан Құдайберген, Әлімжан, Кәрібжан. Құдайбергеннен Марат, Әлімжанның баласы Арман. Кәрібжаннан Самат – Айдос, Нұрлан, Асылбек, Арғынбек, Мұратбек.

Тікіштің ұрпақтары Аман, Нұрахмет, Жұматай, Тілеу. Жұматайдан Тілеуберді, Майбек, Алай, Кәкім, Құмаш тарайды. Тілеубердіден Медет, Әсет. Майбектен Елтай, Дархан. Құмаштан Қанат. Тілеуден Қабиден, Максат тарайды.

Қарамырзадан Тоқтасын, Ералы, Едіге, Оразбай. Тоқтасыннан Абылғазы, Малғаждар. Ералыдан Жетпісбай, одан Құмар. Едігеден Әкку, одан Зейнеп. Оразбайдан Мәжік,

одан Камалиден. Камалиден алғашында Қызылтас ауылында бастауыш мектептің мұғалімі болды. Кейіннен Семей институтын бітіргеннен кейін Теректібұлақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеттен, тарихтан сабақ берді. Қызылтас ауылында тұрғанда Биган атты қарындасымен қосылып жақсы ән салатын, концерт қоятын. Мажиков Камалиденнің балалары Шәріпхан, Ерхан, Бақытқан, Гүлжан. Соңғы үш баласының шешесі Жазира апай Теректібұлақ орта мектебінде қазақ тілінен сабақ берді. Камалиден мен Жазира балаларын жақсы тәрбиелеп, жоғары білім берді. Камалиденнің шешесі Мүкия апа. Шәріпханнан Қуаныш, Ерханнан Тимур, Бақытханнан Нұрәділ.

Домалақтың ұрпақтарының бір әулеті Қоқаш. Қоқаштың ұрпақтары Әмірхан, Нұрсейіт (Шоқшақай), Әскетай. Әмірханның ұрпақтары Үмітбек, қызы Күлсарай. Манаптан Қадыр. Шоқшақайдың ұлдары Қабдықұмар (Құмар), Серікқұмар (Секен) және қыздары: Зайн, Гүлшарап, Қамар, Камалхан. Қабдықұмардың ұлдары Ануар, Қамбар, Айдар. Ануардың ұлдары Болат, Қуаныш. Айдардың балалары Әділ, Нұрболат. Секеннің ұлдары Бағлан, Қанат, Манат, Жомарт. Бағланның ұлы Айбек. Жомарттың ұлы Рамазан. Манаттың үш қыз балалары бар. Аскетайдың ұлдары Нұрлан, Бауыржан, қызы Төлсужамал немесе Төкеш дейтінбіз. Төлсужамал 1959 жылы Теректібұлақ орта мектебін бітіргеннен кейін арамыздан кетіп, бақи болды. Аскетасев Нұрланның жұбайы Елвира Яковлевнадан бір ұлы, бір қызы бар. Олардан 6 немересі бар. Нұрланның ұлының аты Ерік. Елвира Яковлевна 65 жасында 29.10.2013 жылы дүние салды, 31 қазанда қойылды. Қоқаштың інісі Аманжолдан Қали, Шақбура, Сағидолда. Сағидолда мен жұбайы Жамбы апайдың баласы Секен. Секен Астанада хирург болып қызмет істейді.

Әскетайдың ұлы Нұрланның еңбек жолы жөнінде біраз мәлімет келтірейік.

*«Өсер ел – өткенін өркендетер, болашағын - баянды етер»
Әскетаев Нұрлан, Шығыс Қазақстан гуманитарлық
колледжінің директоры, жасөспірімдер арасында
волейболдан Шығыс Қазақстан облысы
құрама командасының бас банкері*

Шығыстың Күршім өңірінің Жаңа дәуір ауылында 1950 жылдың сәуір айының 22 жұлдызында барыс жылының торпақ айында кең дүниенің есігін айқара ашып, көп қыздардан кейін ұл болып туылып Әскетай атты азаматтың жанұясына үлкен қуаныш әкелген нәрестеге азан шақырып Нұрлан есімі берілді.

Анау шалғайда жатқан Теректібұлақ ауылының қара домалақ баласы бүгінгі күні Өскемен қаласының айтулы оқу орындарының бірі Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжін басқарып отыр.

Шірікаяқ орта мектебін бітіргеннен кейін Өскемен мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математикалық факультетіне түсіп, 1971 жылы физика пәні мұғалімі мамандығын меңгеріп шықты. Еңбек жолын Күршім ауданында қарапайым физика пәнінің мұғалімінен бастаған Әскетаев мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерін ойдағыдай атқарды. 1997- 2006 жылдары Өскемен қаласындағы Ахмер орта мектебінде, №1 кәсіптік лицейде директордың міндетін атқарды. 2006 жылдан Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің директоры болып жұмыс істейді.

1994 жылы білім саласындағы зор еңбегі мен еңбектегі жетістіктері үшін Қазақстан Республикасының оқу үздігі белгісімен марапатталды. Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының, облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының, «Нұр-Отан» партиясының 15 жылдығына орай Құрмет Грамоталарымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл»

медалімен марапатталған.

Нұрлан Әскетайұлы өзінің кәсіби биік өресімен, ұйымдастырушылық тамаша талантымен, елім деген, жерім деген перзенттік жүрегімен, қоғамдық белсенділігімен елділігімізді еңселеткен ерлердің ортасынан ойып тұрып өз орнын иеленді, іскер басшы ретінде, дара бітімді тұлға ретінде елге танылды. Қай жерде жұмыс істесе де, қай жерде жүрсе де абыройы асқақ азамат ретінде құрметке бөленіп келеді. Адамгершілігі биік кішіпейіл азамат, өзіндік көзқарасы бар бірегей тұлға.

Нұрлан бала кезінен, өсіп ер жеткенде, халқына қалаулы азамат болсам, артымда із қалдыратындай іс тындырсам деп армандайды. Ел аузында, тарихта аты қалатындай азаматтар мыңның ішінде бірін-саран. Ел ағасы, ақыны, батыры, кемеңгері, көсемі, шешені болу - екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Адамзат тарихының жолына көз салсақ, өмірдің өзі сұрыптап, адамзатты әр топтарға жіктеді. Біреу - бай, біреу - кедей, біреу - ақылды, біреу - өне бойы толған күш - батыр, енді біреу - алла тағалла ешқандай ерекше өнер немесе ерекше қасиет бермесе де үлкен адамгершілік, кішіпейілділік, мейірімділік, тағы сондай адамзатқа тән мол қасиеттердің несі болуы өте мүмкін.

Маңызды мәселе – бүкіл ел болып, адамзат болып ерекше ерлерімізді, майталман ақын-жазушыларымызды, білікті мамандарымызды, еліміздің атын әлемге әйгілеген ұл-қыздарымызды пір тұтсақ, ту ретінде ұтасақ, еліміздің мақтанышына айналдырсақ құба-құп демекпіз. Әсіресе тарихымыздағы әлі де болса өз орнын таппаған батырларымыз тарихи әділ бағасын алса, халқының қошеметіне бөленсе, ерлігі кейінгі ұрпаққа өнге болса ата-бабаларымыз риза болар еді», - деп ой бөліскен еді Нұрлан бір әңгіме үстінде.

Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов Көкжал Барақ жөніндегі бір толғауында « Батыр рухы, батыр есімі өзі өмірден озғалы екі ғасырдан асса да тарихи қинаятты тартып -ақ келеді.

Неге десеңіз осы Көкжал Барактың қолынан қаза тапқан қалмақ батыры Күршімнің есімімен Күршім өзені, Күршім ауданы, Күршім жері, Күршім елі аталады. Ал туған өлкесін, бүкіл қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат еткен «Хан батырлары» қатарында болған Қаракерей Қабанбайдың оң қолы ретінде он мың қол түменді басқарған қазақтың ғажап, әйгілі батыры Көкжал Барактың есімі тарихтан заңды орнын ала алмай келеді. Мен соған налимын. Осыдан 12 жыл бұрын батырдың 290 жылдығы аталып өткен асқа қатысқан едім. Сондағы айтылған пікір ұсыныс тіпті де жүзеге асқан жоқ. Неге батыр рухы қиянат шеге беруі тиіс! Батыр есімі ұрпағын ерлікке, бірлікке, отансүйгіштікке шақырып аспандатып тұруы керек. Неге Күршім ауданы Көкжал Барақ есімімен аталмасқа?!» деп жазған еді. («Қазақ әдебиеті» 11.10.2002 жыл) Бүгінгі күні жерлесіміз Қасым Қайсеновте дүниеден озды, бізге қалдырған аманаты аяқсыз қалды.

290 жылдық батырдың асы Күршім жерінде 1992 жылы қазан айында берілген болатын. Күршім ауданының әкімшілігінің басқаруымен өткен ғылыми-тәжірибелік конференция және асқа облыстың барлық аудандарынан, сол кездегі астанамыз Алматыдан жиналғандардың ішінде қазақтың асыл азаматы, Алтайдың ақ иығы Оралқан Бөкейұлының «Алтай тауларынан Жайық өзеніне дейін, еліміздің оңтүстігінен солтүстігіне дейін барақтап шауып, далақтап шауып өткізетін бабамыздың асын мына күздің қатқыл күндері ұйымдастырып отырған күршімдіктерге көп рахмет! Кеңес заманында билерімізді, батырларымызды, өткен тарихымызды ұмытып кеттік. Еске алдыңыздар! Сөйтсе де Барақ бабамыз тарихтағы өз орнын әлі алған жоқ. Барақ бүкіл қазақ халқының батыры, оған деген құрмет батырдың атына сай болуы тиіс. Аста айтылған ұсыныс, тілектер бізге парыз, аманат!» деген сөздері бүгін күн өткен сайын жаңара түсетіндей. Аманаттың жүгі ауырлап барады, себебі Оралқан да арамызда жоқ.

Сонда біз – КІМБІЗ? Өткенін ұмытқан ел ұрпағы – ел болмас.

Құдайға шүкір, заман түзеліп, еліміздің іргесі бекіді. Енді сол еліміздің болашағын ойласақ, жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелейік десек, жүйелі жұмыс атқаралық, ағайын!

Не істедім? Не бітірдім? деген сұрақтарға жауап ретінде қырық жасымда жазған үш ауыз өлең жолдарымды ұсынсам деп ойлаймын.

*Не керек бұл өмірде осы адамға?
Билік, байлық, екі есе асаған ба?
Әлде бұғып, бой күтіп, сайқалдықпен
Қарға, ұзақтай үш жүз жыл жасаған ба?
Көз жұмады, әмір айтып ақырғанда
Шатып, бұтып айқайлап бақырғанда
Көз жұмады ақ ниет ел ағасы
Уақыт жетіп тәңірім шақырғанда.
Әй, адамзат, сондықтан бол Азамат!
Білім – сауат, Ар-ұят – екі асыл зат
Халқыңа қызмет қыл, еңбек сіңір
Бала сүй, махаббаттың дәмінен тат!*

Өткенге көз салсам, бүкіл өмірім осы үш ауыз өлең жолдарына сыйып тұрған тәрізді. Шүкіршілік, басымызда үй, үй жанында отырғызылған терек, жанымызда ұл мен келін, қыз бен күйеу, 6 немере шапқылап жүр.

«Жеті атасын білмеген қазақ – қазақ емес» дейді халқымыз.

ӘСКЕТАЙ – НӘСІП

Ұлдары:

1. Нұрлан
2. Бауыржан
3. Секен

Қыздары:

1. Төлеужамал
2. Бағдат

НҰРЛАННАН:

Ұлы: 1. Эрик

Қызы: 2. Жанна

ЭРИК ҰЛЫНАН:

1. Әкежан
2. Анеля
3. Анар

ЖАННА ҚЫЗЫНАН:

1. Лейла
2. Алтынжан
3. Мәди

Бауыржан Әскетайұлы. Оның ұлдары – Дәурен, Медет, Елдос, қыздары Самал, Алма.

Қожамсейіт Қоқашұлы, оның ұлы Қабдылманап. Қожамсейіт Ұлы Отан соғысынан қайтпағаннан кейін Қабдылманап Қожамсейіттің үлкен ағасы Әмірханның қолында өседі, Әмірханов болып жазылады.

Қабдылманаптың ұлдары – Қадыр, Қайыр, Қайырхан, қыздары – Мансия, Асия.

Қадыр Қабдылманапұлы, Қадырдың ұлы Айдын, қызы Айжан. Қайыр Қабдылманапұлы, Қайырдың ұлы Ербол. Қайырхан Қабдылманапұлы, Қайырханның қызы Ләйлә. Мансия Қабдылманапқызы, Мансияның ұлдары Алмас, Мирас.

Асия Қабдылманапқызы, Асияның қызы Динара.

Халқыма деген қызметім, - дейді Нұрлан Әскетасв, қырық үш жыл бойы бала оқыту және тәрбиелеу саласына арналған.

90 жылдық тарихы бар Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің 13-ші әрі қазақ ұлтынан болған алғашқы басшысы екенмін. Осы жағдай үлкен жүк артқандай. Алдағы қойған мақсатым – оқу орны бұрынғы дәрежесінен өспесе, төмен түспеуі тиіс. Іске кірісе салып, колледждің 7 жыл-дық даму жоспарын жасап, ұжымға ұсынып, талдап бекіттік. Ең алдымен колледждің бүгінгіне көз жүгірттік. Ұжым ондаған жылдар

бойы біртіндеп қалыптасқан, құрамындағылардың барлығы өз ісін жетік меңгерген мамандар десек артық айтпаған болар едік. 70 % астамы орыс және өзге ұлт өкілдерінің азаматтары.

2007 жылдың қорытындысы бойынша колледж Шығыс Қазақстан облысы әкімінің конкурсында «2007 жылдың үздік колледжі» номинациясы бойынша жүлделі I орынды жеңіп алып, 500 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Бұндай үлкен жетістікке жету орасан зор еңбек, көп тер төгудің нәтижесінде болып отыр. Колледждің негізгі көрсеткіштері үнемі жоғары тұрақты деңгейде. Биылғы мемлекеттік аттестациялау қорытындысы соның айғағы.

Волейбол ойынының қыр-сырын институт қабырғасында меңгерген Нұрлан институт құрама командасында өнер көрсетті. 1971-1978 жылдары Күршім ауданының құрама командасында аудан намысын қорғап, 5 дүркін Шығыс Қазақстан облысының жеңімпазы, 2 дүркін күміс жүлдегері атанды. Волейболдан үйірме ұйымдастырып, Құйған орта мектебінің оқушыларынан облыс жүлдегерлерін дайындады.

Колледждің ұлдар волейбол командасы жөнінде ерекше айтуға болады. Команданың аты «Көкжарлы Көкжал Барак батыр». 18-ші ғасырларда сырт жаулармен айқаста Отан үшін жанын берген батыр ағамыздың есімімен аталған команда қала, облыс көлемінде ғана емес, Республикада есімі белгілі болып отыр. «Барак батыр» командасы 2008 жылы Теміртау қаласында мектеп және колледж оқушыларының волейболдан республикалық 4 спарта-киадасын жеңіп алды. 2 курс оқушылары Яловой Иван мен Зейнулдинов Арман осы спартакиаданың жағажай волейбол түрі бойынша күміс жүлдегерлері. 1990-91, 1992-93 жылы туылған жасөспірімдердің арасында «Барак батыр» 1,2 командалары 2007-08 жылдардағы Республика Чемпионатының қола жүлдегерлері.

2001 жылы №1 кәсіптік лицейде Үлбі металлургия зауытының басшылығының қолдауымен «Алтай-УМЗ» ерлер командасының волейбол клубының құрылуына ат салысты.

Жасөспірімдердің волейбол секциясын ұйымдастырып, ерлер командасы үшін жас ойыншыларды дайындады. Әскетаев дайындаған волейболшылар - Игорь Матюхин, Ринат Ибраев, Сакалбаев Нияз, Нурмуқанев Еркін - «Алтай –УМЗ», «УМЗ – ВКГТУ», «Шығысвинцестрой – ВКГТУ», «Шығысвинцестрой – 1, 2» ерлер команда-сының құрамында ҚР Чемпионатында (жоғарғы тобы, «А»), ұлттық лига да өнер көрсетіп, 2009 жылы республика чемпионы атағын жеңіп, 2004-2011 жылдары ұлттық лига да жарыстың неше дүркін жүлдегерлері атанды.

Жастар арасында волейбол спортын дамыту, насихаттау мақсатында Нұрлан Әскетайұлы жыл сайын қазақ халқының есімі елге әйгілі Көкжарлы Көкжал Барак батыры, лицейдің ірге тасын қалаушы, бірінші директоры, Ленин комсомолының сыйлығының лауреаты Башкирцев Б.К., гуманитарлық колледждің бұрынғы директоры, ҚР білім беру ісінің үздігі Гончаров В.А. еске алу турнирлерін өткізеді. Жыл сайын турнирге қатысушылардың саны мен сапасы арта түсуде. Барак батырдың, Гончаровтың турнирлері облыстық, республикалық дәрежеде жыл сайын өткізіліп отырады.

Өзі дайындаған облыстың жасөспірімдерінің құрама волейбол командасы шеберліктерін шыңдап, алдымен облыс, кейіннен республика жеңімпаздары қатарынан көрінді.

Тұңғыш түлектері 2002 жылы 1985 жылғы жасөспірімдер арасында ҚР Кубогының күміс жүлдесін, 2003 жылы ерлер арасында республикалық «Ақ бидай» жарысында Шығыс Қазақстан облысының намысын қорғап, Тараз қаласында жарыстың күміс жүлдесін жеңіп алды. Жеңістері үшін 9 ойыншыға спорт шеберіне кандидат атағы берілді.

2006 жылы директор болып тағайындалғаннан кейін гуманитарлық колледжде жасөспірімдер волейболының спорт факультетін қарқынды дамытуға белсене араласты. Факультетке қабылданатын оқушылар саны 5 жылда 50-ден 175-ке дейін өсті. Облыс аудандарындағы спортқа бейім жасөспірімдерді колледжге тарту, жағтыну жұмыстарымен қатар жүргізілді.

Волейболға бейім жастардың ата-аналарымен кездесулер өткізіліп, талантты оқушылар колледжге қабылданып, қамқорлық жасалып, қосымша жаттығу топтары ашылды. Жас жаттықтырушылар жұмысқа қабылданып, волейбол жұмысы жандана түсті.

2008 жылдан Шығыс Қазақстан облысының волейбол Федерация-сының ұсынуымен облыстық туризм, спорт және дене шынықтыру басқармасы Аскетаев Н. Шығыс Қазақстан облысының жасөспірімдер құрамасының аға жаттықтырушысы етіп тағайындады. Осы қоғамдық жұмысты Аскетаев абыроймен атқарады. Аға жаттықтырушы ретінде облыстың жасөспірімдер волейбол жаттықтырушыларымен мастер класс, семинар сабақтарын, кездесулер өткізеді.

Аскетаев Н. жас жаттықтырушыларды іске тартып, тәрбие, үйрету жұмысын ұйымдастыруда. Колледж оқытушылары Дауумов Б.А., Бекбосынов С.Т. бүгінгі күні республикада есімдері белгілі волейбол жаттықтырушылары қатарынан табылады. Колледждің түлектері Өлмесеков Б., Яловой И., Ахметов Д. және т. б. жасөспірімдерді волейболға баулууда.

Облыс аудандары мен қалаларының балалардың волейбол жаттықтырушылары – самарлық Нұқаев Е., семейлік Жакупов Е., риддерлік Кичаева Л.И., күршімдік Ибежанов, Бобылева Н.Е. сынды азаматтармен бірге жұмыс істеп, тәжірибесімен бөлісуде.

Қорытындылай айтқанда Аскетаев Н. Шығыс Қазақстан облысындағы волейбол спортын жетілдіру ісіне, жас волейболшылардың дамуына үлкен үлесін қосуда.

Жасөспірімдердің республика жарыстарындағы нәтижелері жыл сайын қарқынды өсті. Он жылда Нұрлан Әскетайұлы 20 спорт шеберіне кандидат, 30 астам 1 разряд волейболшылар дайындады. Жаттықтырған волейболшылары соңғы 5 жылда төмендегідей жоғарғы жетістіктерге жетті.

2006 жылы Өскемен қаласында 1988–1989 ж. т. жасөспірімдері арасында ҚР Чемпионатының алғашқы рет

қола медалін иемденді.

2007 жылы Орал қаласында 1991-1992 ж.т. жасөспірімдер арасында ҚР Чемпионатының жеңімпазы атағын жеңіп алды.

2008 жылы Теміртау қаласында 1991-1992 ж.т. жасөспірімдер арасында 4 Бүкілқазақстан колледж және мектеп оқушыларының спартакиадасында бірінші орынға ие болды.

2010 жылы Атырау қаласында 1992-1993 ж.т. жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының ауыл жастар ойындарының жеңімпаз атағына ие болды.

2010-2011 жылдары 1993-94 ж.т. жасөспірімдер арасында ҚР Өскемен қаласында Кубогының күміс жүлдегері, Астана қаласында ҚР Чемпионатының қола жүлдегері, 1995-1996 ж.т. жасөспірімдер арасында Петропавловск, Павлодар қалаларында екі дүркін ҚР чемпионы атағын жеңіп алды.

2010-2011 жылдары бас жаттықтырушы Аскетасвтың жас волейбол-шылары ерлер командасының жоғарғы тобының «Б» класының ҚР 19 Чемпионатына қатысып, жүлделі екінші орынды иемденді.

Шығыс Қазақстан облысы туризм, спорт және дене шынықтыру басқармасы және Қазақстан Республикасының Волейбол Федерациясының Қоғамдық Бірлестігінің Шығыс Қазақстан облысындағы Филиалы Шығыс Қазақстан облысында колледж оқу орнында спорт, дене шынықтыру мұғалімдерін, волейболдан жаттықтырушылар дайындағаны үшін және жасөспірімдер, жастар волейболын дамуына қосқан үлесі зор.

Тұрған жеріміз, шыққан ұлтымыз, атақ-дәрежеміз әртүрлі болса да, атқарып жүрген міндетіміз бір. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Асыл сөз – білгенге маржан, білмеске арзан».

ҚОҚАШ – АМАНЖОЛ БІРГЕ ТУЫСҚАН

Қоқаш ұлдары:

1. Мұқашбай
2. Әмірқан

3. Нұрсейіт (Шоқшақай)
4. Нәсіп (Әскетай)
5. Қожамсейіт
6. Кәрім

Қоқашқызы Мейірқан – Қабдолда күйеуі

Қабдолда ұлдары: Ақман, Нұрақман

Қабдолда қыздары: Кәмила, Дарига

Ақман: Сайран, Сәйбек, Бақытбек, Арғынбек, Гүлзайра,
Жәнібек, Нұрбек, Тұрғанбек

Сайран: Дәурен, Мәулен, Ерасыл

Дәурен: Нұрәлі

Мәулен: Ерәлі

Сайбек: Әкежан

Бақытбек: Ұлан, Шыңғыс, Айбарыс, Бекарыс

Арғынбек: Асанәлі

Гүлзайра: Зарина, Толғанай

Жәнібек: Әли, Әйгерім

Нұрбек: Әлішер, Әбілмансұр, Айару

Тұрғанбек: Әмина, Назерке.

ӨТЕЙ ІШІНДЕ ҚАЛМАҚ (ДОМАЛАҚ)

Аманжол мен Қоқаш бірге туысқан

1. Қоқаштың үлкен ұлы Мұқашбай

2. Мұқашбайдан – Нұрқасым

3. Нұрқасымнан – Мұратбек, Сатбек, Көкеі -

4. Мұратбектен – Ринад, Жанар, Шынар

5. Ринадтан – Кәусар, Әмірхан

6. Жанардан – Жандос, Гүлназ

7. Сатбектен – Динара, Гульнар, Вен

рқынбек,

Еркінбек

8. Динарадан – Назигүл
9. Венерадан – Жұлдыз, Дариға
10. Көкештен – Долангүл, Қайырлы, Қайырқан
11. Долангүлден – Шыңғысхан, Шерхан, Айғаным, Еркебұлан
12. Қайырлыдан – Нұртуған, Айым, Гүлім
13. Қайырқаннан – Шералы

Көкжал Барақ батырдың әйелі Барын

Барақ пен жұбайы Барыннан тараған Борамбай, Саздыбай. Саздыбайдан Жампейіс, Күнпейіс, Есберді. Жампейістің балалары Құрманғали, Қасен, Кәсім. Құрманғали ақсақал байсалды, ұзын бойлы, сары кісі еді. Құрманғалидың балалары Ашен, Жашен, көбінесе оны Жашөк, - дейтін. Ашен ағамыз аудандық деңгейдегі үлкен қызметті де жас кезінде атқарды. Ашеннің балалары Ержан, Нұржан, Ажар, Жанар. Болаттың балалары Алма, Ардақ, Айман, Нұрлан, оның баласы Аділ. Саматтың балалары Шолпан, Бауыржан. Жәшөктің балалары Әскербек, Қуаныш, Талант. Қасеннің балалары Ақан, Советхан, Кеңесхан. Советханның ұлдары Ринат, Серікхан, Руслан. Кеңесханнан Марат, Жомарт, Сергей, Болат, Анатолий. Кәсім ақсақал ұзын бойлы, толықтау келген, қараторы кісі еді. Оның балалары Қадыр мен Сабыр.

Күнпейістің ұрпақтары Жетпісбай, Мұса, Секен, Рамазан.

Есбердінің балалары Мамырхан, Қасымхан, Қасымбай, Қасайын, Ашихан. Қасайынның ұлы Қалидолда. Қалидолда мен Нұрзипаның ұлдары Тохтархан, Манарбек, Маулен, Ризабек. Тохтарханның ұлы Ерсің, Манарбектің балалары Алмас, Айдос. Мауленнің ұлы Даурен. Ризабектің балалары Ердос, Жаннұр. Ашихан ақсақалдың қолы ісмер болатын. Ашихан мен әйелі Алтынғазының ұлдары Қожа, Әмірқожа, Тілеу (2011 жылы қайтыс болды), қыздары Бибану, Тоқсыр. Бибанудың күйеуі

Уалғали аға. Қожа ағамыз әскери борышын орындап, ауылға қайтқаннан кейін Теректібұлақ орта мектебінде зейнеткерлікке шыққанға дейін ұстаз болды. Әйелі Алтынжан да мұғалім еді. Қожа мен Алтынжанның балалары Бақыт, Қайрат, Мәліс, Даулет, Талап. Талаптың баласы Асқар. Қожа ағамыз 77 жасында, Алтынжан 72 жасында бұл өмірден 2010 жылы өтті.

Әмірқожаны ауылдастары «Атан» дейтін, алтыншы сыныптан бастап, Теректібұлақ орта мектебін бітіргенге дейін кластас болдым. Соғыс жылдары өмірге келсек те, менің ойымша, әке мен шешелердің, әже мен апалардың, ағалар мен апайлардың, туған-туысқандардың арқасында, бала шағымыз айтарлықтай қызықты өтті. Оқуға да, жұмысқа да, ойынға да уақытымыз болды. Әмірқожа спортқа бейім еді. Ол әсіресе волейболды жақсы ойнады. Өткен өмірімізде есте қаларлық жайттар аз емес. Солардың біріне тоқталайын. Сегізінші класта оқып жүргенімізде, сабақ арасындағы үзілісте, жаз айында, айт күні, біздің де айтшылағымыз келді. Мектепке сң жақын үй, мектеп директоры, қазақ тілі мен әдебиеттен сабақ беретін Шақарбаев Шөкеннің үйі. Бір топ ер балалар: Қалиекперов Серікхан, Ашиханов Әмірқожа, Игісінов Фазыл және мен есігі ашық үйге кірсек, төр үйде үлкен сары самауыр қайнап, тағамға толған дастархан жайылып тұр. Үйде ешкім жоқ. Шай ішіп, көңіл жай болған соң, айт қабыл болсын деп, батамызды жасап, мектепке келсек, сабақ басталып қойыпты. Неге сабаққа кешігіп келгенімізді сұраған Шөкен ұстазымыздың сұрағына, арамыздан Әмірқожа жауап берді: «Біз сіздің үйге айтшылап барып едік». Мұғаліміміз сзу тартып, күлімсірей, бізге отыруға рұқсат берді. 1960 жылы Әмірқожа Өскемен педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсті. Өскеменде оқып жүргенде Әмірқожа жеңіл атлетикамен шұғылданып, жарыстарда жүгіргеннен өте жақсы нәтиже көрсетіп, ұмытпасам бірінші немесе екінші разряд дәрежесін алды. 1962 жылы екінші курсты бітіргеннен кейін Алматыдағы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына

ауысты. Алматыда оқып жүргенде де спортпен шұғылданып, көркемөнерпаздар байқауының бел ортасында да болыпты. Алматыда «спортивное ориентирование» спорттың бір саласына қатысып, тоғайлы, таулы-тасты, қиялы жерлерден өгіп, талай жүлдеге ие болғанын каникул кезінде айтатын. Каникул кезінде Әмірқожа, Серікхан (Алматыдағы пединституттың студенті) және осы естеліктің авторы уақытымызды көңілді өткізіп, Қараталдың суына түсіп, құлаштай да, толқындатып та малтап, дем алатынбыз. Әмірқожа мен жанжолдасы Ақжарқын 1965 жылы Алматыдағы пединститутты бітіріп, физика және математика пәндерінің мұғалімі дипломын алғаннан кейін жолдамамен Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Шірікаяқ кеншарының Ленин атындағы орта мектепке орналасады. Осы жылы армиядан оралғаннан кейін менде аталмыш мектепте бір жыл мұғалім болып жұмыс істедім. Біздер, Теректібұлақтың жігіттері, оның ішінде Тоганов Бөкейхан, Зияданов Шабдан бар, жұмыстан бос, демалыс күндері, Әмірқожаның үйіне қонаққа барып, Ақжарқынның құйған талай шайын ішіп, дәмді тамағын жеп, ойын-сауық құрып, көңіл көтеретінбіз. 1967 жылы Талдықорғанға бара жатқан жолында, Әмірқожа Самарға соғып, үйге келді. Жақсы әңгімелестік. Бұл соңғы кездесу болды. Осылай уақыт биледі. Бір бірімізді сыртымыздан сұрастырып, біліп жүрдік. Әмірқожа екінші институтты бітіріп, мамандығын ауыстырғанын, Алматыда тұратынын, балаларының ер жетіп, отбасын құрғанын Қожа ағайымыздан еститінмін.

Өткен ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының шуақты бір күнінде Әмірқожа досым пойызда жолшыбай келе жатқан өскемендікпен, Шығыс Қазақстанның мемлекеттік университетінің қызметкерімен жөн сұраса танысқаннан кейін, өзі де жерлес екенін айтып, қоштасарда: «Советхан досыма сәлем айтыңыз», - деген екен. Сәлемін маған жеткізді. 2002 жылы Әмірқожа бақилық болды.

Кластас досым Әмірқожа, оның көркін бейнесі, күлімсірей

қарайтын өткір, жанарлы көзі, ашық-жарқын мінезі, қалжыңға толы сөзі, шын жүрегімен маған жолдаған сәлемі көз алдымда, мәңгілік есімде болар.

Әмірқожа қайтыс болғаннан кейін Ақжарқын «Өмірдің өзі куә» атты естелік, кітап жазды¹. Бұл кітапта Шірікаяқ мектебіндегі қызметтерін аяқтап, 1972-1973 оқу жылында Талдықорған облысы, Киров ауданына қарасты Талапты ауылына көшіп келіп, Әмірқожа осы ауылдағы сегіз жылдық мектептің оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі, Ақжарқын осы мектептің физика, математика пәндерінің мұғалімі болғаны жазылған². 1974-1975 оқу жылында Әмірқожа мен Ақжарқынды сол аудандағы Октябрь кеншарындағы орта мектепке ауыстырады. Әмірқожа 1977 жылы Алматыдағы зоовет институтын сырттай оқып бітіргеннен кейін, сол жылы Алакөл ауданына қарасты Қарақұм кеншарының облыстық ауылшаруашылық бөлімінің жолдамасымен, зоотехнигі болады. «1984-1985 оқу жылында Алакөл ауданына қарайтын Көктұма кеншарының партия ұйымының жалпы жиналысында Әмірді осы ұйымның хатшылығына сайлады. Мен (Ақжарқын – И.С.) тағы да сол жердегі мектептің оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі болдым. Бұл қызметті Әмір 1991 жылға дейін атқарды. Жұмысын өте жақсы істеді. Аудандық Советке депутат болды. Облыстық, Республикалық деңгейде құрмет грамоталарымен марапатталды. Ең бастысы жұртшылықтың сеніміне кіріп, лайықты беделге ие болды»³. Кейіннен Әмірқожа Көктұма ауылындағы орта мектептің директорлығына тағайындалады. 1993 жылдың аяғында Әмірқожаның отбасы Алматыға көшеді. Әмірқожа 2001 жылы дүниесалды. Әмірқожа мен Ақжарқынның балалары Нұрбек (1993 ж. 13 қыркүйекте қайтыс болды), Рау-

¹ Серікқызы Ақжарқын. Өмірдің өзі куә. – Өскемен қаласы: Шығыс Полиграф, 2011. – 130 бет.

² Серікқызы Ақжарқын. Көрсетілген шығарма. – 33 бет.

³ Серікқызы Ақжарқын. Өмірдің өзі куә. – Өскемен қаласы: Шығыс Полиграф, 2011. – 43 бет.

шан, Гүлнар, Динара, Нұржан. Әмірқожа мен Ақжарқынның немерелері бар.

Қойбақ пен Өлмес

Барақтың қалмақ әйелі Қойбақтан тараған буындар тарихшы Советхан Қалиғожинның «Барақ ауылы» шығармасында толық зерттелінген¹. Қойбақпен Өлмес бірге туысқан. «Өлместің» ұрпақтары толығымен таратылмаған. Өлместің бір ұрпағы Ықыш ақсақал еді. Зейнеткерлікке шыққанға дейін колхозда, совхозда қойшы болды. Ұлы Токтархан (Тоғай) әкесі Ықыштың орнын басып, Қалғұты совхозының бір табын қойын бағып, осы жұмысты зейнеткерлікке дейін істеді. Еңбегі бағаланып «Құрмет орденімен» марапатталынды. Токтархан 1937 жылы 17-ші тамызда туған. Зайыбы Зейнеп скеуі он бір баланы тәрбиелеп, ер жеткізді. Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерекесіне орай бала кезіндегі еңбегі бағаланып, тылдағы еңбегі үшін медалімен марапатталынды. 2015-ші жылдың 6-шы мамырында Токтарханмен Теректібұлақ ауылында кездесіп, балалық шақты еске түсірдік. Жойқын күші, қайраты бірден көзге түседі.

Көкжал Барақтың тағы бір «Баба» есімді қалмақ әйелінен тараған ұрпақтары жоғарыда көрсетілінген С. Қалиғожиннің еңбегінде толыққанды қарастырылынған (қараңыз, 82-86-шы беттер).

Борамбайдың ұлы Бордақай, оның ұлдары Есілбай, Есембай. Есембайдың ұрпақтары Дәркебай, Қорқытбай, Мурсали, Қасымбек, Мамырбек, Сығай.

ШҮРЕКҰЛЫ ЖАМАНҚҰЛ

Жаугершілік уақытта қалмақтар Шүректің жұртына шабуыл жасап, «ұлдарын құл, қыздарын күн» етуге балаларды

¹ Қалиғожин С. Барақ ауылы. – Өскемен, 2013. – 86-88 беттер.

алып кетіпті, солардың ішінде бала Жаманқұлда бар, оның азан шақырып қойылған шын аты Бөкей екен. Бұл туралы 1867 жылы туып, 1950 жылы 83-ке келген Аухадн атамыз көп жасап, 100-ге келген Әлібек, Қалжан деген абыз қариялардан естігенін айтып отырушы еді, - дейді Жаманқұлдың белгілі ұрпағы Аухадиев Сайлаухан Әбілханұлы.

Барақ батыр ер жетіп, жасағымен барып, ағасының құйрығындағы қалынан танып, жаудан босатып алып келеді. Содан Бөкейдің жеңгелері қалжыңдап қайнысын Жаманқұл атап кетіпті.

Шүректің үш ұлының жеке қасиетті белгілерін сипаттайтын ел аузында тарап кеткен, ұрпақтары жатқа білетін мынандай сөз шумақтары бар:

*«Жаманқұлдың белгісі – құйрығында қалы бар,
Дәулеті мол Басардың құжынаған малы бар.
Батыр туған Барақтың жүрегінде түгі бар,
Арқасында жалы бар».*

Шүректің ұлдары алып денелі, қайрат-жігерлі, өжет болған. Олардың әрқайсысы қорқауы түскенде, көптеген қазақ батырларындай бір қойдың етін жеп қояды екен. Жаманқұлда мерген, ержүрек болды. Көкжал Барақ батыр жорыққа кеткенде, артында қалған елін дұшпаннан қорғайтын қолды Жаманқұл басқарған.

Сайлаухан Аухадиев, Жаманқұлдың өзіне тартқан алып денелі, Үмбет есімді ұлының батылдығын суреттейтін бір аңызды келтірді. Бір той жиында: «Кім үлкен кесірткені тірі жұтса, соған түйе мен ат сыйлыққа беріледі» деген шарт қойылыпты. Тірі кесіртке өте үлкен екен, ешкім шыға қоймапты. Жиылған жұрт Үмбетке «Әй, жігіт, сенің әкең Жаманқұл дөнен қойдың етін жалғыз жейтін, бәсте қызбалығы түсіп, атан түйенің тобығын жұтқанда, сен бір кесірткені жұта алмасаң, әкеңе тартпағаның, батылдығының, намысының жоқтығы» деп тиссе жаныған екен. «Апыр-ай, әкенің мықтылығы мен батырлығынан саған ештеңе

дарымаған екен дегендерің жаныма батты ғой, алдырыңдар бір шелек сүтті» депті. Жеңілтектеніп шешініп тастап, ортаға шығып, кесірткені құйрығынан ұстап, жоғары көтеріп: «Міне, қараңдар, мынадай алып кесірткені алыптап туған, алып батылды ғана жұта алады» деп, басын шалқайтып тұрып, кесірткені кең ашылған аузына тастап жіберіп, бірде шайнамай, жұтып қойыпты да, шелектегі сүттің денін және ішіп алады. Жиналған жұрт: «Ау, мынау анық әкесіне тартқан екен, жүректілігі де, батылдығы да көрінді-ақ. Үмеке, кесірге ішінде қайтты» деп сұрапты.

Сонда, Үмбет: «Кесіртке қанша үлкен болса да, менің асқазанымда бірақ рет бүлк еткенге шамасы келді» депті. Үмбеттен тараған ұрпақтарда да мұндай батылдылар болған екен, оларды «жылан жұтқанның ұрықтары» деп атаңдырып жіберіпті. Ағайындар қалжыңында ұрпақтарын әліде: «Жылан жұтқандар» дейді.

Жаманқұлдың (Бөкейдің) алты ұлы болған, олар – Құлмырза, Боздақ, Шандақ, Ақмалай, жоғарыда айтылған Үмбет, Андабай; Құлмырзадан екі ұл – Бүйке, Шүйке; Бүйкеден Аухад; Шүйкеден Уәли; Аухадидан – Әбілхан; Уәлиден – Есенқожа.

Әбілханнан үш ұл – Қыдырхан, Сайлаухан, Базархан; Есенқожадан ұл болмады. Әбілхан Ұлы Отан соғысынан дін аман келгеннен кейін Теректібұлақ ауылының жоғарғы жағында, Күршім өзенінің айрығы Қараталдың жиегінде орналасқан Бестерек колхозында еңбек етті. Әбілхан ұзын бойлы, қырмаұрынды, кең иықты, оқығанынан тоқығаны мол, аз сөйлеп көп тыңдайтын, сөзге берік, еңбек сүйгіш еді.

Құлмырзаның ұрпағы Сайлаухан Әбілханұлының айтуынша, атасы Аухади да, әкесі Әбілхан да бойлары ұзын, еңгезердей – төртпақ алып денелі болғандықтан орыстың темір төсегіне сыймай, ағаштан оюлап жасалған кең төсектерде жататын.

34 жастағы Әбілханды отбасымен: зайыбы Үмілгүлсіммен (Букеймен), әкесі Аухади, шешесі Балхиямен, төрт баласымен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сағыбалдин

Орынбай Бестерек ауылынан Күршім ауданының орталығы Ертіс өзенінің жиегінде орналасқан Кумашкино селосына көшіріп алады. Әбілхан аупарткомда атқосшы болып жұмыс істеді. Бестерек колхозының белді азаматтары Есенқожа, Шәкен, Нұрқожа, Иманғали, Қожағали, Жағня, Кәсім, Құрманғали, Қасымбек тағы басқалары аудан орталығына әртүрлі жұмыспен келгенде Әбілжанның үйіне қонып, кешкі асты ішіп жатқаннан кейін, олар ұзақ түнде Барақтың ағасы Жаманқұлмен інісі Басардың жаугершілік замандағы елін қорғаудағы ерліктері туралы әңгімелер айтатын.

Шүрек ұлдарының ұрпақтарынан кесек денелі батыр тұлғалар көп болды, Кеңес өкіметі кезінде күрестерге түсіп жүрді. Олар Жаманқұлдан: Есенқожа, Иманғали, Шәкен тағы басқалар, Барактан: Әзім, Кәсім, Әукеннің Шериязданы. Шерияздан күрестен жас кезінде аудан чемпионы болып, 60 жасында Марқакөл ауданының Боран совхозында күреске түсіп «түйе балуан» атанды (1979 ж.).

Аухади ақсақал 82 жасында денсаулығы мықты, тістері бүтін, үйдегі шаруаға болысатын. Әбілхан 40 жасында қайтыс болғанда, жетім қалған үш ұл, екі қызын өсіріп, жеткізіп, тәрбиелеуге, оның немере ағасы-туысшыл, намысшыл, ер тұлғалы, күш қайраты мол, өткір тілді Есенқожа мал-мүлкін аямай көмектескен. Әбілханның зайыбы Қасымханқызы Үмілгүлсім (Букей) қайратты, ақынжанды, әнші, мейірімді, қолы ашық-жомарт, еңбекқор, 40 жасында жесір қалып, бес баласын асырап, оқытып, ержеткізу үшін еркектерше киініп, жер астына шахтаға түсіп те жұмыс істеді.

Әбілханұлы Сайлаухан Аухадиев халқына, отанына жанын аямай қызмет етіп, ата мекенін Өр Алтайды ардақтап, ата-бабаларының ақ туыш көкке өрлетіп келеді. Ол – Жаманқұлдың ұрпағы. Аухадиев Сайлаухан Әбілханұлы 1939 жылы 24 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысының, Күршім ауданы Бестерек ауылында шаруа отбасында дүниеге келеді.

1957 жылы Күршім ауданының Құйған орта мектебін интернатта тұрып бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтының агрономиялық факультетіне түсіп, 1963 жылы аталған жоғары оқу орнын үздік дипломмен бітіріп, Күршім ауданы Қалғұты совхозының бас агрономы болып жұмыс істейді. Осы қызметті 1970 жылдың маусым айына дейін атқарады. Одан соң Үлкеннарым (Большенарым) ауданының Ленин атындағы колхозының бас агрономы қызметіне ауыстырылады. 1973 жылы сәуір айында аталған колхоздың бастығы болып сайланып, осы дәрежеде 1978 жылдың қараша айына дейін еңбек еткен. Осы жылдың қараша айынан бастап Марқакөл ауданының Боран совхозына директор болып тағайындалып, осы қызметте 1980-ші жылдың қараша айына дейін болды. Аталған айдан бастап 1990 жылдың мамыр айына дейін Тарбағатай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. 1990 жылдың мамыр айында Қазақстан Коммунистік партиясының Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің хатшысы болып сайланып, аталған қызметте 1991 жылдың қараша айына дейін болды. 1992 жылдың қаңтар айынан 1994 жылдың қазан айына дейін Шығыс Қазақстан облысының монополияға қарсы мемлекеттік Комитетінің төрағасы, 1994 жылдың қазан айынан бастап 1998 жылдың қаңтар айына дейін Шығыс Қазақстан облыстық астық инспекциясының бастығы болды. 1999 жылдың мамыр айынан бастап Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігінің Шығыс Қазақстан облысындағы мемлекеттік астық инспекторы болса, қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық басқармасының астық және тұқым инспекциясы бөлімінің бастығы қызметін атқаруда.

Сайлаухан Әбілханұлының еңбегі жоғары бағаланды. «Тыңды игергені үшін» медалімен, 1973 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталынды. Көптеген қоғамдық

жұмыстарды атқаруда: аудандық кеңестердің, облыстық кеңестердің депутаты болып қызмет етті. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының жоғарғы Кеңесінің депутаты, Кеңестік социалистік Республикалар Одағының Коммунистік партиясының XIX партия конференциясының делегаты болды. Бүгінгі күндері Өскемен қалалық ақсақалдар кеңесінің төрағасы.

Жұбайы Жамиля Халыққызы (2008 жылы қайтыс болды) екеуі төрт баланы ержеткізіп, 9 немере сүйді, шөбере де бар.

Барақ пен аталас Өтей ұлы Жаманғұл туралы Айдарханов Ерсайин (Жаманғұлдың ұрпағы) 2014 жылы 4 маусымда Жаманғұл жөнінде төмен-дегідей мәліметті айтты.

Жаманғұлдың бес баласы болған: Үмбет, Ақмалай, Құлмырза, Андабай, Боздақ. Үмбеттің ұлдары Теміррей мен Бейсен. Теміррейден – Айдархан, Исахан. Бейсеннен бала жоқ. Айдарханның ұлдары Ерсайин, Нұрсайин. Исаханнан – Тілеуберді, Құдайберді, Қонақбай, Тоқтасын. Ерсайинның ұлдары Марат, Талғат, Ерлат, Ербол, Ауданбек. Ақмалайдың ұрпақтары Қалдыбаевтар, Мұсанов Нұрхау. Нұрхаудың ұлдары Самат (қайтыс болды), Бауыржан, Нұржан, Төлеген. Құлмырзаның ұрпақтары Есенғожа (қайтыс болған), Лухадиевтер, Төлеухан. Төлеуханның ұлы Жеңісхан. Андабайдың ұрпағы Құрманғали ұлы Сейтек. Боздақтың ұрпақтары Қапышев Тлеукеш, Смағзам, одан Қуанхан, Боздақтан Сахариевтар тарайды. Осы мәліметті Теректібұлақ ауылында, Ерсайинның өз аузынан естіп, үйінде отырып жазып алдым. Ерсайин шаруашылықтың әр саласында: тракторшы да, малшы да болып жұмыс істеген, қазіргі кезде зейнеткер.

БАСАР

Шүректің бір ұлы Басар Барақ батырдың інісі. Басардың ұрпақтары да қазақ елінің дамуына үлкен еңбек сіңірді. Басардың алтыншы буынының бірі Тота Рахметұлы (1895-1982 жж.) Күршім жерінде Теректібұлақ ауылында дүниеге

келген. Бала кезінде ауыл молдаларынан дәріс алып, өсе келе латын әліппесін, кирилл ғарпін меңгергеннен кейін оқу-ағарту жүйесінде көптеген жылдар бойы еңбек етіп, халық арасындағы орын алған сауатсыздықты жоюда өз үлесін қосып, еңбек сіңірді. Тота Рахметұлы Маралды, Топтерек, Тоқбура, Ойтерек мектептерінде жұмыс істеді. Тота Рахметұлынан дәріс алған оқушыларының арасынан білім және мәдениет саласында көзге түсетін азаматтар шықты. Нұрахмет Жангүдесев Күршім ауданының білім бөлімін басқарса, Қабдолда Тұраров ауданының мәдениет бөлімін ұзақ уақыт басқарды. Қ. Тұраров өзінің туындыларын, шығарған өлеңдерін артистік шеберлікпен сахна арқылы халыққа жеткізе білді.

Тота Рахметұлының балалары: Даулетхан, Төлеухан, Биғайша, Бөкейхан.

Даулетхан (1925-1943) Теректібұлақ ауылында қызмет етіп жүргенде, армия қатарына шақырылып, майданға аттанады. Жауынгер Отан соғысында ерлікпен қаза табады. Ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің тізімінде жазылған. Белоруссия жерінде мемориалда жерленген.

Төлеухан (1936-1975) Құйған орта мектебін бітіргеннен кейін бухгалтер экономист мамандығын меңгеріп, Күршім, Катон-Қарағай, Тарбағатай аудандарында ауылшаруашылық басқармасында бас бухгалтер қызметін атқарған. Төлеухан мен жұбайы Зейнелден екі ұл, үш қыз болды. Үлкен ұлы Тлеухан, туыстары, жолдастары Тікеш дейтін, Өскемен педагогикалық институтының тарих факультетін бітіргеннен кейін мұғалімдік және қоғамдық жұмыста болды. 2011 жылы Тлеухан бұл өмірден кетті. Төлеуханның Меруерт атты қызы қаржы министрлігінде қызмет атқарады. Төлеуханның (Токеннің) мінезі жұмсақ, жымып күлуші еді.

Бөкейхан Құйған орта мектебін бітіріп, Высокогор совхозында механизатор болып жұмыс істегеннен кейін, 1961 жылы УКПИ-дің тарих факультетіне түсіп, оны 1965 жылы ойдағыдай аяқтап, тарих пәнінің мұғалімі дипломын алады. Зейнеткер

болғанға дейін Күршім ауданында оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры, ауыл Кеңесінің бастығы қызметін атқарды. Зайыбы Бикен Құнанбаева математика пәнінің мұғалімі, УКПИ-ді бітірген. Еңбек ардагері, Ұлағатты ұстаз. Бөкейхан мен Бишіннің балалары Асқар мен Айгүл, олардан немере сүйіп отыр. Ұлы Асқар бизнесмен, қызы Айгүл 1987 жылы Шірікааяқ орта мектебін күміс медальмен, институтты қызыл дипломмен аяқтап, ұзақ жылдар нотариус қызметін атқаруда. Еңбегі жемісті болып 2013 жылы Республикалық нотариустер съезіне делегат болып қатысты. Бөкейхан мен Бишін құрметті демалыста болса да тәрбиелік жұмысты ұмытпай, немерелеріне көп көңіл бөлуде. Немересі Бөкейханов Дәурен қазақ-түрік лицейін Алтын белгімен бітіріп, қазір Америкада оқуын жалғастыруда. Немерелері Жақып, Жалғас қазақ-түрік лицейінде оқуларын жалғастыруда. Асқардың жанұясынан төрт немерелері бар.

Бишен Құнанбаевадан дәріс алған оқушылары қазіргі кезде аудан, облыс көлемінде басшылық қызметте. Айталық, Буктуков Құдайберген техника ғылымдарының докторы, Аскетаев Нұрлан педагогикалық лицейдің директоры, Маткаримова Гүлбараш облыстық оқу бөлімі департаментінің көрнекті қызметкері.

Басардың ұрпақтарының бірі Есжан, оның ұлдары Құрманғали мен Нұғман. Нұғманның ұлдары Смағұл, Зәмзә. Олардан еркек кіндіктілерден ұрпақ жоқ. Құрманғалидың ұлдары Қамза (Сейтқамза), Қанафия. Қанафияның қызы Бикан. Қамзаның әйелі Малике-апам. Қамза-атам ұзынбойлы, қараторы, мінезі жұмсақ еді. Малике апамыз келбетті болды. Қамза мен Маликенің ұлы Қыдырхан. Қыдырхан жездейдің жолдасы Қаман апай. Олардың балалары Мәншүк пен Али. Қаман апайым өмірден 1993 жылы кетті, Қыдырхан 1995 жылы қайтыс болды.

Али 1962 жылы 3-ші желтоқсанда өмірге келді. Али Семейдің зоотехникалық институтын бітіріп, 15 жыл Высокогор совхозында зоотехник болып жұмыс істеді. Алидің екі баласы бар.

Барақ батырдың немере інісі Өтей Жангелдінің ұрпағы Мухаметқалым Шаяхметов туралы

Мухаметқалым ағамыз Барақ батырға байланысты Күршім деңгейінде өткізілген барлық конференцияларға қатысып, юбилейлік тойлар өткізген кезде, жүлде беруде үлкен көмек жасайтын. Кейіннен, өмірден кеткенге дейін «Барақ қорын» басқарды.

М. Шаяхметов (1920-2010 жж.) арғы тегі найман тайпасының өгей руынан шыққан Барақ батырдың немере інісі, батырдың оң қолындағы сардары болған Жангелдінің ұрпағы. Жангелдінің тоғыз ұлының үлкені Мырзабай, Мырзабайдан – Нәуей және Құлтай. М. Шаяхметовтың әулеті Нәуейден тарайды. Мухаметқалым Шаяхметұлы Шаяхметов, жоғарғы білімді тарихшы, жазушы, өлкетанушы, қоғам қайраткері «Ғасыр асулары» деген еңбегінде ата-тегі жөнінде де жазған: «Біздің ауыл» деп отырғаным – сонау патша билігі тұсынан бастап кеңес өкіметі 1920-шы жылдардың аяғында аймақтарды аудандарға бөлгенге дейін Семей облысы, Бұқтырма уезі, Күршім болысы, №6 әкімшілік ауылға қарасты Нәуей-Байсақ әулеті аталған азғана ауыл. Найман тайпасының ішіндегі Көкжарды (Көкжалды) руының алтыншы буыны батыр Көкжал Барақтың атасы Өтей деген азғана атадан тараған оныншы буын. ХХ-шы ғасырдың басында бар жоғы екі-ақ старшын болған азғана өгей руы оңтүстік Алтай өңіріне ХVIII ғасырдың 70-ші жылдарында қазіргі Семей облысы Жарма, Шар аудандарындағы Қызылсу, Шар өзендерінің бойынан ауып келіпті. Сол жылдардан бері өтейлердің қыстау мекендері басы Оңтүстік Алтайды жарып шығып, орта ағымында Алтай тауының Зайсан ойпатына тірелген салаларын жағалай ағып, Ертіске құятын Күршім арғы ағынды суы мөлдір өзеннің оң жағалауына орналасқан. Өтейдің немересі Барақ батырдың немере інісі, батырдың оң қолындағы сардары болған Жангелдіден тараған. Нәуей әулеті төрт ауыл болған екен. Біразы 1916 жылғы патша өкіметіне әскерге аза-

маттарын беруге қарсы болып, Қытай асқан, енді біраздары 1917-1918 жылдардағы оба дертінің опатынан азайған осы әулет 20-шы жылдары жан саны азайып, сонымен қатар, мал саны жұтап, кедейленіп, екі-ақ ауыл болып қалыпты. 1929 жылдың күзінде жергілікті кеңес үкіметі осы екі ауылдан да тап жауына жататын екі шаруа несін тауып, қуғындаған. Оның бірі Тойымбай атам». (Қараңыз. Мухаметқалым Шаяхметов. Ғасыр асулары. «Фоллиант» баспасы. Астана, 2006. – Бет 12). Шаяхметовтің әкесі Айтпенбет.

Мухаметқалым Шаяхметұлы Өскемен педагогикалық училищесін бітіргеннен кейін 1939 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Камышенка мектебінде аға пионер вожатый болып еңбек жолын бастады.

Ағамыз Ұлы Отан соғысының ардагері болды. 1942 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылды. Ұлы Отан соғысындағы сұрапыл ұрыстарға қатысып, 116-атқыштар дивизиясы полкінің барлаушылар взводында болып, батыл да тапқыр барлаушы екенін көрсете білді. Сталинград үшін болған шайқаста ауыр жарақаттанды. Госпитальдарда ұзақ емделгеннен кейін аса қауіпті деп саналатын кеңес-ауған шекарасында орналасқан Тәжікстан жеріндегі шекара әскеріне жіберілді. 1944 жылдың желтоқсанында денсаулығына байланысты әскерден босатылды. 1945 жылдың ақпанының 5-ші жұлдызында елге оралғаннан кейін майдангер бастауыш мектепте 1945 жылдың 8 сәуірінен мұғалім болып қызметін жалғастырады. Жұмысынан қол үзбей 1946-1948 жылдары сырттай Семей педагогикалық институтының алғашында екі жылдық бөлімін алтын әріппен жазылған дипломды алып, 5-7 кластардың тарих пәнінің мұғалімі атағына ие болады. 1948 жылы «Педтің» 3 курсы ойдағыдай бітіріп, торт пәннен мемлекеттік емтиханды беске тапсырып, «орта мектепке тарих пәнінің мұғалімі» мамандығын куәландыратын диплом алады. Құмаш (Күршім ауданының орталығы) селосының өзі оқыған орта мектебінде оқу бөлімінің меңгерушісі (завуч) қызметін атқарып жүргенінде, 1948 жылы

Мухаметқалым Шаяхметұлы Шірікаяқ поселкесінің орта мектебінің директорына тағайындалады. Шірікаяқ ол кезде «Нарымолово» тау-кен басқармасының орталығы 5 мыңдай тұрғыны бар елдімекен болатын. Мектепте мыңға таяу бала оқитын. Шірікаяқ мектебінің директоры қызметі кезінде 1950 жылы Күршім ауданының аудандық кеңесіне депутат болып сайланады да, көп ұзамай, осы жылдың I қаңтарынан аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауыстырылады. Аталған қызметті 1956 жылдың шілде айына дейін атқарады.

М. Шаяхметовтің жолдасы Нұркамал, мамандығы мұғалім. Олардың балалары Күршім жерінде өмірге келді. Тұңғышы Бағдат. 1949 жылы қызы Әлия Шірікаяқ ауылында өмірге келді. Жомарт (1952 ж.), Құмарбек (1955 ж.) Күршім ауданының орталығында өмірге келді.

М. Шаяхметов 1956 жылдың шілде айынан 1958 жылдың екінші тамызына дейін Ұлан ауданының орталығы Никитинка (қазіргі Бозанбай) орта мектебінде директор болып қызмет атқарғаннан соң, 1958 жылы Өскемен қаласының шығыс шетінде «Новая Согра» деген жерде жаңадан салынып, жатқан титан-магний комбинатының аумағындағы №23 орта мектебінің директорлық жұмысына кірісіп, зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін 25 жыл үздіксіз осы №23 орта мектебінің директоры болып қызмет істеді. №23 мектеп қазіргі кезде М. Шаяхметов есімімен аталынады.

43 жыл оқу ағарту саласында, оның ішінде 39 жыл тікелей мектеп басқаруда атқарған игі жұмыстары қоғамымызда бағаланды. М. Шаяхметов КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының Жарлығымен I дәрежелі Отан Соғысы орденімен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен «Парасат» орденімен, Ресей Федерациясы үкіметінің қаулысымен «Отан Соғысындағы Ұлы Жеңіс» рессейлік орденмен марапатталды. 1998 жылы Күршім ауданының құрылғанына 70 жыл толуына байланысты салтанатты мәжілісте жұртшылық атынан аудан әкімі Сіләмов М.

Шаяхметовқа «Ауданның құрметті азаматы» атағының куәлігін тапсырды.

Мухаметқалым Шаяхметов Күршім ауданының оқу бөлімін басқарған кезде Теректібұлақ ауылына жақын орналасқан Ақтүбектегі (кейіннен бұл елдімекен «Детдом» деп аталынған) ағаштан салынған көп бөлмелі, шатырлы ескі мектеп бұзылынып, Теректібұлаққа көшірілініп, қайта салынды. Бұл Теректібұлақ ауылындағы ең алғашқы орта мектептің негізін қалады. 1954 жылы мектеп оқу жүйесіне қосылды. 1955 жылы Мухаметқалым ағамыз жаңа мектепке келіп, біздің 7 класқа сабақ жүріп жатқанда кіріп, мұғаліммен біраз сөйлескені, оқушыларға көңіл аударғаны есте қалды. 1959 жылы Күршім ауданының орта мектептерін бітірген 5 түлегі: үшеуі Теректібұлақ орта мектебін бітіріп, Өскемен педагогикалық институтына түсуге келгендер – Игісінов Фазыл Оқасұлы, Әшиханов Әмірқожа Әшиханұлы, үшіншісі мен, ал екеуі: Мүтәләп Шаяхметов пен Матаев, Күршім орта мектебінің түлектері, Өскемен құрылыс-жол институтына түсуге келгендер, бәріміз ағаның үйінде бір жұмадай жаттық. Мухаметқалым ағамыз жеңгеміз ол кезде Алматыда болса да, бізді ақ көңілімен қарсы алды. Игісінов Фазыл М. Шаяхметов отбасының жеңгей жағынан жақын туысы болып келеді. Сондықтан да Әмірқожа екеуіміз кластас Фазылдың арқасында, жатақханаға орналасқанға дейін ағайдың үйінде болдық.

М. Шаяхметовтың естелік кітабында, өлке және Қазақстан тарихына байланысты өзекті мәселелер көтерілген. Мысалы, кеңес өкіметінің таптық негізде жүргізген күштеп ұжымдастыру саясатын, «байларды» тәркілеу және оларды қуғындауын өз көзімен көрген. Ол туралы естелікте «Баяғыдағы өткен бір кездегі әкемнің шаруашылығындағы жүз қой мен он жылқы, менің өмір бойы қызметімнің өрісін арқандаған аттың өрісіндей етті»¹ делінген. 1931-1934 жылдардағы Қазақ жеріндегі аштықта шындықпен жазылған. 1931-1934 жылдары аштықтан өлген 1,5

¹ Мухаметқалым Шаяхметов Ғасыр асулары. «Фоллиант» баспасы, 2006. –Б. 397.

миллион қазақтар және сол сұм алапаттың себептері жөнінде қазір көп айтылып та, жазылып жүр. Қырғынның себебі кеңес өкіметі мен Коммунистік партияның социализм құрудағы асыра сілтеу саясатынан болды деп дәлелдеп жүрміз. Ол анық. Ашаршылық қазақтардың 1/3-нен астамын отап кеткені белгілі. Ол опатқа қосыла соғыс қырғыны келді. Қазақтардың санының күрт азаюы кеңес дәуірінің 30-45-ші, он бес жылдығына дәл келеді, - деп жазады тарихшы. «Халқымыздың саны бүкіл бұрыңғы одақ бойынша әлі 10 млн жете алған жоқ. 20-шы ғасырда қазақ халқына әкелген «жақсылығы» осындай¹.

Мухаметқалым ағай мен Нұркамал жеңгей балаларын өнегелі тәрбиеледі. Ұлы Бағдат Алматының политехникалық институтын бітірді. Қызы Әлия сол институттың экономика факультетін бітіріп, экономист болды. Екі ұл балалары Өскемендегі құрылыс-жол институтын тамамдап, инженерлік дипломға ие болды. Үш ұл немерелерін – Асхат, Мақсат, Асанәліні тәрбиеледі.

М. Шаяхметовтың үлкен ұлы Бағдат Шаяхметов (1947-2013 ж.) өзінің білімділігі, жоғарғы дәрежелі білікті мамандығымен, үлкен ұйымдастырушылық қабілетімен отандастары алдында белгілі тұлға еді.

Б. Шаяхметов ғылыми-техникалық ойдың, стратегиялық металдарды өндірудің және қайта өндірудің білікті маманы, әлемдік нарықта білгір менеджер ретінде Қазақстан титан-магний өнеркәсібінің қалыптасуына, дамуына зор үлес қосты. Ол Өскемен титан-магний комбинатында жарты ғасырға жуық еңбек етіп, қатардағы жұмысшыдан мекеменің басшысына дейінгі жолдан өтті. Мектептің жоғарғы кластарында оқып жүргенде титан-магний комбинатының оқу цехында үйреніп, токарлық куәлігін алған оқушы металлург кәсібін игеруге бел байлаған болатын. Өскемен титан-магний комбинаты 1965 жылы іске қосылып, 48 жыл жұмыс істесе, 1969 жылдан Бағдат Шаяхметұлы осы комбинаттың қызметінде болды.

¹ Шаяхметов М. Көрсетілген шығарма. – Б. 344.

Шаяхметовқа «Ауданның құрметті азаматы» атағының куәлігін тапсырды.

Мухаметқалым Шаяхметов Күршім ауданының оқу бөлімін басқарған кезде Теректібұлақ ауылына жақын орналасқан Ақтүбектегі (кейіннен бұл елді мекен «Детдом» деп аталынған) ағаштан салынған көп бөлмелі, шатырлы ескі мектеп бұзылынып, Теректібұлаққа көшірілініп, қайта салынды. Бұл Теректібұлақ ауылындағы ең алғашқы орта мектептің негізін қалады. 1954 жылы мектеп оқу жүйесіне қосылды. 1955 жылы Мухаметқалым ағамыз жаңа мектепке келіп, біздің 7 класқа сабақ жүріп жатқанда кіріп, мұғаліммен біраз сөйлескені, оқушыларға көңіл аударғаны есте қалды. 1959 жылы Күршім ауданының орта мектептерін бітірген 5 түлегі: үшеуі Теректібұлақ орта мектебін бітіріп, Өскемен педагогикалық институтына түсуге келгендер – Игісінов Фазыл Оқасұлы, Әшиханов Әмірқожа Әшиханұлы, үшіншісі мен, ал екеуі: Мүтәләп Шаяхметов пен Матаев, Күршім орта мектебінің түлектері, Өскемен құрылыс-жол институтына түсуге келгендер, бәріміз ағаның үйінде бір жұмадай жаттық. Мухаметқалым ағамыз жеңгеміз ол кезде Алматыда болса да, бізді ақ көңілімен қарсы алды. Игісінов Фазыл М. Шаяхметов отбасының жеңгей жағынан жақын туысы болып келеді. Сондықтан да Әмірқожа екеуіміз кластас Фазылдың арқасында, жатақханаға орналасқанға дейін ағайдың үйінде болдық.

М. Шаяхметовтың естелік кітабында, өлке және Қазақстан тарихына байланысты өзекті мәселелер көтерілген. Мысалы, кеңес өкіметінің таптық негізде жүргізген күштеп ұжымдастыру саясатын, «байларды» тәркілеу және оларды қуғындауын өз көзімен көрген. Ол туралы естелікте «Баяғыдағы өткен бір кездегі әкемнің шаруашылығындағы жүз қой мен он жылқы, менің өмір бойы қызметімнің өрісін арқандаған аттың өрісіндей етті»¹ делінген. 1931-1934 жылдардағы Қазақ жеріндегі аштықта шындықпен жазылған. 1931-1934 жылдары аштықтан өлген 1,5

¹ Мухаметқалым Шаяхметов Ғасыр асулары. «Фонант» баспасы, 2006. –Б. 397.

миллион қазақтар және сол сұм алапаттың себептері жөнінде қазір көп айтылып та, жазылып жүр. Қырғынның себебі кеңес өкіметі мен Коммунистік партияның социализм құрудағы асыра сілтеу саясатынан болды деп дәлелдеп жүрміз. Ол анық. Ашаршылық қазақтардың 1/3-нен астамын отап кеткені белгілі. Ол опатқа қосыла соғыс қырғыны келді. Қазақтардың санының күрт азаюы кеңес дәуірінің 30-45-ші, он бес жылдығына дәл келеді, - деп жазады тарихшы. «Халқымыздың саны бүкіл бұрынғы одақ бойынша әлі 10 млн жете алған жоқ. 20-шы ғасырда қазақ халқына әкелген «жақсылығы» осындай¹.

Мухаметқалым ағай мен Нұркамал жеңгей балаларын өнегелі тәрбиеледі. Ұлы Бағдат Алматының политехникалық институтын бітірді. Қызы Әлия сол институттың экономика факультетін бітіріп, экономист болды. Екі ұл балалары Өскемендегі құрылыс-жол институтын тамамдап, инженерлік дипломға ие болды. Үш ұл немерелерін – Асхат, Мақсат, Асанәліні тәрбиеледі.

М. Шаяхметовтың үлкен ұлы Бағдат Шаяхметов (1947-2013 ж.) өзінің білімділігі, жоғарғы дәрежелі білікті мамандығымен, үлкен ұйымдастырушылық қабілетімен отандастары алдында белгілі тұлға еді.

Б. Шаяхметов ғылыми-техникалық ойдың, стратегиялық металдарды өндірудің және қайта өндірудің білікті маманы, әлемдік нарықта білгір менеджер ретінде Қазақстан титан-магний өнеркәсібінің қалыптасуына, дамуына зор үлес қосты. Ол Өскемен титан-магний комбинатында жарты ғасырға жуық еңбек етіп, қатардағы жұмысшыдан мекеменің басшысына дейінгі жолдан өтті. Мектептің жоғарғы кластарында оқып жүргенде титан-магний комбинатының оқу цехында үйреніп, токарлық куәлігін алған оқушы металлург кәсібін игеруге бел байлаған болатын. Өскемен титан-магний комбинаты 1965 жылы іске қосылып, 48 жыл жұмыс істесе, 1969 жылдан Бағдат Шаяхметұлы осы комбинаттың қызметінде болды.

¹ Шаяхметов М. Көрсетілген шығарма. – Б. 344.

Бағдат Шаяхметов кәсіпорын ұжымымен бірге Қазақстанның титан-магний өнеркәсібі дамуының ұзақ жылдарға есептелген мемлекеттік бағдарламасын жасап, ойдағыдай жүзеге асырды. Ол тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында туындаған қиын-қыстау кезеңде стратегиялық саланы сақтап, титан өнімдерін дүниежүзілік нарықтың алдыңғы қатарлы орындарына шығара білді. Бағдат Мухаметқалымұлының Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтудағы және еліміздің өндірісін дамытудағы ерен еңбегі жоғары марапатпен атап өтілді.

Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Өскеменнің Құрметті азаматы.

Бағдат Шаяхметов аймақ пен Қазақ елі экономикасының дамуына және өндірісінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан батыл азамат еді.

Өтей ұрпағы Қожағұл

Қожағұлдан Қарас, Жарас, Жантөре. Қарастың ұлы Табылды, оның ұлы Қарымсақ. Қарымсақтың балалары Кінәсіл, Байсалды. Кінәсілдің ұлдары Нұриман, Нұрғазы, Нұрыбай (Қасқа), Нұриманның ұлы Төлеген.

Кінәсіл мөлшермен 1853 жылы дүниеге келген. Ол кісі орта бойлы, шымыр денелі, шапшаң қампыгер, той-думандарда сайыстарға қатысып, күресетін палуан да болды. Кінәсіл еңбекқор, етінің тірлігінің арқасында бай-қуатты болыпты. «Сексен серкеге қоңырау тағыпты», - дейді ағайындары естеліктерінде. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген Абай атамыздың сөзі Кінәсілдей еңбекшілердің өмірінен алынған болар. Оның қыстауы «Кінәсіл қорасы» деп аталып кеткен жерде, Қалғұты трассасының 16-шақырымында, архар мүсіні қойылған таудың қарама-қарсы жағында орналасқан. Шабындығы Күршім өзенінің жиегіндегі Мойнақта болған. Кінәсіл атамыз шығыршықпен тобылғы санқа бекітілген шығыршықта ойнап тұратын тоғыз, он екі таспалы өрім қамшысымен мал да айдап,

керек кезінде қамшыны қаруына да айналдыратын. Бір кезде атамыз Күршім ауданындағы Тораңғы жазығымен Арқауыл тауына қарай беттеп келе жатса, алыстан бір топ түйелер жайылып жүр екен. Бұта-қараған бүрлеген, көктем кезінде буралардың «құтыратын» мезгілі. Сол үйірдің бурасы салт аттыны көріп оған құйындай жылдам, жерді шаңдата шаба жөнелді. Мұндайда аузынан көбік аққан, тісін шықырлатқан бурадан қашып құтылу мүмкін емес; қуып жетіп атты кеудесімен бір ұрып, жаяу қалған кісіні шайнап, таптап өлтіреді. Осындай жағдайда ең дұрысы — алған бағытын өзгертпей, сол аяқпен жүре беруді атамыз жақсы білді. Кінәсіл, басын бұрмай, көз қиығымен желдей есіп келе жатқан бураны бақылап, бір қалыпша жүре берді. Бура таяп келіп: «Бұл неге қорықпайды», - дегендей, сәл кідірді, сол мезетте қамшы да бураның дәл маңдайына сарт етеді. Бура қан жуған басын шайқап, есенгіреп, орнында тұрып қалады. Жолаушы әрі кете береді.

Бірде Кінәсіл атамыз, егде тартқан кезінде, Қасқа деп аталып кеткен ұлын жанына ертіп, шөп шауып жүрген өзінің орманына келсе, үш-төрт бөтен жігіттер оның шабындық жерін шауып жатыр екен. «Ей, бұларың не қылық», - дегенде, олар сөз айтып, қарсылық көрсетеді. Қамшыгер ақсақал көп таспалы қамшысымен жігіттерді төрт жаққа қуады.

1916 жылы әскерге ұлдарымызды бермейміз деп қазақтар ақ патшаның шешіміне қарсы шығып, Қытай жеріне аутанда, олардың қатарында Кінәсіл ақсақалдың отбасы да болған. Осы аласапыранда атамыз 1916 жылы, пайғамбар жасында, 63+ке келгенде Шәуешектің маңында қайтыс болады.

1917 жылы Уақытша үкімет орнағанда қазақтар өз жеріне қайта серпіледі. Кінәсіл атамыздың балалары, қандастары өз мекеніне, Күршім жеріне оралады.

Кінәсіл ұлы Нұриманды (1897-1970) 8 жасынан Тана мешітіне оқуға түсіреді. Төрт жылда оқуын бітіріп діни білім алып шығады. Мешіт ХІХ ғасырдың ортасында, Көк Ертіске сол жағынан құйылатын Бөкен өзенінің сағасынан он шақырым

жоғары жерде салынған болатын. Мешіт мұрын-назар және қарауылжасық болыстарынан жиналған ақшаға салынды. Мешіттің жобасын жасап, салу барысын өз бақылауына алған мұрын-назар болысының билеушісі Тана Тлемісов болды. Ол 1849 жылдың күзінде Лайлы, Құлынжон, Бөкен өзендері бойынан алтын іздеп, геологиялық барлау жұмысымен келген экспедицияның басшысы штабс-капитан Влангалиді үйіне қонаққа шақырып, салынған мешіттің жобасын көрсеткен. Кінәсіл қайда жүрсе де намазын оқып, ораза ұстаған. 1957 жылы зейнеткер болғаннан бастап Құйған ауылында талай адамға иман шартты айтып, тәлім берді. Орысша да сауатты болды. 1919-1921 жылдары қызыл әскерде болды. 1928-1934 жылдары партияның жолдауымен Сәтжол, Маралиха, Алтай ауылдарында ұяхатшы, кейіннен Сәтжол ауылдық кеңесін басқарады. Бәдел Тұрсынбаев «Айнымас достар» повестінде Нұрیمان Кінәсіл ұлының Ақтүбек мектебінде партия ұйымының хатшысы, кейін «Ақтүбек», «Теректібұлақ» колхоздарында партия ұйымының хатшысы болып, тап күресіне байланысты мәселелерді шешкенін баяндаған¹. 1934 жылы «бай-құлақтың баласы», - деп Нұриманды соттап, Риддердегі шахтада жұмысқа салады. 1937 жылы ақталады. Нұриманды қызметке шақырса да, одан бас тартып, Күршім ауданындағы Ленинск поселкасында шахтер болады.

Құйған ауылының зиратына жерленген. Қлшытасында руы жазылған. Нұриманның ұлы Төлегеннің айтуынша, әкесінің өсиеті бойынша көптеген құран кітаптар марқұммен бірге жерленген.

Нұрیمان ұлы Төлеген 1950 жылы Ленинск поселкасында шахтер семьясында дүниеге келді. Ленинск кеніші жабылғаннан кейін Нұриманның отбасы Құйған ауылына көшіп барады. Төлеген Құйған орта мектебін бітіріп, Өскемен құрылыс-жол институтына түседі. 1972 жылы институтты аяқтап, инженер-

¹ Бәдел Тұрсынбаев, Масқар Гумеров, Мәдіхат Торежанов. Повестілер, әңгімелер, ертегілер мен мысалдар. – Алматы, 1992. – 40, 59-шы беттер.

механик маманы болып, жолдамамен аудан орталығы Самарда ДСУ-14 кәсіпорнында механик қызметін атқарады. 1973-1974 жылдары Күршім ауданының АТП-0511 кәсіпорнындағы еңбекті ғылыми ұйымдастыру бөлімінің инженері, содан 1975-1981 жылдары Күршім ауданының комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарады. 1981-1991 жылдары Маралиха, Сарыөлеңде – партия хатшысы, 1991-1996 жылдары ауылшаруашылық бөлімінің бас инженері, Сарыөлең ауылының әкімі, XXII партсъезд совхозы директорының орынбасары болған. 1996 жылдан жеке шаруашылық ашып, табыстарға жеткен. Аудандық маслихат депутаттағына екі дүркін сайланып, оның старостасы болған.

Депутат болып жүргенде «осы біздегі екі ауылдың (Дарственное, Вознесенск) атын кашан өзгертеміз», деген сұрақ мені мазалай берді, дейді Төлеген інім. Ал өзгерткен жағдайда оларды қалай атар екенбіз? – деген сұрағын сайлаушыларына да қойыпты. Төлеген мен жерлестері аудан әкімшілігі екі ауылдың атауын өзгертуде көп дайындық жұмыстар жүргізген. Осы жұмыстар жөнінде, әсіресе Дарственное ауылын Көкжал Барак батырдың ауылы атауын мемлекеттік деңгейде заңды түрде бекітуде барлық ынтасымен жұмыс жүргізген азамат Нұрманұлы Төлеген Кінәсілов, былай деді: Бұл сұраққа неше қилы варианттар болды. Мәселен, Вознесенск ауылын «Түгіскен» деп атасақ, ал Дарственносін: – «Дарственск», деп қалтырсақ, не болмаса «Жаңа – Дәуір» дегенге келіссек деген. Басында біраз қарсылықтар болды. Сондықтан үй-үйді аралауға тура келді. Мен өзім Чумбасов Нұрмыш екеуіміз бір бригада болып араладық. «Біз» деп отырғанымыз белсенді топ мүшелері еді. Олардың қатарында жарықтық бауырымыз Алиекперов Маулен, Хасенов Жылыбай, Шамшиев Қадылбек, Тайкенов Марат. Вознесенск мектебінің директоры Тұрсынбаева Фарида еді. Чумбасов Нұрмыш ол кезде ауылдың әкімі, қазір Барак батыр ауылы мектебінің директоры. Біз халыққа: «Бұл жалғыз өгейі руының батыры емес, бүкіл қазақ халқының батырына деген

сый-құрмет!», - дедік. Осындай орасан жұмыстың арқасында үмітіміз ақталып тұрғындар бірауыздан қолдап Дарственное ауылы Барақ батыр ауылына өзгертілді. Сол жылы мен өз күшіммен ауылдың кіре берісіне арқа орнатып, шыға берісіне батырдың қару жарағын суреттейтін бейне орнатқыздым.

«Сонау жоңғар шапқыншылығы кезінде, - деді Төлеген, - өз халқына бас болып, қызғыштай қорып, шашып алмай, жау шапқанда бірге шегініп, басқыншыларды бірігіп қуған, руын жұдырықтай ұстаған біздің Барақ батыр бабамыздың даңқы арға берсін! Біз Барақ батырдың рулас екенін, өтей екенін мақтан тұтамыз».

Кінәсілов Төлегеннің ұлдары Азамат, Рахат, Асхат. Азаматтың ұлы Ислам; Рахаттың балалары Фархат, Самат.

ШОНА

Шона Чурекпен туысқан. Шрнаның бір ұрпағы Молдам-жар, оның ұлы Батал (1902-1983). Баталдың жолдасы Қауа Жаркеқызы болатын. Батал Көкжота колхозының бастығы болды. Кейіннен Қызылтас, Көкжота, Бестерек колхоздары орталығы Теректібұлаққа біріккен кезден бастап, колхозда, совхозда әртүрлі жұмыс істеді. Баталдың алты баласы болды: екеуі қыз, төртеуі ұл: Сәрсенбек (қайтыс болды), Мүлдсберген (қайтыс болды), Сейітбек (Сәрке), Әлдебек,

Сейтбек 1949 жылы өмірге келді, қазіргі кезде зейнеткер. Жұбайы Күләнда. Олардың балалары Батырбек, Гүлбаран, Гүлнәз, Тілеубек, Ақмарал. Батырбек шаруашылықта жұмыс істейді, жұбайы Асел – мұғалім. Батырбек пен Аселдің екі ұл, бір қызы бар. Тілеубектің жолдасы Айнұр, ол да мұғалім. Тілеубек милиция мектебін бітіріп, жоғарғы оқу орнын тәмамдап, мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Екі ұлдары бар. Ақмарал Күршім мектебінде музыка сабағының мұғалімі. Гүлбаранның күйеуі Ерболат, Гүлнәзи, жолдасы Нұрлан Жезкентте тұрады.

Шонаның ұрпағы Батал әулетін Сәркенің үйінде отырып

2015 жылы, алтыншы мамыр күні, Теректібұлақ ауылында жазып алдым.

1900 жылы Өскемен уезі бойынша қазақтардың жер пайдалануы, олардың жайылымын, егіншілік кәсібін зерттеп, артық жерлерді анықтау үшін патша үкіметі тарапынан экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция статистиктердің үш партиясынан тұрды, әрқайсысының меңгерушілері, көмекшілері және тіркеушілері болды. Олар мыналар: 1-партияның меңгерушісі А.А. Боровский, көмекшісі Е.И. Итбасев, тізбешілері Вардугин және Мамлюев; 2-партияның меңгерушісі И.Ф. Гусев, көмекшісі М. Чумбалов, тіркеушілері А.Е. Звенигородский және Базанов; 3-партияның меңгерушісі Л.К. Чермак, көмекшісі И.М. Уродков, тізбешілері Л.Л. Чермак және Джаксылыков. Көшпелі шаруашылықта жайылым көлемін, шабылатын шөптің мөлшерін анықтау қиынырақ болуына байланысты экспедиция өзінің жұмысын 1904 жылдың екінші жартысында аяқтады. Экспедицияның зерттеу жұмысы 1905 жылы кітап болып шықты: «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Том IX-й. С.- Петербург, 1905 – 365 с.» Кітапта Өскемен уезіне жалпы шолу берілген. Уезд 29 ауданға бөлініп қарастырылған, ал аудандардың құрамына волостілер енеді. Ауылдардың тобына, басқару жүйесіне байланысты волостілер көрсетілген, Чар, Сұлусары, Қалба, Айыртау, Ұлан, Тарғын, Құлыжүн, Күршім, Үркер, Алтай, Нарын, Чаңғыстай, Күршім волості бойынша экспедицияның зерттеу нәтижесінде Көкжал Барактың ұрпақтарының да ата-баба, рулық деңгейіне жеткенін көреміз. Оған деректен кесте ретінде біраз мәлімет келтірейік. Бірінші және екінші кестелер.

Кестелер

№1 кесте

Реті	Аты			Су көзі	Шаруашылық саны	Халқы 1899 ж.			Кәсібі бар шаруаш.	Кәсібі		Өз жерінен кеткен бағрақ шаруаш.	Көңілікті шаруашылық	Ауылдардың реті
	Шаруаш. ауылдың кыстауы ақсақалдары бойынша	Кыстау орналасқан жері	Ата-бабасы, руы			Ер жынысы	Әйел жынысы	Барлығы		Кәсіпмен шұғылданған әйел				
										ер	әйел			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
№3 Әкімшілік ауыл														
1	Рыспай Терсбай	Дінгек-төбе	Қара жарты	Құршым өзені	23	58	48	106	12	16	1	10	4	1
2	Ахмет Мамеке	Мешіт (Құршым бойында)	Қара жарты	Құршым өзені	99	82	57	139	23	33	-	18	7	2
3	Малымбет Құлтай	Қаратал қарасу	Өтей	Қарасу	24	62	57	119	14	18	2	11	4	3
4	Айтнұбет Байсақ	Қаратал Қарасу	Өтей	Тұма	21	59	60	119	11	17	-	11	3	4
5	Божиқ Жұма	Жіңішке	Өтей	Құршым өзені	23	65	51	116	12	16	-	10	4	5
6	Жақып Дүйсенбі	Торанғы	Өтей	Құршым өзені	28	104	70	174	14	16	-	13	11	6
7	Көбен Жексенбі	Тутуқкен	Өтей	Құршым өзені	30	83	67	150	11	18	-	10	4	7
8	Есділет Есберді	Қатке тау	Өтей	Құршым өзені	45	133	120	253	21	29	-	18	11	8
Барлығы						646	530	1176	118	163	3	101	48	
№4 Әкімшілік ауыл														
1	Құсайын Бейсенбі	Қоныспай түбек	Жарыл-ғал	Құршым өзені	7	13	21	34	-	-	-	-		1
2	Алшымбай Солданбай	Қоныспай түбек	Жарыл-ғал	Құршым өзені	8	19	20	39	3	5	-	3	3	2
3	Оразады Еркінбай	Қоныспай түбек	Жарыл-ғал	Құршым өзені	8	18	14	32	7	12	-	7	5	3
4	Танеке Жолдыөзек	Сенгірбай төбе	Таз	Құршым өзені	10	25	22	47	3	4	-	3	1	4
5	Демесін берді	Қызыл арал	Таз	Құршым өзені	9	23	18	41	7	11	-	7	1	5
6	Өтен Төлен	Құршым	Таз	Құршым өзені	14	42	42	84	6	10	-	6	6	6
7	Ағаты Орусай	Койтексе төбе	Таз	Құршым өзені	19	45	35	80	10	12	-	10	6	7

№1 кестенің жалғасы

Реті	Аты			Су көлі	Шаруашылық саны	Халқы 1899 ж.			Кәсібі бар шаруаш.	Кәсібі		Өз жерінен хеткен батрақ шаруаш.	Кеншіктегі шаруашылық	Ауылдарын реті
	Шаруаш. ауылдың қыстауы ақсақалдары бойынша	Қыст. Орналасқан. жері	Ата-бабасы, руы			Ер жынысы	Әйел жынысы	Барлығы		Кәсіптен шұғылданған ер	Әйел			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
№3 Әкімшілік ауыл														
8	Елубай Тайлақ	Темірбек түбек	Бостан	Күршім өзені	12	28	29	57	10	17	-	9	3	8
9	Мұрымбай Тоқат	Темірбек түбек	Бостан	Күршім өзені	12	34	22	56	5	6	-	5	3	9
10	Оспан Бабағожа	Күршім	Бостан	Күршім өзені	13	37	22	59	4	4	-	1	-	10
11	Сүйінші Жиенбай	Күршім	Бостан	Күршім өзені	14	38	25	63	8	12	-	8	5	11
12	Амилбай Аминсыйық	Қара өткел	Таз	Жінішке өзені	18	47	42	89	5	5	-	5	4	12
13	Адастай Жайыл	Жінішке	Таз	Жінішке өзені	12	33	30	63	1	1	-	1	-	13
14	Алдауыс Тойбазар	Асусай құйылыс	Таз	Жінішке өзені	14	46	45	91	2	4	-	2	-	14
Барлығы					170	448	387	835	71	103	-	67	37	
№5 Әкімшілік ауыл														
1	Кожан Тілеуберді	Ақтүбек	Дос	Бастау	25	64	59	123	14	14	-	12	7	1
2	Жорғамбай Желдіқара	Ақтүбек	Дос	Бұлақ және Күршім өзені	41	99	93	192	13	15	-	12	3	2
3	Тонғаша Асырбай	Шөгінкөл	Дос	Бастау	8	23	24	47	4	4	-	4	-	3
4	Сүйген Байқан	Ақтүбек	Басар	Бұлақ Күршім өзені	27	86	89	175	16	23	-	14	12	4
5	Мәжібай Тоқе	Ақтүбек	Қадір (Қадір)	Күршім өзені	34	103	79	182	16	22	1	14	8	5
6	Күзектай Қалқан	Ақтүбек	Қалмақ	Бастау Күршім өзені	47	141	100	241	22	29	-	21	16	6
Барлығы					182	516	444	960	85	107	1	77	46	

№1 кестенің жалғасы

Реті	Аты			Су көзі	Шаруашы- лық сая	Халқы 1899 ж.			Кәсібі бар шаруаш.	Кәсібі шұғылданған		Өз жерінен кеткен батық шаруаш.	Кетіп кеткен шаруашылық	Ауылдардың реті
	Шаруашылық ауылдың қыстауы ақсақалдары бойынша	Қыст. Орналас қан жері	Ата- бабасы, руы			Ер жыны- сы	Әйел жынысы	Барлы- ғы		ер	әйел			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
№6 әкімшілік ауыл														
1	Оразбай Жұман	Ақтүбек	Шүрек	Күршім өзені	38	113	89	202	8	10	-	6	4	1
2	Қабан Көкен	Ақтүбек	Шүрек	Күршім өзені	30	97	70	167	10	19	-	10	9	2
3	Есжан Пшбақ	Ақтүбек	Шона	Күршім өзені	31	78	58	136	5	6	-	5	4	3
4	Төстікбай Байлақ	Ақтүбек	Шона	Күршім өзені	27	73	62	135	8	14	-	6	5	4
5	Ежебай Тауасар	Ақтүбек	Шона	Күршім өзені	26	82	64	146	8	16	1	8	6	5
6	Алибек Жанқулы	Ақтүбек	Жарты	Күршім өзені	37	117	85	202	26	45	1	25	24	6
Барлығы					189	560	428	988	65	110	2	60	52	

№2 кесте – Шаруашылык

Ауылдардын реті	Мал саны								Жұмысты мен машыны жалдау		Егіндік						
	Жылы		Ірі қара		Түйе						Себілген пуд есебімен						Ауыл бойынша сан
	Екі жас, одан жоғары	Құлын	Сыяр	Бұдану	Екі жас, одан жоғары	Бір жасқа дейін	Қой қозалармен	Ешкі лағымен	Жылд. Енб. Пайд. Шаруаш. саны	Жұмысш. Жылд. саны	Егін салатын шаруаш. саны	Былай	Сұлы	Арпа	Тары	Плуг: соқа	Борона
№3 әкімшілік ауыл																	
1	204	30	73	38	6	-	1077	169	2	2	22	6	29,25	21		5	4
2	209	43	113	46	5	-	670	152	4	5	28	37	-	-		17	4
3	516	108	258	38	12	-	940	83	9	12	23	48	63	3		19	2
4	317	66	109	39	9	-	1495	234	5	6	20	39	64	-		12	7
5	217	45	103	38	9	1	1433	106	6	4	23	30,5	14	-		18	1
6	327	96	112	50	9	1	1583	194	5	4	28	71	64	-		27	-
7	252	79	93	40	4	1	1696	144	7	3	28	49	28,75	-		26	-
8	482	120	133	65	10	1	2111	230	5	12	43	126	66	-		23	23
	2524	587	994	354	64	4	11005	1312	43	48	215	406,5	329	24		147	41
№4 әкімшілік ауыл																	
1	33	5	13	8	3	-	241	8	1	-	6	15	-	-		6	-
2	67	16	32	11	9	2	357	41	2	3	7	28	23	-		7	-
3	50	11	28	10	1	-	259	58	2	1	7	26	17	-		7	-
4	39	4	17	8	3	1	413	19	1	1	10	32	11	-		10	1

№2 кестенің жалғасы

Ауылдардың реті	Мал саны								Егіндік									
	Жылық		Ірі қара		Түйе				Жұмысшы мен малшыны жалдау		Себілген пуд есебімен						Ауыл бойында сан	
	Екі жас, одан жоғары	Құлын	Сыыр	Бұрау	Екі жас, одан жоғары	Бір жасқа дейін	Қой қозысымен	Елкі лағымен										
									Жалдасб. Пайд.Шар уащ. сыны	Жұмысш. Жылд. сыны	Егін сипаттап шаруаш. сыны	Бұдай	Сұлы	Арпа	Тары	Плуг, соха	Барона	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17		
№4 әкімшілік ауылының жалғасы																		
5	29	5	15	9	-	-	98	28	-	-	9	24	12	-	9	-		
6	81	17	22	11	4	-	411	30	-	-	14	48	36	-	14	-		
7	59	9	51	25	-	-	142	98	-	-	17	45	28	-	17	-		
8	37	7	46	17	-	-	232	34	2	1	12	31,5	12,5	-	9	-		
9	45	7	24	12	3	-	280	36	1	-	12	24	4	-	11	-		
10	55	12	28	13	4	-	388	78	1	-	13	31	-	-	12	-		
11	63	15	52	19	1	-	345	45	4	3	14	25	-	-	13	-		
12	80	15	71	30	4	-	767	110	1	-	18	65	13	-	18	-		
13	109	29	18	5	5	-	677	27	1	-	12	41	7	-	11	-		
14	211	62	47	15	4	-	1480	85	1	2	14	54	20	-	13	-		
	958	214	464	193	41	3	6090	697	17	11	165	489,5	183,5	-	157	1		
№5 әкімшілік ауыл																		
1	149	46	72	29	6	-	529	103	1	-	25	53	37	-	25	-		
2	280	70	101	47	4	-	1828	133	1	-	41	95	53	-	40	-		
3	59	8	22	8	2	1	340	20	-	-	8	22	16	-	8	-		
4	494	128	286	63	8	-	1219	228	6	7	24	55,25	44	-	21	1		
5	283	51	184	72	13	-	1651	328	5	2	29	63	31	-	27	-		
6	402	97	235	89	16	5	2810	346	14	7	44	93,5	56	-	31	-		
	1667	400	900	308	49	6	8377	1158	27	16	171	381,75	237	-	155	1		

№2 кесте¹ - Шаруашылык

Ауылдардын реті	Мал саны								Жұмысшы мен машыны жалдау		Егіндік						
	Жылқы		Ірі қара		Түйе						Сөбілген пуд есебімен						Ауыл бойынша сан
	Екі жас, одан жоғары	Құлып	Сыыр	Бұлау	Екі жас, одан жоғары	Бір жасқа дейін	Қой қозысымен	Ешкі лағымен	Жыл. Еңб. Пайл.	Шаруашылыққа жұмысшы жалд. саны	Егін салатын шаруаш. саны	Бөдей	Сұлы	Арпа	Тары	Плуг, соха	
																	1
	№6 әкімшілік ауыл																
1	269	64	104	42	6	-	1394	123	1	-	38	87,5	103	-		33	1
2	239	64	137	55	15	2	2423	132	9	4	26	78	68,5	-		25	6
3	123	24	100	40	5	2	1639	127	4	-	31	86	77,25	-		31	3
4	93	23	69	37	1	-	1221	100	2	-	23	57,5	71,25	38		22	1
5	170	43	112	41	4	1	1739	211	7	2	24	64	104,25	-		22	8
6	155	32	167	68	2	-	823	279	13	-	25	43	54	2		20	1
	1049	250	689	283	33	5	9239	927	36	6	167	416	478,25	40		153	20

Кесте материалын қарасақ, кейбір ауыл ақсақалдары (ауылнайлар) экспедиция мүшелеріне арғы тегін айтса, енді біреулері бергі руын көрсеткен. Экспедицияның мәліметінде барлығына ортақ жайлау мен күзеудегі қоныстардың атаулары анық көрсетілген: Аю-атқан, Қараөзек, Қарасаға (Жаманкемер), Жыланды-бұлақ, Жамбай, Таңатар, Шыбар ағаш, Барлыбай, Буланды, Жалпақ-Қарағаш, Қасқабие, Кесік, Көжота, Қушоқы, Қайрақты, Көлшілік, Шіріқаяқ, Өгізсимас (Шүршіт-су), Төсқайың, Танжарық, Танаш (Тік-кезен), Ойтерек, Ортажүрек, Малқара, Көлшілік, Құзғынды, Жайдақ, Шүршіт-су, Теректі және т.б.

¹ Бірінші және екінші кесте «Материалы по киргизскому земледелию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей». Семипалатинская область. Усть-Каменогорский уезд. Том IX-й. С.-Петербург, 1905, 142-149 с.

Ұлы Отан соғысына (1941-1945) қатысқан Көкжал Барак батырдың ұрпақтары мен жерлестерінен үзінді

Ұлы Отан соғысына 1 миллион 378 мың қазақстандық жауынгерлер тікелей қатысты. Олар Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында құрылған 16 атқыштар дивизиясының, 3 кавалериялық дивизиясының, 3 атқыштар бригадалардың және басқа да полктар мен бөлімдердің құрамында фашистік Германия әскерімен табан тіресе шайқасты. 16 атқыштар дивизиясының жетеуі сұрапыл майданда аса ерлік көрсеткені үшін гвардиялық атқыштар дивизиясы атағына ие болды. Қазақстандық атқыштар дивизиялары: Ақтөбеде құрылған 312-ші атқыштар дивизиясы, 310-шы атқыштар дивизиясы (Ақмолада құрылған), 387-ші атқыштар дивизиясы (Ақмола жерінде құрылған), Петропавловскіде құрылған 314-ші атқыштар дивизиясы, 316-шы атқыштар дивизиясы, Алматыда құрылған – 8-ші Гвардиялық дивизия, Семей мен Өскеменде құрылған 238-ші атқыштар дивизиясы – 30-шы Гвардиялық дивизия, 391-ші және 8-ші атқыштар дивизиялары Семейде құрылған; 6-шы Гвардиялық ұшқыш-десанттық дивизия, Тараз (Жамбыл) қаласында құрылған 105-ші ұлттық кавалериялық дивизияның негізінде қайта құрылған; Ақмолада құрылған 29-ші; кейіннен 458-ші атқыштар дивизиясы, ерлігі бойынша 72-ші Гвардиялық дивизия аталынды. Алматыда құрылған 38-ші атқыштар дивизиясы 73-ші Гвардиялық атқыштар дивизиясы дәрежесіне жетті. 150-ші атқыштар дивизиясы, 151-ші атқыштар бригадасының негізінде қайта құрылды. 88-ші атқыштар дивизиясы, бұрынғы 39-шы атқыштар бригадасының негізінде құрылған болатын. Қазалыда қалыптасқан теңіз атқыштар бригадасының негізінде 27-ші Гвардиялық атқыштар дивизиясы қайта құрылынды; Ақтөбеде құрылған теңіз атқыштар бригадасының негізінде 292-ші Гвардиялық атқыштар дивизиясы құрылынды. 102-ші атқыштар дивизиясы майданның оң қапатында шайқасты.

Қазақстанда үш ұлттық атты әскер дивизиялары соғысқа қатысты: 106, 96, 81-ші дивизиялар. 1941-ші жылдың қараша-желтоқсан айларында Ақмолада құрылған ұлттық кавалериялық дивизия 1942-ші жылдың сәуірінде таратылып жіберілді. 1942 жылы 25-ші қаңтарда Өскемен қаласында құрылған 96-шы ұлттық атты әскер дивизиясының құрамына аудандық военкоматтардың бұйрығы бойынша мынандай сарбаздар саны шақырылынды: Зайсан ауданынан 500 адам, Тарбағатайдан – 350, Күршімнен – 300, Үлкеннарыннан – 300, Самардан – 200, Ұланнан – 175, Бұхтармадан – 70, Предгорныйдан – 70, Зыряннан – 35, Шемонайхадан – 30, Риддерден – 25, Киров ауданынан 25 адам¹. Көп ұзамай, ақпан айы-наурызда дивизия таратылып, сарбаздар басқа әскери бөлімдердің құрамына қосылды. Жамбылда құрылған 81-ші атты әскер дивизиясы майдандағы шайқаста құрамының үштен екісінен айырылған.

1942-ші жылы ақпан-наурыз айларында Алматыда құрылған 100-ші ұлттық атқыштар бригадасының 2294 сарбазы 8-ші Гвардиялық дивизияның қатарын толықтырды. Бұл дивизия жеке әскери бөлім ретінде 1943 жылдың аяғына дейін майданда шайқасты. Совет Одағының батыры, жерлесіміз Төлеген Тоқтаров аталған 100-ші ұлттық атқыштар бригадасының құрамынан 8-ші Гвардиялық дивизияға жіберілген болатын. 1941-ші жылдың қарашасы – 1942 жылдың қаңтарында Ақтөбе қаласында құрылған 101-ші атқыштар бригадасы 1944 жылдың шілдесінде де соғысқаны жөнінде мәліметтер бар. Орал жерінде құрылған 152-ші атқыштар бригадасы Сталинград үшін болған шайқастарға қатысты.

12-ші, 28-ші Гвардиялық дивизиялардың, 18-ші және 76-шы атқыштар дивизиялардың тарихы Отандық тарихта толығырақ зерттеуді талап етеді.

Еңбек армиясына 700 мың қазақстандықтар шақырылынды. Майданнан 601011 отандастарымыз өз жеріне қайтып оралмады.

¹ Шығыс Қазақстан облысы Мемлекеттік мұрағаты (ГАВКО), ф.1, оп.1, 1490 іс, 2-ші бет.

Бүгінгі күнгі Шығыс Қазақстан облысы бойынша 170059 адам майданға қатысты, оның ішінде тек Шығыс Қазақстанның өкімшілік-территориялық аумағынан «87404 адам майданға аттанған»¹.

500-ден астам қазақстандықтарға Кеңес Одағының батыры атағы берілді, оның ішінде 109-ы шығыс қазақстандықтар.

Ұлы жеңістің 70 жылдығын отандастарымыз мемлекеттік дәрежеде мейрамдады. Жеңіс күні облыстық, аудандық, қалалық, ауылдық деңгейде тойланды.

Жетінші мамыр – Отан қорғаушы күні. Осы күні Күршім ауданында «Даңқ аллеясы» салтанатты ашылды. Аллеяның көлемі 5 гектар жерді алып жатыр. Алаңның ортасына негізі ірге тасқа берік орналасқан, ұшы сегіз қырлы – сегіз жақты жұлдызбен аяқталған, биіктігі 18 метрлік стела қойылған. Бұл стела уақыттың байланыстығын баяндайтын, буындар алмасқанына қарамастан, адамзат өмірінің мәңгілік екенін сипаттайтын символикалық негізде қойылған ескерткіш. Даңқ алаңына Ұлы Отан соғысы кезінде майданнан қайтып оралмаған 5 мыңнан астам соғыс ардагерлерінің аттары қара мәрмәрден жасалынған 158 тақтаға қашалып жазылынып, орналастырылынған.

Күршім ауданының әкімі Алтайбек Сейітов күршімдіктерді Жеңістің 70 жылдық мерейтойымен құттықтады. Сөз барысында 2008 күршімдіктер майданда қаза болғанын, екі мыңнан астам жауынгерлердің хабарсыз кеткенін айтты. Соғыс ардагерлері Ж. Ихиев, А. Ахмадиев (90 жаста) Даңқ аллеясының ашылу салтанатына келген жерлестерін, қонақтарды Жеңіс күнімен құттықтады. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Жақсылық Омар өз сөзінде Ұлы Отан соғысына қатысқан шығыс қазақстандықтардың саны 170 мың болса, оның 9400-і Күршім ауданынан шақырылғанын мәлімдеді. Олардың жартысы соғыс даласынан қайтып оралмағанына тоқталды.

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының ұстаздары шәкірттерінің (35 студент) дипломдық,

¹ Книга памяти Казахстана. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 27, 420-ші беттер.

бітіру жұмыстарын Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Шығыс Қазақстандықтардың майдандағы ерліктері мен тылдағы талмас еңбектеріне, жеңістің 70 жылдығына арнады.

Ұлы Отан соғысына Көкжал Барак батырдың ұрпақтары, жерлестері тікелей қатысты. Оған төменде берілген мәліметтер дәлел.

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран!

1941-1945 Ұлы Отан соғысынан оралғандар

Теректібұлақ ауылынан:

- | | |
|------------------------|----------------------------|
| 1. Алпысбаев Акаш | 16. Мейрбаев Қазтай |
| 2. Белгібаев Бағдаулет | 17. Әміренов Қапас |
| 3. Жанбосынов Мәкен | 18. Оразбеков Амірхан |
| 4. Еженов Раимхан | 19. Бейсебаев Әділбек |
| 5. Нұғыманов Смағұл | 20. Жүнісов Халық |
| 6. Смағұлов Кабиолла | 21. Қасымханов Айтмұхамбет |
| 7. Уалжанов Бұки | 22. Мәдібаев Әдіш |
| 8. Нұрсұдықов Қазыкеш | 23. Нұғыманов Зәмзә |
| 9. Шәкенов Райхан | 24. Сүйкімбаев Серғазы |
| 10. Асылбеков Апан | 25. Нұрсұдықов Шөжен |
| 11. Сағиев Қабыкен | 26. Тастанбеков Зейнолда |
| 12. Нұрпеисов Сакен | 27. Рахымжанов Төпихан |
| 13. Есілбаев Темірғали | 28. Рәшев Мысағали |
| 14. Әпетов Асылбек | 29. Асинов Уәлхан |
| 15. Жүнісов Мәнәтай | 30. Елшібаев Әукен |

Көкжота ауылынан:

- | | |
|-------------------------|------------------------|
| 1. Абаужүнісов Сейлғазы | 8. Абаужүнісов Ғазез |
| 2. Қалиғожин Бақыт | 9. Әбдікаиров Қали |
| 3. Құрманғалиев Айтыкеш | 10. Қойшыбаев Қабдуали |
| 4. Молдамжаров Бағал | 11. Бекбосынов Қабыш |
| 5. Жампеисов Қорабай | 12. Қалиев Әбділдабек |
| 6. Танашанов Айтқожа | 13. Рахымғұлов Солтан |
| 7. Чаханов Әбілхан | 14. Шабанбаев Мұқсым |
| | 15. Дүсіпов Қапан |

16. Калиғожин Сәдерхан
17. Қасымбаев Қалымбек
18. Қасенов Қамзағали
19. Сәрсөбаев Тоқтағали
20. Тышбаев Қасымжан
21. Ынтықбаев Мақаша
22. Әбдіқаиров Қабдуали

23. Танашанов Қайса
24. Қазиманов Зарықбай
25. Батпанов Әдеш
26. Қилыбаев Қалымбек
27. Мусин Қайрат
28. Тоғызов Халық
29. Сембаев Қапыш

Бестерек ауылынан:

1. Ахметжанов Оразбек
2. Әбілғазин Тұрсынхан
3. Есембаев Қасымбек
4. Есенбаев Қазы
5. Етбаев Шәкен
6. Қоқашев Шоқшақай
7. Қасаинов Қалиолда
8. Ыдрышев Мамырбек
9. Мамажанов Мұкылыс
10. Несиетов Жағыпар
11. Токтасыов Малғаждар
12. Рахымжанов Бәйел

13. Есенбаев Қапас
14. Қоқашев Әскетай
15. Байжанов Дүсіпбай
16. Базаров Құмарбек
17. Аманжолов Қали
18. Бітіков Мерей
19. Есенбаев Сығай
20. Есенбаев Қалымбек
21. Көксауов Жақия
22. Қапышев Исмағзам
23. Құрманғалиев Әшен
24. Ыдырышев Жұмағұл
25. Мамырбеков Сиғуат

Қызылтас ауылынан:

1. Аманбаев Ислам
2. Қайырбаев Малғаждар
3. Қашқынбаев Нәзірғали
4. Жанпейісов Бактияр
5. Жанпейісов Батырхан
6. Нұрмұханбетов Спат
7. Смағұлов Қабыкен
8. Қасенов Қамза
9. Есжанов Үмітжан
10. Садиев Сейілхан
11. Бұлғынбаев Дәуке

12. Тұрғанов Қабыкен
13. Мұсабаев Әди
14. Оразаев Сексенбай
15. Жарқынбаев Жақып
16. Бейсенов Әзімхан
17. Аубакиров Рахман
18. Әкімбаев Бүршік
19. Құсайынов Исағали
20. Қалдаев Сейіт
21. Жанпейісов Құптияр
22. Жолдыбаев Бекей
23. Мешелов Құдыс

- | | |
|---------------------------|--------------------------|
| 24. Рышпанов Мұхаметкәрім | 29. Елшібаев Мырзағали |
| 25. Игібаев Қазықұмар | 30. Елшібаев Құсбек |
| 26. Жаманов Домбай | 31. Терінов Құманш |
| 27. Мұрынбаев Бақтияр | 32. Торайғыров Сәрсенбі |
| 28. Тұрғанов Смағұл | 33. Шәмшекбаев Сейіткеші |

1941-1945 Ұлы Отан соғысынан оралмағандар

Теректібұлақ ауылынан:

- | | |
|--------------------------|--------------------------|
| 1. Аубакиров Сейтхан | 14. Бейсебаев Мысахан |
| 2. Карибаев Құрмекеш | 15. Құрманғалиев Қанапия |
| 3. Құмышев Нұрбас | 16. Нұғыманов Жолдыбай |
| 4. Рахметов Даулетхан | 17. Рахметов Ақтүйе |
| 5. Рүстемов Қалимолда | 18. Сағымбаев Қалнақпар |
| 6. Тұрғанбаев Құнантай | 19. Ықтыяров Солтанай |
| 7. Оразбеков Қабдуали | 20. Жақыпов Қалиғожа |
| 8. Жақыпов Қалнасқар | 21. Мәдібаев Әділхан |
| 9. Іргебаев Шапих | 22. Дабынов Мәуітхан |
| 10. Жанбақыров Қабдықали | 23. Ыдырышев Қинаят |
| 11. Тәйткієнов Мәжін | 24. Саржанов Құсбек |
| 12. Еженов Қайырхан | 25. Құмпейісов Сәдуақас |

Көкжота ауылынан:

- | | |
|------------------------|--------------------------|
| 1. Жанпейісов Нұржапар | 12. Базаров Қалнасқар |
| 2. Райсов Нұрахмет | 13. Жанпейісов Зейнел |
| 3. Мұқашев Жәлел | 14. Қылыбаев Қалымбай |
| 4. Ахметжанов Қадылбек | 15. Құрманғалиев Сәкен |
| 5. Қуатов Бесқали | 16. Құрманғалиев Нұрғали |
| 6. Райсов Қамза | 17. Рүстемов Сәби |
| 7. Рахиманов Молдахмет | 18. Рақатов Қабдыш |
| 8. Мұқашев Қалижар | 19. Сіләмов Беделхан |
| 9. Масалимов Әділбек | 20. Терінов Ақат |
| 10. Әбнев Қабдіраш | 21. Іштікбаев Атан |
| 11. Әміренов Қалымжан | 22. Смағұлов Қабиден |

Бестерек ауылынан:

1. Аманов Қинаят
2. Аманжолов Шәкпаран
3. Көшерев Қабдолда
4. Есенбаев Есмұхамбет
5. Қойшыбаев Ауғанбай
6. Мамырбеков Қинаят
7. Жәкімбаев Айтқожа
8. Теміров Айдархан
9. Абаужүнісов Қабыкен

Қызылтас ауылынан:

1. Әкімбаев Қайдар
2. Ақтанов Қалиолда
3. Қуатбаев Қали
4. Қашқынбаев Қлинәзір
5. Игіліков Жұмаш
6. Тұрғанбаев Батырхан
7. Жанбосынов Мәнстай
8. Әукенов Рамазан
9. Қанатбаев Сейілхан
10. Қасенов Кәрім
11. Зиаданов Бимұхамбет
12. Қуатбаев Әріп
13. Тілеудин Ермек

10. Абаужүнісов Қабылғазы
11. Қоқашев Қазамсейіт
12. Ептаев Қалдыбай
13. Керейбаев Алтынсары
14. Қойшыбаев Әбдрахман
15. Жанбағысов Мыса
16. Тілекенов Құмартай
17. Аубәкіров Темірғали
18. Оразбаев Мәжік

14. Әміренов Қасей
15. Жанбосынов Көкен
16. Жәкішев Нүкеш
17. Сағымбаев Сәди
18. Жақыпов Сетай
19. Дүсіпов Қизат
20. Қасенов Шәрәпілхан
21. Қалиев Мұхамедрахым
22. Мұратбаев Бақтияр
23. Қалиев Мұқан
24. Қасенов Ақбота
25. Ақтанов Саршөкен
26. Қуатбаев Қалибек
27. Жәкімбаев Зейнел

Үшінші бөлім

***КӨКЖАЛ БАРАҚ
БАТЫРМЕН АТАЛАС
КӨКЖАРЛЫ РУЛАРЫНАН
ҮЗІНДІ***

ӨТЕМІС ҰРПАҚТАРЫНАН ҮЗІНДІ

Көкжарлы руларының бірі Өтеміс 1916-1917 жылдары Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі болған ұлт-азаттық көтеріліске өтемістерде қатысты. Ресей өкіметінің жазалаушы отрядтарына қарсы өтемістер қазақтың ертеден белгілі «Орай шап» әдісін қолданады. Орайлап шабу немесе жауды «допқа айналдыру» - қоршап алу әдісі әсіресе таулы жерлерде тиімділігін байқатады.

Көптеген қоғам қайраткерлері, ел билеушілер, ержүрек сарбаздар мен батырлар, жазушы мен ғалымдар, инженер, мұғалім, дәрігерлер және шаруашылықтың басқа да салаларында жұмыс істеп, аттары халық арасында әйгілі болған мамандар өтемістен де шықты.

Өтеміс ұрпақтарының бірі – Макенов Абылайхан жастарды тәрбиелеуде, оқу-білім жүйесінде халқына жастайынан көп еңбек сіңірді. Абылайхан ағамыздың ата-бабалары: Өтеміс (Тілеубердіден), одан Оразкелді, одан Ұйқыашар, одан Дебі, одан Жарылғас, одан Мәлкелді, одан Ылау, одан Шөже, одан Мәкен, одан оның ұлы Алтай.

Макенов Абылайхан жеті жылдық Манат мектебін бітірген соң 1942 жылдың 18 маусымынан 1945 жылдың қыркүйегіне дейін Шығыс Қазақстан облысындағы «Қалбаолово» кен басқармасына қарайтын Сталин атындағы «Черновая» кенінде өз бетімен алтын іздеушілердің (старатель) артельінде кен қопарушы-бұрғышы болып жұмыс істеді. Жоспардағы берілген тапсырманы орындап, басқармадан алғыс алып жүрді. Ленингорскідегі полиметалл техникумын бітірген. Сұрапыл соғыс кезіндегі ауыр жұмыс денсаулығына әсер етті. Шахтада жұмыс істеуге денсаулығы жарамағандықтан жетіжылдық Манат мектебіне қазақ тілінің мұғалімі болып орналасады. 1953 жылы Н.К. Крупская атындағы Семей педогогикалық институтының филология факультетін бітіріп, қазақ кластарында орыс тілі мен әдебиетін беретін, орыс кластарында

қазақ тілі мен әдебиетін беретін маман болып шығады. 1953 жылдан бастап облыс мектептерінде (Белогор орта мектебі, жетіжылдық Тайынты мектебі, Катон-Қарағай орта мектебі) директор, Катон-Қарағай (1956 ж.), Самар (1961-1971 жж.) аудандарында оқу бөлімінің меңгерушісі, инспекторлық қызметтерді атқарды. 1946 жылы тылдағы үздік еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Зайыбы Шаяхметова Нағима, 1936 жылы наурыздың үшінде туған, 1949 жылы Жамбыл атындағы Өскемендегі №8-ші мектепті күміс медальмен бітіргеннен кейін Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық институтына түсіп, 1954 жылы оны бітіріп, математика және физика пәндерінің маманы болады. Зейнеткерлікке шыққанға дейін мектептерде ұстаздық етіп, өз мамандығы бойынша оқушыларға тиянақты дәріс берді. Нағима апай да Өтемістің ұрпағы. Оразкелді, одан Ұйқышар – Босмойын – Жаманқұл – Ноғай – Дырдан – Шаяхмет.

Абылайхан Макенұлы ұзын бойлы, толық емес, сары кісі еді.

Абылайхан аға мен Нағима апай бес баласын тәрбиелеп жеткізді.

Абылайхан ұлы Алтай Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің доценті, ғалым – ғылым кандидаты, Қазақстан Республикасы «жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері.

ЖӘРІМБЕТ

Жәрімбет ағамыздың ұрпақтарының бірі – Иса, оның ұлы Имамбай, одан Құрмаш, Омар. Имамбайұлы Құрмаш 1917 жылы Шығыс Қазақстан облысы Үлкеннарым ауданы Үш Төбе ауылында өмірге келді. Қазіргі кезде бұл аудан Катон-Қарағай ауданы. Үлкеннарым ауданы оған қосылғаннан соң. Балалық

шағы қылқан жапырақты орманды, суы мөлдір, тау бөктерінде сұлу жерде орналасқан Өрнек ауылында өтті. Шыңғыстай орта мектеп-интернатын ойдағыдай жақсы бітіргеннен кейін, Семейдің педогогикалық техникумына түсіп, 1939 жылы оны экстернмен аяқтап, Шыңғыстай орта мектебінің бастауыш кластарының мұғалімі болып орналасады. Сол жылы Совет армиясының қатарына шақырылды¹. Әскери борышты орындау Ұлы Отан соғысымен жалғасты (1941-1945 жж.). Украинаның Казанец – Подольск облысында әскер қатарында жүргенде партия мүшелігіне қабылданды. 1940 жылы Бессарабия жерін румын боярларының езгісінен азат студегі әскери жорықтарға қатысты. Украинаның Тернополь облысындағы Сборов қаласында әскери борышты атқарып жүргенде Ұлы Отан соғысы басталды. Старшина Имамбаев 1, 2-ші Украин, 3-ші Белорус майдандарында А. Нев-ский, А.В. Суворов, М.И. Кутузов атындағы көп орденді механикалан-дырылған жеке понтон-көпір батальон құрамында соғысты. Сұрапыл соғыс жүріп жатқанда, жаудың оғы автомат пен зеңбіректен жаңбырдай құйып, бас көтерткізбей тұрғанда, аспаннан дұшпанның ұшқыштары өткелді үздіксіз бомбылап тұрғанда Днепр, Днестр, Десна, Дон, Еділ, Висла, Одер өзендерінің жағаларын қосатын отыз тонналық понтон көпірін салуға батальон бөлімшесінің командирі, кейіннен взвод командирі Құрмаш Имамбаев батыл бұйрық беріп, әскерлердің қарсы жатқан жағаға жылдамдатып өтіп шығуына жағдай жасап, өз үлесін қосты. Кенигсберг қаласында жеңісті кездестіріп, Берлинге дейін жетті.

Ағаның майдандас достары көп болды. Оның бірі – Осташев Григорий Никитович. Соғыстан кейін Г.Н. Осташев Белоруссиядағы Бобруйск қаласында Құрмаш Имамбаев Шығыс Қазақстандағы Медведка (қазіргі Белқарағай ауылы) селосында, бір-бірінен алыс жерде тұрса да, достықтарын

¹ Посвящается памяти родителей Курмаша и Агины Имамбаевых. – Усть-Каменогорск: Издательство «Медиа-Альянс», 2009. – 3-4 беттер.

жалғастырып, хабарласып, хат алысып тұрды. 1943 жылдың қыркүйегінен Оңтүстік, Оңтүстік-Батыс бағытындағы Совет Армиясы жаудың шебін бұзып, Дон өзенінің әр жерінен өте бастайды. Р.Я. Малиновский басқарған Оңтүстік-Батыс майданының 12-ші армиясы, оның құрамындағы механикаландырылған понтон-көпір батальоні де қазан айының басында Днепрдің оң жағасындағы немістердің мықты қорғанысы Запорожье плацдармын алуға, басқа да әскер бөлімдерімен тізе тиістіріп, қызу дайындық жасап жатқан кезде Құрмаш аға жерлесі, Совет Одағының батыры, Гвардия старшинасы Иван Васильевич Топорковпен кездесіп, жөн сұрасып, достасады. Олардың достығы И.В. Топорков өмірден кеткенге дейін жалғасты. Айта кетелік, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1943 ж. 20-шы қазандағы шешімімен майдан аттары өзгертілді: «Орталық – Белорус, Калинин – 1-ші Прибалтика, Прибалтика – 2-ші Прибалтика, Воронеж – 1-ші Украин, Степной – 2-ші Украин, Оңтүстік-Батыс – 3-ші Украин, Оңтүстік – 4-ші Украин майдандары болды»¹.

Топорков И.В. туралы біраз сөз. Ол Шығыс Қазақстан облысы, Катон-Қарағай ауданы, Черновая селосында шаруа отбасында 1916 жылы өмірге келген. Мектепті бітіргеннен соң Пахомов атындағы ауылшаруашылық артельінде жұмыс істейді. 1939 жылы әскер қатарына шақырылды. 1940 ж. Батыс Украинаны босатуға қатысты. Ұлы Отан соғысы басталғанда Львов облысы, Каменко – Струмилова жерінде болатын². 1944 жылы 22 ақпанда И.В. Топорковқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Майданнан оралғаннан кейін туған жері Катон-Қарағайға келіп, тұтынушылар кооперациясында жұмыс істеп, одан Алматыға қоныс ауыстырды.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Құрмаш-аға өз ауда-

¹ Васильевский А.М. Дело всей жизни. Изд. 2-е, доп. – М.: Политиздат, 1975. – 374-ші бет.

² Кеңес Одағының батырлары – Шығыс Қазақстандықтар. Мағлұматнама. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2005. – 112-ші бет.

нына оралып, мұғалімдік қызметін жалғастырады. Көп жылдар бойы Катон-Қарағай ауданындағы Медведка селолық Кеңесінің бастығы қызметін атқарды. Облыстық деңгейдегі зейнеткер болды. Бірнеше рет Катон-Қарағай аудандық Кеңесінің депутаттығына сайланды.

Көптеген орден, медальдармен марапатталды. Дон өзенін жедел өтуді қамтамасыз еткені үшін «Ұлы Отан соғысының екінші дәрежелі Орденімен», Днепр өзенін өткендегі ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз Орденімен» марапатталды. Висла өзенінен өтуді қамтамасыз еткені үшін «За отвагу», Одер өзенін өткеннен кейін ерлігі үшін «За боевые заслуги» медалімен марапатталды. Сталинград, Кенигсберг (Калининград) қалаларын, сол аймақтарды босатуда ерлікпен, жан аямай соғысты, Германияны тізе бүктіруге қатысты, оған дәлел: «За оборону Сталинграда», «За взятие Кенигсберга», «За взятие Берлина», «За победу над Германией», басқа да соғыс кезіндегі ерліктерін мадақтайтын медальдар мен алғыс хаттар. Соғыстан кейін отанға сіңірген үздік еңбегі үшін «За трудовое отличие» медалімен марапатталды. Аудан кеңесінің сессияларында, аудан деңгейіндегі жиындарда шаруашылық, мектеп, оқу, тәрбиеге байланысты келелі мәселелерді көтеретін. Ауылдастары мен мектеп ұжымы кездесуге шақырған кезде, Аға жақсы киініп, ордендері мен медальдарын тағып, қарастырылатын сұрақтар бойынша сөз сөйлеп, шешілмей тұрған мәселелердің шешімін табатын. Дауысын қатты көтеруді білмейтін, қонақ жайлы, жылы жүзді болатын.

Құрмаш ағаның зайыбы Бейсенбайқызы Атипа-тәтем. Олардың отбасы тату-тәтті өмір сүріп, бес ұлдарын: Мұратбек, Болатбек, Ержан, Сайранбек, Бақытжан; үш қыздарын: Айнагүл, Жайнагүл, Светаны жеткізіп, адамгер-шілікке толы, жақсы тәрбие берді. Барлығының жоғары білімдері бар. Айнагүл Құрмаш қызы педагогика ғылымдарының докторы.

Ағаның үлкен ұлы Мұратбек 1947 жылы қарашаның бесінде өмірге келді. Өскемен қаласындағы ауылшаруашылық техни-

кумын бітіріп, одан соң Семей зооветеринарлық институтын тәмамдап, бітірген мамандығы бойынша «Черняхов» совхозында жұмыс істеді. Мұратбектің зайыбы Дина Құлшанқызы. Олар екі балаларын өсіріп, бой жеткізді – Рита мен Алмагүлді. Мұратбек халқымыздың салт-дәстүрін жақсы біледі, шешен сөйлейді. Ұйымдастырушылық қабілеті зор, ақкөңіл азамат.

Болатбек (22.VI.1949 – 21.I.2013 жж.) Өскемен құрылыс-жол институтын бітіріп, Торғай облысында инженер болды, одан Зырян қаласына ауысты. Болатбек пен зайыбы Римма екеуі ұлдары Марат пен Ерланды жеткізді. Екеуі де жоғары оқу орнын бітірді. Ерлан ішкі істер бөлімінде қызмет атқарды. Полиция капитаны. Мараттың қызы Алтынай, ұлы Алихан, Ерланның ұлдары – Арлен мен Арсен.

Ержан Құрмашұлы 1951 жылы шілденің 9-да Катон-Қарағай ауданы, Өрнек ауылында өмірге келді. 1966 жылы Медведка орта мектебінің 8 класын бітіріп, Семей геология-барлау техникумына түседі. Аталмыш оқу орнын 1970 жылы ойдағыдай бітіріп, осы жылдан бастап 1972 жылдың маусым айына дейін Совет Армиясының қатарында Отан алдындағы борышын атқарады. Әскерде бөлімше командирі, одан соң мотомеханикаландырылған атқыштар взводының командирі болған. Әскерден қайтып келгенде комсомол ұйымы оны милиция қызметіне ұсынады. Осы ішкі істер қызметінде 25 жыл жұмыс істеп, старшинадан полковник дәрежесіне көтерілді. Ішкі істер милиция қызметіндегі алғашқы қадамын Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласының Октябрь ауданында бастады. Қылмыстық істерді іздестіру басқармасының инспекторы, одан Шығыс Қазақстан облысы УВД-сінің Қылмыстық істерді іздестіру (УУР) бойынша 2-ші бөлімінің бастығы қызметінде болды. Осы дәрежеде жұмыс атқарғанда оның бөлімі көптеген қылмыстың беттерін ашқан: гараждардан машина ұрлау, үйлерді тонау, т.б. Оперативтік жұмыстың нәтижесінде мемлекет қазынасына көптеген сом

ақша қайтарылды. Милиция жұмысы қызметкерден өз өмірін аянбай, қауіптен қорықпай, қорғанбай, жылдам, оперативтік қимылды талап етеді. Имамбаевич Ержан да қаруланған бұзақылармен талай рет батыл күресіп, ерлік көрсетті. Осындай оқиғаның біреуін еске түсірейік. 1974 жыл. Жас лейтенанттар Е. Имамбаев, Р. Дзадзамия кезекті жұмыстарын аяқтап, үйлеріне қайтуға жиналып жатқанда, қала орталығынан алысырақ жердегі жағажайда (пляжда) демалып жүрген адамдардың бірі мылтықтан жараланғаны туралы хабар алады. Лейтенанттар жедел Өскемен ГЭС-іне келіп, мән-жайды сұрағанда, моторлы қайықтағы үш мас бұзақылар жағажайдағы демалушыларға мылтықтан оқ жаудырып, бір адамды жаралап, қашып кетіпті. Қарулары болмаса да екі катермен бандаларды іздеуге шығып, оларды ұстап, милиция бөліміне тапсырады, қылмыстары үшін олар жауапқа тартылады. Республиканың Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімімен милицияның батыл қызметкерлері «За отличную службу по охране общественного порядка» медальдарымен марапатталады. Кісі өлімдеріне байланысты көптеген істерді ашты. Ержан Құрмашұлы қылмыстарды ашып қана қоймай, қоғамдық тәртіп бұзушыларға ақылын айтып,, дұрыс жолға түсіріп, азамат болуға оларды тәрбиелейді. Бұл жұмыс айтсақ ауыз толарлықтай нәтижесін көрсетті.

Ержан Құрмашұлы көптеген «оперлерді» тәрбиелеп, олардың іскерлігін дамытты. «Олардың ішінде подполковник Жұмағазы Жилибасов, майор Валерий Веревкин, капитан Андрей Дерюгин, капитан Писякуков және тағы басқалар»¹.

Ержан Құрмашұлы жұмыс орнында да, достары, жолдастары, туыстары арасында да құрметті, сыйлы адам. Жұмыстан қолы бос кезінде аң аулап, балық ұстауды жақсы көреді.

Ержанның зайыбы Трусбекова Меңзада Шайкенқызы, 1955 жылы тамыздың 2-де Самар ауданы Мирлоубовка селосында

¹ Посвящается памяти родителей Курмаша и Атишы Имамбаевых. – Усть-Каменогорск: Издательство «Медиа-Альянс», 2009. – 31-ші бет.

өмірге келген, сүйегі Ақболат. Ержан мен Меңзаданың балалары: Гульмира, 1977 жылы, Қайрат – 1979, Мират 1981 жылы туған. Барлығының жоғары білімі бар. Қайраттың жолдасы Динара Алесқызы, 1976 жылы туған, сүйегі Қаратай – Шоңмұрын. Қайрат пен Динараның ұлдары: Алишер, 2003 жылғы; Арлан 2007 жылы туған. Мираттың жолдасы Иманқұлова Татьяна, 1985 жылы туған, олардың ұлы Тарим, 2010 жылы туған. Ержан мен Меңзаданың тағы бір немересі Даниял, 2008 жылғы, анасы Гульмира.

Сайранбек Құрмашұлы (25-ші мамыр 1955 – 14 қаңтар 2014 жж.), Семейдің зооветеринарлық институтын және Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің (ШҚМУ) заң факультетін бітірген. Полиция полковнигі. Көптеген жылдар бойы Зырян қаласының ішкі істер бөлімін басқарды (ГОВД), одан соң Глубокий ауданының ішкі істер бөліміне басшылық етті. Сайраубекті әріптестері, жолдастары оның іскерлігін, тәжірибелілігін бағалап, қысқаша «нағыз полковник» деп анықтама беретін. Үздік қызметі үшін көптеген медальдармен марапатталды: «Қазақстан полициясына 10 жыл», «Қазақстан полициясына 15 жыл», «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына 25 жыл», «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері», ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хаты», «Ішкі істер милициясының үздігі» және басқа да жоғарғы марапаттарға ие болды.

Дүниеден мезгілсіз өткен бауырымыз Сайранбек Құрмашұлы Иманбаевты еске алуға Мырзабек Қабыловтың шығарған өлең шумағы. Астана қаласы, 24.01.2014 ж.

*Өр Алтайда тұып өстің бауырым,
Құлазып тұр Белқарағай ауылың.
Қалың елдің қабырғасы қайысып,
Қара жерге берді тағы бір ұлын.
Арың таза, халқыңа жайлы жан едің,*

*Асыл әке, өте адал жсар едің,
Еңбегің сіңген МВД-нің үздігі,
Ауыр жүгін көтеретін нар едің,
Ажал келіп бақилыққа әкетті,
Суық хабар Астанаға кеп жетті.
Туыстармен жан жарыңды еңіретіп,
Фәниден сен Сайранбегім жас кеттің.
Қарапайым, қыз мінезді арысым,
Жұмақтың төрі Алладан саған дарысын!
Жарқын бейінең жадымызға сақталып,
Мәңгі жас боп біздер үшін қаласың!*

Сайранбектің зайыбы Мира Мамашқызы, жоғары білімді дәрігер. Сайранбек пен Мираның ұлы Самат, қызы Самал. Самат ШҚМУ-дың заң факультетін бітіріп, алған мамандығы бойынша Зырян қаласында қызмет етуде. Саматтың әйелі Асем, қыздары Сабина, Самира. Самал Алматыдағы Халықаралық қатынас және дүниежүзілік тілдер университетін тәмамдап, Алматыда мамандығы бойынша қызмет етуде. Ол мектепте оқып жүргенде би билеп, жоғары дәрежеде өнер көрсетіп, көптеген халықаралық деңгейдегі байқауларға қатысып, олардың жүлдегері болды.

Бақытжан 1960 жылы қарашаның 29-да туған. Мектепті бітіріп, физкультура факультетін аяқтаған соң әскер қатарына шақырылып, десантшы қызметін атқарады. Әскерден оралғаннан соң Зырян және Катон-Қарағай аудандарында спорттың дамуына үлкен үлесін қосады. ШҚМУ-дың заң факультетін бітірген. Бизнесмен. Бақытжанның зайыбы Роза, олардың балалары Дидар мен Әсем. Дидар университетті бітіріп, әкесіне болысып жүр. Үйленген, Әсем – студент. Астана қаласында жоғары білім алуда.

Айнагүл, 1953 жылы қарашаның 13-і күні дүниеге келді. Орта мектепті бітіріп, Алматыдағы мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына түседі. 1975 жылы орыс тілі мен

әдебиеті мамандығы бойынша институтты бітіріп туған жері Шығыс Қазақстанға, Өскемен педагогикалық институтына жолдама алады. Одан кейін аспирантура. Халыққа білім беру тарихынан диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. 1977 жылдан Өскемен педагогикалық институты – Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы, профессор. 1995 жылы ШҚМУ-да педагогика саласында магистратураның ашылуына, оның дамуына профессорлар М.Н. Кузьмина, Н.А. Завалколармен бірге көп еңбек сіңірді. Айнагүл Құрмашқызы жетекшілік еткен көптеген магистранттар магистрлік ғылыми дәрежесін алса, оның жетекшілігімен жұмыс істеген ізденушілер ғылым кандидаттары болды. 2007 жылы «Қазақстандағы білім беру жүйесінің генезисі мен даму тенденциялары (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың ортасы)» тақырыбы бойынша докторлық диссертацияны ойдағыдай қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. Педагогикалық білім саласы бойынша Халықаралық ғылым Академиясының академигі, Халықара-лық психология Академиясының академигі. Көптеген монографиялар мен оқу құралдардың, құнды ғылыми мақалалардың авторы. 1989-1997 жылдары «теория және музыкалық орындау өнерінің негізі» атты кафедраның, одан соң осы аталған университеттің педагогика кафедрасының меңгерушісі, оқу бөлімі проректоры қызметтерін атқарды. Айнагүл оқу-ағарту, ғылым саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2005 ж.), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2009 ж.) медальдарымен марапатталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бойынша Айнагүл Құрмашқызы «2012 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері болды.

Жайнагүл 1963 жылы 23-ші ақпанда туған. Мектептен

кейін Алматыдағы сауда техникумын үздік бітірген. Кейіннен университеттің экономикалық факультетін бітіреді. Жайнагүл, жолдасы Асан екеуі балалары Дамир мен Гаухарды жақсы тәрбиелеп жеткізді. Дамир мен Гаухардың да жоғары білімдері бар.

Құрмаш ағаның кіші қызы Светлана, университеттің филология және заң факультеттерін бітірген, ішкі істер органдарының қызметкері, полиция майоры. Күйеуі Нұрлан Жумеков – подполковник. Света мен Нұрланның балалары Дана, Нияз, Дильназ.

Омар кызы Күльзина, жолдасы Қадылбек. Олар бұрынғы Үлкеннарым ауданында, қазіргі Катон-Қарағай ауданында тұрады.

ҚАРАТАЙ

Кенжеәлі ұлы Қабидеш ағам Қаратайдың ұрпағы. Қабидеш (1930 ж. 8-ші наурыз – 1998 ж. 9-шы қыркүйек) Күршім ауданы Батпақбұлақ ауылында дүниеге келген. Кенжеәлі Бердәлімен егіз еді. Бердәлі, жастай үйленбей қайтыс болған. Көп ұзамай Кенжеәліде бахит болды. Қабидеш 8-9 жасқа дейін Кенжеәлінің туыстарының отбасында, Сәтжол ауылында (қазіргі Топтерек ауылы) тұрады. Кейіннен нағашы атасы Мұқыш, нағашы апасы Өлгей Қабидешті, «Жіңішкеге» әкеліп, тәрбиелеп, өсіреді. Мұқыштың сүйегі «жарылған», Өлгейдің руы «стабан». Мұқыш пен Өлгейдің екі ұлы болған: Құмар мен Құсыман. Екеу де Ұлы Отан соғысына қатысып, майданнан оралмаған. Өлгей апамыз хабарсыз кеткен балаларын өлгенше жоқтап өткен.

Қабидеш 1949 жылдың басында Оразбайқызы Қапияға үйленеді. Оразбай атамыз ақнайман ішінде жәдік руынан еді. Қабидеш ағамыз колхоздың, совхоздың малын бағып, 1990 жылы зейнеткерлікке шықты. Қабидеш пен Қапияның алты ұлы, бес қызы бар. Олар: Ғатият, Қайырбек, Қайролла,

Қанипа, Ғалия, Әлия, Гүлмира, Нұрлан, Болат, Қайрат. Үлкені Ғатият, 1951 жылы қаңтар айының 20-да Күршім жерінде, Батпақбұлақ ауылында дүниеге келген. Өскемен педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіріп, Күршім, Ұлан аудандарында ұстаздық етті. Ғатияттың жұбайы Фарида жоғары білімді ұстаз, қазір зейнеткер. Олардың үш ұлы, бір қызы бар. Қабидештің екінші ұлы Қайырбек, 1954 жылы 1-ші қаңтарда Батпақбұлақта туған. Совхозда шофер-тракторист болып жұмыс істеді. Қайырбектің төрт баласы бар: Қанат, Мұрат, Нұржан, Ержан. Қанат әскери борышын өтегеннен кейін Риддер қаласында шахтер болып жұмыс істейді. Қанаттың екі ұлы, екі қызы бар. Үлкені Сабина 1998 жылы 1-ші қыркүйекте Риддер қаласында туған. Рустам – 2007 жылғы, Алина – 2009 жылғы, Руслан 2013 жылы 30-шы шілдеде Риддерде туған. Мұрат 1986 жылы 24-ші қаңтарда Теректібұлақта туған. Мұрат әскерге барып келгеннен кейін Риддер заводында, кейіннен шахтада еңбек етуде. Мұраттың екі баласы бар: Кәусар, Сезім. Нұржан 1987 жылы 25-ші наурызда Теректібұлақта туған. Риддер қаласында тұрады, үйленген, шахтада жұмыста. Екі қызы бар: Мөлдір (2012 ж.), Айзере (2014 ж.). Ержан 1990 жылы 8-ші қаңтарда дүниеге келген.

Қайролла 1956 жылы 1-ші ақпанда Теректібұлақта туған. Семей зооветеринар институтын бітіріп, Буденовка (Төсқайың), Теректібұлақ ауылында мал дәрігері болып істейді. Қайролланың балалары Данияр, Гүлдана, Мадина, Дастан. Данияр 1980 жылы Төсқайың ауылында туған. Даниярдың балалары Жасұлан (2008 ж.), Елдос (2012 ж.). Дастан Өскемен педколледжінің дене тәрбиесі бөлімінің студенті. Нұрлан, 1965 жылы туған. Риддер қаласында заводта жұмыс істейді. Екі ұл, бір қызы бар: Мерхат (1988 ж.), Фархат (1989 ж.), Меруерт (1994 ж.). Болат 1967 жылы шілде айының 20-нда Теректібұлақта туған. Қазір Риддер қаласында тұрады, жоғары білімді. Болаттың балалары Дидар (1991 ж., 19-шы сәуір), Дамир (1998 ж., 16-шы мамыр).

Қабидеш ағаның кенже ұлы Қайрат, 1972 жылы 9-шы сәуірде өмірге келді. Риддерде теміржолшы қызметінде. Қайраттың ұлы Әділ, 2007 жылы Риддерде туған, қызы Әнелі, 2010 жылы Риддерде туған.

Қабидеш аға байсалды, көп сөйлемейтін, еңбекқор адам еді. Анасы – Қамария (Камарпәну) – шешем.

Көкжарлының ұрпақтары Қаратай, Андағұл, Жәрке жөнінде Бошай Кітапбаевтың 2-бөлімнен тұратын «Шежіре» атты еңбегінде жазылған¹. Қайсенов Зейнолла Әбдікәрімұлының «Найман шежіресі», 1998 жылы Өскеменде шыққан, көлемі 150 беттен тұратын шығармасында Жәрке ұрпақтары жақсы таратылған².

¹ Кітапбаев Б. Шежіре. 1-бөлім. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 1994. – 310 бет; Соныкі. Шежіре. Тоғыз таң-балы найман. II-бөлім. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 1994. – 276 бет.

² Қайсенов З. Найман шежіресі. – Өскемен қаласы, 1998. – 85-88-ші беттер.

Автор жөнінде мәлімет. Ғұмырнама

1. Игібаев Советхан Қабдуәлиұлы.

2. 11.11.1941ж. Шығыс

Қазақстан облысы, Күршім ауданы
Қызылтас ауылында туған.

3. Тарих ғылымының докторы (1991), профессор (1994), Қазақстан жоғарғы оқу орындары ғылыми Академиясының мүше корреспонденті (2004), Қазақстан Республикасының тарих және қоғамтану ғылымдары Академиясының академигі (2010).

4. Өскемен мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетін 1964 ж. бітірген.

5. Әскер қатарында (1964-1965); Шығыс Қазақстан облысындағы орта мектептерде мұғалім (1965-1970); Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент (1970-1980); сырттан оқу бөлімінің проректоры (1980-1985); КСРО және Қазақ КСР кафедраларының меңгерушісі (1987-1992); Қазақстан тарихы кафедрасының (1992-2005); Қазақстан тарихы және шетел тарихы кафедрасының меңгерушісі (2006-2007); С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетіндегі Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры (2007-ден). ШҚМУ-дың «Құрметті профессоры» (2011ж).

6. Қазақстан тарихы –Отан тарихының өзекті мәселелері



зерттелінуде. Революцияға дейінгі өнеркәсіптің әр салаларын зерттеудің нәтижесінде капиталистік қатынастардың Қазақстанда даму деңгейі, олардың қоғамдағы орны анықталынды. Көне түрік мемлекетінің құрылуы, дамуы және ыдырауына байланысты қазіргі кезде де бір тұжырымға келмеген, әлі де шешімі табылмаған мәселелер дискуссиялық негізде қарастырылынды; отандық демографияның, деректанудың, тарихнаманың, күрделі сұрақтары зерттелінуде. С.К.Игібаевтің басшылығымен жеті тарих ғылымдарының кандидаттары, бір тарих ғылымдарының докторы, жиырма бір тарих мамандығының магистрлері дайындалды.

7. Халықаралық Достығы орденімен (1981), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Ерен еңбегі үшін» (2005) медальдерімен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2003), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2009) төс белгілерімен марапатталынды. Өскемен қаласының Құрметті азаматы (2011). 1996ж. АҚШ-тың АСТР/ACCELS ақпарат агентствасының грантын жеңіп алып, Стенфорд университетінде (Калифорния штаты), Гувер институтында ғылыми жұмыспен шұғылданған.

8. «Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана: численность, состав, положение (1861-1917)» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. 120-ден астам ғылыми жарияланымның авторы.

9. Ғылыми еңбектері: Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана (1861-1917). А.-А., Наука, 1991; Кочевые народы Северного Причерноморья в повестях Древней Руси (X-XI). А., Ғылым, 1994; Образование Тюркского каганата и его распад. Усть-Каменогорск, 2004; Итогрия Казахстана в источниках и материалах. Астана, Фолиант, 2013.-316с.; Страницы творчества, Усть-Каменогорск, 2011.- 418 с. С.К.Игібаев,

А.С.Жанбосинова История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). Учебное пособие. Усть-Каменогорск, 2011.- 227с. С.К.Игibaев, А.С.Жанбосинова, Г.Х.Халидуллин История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы, 2013-288с. С.К.Игibaев Историография истории Казахстана. Учебник. Алматы, 2013-357 с.

Қазақ батырлары 1771 жылы Еділ бойынан қашқан қалмақтарды қазақ жеріне бекіндірмей, Іле, қырғыздың Алатауы арқылы өкшелей қуып, Қытай шекарасынан асырған. Еділ қалмақтарымен шайқаста бірнеше адам қазаға ұшырады: Жанатай, Арқандар, Үйсінбай батырлар. Қалмақтарды Қытай шекарасына дейін қуған Баян батыр, жорықтан қайтып келе жатып, ыстықтан шөлдеп, өлік тастаған суды ішіп жіберіп, аурадан өледі. Көкжарлы Көкжал Барақ батырға Алатау асуында қалмақтың оғы тиіп, 69 жасында шаһид болды.

Қазақ хандарының, батырларының сарбаздарының ерлігінің арқасында еліміз де, жерімізде жаудан қорғалынды, ата мекеніміз еделгі қалпына келтірілді.

Игібаев Советхан Қабдуәліұлы

**Көкжарлы Көкжал Барақ батыр,
оның ұрпақтары және руластары.**

ISBN 978-601-7421-41-0

Басуға 27.07. 2015 қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$.

Қаріп түрі «Times New Roman».

Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 14,28.

Есептік баспа табағы 15,94.

Таралымы 300 дана.

Тапсырыс №988.

«Рекламный Дайджест» баспасы. Өскемен қаласы,
Абай даңғылы, 20. Байланыс телефоны 75 23 56

